

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

Оқулық

11

Оқу орыс тілінде жүргізілетін
мектептерге арналған

Шартты белгілер:



— **ТЫҢДАЛЫМ**



— **АЙТЫЛЫМ**



— **ОҚЫЛЫМ**



— **ЖАЗЫЛЫМ**

1. ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТЕҢСІЗДІК
2. ЭКОЛОГИЯ. МҰНАЙ ЖӘНЕ АТОМДЫҚ ИНДУСТРИЯ
3. ТІЛ. ӘДЕБИЕТ. ӨНЕР
4. ҚОҒАМДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ МӘСЕЛЕСІ
5. ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗДІҢ ӨТКЕНІ МЕН КЕЛЕШЕГІ
6. ҰЛТТЫҚ ТЕАТР – ӨНЕР ОРДАСЫ
7. ТУРИЗМ: ЭКОТУРИЗМ
8. ӘЛЕМДЕГІ ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ТЕҢДІГІ
9. ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІНІҢ ТҮЙТКІЛДЕРІ
10. ЖАҢАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР: КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫ
11. ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ – ЕЛ БІРЛІГІ
12. ҰЛТ МҰРАТЫ – ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК
13. БОС УАҚЫТ – ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ



АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқушылар! Жалпы орта мектепті аяқтап, үлкен өмірге жолдама алар кезеңге келіп жеттіңіздер. Жоғары сыныпта сіздер өздеріңізді азаматтыққа аяқ басқан тұлға ретінде сезіне бастайсыздар. Көп нәрсені өздеріңіз шешіп, өмірге, айналаға өзіндік көзқарас тұрғысынан баға бересіздер. Өз көзқарасыңызды қазақ тілінде еркін жеткізу Қазақстан азаматы деген мәртебеге лайық екендігіңізді танытады. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл болуымен қоса, өзара қарым-қатынас құралы. Мемлекеттік тіл Қазақстан азаматтарын біріктіріп, ұлтаралық келісімді жүзеге асырады. Қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылығын бағалауға, құрметтеуге жетелейді. Қазақ халқының ойлау жүйесі мен терең дүниетанымын танып білуге мүмкіндік береді.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мақсаты – мемлекеттік тілді қадірлейтін, қоғамда болып жатқан оқиғалар мен құбылыстарға, жаһандық мәселелерге қатысты өз көзқарасын еркін білдіретін және сауатты жазатын тұлға қалыптастыру. Тақырыпқа қатысты мәтіндерді іріктегенде, осы ұстанымдар басшылыққа алынды.

Тапсырмалар жүйесі ақпараттарды сенімді, дәлелді түрде талдауға, дұрыс шешім қабылдай білуге бағытталған. Сол себепті оқулықта тақырыптар шеңберінде жиі-жиі пікірталас өткізу, өз пікірін қорғай білуге баулу жұмыстары кеңінен орын алған.

Мәтінді талдауда ондағы авторлық көзқарас пен идеяны анықтау, тарихи шындықты бағамдау, оның қоғамдық мәнін түсіну, тірек сөздер арқылы мәтін мазмұнын түсініп қабылдау мақсат етілді.

Оқулықты мұқият оқу арқылы сіздер болашағыңызды бағамдап, алдарыңызға мақсат қоюды үйренесіздер. Мақсат қоя білген жандардың қандай жетістікке жеткеніне куә боласыздар. Авторлар ұжымы сіздерге тек сәттілік тілейді.

Ізгі ниетпен, авторлар ұжымы

1

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК
ТЕҢСІЗДІК

1-сабақ

Әлеуметтік теңсіздік



1-тапсырма. Теңсіздік деген не? Теңсіздік сөзімен тіркестер жасап, мағынасын анықтаңыздар.



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (1-аудио). Тірек сөздерді дәптерлеріңізге жазып алыңыздар. Тірек сөздер бойынша мәтінде не туралы айтылғанын болжаңыздар.



3-тапсырма. Мәтін мазмұнына жақын келетін жауапты тауып, ойларыңызды дәлелдеңіздер.

Көшпелі қазақ қоғамы қандай әлеуметтік топтарға жіктелді?		
ауқатты, әлсіз, көріп-қасер	панасыз, күйлі	бай, орташа, кедей
Сол кезде теңсіздікті жою үшін қандай көмек көрсетілді?		
көкпар, бөйге	ас беру	асар, шүлен тарту
Шүлен тарту деген не?		
мал басының артуы, табыны сиырға, өрісі жылқыға толуы	кедей-жетімге, көріп-қасерге материалдық көмек беру, қамқорлық көрсету	байлық, жомарттық
Шүленді кім тартқан?		
саудагерлер, ауқаттылар	байлар, билер, батырлар	көріп-қасер, кедей-жетім



4-тапсырма. Мектепте «Жақсылық жасап жарысайық!» қайырымдылық шарасы өтті. Әлеуметтік жағдайы төмен топқа қандай көмек берер едіңіз?



5-тапсырма. Өздеріңіз тұратын жерде шүленгер (меценат) бар ма? «Қазіргі ел меценаттары» тақырыбына шағын мәтін жазыңыздар.



6-тапсырма. «Шығу парағын» толтырыңыздар.

- Бүгін нені білдіңіз, не үйрендіңіз?
- Сөздік қорыңызды қанша сөзбен толықтырдыңыз?
- Сабақ бойынша қандай сұрағыңыз бар?

**2-сабақ****Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік құрылым**

1-тапсырма. Суреттерден не көріп тұрсыздар? Қазіргі қоғамда қандай тап, топ өкілдері бар? Әрбір топ өкілдері қандай қызмет атқарады? Өзара диалог құрыңыздар.



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Мәтін қандай жанрда жазылған? Тілдік ерекшеліктері арқылы анықтаңыздар.

Тірек сөздер

- әлеуметтік құрылым
- тап
- күнкөріс
- жіктелу
- кәсіби деңгейі

Қоғам өзінің құрылымы жағынан бірдей емес. Қоғамдағы адамдар арасында теңсіздік бар. Соған байланысты олардың әлеуметтік жүйедегі алатын орындары да әртүрлі. Жеке адамдар мен топтардың арасында жіктелу бар. Оларды жіктегенде бірқатар өлшем басшылыққа алынады, мәселен, табысының көлемі, білімінің деңгейі, мамандықтағы мәртебесі.

Дүниежүзінің дамыған елдерінде халықтың негізгі бөлігі орта тапқа жатады. Оларға шағын және орта бизнес өкілдері, фермерлер, қызметшілер және т.б. жатады. Орта таптың өкілдері өздерінің еңбегі мен біліктілігінің арқасында қоғамда тұрақты жоғары материалдық жағдайға ие болады.

Төменгі тапқа байлығы ең төменгі орташа күнкөріс шегінен аспайтын адамдар жатады. Олардың ішінде баспанасы жоқ азаматтар, қандай да бір баспанасы болғанымен, күнкөрісі төмен адамдар мен жұмыссыздар бар.

Жоғары дамыған мемлекеттерде жоғары тап өкілдерінің үлесі 2-3 пайызды құрайды. Оларға ірі меншік иелері, элиталық азшылық, табысы жоғары мемлекеттік шенеуніктер, жоғары қызметтегі әскери лауазымдар жатады.

Американдық әлеуметтанушы Т.Парсонс қоғамда әлеуметтік жіктелудің факторларын 3 топқа топтастырады:

1) адамның туа біткен табиғи белгілеріне байланысты факторлар: этникалық тегі, жынысы, жас ерекшелігі, дене бітімі мен интеллектуалдық қабілеті;


2) қызмет түрі, мамандығы және кәсіби деңгейі;

3) меншік, материалдық және рухани құндылықтар мен артықшылықтарды жатқызады.

«Әлеуметтану» кітабынан



3-тапсырма. Топқа бөлініп, мәтінде көрсетілген әлеуметтік жіктелу факторларын толықтырыңыздар. Қалай ойлайсыздар, тапсыз қоғамның болуы мүмкін бе?



4-тапсырма. Болашақта қандай кәсіп түрімен айналысасыз? Өз мақсатыңызға қалай жетесіз? Шағын мәтін жазыңыз.



5-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді жазып, «Шығу парағын» толтырыңыз.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екендігін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мені ... таңғалдырды.



3-сабақ

Тарихта орын алған әділетсіздік



1-тапсырма. Төмендегі тірек сөздер қандай тарихи оқиғаларды сипаттайды деп ойлайсыздар? Сабақ не туралы болмақ? Болжаңыздар.

ЖҰТ ҚУҒЫН-СҮРГІН

ашаршылық

есеңгірету СОҒЫС қырылу



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (2-аудио). Мәтіндегі ойды жеткізіп тұрған тірек сөздерді жазыңыздар. Түсіндірме сөздікті пайдаланып, сол сөздердің мағынасын ашыңыздар.



3-тапсырма. Жұптық жұмыс. Қалай ойлайсыздар, белгілі бір ұлттардың теңсіздігі қандай факторлардан көрінеді? Өз ойыңызды мысалдар келтіріп айтыңыздар (мысалы, аумақты басып алу, малынан айырылу...).



4-тапсырма. Мәтінді қайта тыңдаңыздар. Сан есімдерді тіркескен сөзімен жазып, сөйлем құраңыздар.

Үлгі:

1918 жылғы жұт	1918 жылғы жұттан халықтың малы қырылды.



5-тапсырма. Топтық жұмыс. ПОПС формуласын қолданып, Елбасының «Егер ашаршылық болмағанда, біз 45–50 миллионға өсер едік» деген пікіріне қатысты өз ойларыңызды білдіріңіздер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



6-тапсырма. Ойтаразы. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүгінгі сабақтан не білдіңіздер? Бұрын нені білетінсіздер?
- Неліктен ұлттың басынан өткен қиыншылықтар өлеуметтік теңсіздікке жатады?



4-сабақ

Адамзатқа қарсы жасалған қылмыс



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Мәтін мазмұнын сабақтың тақырыбымен байланыстырыңыздар. Мәтіннің негізгі идеясы не?

Тірек сөздер

- ұжымдастыру
- шоғырландыру
- қажалық
- жою
- меншік иесі
- панасыз

Қазақстандағы *қасіретті* жағдайды ұйымдастырушы Ф.И.Голощекин еді. Ол Қазақстанда тоталитарлық тәртіп орнатып, адамдарды биліктен, құқықтан, қарапайым еркіндіктен айырды. Ауылшаруашылығын ұжымдастыру, қожалықтарды бір орталыққа шоғырландыру байларды тап ретінде жою саясатынан

туындады. Меншік иесін жою, тартып алған меншікті ұжымшарға топтастыру арқылы аграрлық экономиканы *құлдыратты*.

Әсіресе халыққа 1931 жылғы күз, 1932 жылғы қыс пен жаз ауыр тиді. 1929 жылы 40 миллион, 1933 жылы 4 миллион мал басы қырылды. Қаратал ауданындағы тұрғындардың жартысы 1932 жылғы қыстан шықпаса, Қарқаралы ауданындағы 50,4 мың адамның 15,5 мыңы ғана тірі қалған екен. Балқаш ауданында 60 мың адамның 36 мыңы аштан қырылып, тірі қалған қазақтар саны 12 мыңға зорға жетті.

Аштықтан қашқан қазақтар *іргелес* қалалар мен республикаларға, шет мемлекеттерге ағылып көшіп жатты. 1933 жылдың басына қарай Орта Волгаға 40 мың, Қырғызстанға 100 мың, Батыс Сібірге 50 мыңнан 100 мыңға дейін *босқын* қазақ жеткен екен.

Барған жерлерінде жұмыс таба алмай, *панасыз* көшеде қалды. Балалар ата-анасынан ажырап, қаңғыбастар күйін кешті. *Нәр татпай* өлсірегендер арасында жұқпалы аурулар тарады, суықтан, аяздан өлгендердің саны көбейді. Ашаршылық ешкімді аямады. Балалар мен қарттар тым көп қырылды.

«Егемен Қазақстан» газетінен



2-тапсырма. Жұптық жұмыс. Мәтіндегі ерекшеленіп берілген сөздерді тіркескен сөзімен жазып, синонимін табыңыздар.

Үлгі:

қасіретті жағдай	қайғылы жағдай



3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Қазақстандағы аштық неліктен орын алды?
2. Аштықтан қанша адам қырылды?
3. Аштықтан қашқан халық қай жерлерге көшті?
4. Көшіп барған жерлерінде адамдар қандай күй кешті?

Грамматикалық омонимдер

Сыңарлары әр сөз табына жататын және кейбір формасында бірдей жазылып, бірдей дыбыстالاتын, грамматикалық мағынасы жағынан ажыратылатын сөздер **лексика-грамматикалық омонимдер** деп аталады. Мысалы: 1. *Басыңды* жоғары көтер. 2. Аяғыңды жылдам *бас*. Осы сөйлемдердегі *бас* сөзі бірдей жазылғанымен, екі түрлі мағынаны білдіреді. Бірінші сөйлемде *бас* сөзі адамның дене мүшесі – *не?* деген сұраққа жауап беретін, заттық ұғым атауы болатын зат есім болса, екінші сөйлемдегі *бас* сөзі – *не істе?* деген сұраққа жауап беретін қимыл-әрекет атауы болатын етістік мағынасында қолданылып тұр.



4-тапсырма. Төмендегі омонимдік қатардың қай сөз таптарынан екенін ажыратыңыз. Оларға сұрақ қойыңыз.

Табысты (іс) – (олар) табысты; жалға (алған) – (телефонды) жалға; баспа (қызметкерлері) – (күлді) баспа; қара (ниет, шалбар) – (кісіге) қара.



5-тапсырма. Оқылым мәтінінен омоним болатын сөздерді тауып, омонимдік қатар құраңыздар.



6-тапсырма. 3-2-1 критерийі бойынша анықтаңыздар.

- 3 маңызды ақпарат;
- қиындық келтірген 2 мәселе;
- тапсырмадағы ұнаған 1 мәселе.



5-сабақ

Екі достың әңгімесі



1-тапсырма. Қалай ойлайсыздар, қала мен ауыл арасындағы айырмашылық әлеуметтік теңсіздікке жата ма?



2-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңыздар. Әр азатжолда не туралы айтылған?

Трек сөздер

- бауыры (етегі)
- іш пысу
- жыбырлаған (көп)
- елжіреу
- ұйқымен өткізу
- шаруа

... – Сейілбек, айтпақшы, ұмытып кетіппін-ау! Көксеңгірдің бауырында Жалтыркөл деген жер бар. Соның басы толған ауыл. Жұрттың көбі ауылды қымыз үшін жақсы көреді. Мен ауылдың өзін сүйемін. Қымызы, қозысы болмаса да маған ауыл сүйкімді. Сендер ауылға бір келсеңдер, біраздан соң іштерің пысады. Мен қалада сендер сияқты жолдастарым болмаса, тұра алмас едім. Ауылда сендерсіз де тұра беремін. Міне, мен

қазір Жалтыркөлдің жиегінде күнге күйіп жатырмын. Аспан да, жер де көкпеңбек. Анау – құстар, мынау – жыбырлаған жылқы мен қара мал. Анау боз үйдің сыртынан маң-маң басып Сәлима кетіп барады! Тым елжіреп кеттім бе, немене? Сөкпей-ақ қой.



Ауыл көрінісі

– Қошқарбай! Сенің ауылдан жазған хатыңды бүгін алдым... Қошқарбай, уақыт деген адамның өмірі ғой. Адам баласы өмірінің жартысын ұйқымен өткізеді. Міне, мен қазір 25-темін. Соның ішінде 12 жыл жарымын ұйқымен өткіздім. Сен бұдан былай мені дүниемен қызықтырма... Қошқарбай! Қалаға келе жатып,

орта жолдан қайтып кеткеніңе аң-таң қалдым. Бұл ненің белгісі? Қаладан қорықтың ба? Жоқ, әлде ауылда қимайтын нәрсең қалды ма?

Біз кімбіз? Мен кіммін? Мен қазақтың. Мен орысша оқыған қазақтың. Мен ауылды сүйемін. Бірақ ауылда тұра алмаймын. Мен қаланы жек көремін, бірақ қаласыз күнім жоқ. Екі ортада қалдым. Айтшы, ауылдың негізі неде?

– Сейілбек, сен ауылдың негізін іздейсің? Ең әуелі ауылға оқу керек. Ауыл білімді, өнерлі болу керек. Бүгінгі заманның шаруашылығы өнер-білімге тіреледі. Өнерсіз, білімсіз қазақ елі шаруасын түзете алмайды. Ауылдың негізі – оның шаруашылығы. Менің айтатыным: ауылды қаулымен өзгертпе, іспен өзгерт. Біздің ендігі ұран: істі көбейтіп, қаулыны азайту...

Смағұл Сәдуақасов. «Күміс қоңырау» хикаятынан



3-тапсырма. Үзінді кейіпкерлері кімдер? Кейіпкерлердің әңгімесі не туралы болды? Шығарма қандай көрініс, көңіл күйді суреттеуден басталған? Сыныптасыңызбен диалог құрыңыз.



4-тапсырма. Топтық жұмыс. Мәтіндегі үш маңызды мәселені анықтаңыздар. Бұл мәселелер қазір өзекті ме? Бүгінгі күнмен байланыстырып ой қорытыңыздар.



5-тапсырма. «Істі көбейтіп, қаулыны азайту» деген кейіпкердің сөзіне өз ойларыңызды дәлелдеп жазыңыздар.

Пікір. Өз пікіріңізді бір сөйлеммен жазыңыз.

Дәлел. Өз пікіріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіз.

Мысал. Пікіріңізді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіз.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жазыңыз.



6-тапсырма. Сабақта алған ақпараттар бойынша ойларыңызды тұжырымдаңыздар.

- Қосатыным –
- Өзгертер едім –
- Дамытамын –
- Күрделендіремін –



6-сабақ

Ауыл тыныс-тіршілігі



1-тапсырма. Қалай ойлайсыздар, ауылдағы теңсіздік неден көрінеді?



2-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұны бойынша сұрақтар дайындаңыздар.

«Жиделі» ауылы бұрын дәулеті шалқыған, малшаруашылығымен айналысатын кеңшар болған еді. Бүгінде кеңшардың дүние-мүлкі ортақ меншіктен жекеменшікке көшті.

Бұл ауылдың адамдары жомарт мінезді, кеңпейілді, ашық-жарқын көрінді. Бірден ескі таныстардай сөйлеп, жылы жүз, ыстық ықылас танытқан олар ауыл өмірі туралы былай деді:

– Біздің өңірде Іленің бір тармағы болып саналатын Бәймени деген өзен бар. Кезінде балықшаруашылығымен шұғылданған. Қазір оған сырттан келген жеке фирмалар иелік етеді. Ал ауыл тұрғындары соларға жалданып жұмыс істейді. Ең бастысы, еңбекақыларын істеген жұмысына қарай төлейді. Бірақ олар елдің өлеуметтік жағдайына онша көңіл бөлмейді. Тұрмыстық, мәдени нысандар мен мектепті жөндеуге көмектеспейді.

Біздің ауылда бірде-бір шағын өндіріс орны жоқ. Өзірге оны қолға алатын, істің көзін таба білетін білікті жан табылмай отыр. Ауыл тұрғындары біріксек, балығымызды да, ондатрымызды да өзіміз аулап, өзіміз өткізіп, игерер едік, пайдасын ауыл тұрғындары көрер еді. Бұл байлық біздің баламыздың баласына жетеді. Қазір олар өте арзанға, тиынға сатылып жатыр. Қызығын арадағы делдалдар көруде.

«Дала мен қала» газетінен



3-тапсырма. Мәтінде кездесетін төмендегі сөздерді қандай сөздермен ауыстыруға болады?

Дәулеті шалқу, кеңшар, жекеменшік, делдалдар.



4-тапсырма. Жұптасып, берілген сөздерден тіркестер жасаңыздар. Осы тіркестердің қайсысы омоним екендігін анықтаңыздар.

Жылы, ыстық, жомарт, кең, көзі.



5-тапсырма. Топқа бөлініп, «Ауылдағы табыс көзі неде?» деген сұрақ бойынша өз ойларыңызды білдіріңіздер. Өздеріңіз тұратын жердегі табиғи байлықтарды дәлел ретінде келтіріп, шағын мақала жазыңыздар.



6-тапсырма. Ойтаразы. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүгінгі сабақтың басты мәселесі не болды?
- Топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?
- Бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?
- Сабақ маған қандай әсер қалдырды?
- Қандай қиындықтар кездесті?



7-сабақ

Бүгінгі ауылдың жай-күйі



1-тапсырма. Қазіргі ауылдың жағдайы қандай? Теледидар немесе радиодан естіген ақпараттарыңызбен ой бөлісіңіздер.



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (3-аудио). Берілген тірек сөздер арқылы мәтінде қандай мәселелер көтерілгенін болжаңыздар.

Тірек сөздер

- ауықсу
- қалпына келтіру
- жолға қою
- оң өзгеріс
- ұлғаяу
- енші



3-тапсырма. Жұптық жұмыс. Автордың ойымен келісесіздер ме? Мәтін мазмұны бойынша дәлелдер келтіріп, автордың ойын дамытыңыздар.

Тұжырымдар	1-дәлел	2-дәлел	3-дәлел
Қазір ауыл жағдайы жақсарып келеді.			
Кейінгі кезде ауылшаруашылық өндірісін дамытуда оң өзгерістер бар.			
Диқандар қауымына мемлекет тарапынан қолдау жасалып келеді.			
Алайда бірқатар мәселе кездеседі.			



4-тапсырма. Өздеріңіз тұрып жатқан қала/аудан орталығын суреттеп жазыңыздар. Өз ауылыңыздың/қалаңыздың ерекшелігі неде?



5-тапсырма. Екі қатардағы омонимдік тіркестерден сөйлем құраңыздар.

- Табыс көзі, басына тиді, аттан түс, жайма базар.
- Досыңмен табыс, таудың ұшар басы, түс көру, киімді жайма.



6-тапсырма. Сабақ бойынша өз ойыңызды қорытып жазыңыз.

- қызықты болды.
- қиын болды.
- тапсырманы орындадым.
- екенін түсіндім.



8-сабақ Қаланың жаңа келбеті



1-тапсырма. Ауыл халқының жаппай қалаға көшуінің себебі неде деп ойлайсыздар?



2-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Қандай жанрда жазылған? Тілдік ерекшеліктері арқылы анықтаңыздар.

Ауыл тұрғындарының қалаларға жаппай көшуінің басты себебі ауылға жете көңіл бөлінбегендіктен еді. Ауыл жағдайының төмендеуі және ондағы жаппай жұмыссыздық ауылдықтардың қалалар мен ірі елді мекендерге жаппай ағылуына өкелді. Көші-қонның ауыртпалығы, негізінен, Қазақстанның екі қаласы – Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларына түсті. Ал қалалар мен ірі елді мекендер мұндай көші-қонды қабылдауға әзір емес еді. Өртүрлі топтың ірі елді мекендерге ағылуы қала халқының санын арттырып қоймай, тұрғындардың өлеуметтік құрамын өзгерте түсті.

Қазір жұмысшы кәсіптер (газ, электр дәнекерлеуші, сантехник т.б.) көп. Сондықтан 18 бен 40 жас аралығындағы белсенді азаматтар

тұрақты табыс көзіне айналған жаңа мамандықтарды игеруі, тұрғын үй мен әлеуметтік қорғауға қол жеткізуі керек. Сонда ғана бос жүретіндер азайып, ішкі көші-қон реттелер еді. Айта кетейік, республиканың ірі қалаларында тіркеуде, үй кезегінде жоқ адам жүз мыңдап саналады.

Әбдірашит Бәкірұлы



3-тапсырма. Берілген тапсырмаларды жұптасып орындаңыздар.



4-тапсырма. Топтық жұмыс. «Жағдай осылай жалғаса берсе, ауылдың келешегі қалай болмақ? Бұл мәселені қалай шешуге болады? Қандай ұсыныстар айтар едіңіздер?» деген сұрақтар бойынша пікірталас ұйымдастырыңыздар.



5-тапсырма. «Дербес пікір» жазу тәсілін қолданып, алдыңғы тапсырма бойынша айтылған ойды жинақтап, өз пікіріңізді жазыңыз (уақыты – 7-8 мин).

1. Өзіндік пікір (идея) – бір сөйлем.
2. Дәлел – екі сөйлем.
3. Өз пікірін дәлелдейтін мысал – екі сөйлем.
4. Өз пікіріне қарсы пікір – бір сөйлем.
5. Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – екі сөйлем.
6. Қорытынды – екі сөйлем.



9-сабақ Баспана мәселесі



1-тапсырма. Ауыл жастары қалаға не үшін кетеді? Олар қалада қандай қиындықтарға тап болады?



2-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Бұл мақала ма, әлде әңгіме ме? Автор не айтқысы келді?

Бұл жерді бүкіл жұрт біледі екен. Алматыдағы «Жетім бұрыш» бейресми пәтер іздеу орталығы болып саналады. Мұнда бір күндік баспанадан бастап, бір-екі жылға берілетін пәтерлерді табуға болады.

Сонымен «брокерлік пәтер орталығына» жақындап та қалдым. Алыстан онша байқалмайды екен. Көдімгі базар секілді мұнда да адамдар толып жүр. Мен мақлерге жақындадым. Алдында – үш-төрт

парақ. Оларды бөлмелері мен орналасқан аудандарына қарай сорттап қойыпты. Бағаларын қарай бастадым.

Бұрындары пәтерлердің жалға берілу бағасы айына өрі кетсе 40 мың теңге деп ойлаушы едім, қателесіппін. Парақ бетіне үңілсем, орталыққа жақын маңдағы бір бөлмелі пәтерлердің жалға берілуі – айына 600 доллардан жоғары. Ал екі-үш бөлмелі пәтерлердің жалға берілу бағасы 900–1500 АҚШ долларына дейін барады екен. Таңғалғанымнан «мынадай қымбат баспаналарға екінің бірінің жағдайы келе бермейді ғой» деп дауыстап жіберіппін.

Бетіме жалт қараған маклер:

– Үйдің бағасы бұрын мүлдем қымбат болған, бұл қайта арзандағаны, – деді.

– Жарайды, келістік. Мұнда бір бөлмелінің ең арзаны 600 доллар екен. Бұл пәтерді қалай көрсем болады?

– Қазір пәтер иесінің телефонын беремін. Бірақ маған 20 мыңды алдын ала төлеп кет.

– Ол не үшін тағы?

– Маклер ретінде саған үй тауып бергенім үшін бізге де ақша төлеуіңіз керек.

– Ал егер ол пәтер маған ұнамай қалса ше?

– Онда көргенің үшін үш мың теңге бересің.

– Қазір басқа делдалдардың ұсыныстарын қарап көрейін, болмаса қайтадан сізге келемін, – деп, бұрылып жүре бердім.


«Дала мен қала» газетінен



3-тапсырма. Мәтін мазмұнын есте сақтау үшін жоспар құрыңыздар. Сол жоспар бойынша мәтінді өз сөздеріңізбен әңгімелеп беріңіздер.



4-тапсырма. Топтық жұмыс. «Баспана мәселесі» тақырыбында пікірталас ұйымдастырыңыздар. Баспана мәселесі қашаннан басталды деп ойлайсыздар? Өз ойларыңызды «Балық қаңқасына» салып айтыңыздар.



5-тапсырма. ПОПС формуласын қолданып, «Пәтерді не үшін жалдайды?» деген сұраққа өз ойларыңызды дәлелдеп жазыңыздар.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



6-тапсырма. Ойтаразы. 3-2-1 критерийі бойынша анықтаңыздар.

- 3 маңызды ақпарат;
- қиындық келтірген 2 мәселе;
- тапсырмадағы ұнаған 1 мәселе.



10-сабақ

Е.Әбікенұлы. «Пәтер іздеп жүр едік»



1-тапсырма. Берілген ақпарат бойынша Е.Әбікенұлы туралы әңгімелеңіз.



Ерболат Әбікенұлы

Ерболат Әбікенұлы – жазушы. 2007 жылы өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің филология факультетін бітірген. Балаларға арналған «Бірінші байлық», «Алтын бұлақ» ертегі кітапшаларының және «Шетел қазақтарының әдебиеттануы» монографиясының авторы. Өз шығармаларында қоғамда болып жатқан өзгерістерді, келеңсіз жайттарды, шешімі табыла қоймаған түйткілді мәселелерді шебер жеткізеді.

Жазушының «Пәтер іздеп жүр едік» атты әңгімесінде ауылдан келген жастардың тұрмыс тауқыметі, басында баспанасы жоқ болғандықтан, өр үйді жалдап күн кешуі ащы шындықпен баяндалған.



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (4-аудио). Қандай әлеуметтік мәселе көтерілген?



3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Пәтер іздеп жүрген кімдер?
2. Кейпкерлер қайда келді?
3. Олар жалға пәтерді қалай іздеді?
4. Пәтер іздеушілер қандай жағдайға тап болды?



4-тапсырма. Мәтіндегі фразеологизмдердің мағынасын сәйкестендіріңіздер.

Құмырсқаның илеуінше қайнаған.	Бір орнымнан қозғала алмадым.
Әкесінің құнын сұрайды.	Үмітім артып, сенім пайда болды.

Үміт оты жарқ еткендей болды.	Құдайға сиынып.
Ішімнен иманымды үйіріп.	Адамдардың көп жиналған жері.
Мелшиіп тұрдым да қалдым.	Өте қымбат.



5-тапсырма. Жұптық жұмыс. Кейіпкерлер тап болған орынды, не болмаса кейіпкердің жай-күйін суреттеп, шағын мәтін жазыңыздар. Төмендегі сөздерді орынды қолданыңыздар.

Жоқтық, аянышты, күйзеліс, жанталас, сүйеніш.



6-тапсырма. Ойтаразы. Сабақта алған ақпараттар бойынша өз ойларыңызды тұжырымдаңыздар.

- Қосатыным –
- Өзгертер едім –
- Дамытамын –
- Күрделендіремін –



11-сабақ

Жалға берген пәтердің жайы



1-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Әңгімедегі автордың идеясын анықтаңыздар.

Тозығы жеткен маршрутканың ішіне сығылып өрең сыйдық. Барахолкадан бір-ақ шықтық... Көше бойымен әр дарбазаға жалтақтай қарап келемін. Бір кезде «пәтерді жалға беремін» деп іліп қойған жазуға көзім түсті. Қуанғаннан айғайлап жібере жаздадым...

Айнадай жарқыраған жап-жаңа үйдің қарсы алдындағы тозығы жеткен үлкен үйдің іші сасық иісі мұңкіген қараңғы дәліз екен. Таусылып болмайтын бұрылмасы көп дәліздің түбіне барып тірелдік. Ең соңғы бөлме, ең соңғы үмітім. Сол жақ бұрышқа ұзынынан екі төсек қойылыпты. Тақтай төсек. Оған кір-кір, ескі матрац төселіпті. Оң жақ түпкі бұрышқа бойы жерден өрең асатын кішкентай үстел қойылыпты. Ырғап көріп едім, билеп тұр. Енді байқадым, бір тар бөлмені екіге бөле салған екен. Тақтаймен бөлген. Арғы бетте қараңқұраң етіп пәтершілер жүр. Сәбидің шырқырап жылаған мазасыз үні естіледі. Қабырға мен төбенің арасындағы қуысқа жалғыз ғана шырақ орнатыпты. Арғы жақ пен бергі жақ сол жалғыз шыраққа төуелді. Егер шырақ сөнсе, екі жақ та жарықсыз қалады...

- Мына үйде бір нәрсе жетіспейді, – деді келіншегім сылқ-сылқ күліп.
- Телевизор ма?
- Жоқ.
- Айна...

Түсіндірме сөздік

дарбаза (диалект сөз) – үйдің қақпасы
ырғау – әрі-бері шайқау
қуықтай бөлме – тар бөлме
мұңкіген иіс – жағымсыз иіс
қолқаны қабу – тұншықтыру

- Қойшы, айна біздің не теңіміз.
 - Өзің айтшы ал.
- Кенет жарық жалп етіп сөне қалды.
- Өй, жарыққа не болды? – деп сасып қалдым.
 - Не нәрсе жоқ екенін тапсаң, жағамын...

Қырсықтың көкесін жатарда көрдік. Екі адам айнала алмайтын қуықтай бөлме. Мен келіншегіме суық тиіп қалмасын деп түкпірге жаттым.

Ұйқым келер емес... Бөлмелерді бөлек-бөлек қылып көбейтіп жібергенімен, ауасы ортақ. Терезенің пайдасын енді түсінгендеймін. Мүңкіген иіс қолқамды қауып барады. Сөйтіп жатып ұйықтап кетіппін. Қай мезгіл екенін білмеймін, ояна келсем, терлеп жатыр екенмін...

Ерболат Өбікенұлы. «Пәтер іздеп жүр едік»



2-тапсырма. Кім зерек? Әйелі пәтерден қандай ерекшелікті байқады? Бөлмені суреттейтін тұсты тауып, суретін салыңыз. Сіз нені байқадыңыз?



3-тапсырма. Жұптық жұмыс. Берілген сөздер мәтінде қандай мағынада қолданылып тұр? Анықтаңыздар. Олардың қайсысы омоним бола алады? Сөйлем құрау арқылы дәлелдеңіздер.

Шық, жаз, кір, бөл, бетте, жақ, қойшы.



4-тапсырма. Топтық жұмыс. Әңгімедегі суреттелген жағдай бойынша пікірталас ұйымдастырыңыздар.

Пікірталас шарты:

- Мәтінде көтерілген мәселе қай жерде кездеседі?
- Жастардың ауылдан қалаға ағылуы.
- Пәтер іздеудің басты себептері.
- Осы әлеуметтік мәселені шешудің жолдары.
- Сөйлеуде интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу.



5-тапсырма. Жұптық жұмыс. Әңгімедегі жалға берілген пәтер мен оның иесіне баға беріңіздер.



6-тапсырма. Ойтаразы. «Әңгімелесетін әріптестер». Сабақ мазмұнын жұп болып талқылаңыздар:

- жаңа оқыған үш факті;
- жеңіл болған ақпарат;
- қиын болған ақпарат;
- алдағы уақытта оқығым келетін ақпарат.



12-сабақ

Баспана туралы бастама



1-тапсырма. Елімізде баспана жетіспеушілігін жою мақсатында қандай іс-шара жүзеге асырылуда? Ой бөлісіңіздер.



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (5-аудио). Мәтін не туралы?



3-тапсырма. ПОПС формуласын қолданып, мақалада айтылған игі істерге өз пікірлеріңізді білдіріңіздер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



4-тапсырма. Мәтінді бөліктерге бөліңіздер. Әр бөліктегі негізгі ақпаратты бір-екі сөйлеммен жазыңыздар (алғашқы бөлікте не туралы айтылатынын, мәселенің мәнін анықтаңыздар. Келесі бөлік бойынша хронологиялық кесте жасаңыздар).



5-тапсырма. Ізденімдік жұмыс. Дамыған елдерде баспана мәселесі қалай шешілген? Жұптасып жоба нұсқасын дайындаңыздар.



6-тапсырма. Ойтаразы. Кестені толтырыңыз.

Қандай ой пайда болды?	Нені сезіндім?	Не ұнады?



13-сабақ

Нәтиже сабақ



1-тапсырма. Тақырыпқа қатысты тірек сөздер мен термин сөздерді теріп жазып, сөйлем құраңыздар.



2-тапсырма. Осы бөлімде оқыған әдеби шығарманы қандай мақал-мәтелмен түйіндер едіңіздер? Мақалдың мәнін ашып, постер қорғаңыздар.



3-тапсырма. «Қоғамдағы әлеуметтік мәселелер және оларды шешу жолдары» тақырыбына мақала жазыңыздар.



4-тапсырма. Жазған мақалаларыңызды бір-біріңізбен ауыстырып, омоним болатын сөздерді табыңыздар.



5-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді жазып, «Шығу парағын» толтырыңыз.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екендігін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мені ... таңғалдырды.

2

ЭКОЛОГИЯ. МҰНАЙ ЖӘНЕ АТОМДЫҚ
ИНДУСТРИЯ

1-сабақ

Қара алтыны халқымның



1-тапсырма. Берілген ақпаратты пайдаланып, парталас досыңызға Гүлжауһар Сейітжан туралы айтып беріңіз.



Гүлжауһар Сейітжан

Гүлжауһар Сейітжан (1947–2017) – ақын, журналист. 1971 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) журналистика факультетін тамамдаған.

1971–1990 жылдары Ақтау қалалық теледидарында редактор, облыстық газетте бөлім меңгерушісі болған. 1990–1999 жылдары «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы, облыстық өкімшілікте кеңсе меңгерушісі, ақпарат басқармасында бөлім бастығы болып жұмыс істеген.

Алғашқы өлеңдер жинағы «Тұңғыш» деген атпен жарық көрген. «Ақерке», «Үміт жағалауы», «Жаңаөзен оттары», «Маңғыстау мұнайшылары», «Жер ана перзенттері» т.б. кітаптары бар. Маңғыстау өңіріне кең тараған ондаған өннің авторы.



2-тапсырма. Гүлжауһар Сейітжанның «Қара алтыны халқымның» өлеңін түсініп оқыңыздар. Өлең қандай тақырыпқа арналған?

Түсіндірме сөздік

бейнет – қиындық
жерін кеулеу – бұл жерде:
көп тарау
аршу – қазып алу
қиыр – алыс, жырақ

Мұнай... мұнай – сарымай, қап-қара май,
Келбетіне халқымның жаққан арай.
Бейнеті мол қазақтың жерін кеулеп,
Бақытына айналған баққа қарай...

Мұнай... мұнай – қара алтын қазынамыз,
Қаталдау табиғаттың назы нағыз.
Қантамырдай таралған тамырлардан
Қара қошқыл Жер қанын ағызамыз...

Мен сыйлаған тірлікке, сөн сыйлаған,
Мұнай көзін тереңнен аршиды адам.
Жапан түзде ертегі қала салып,
Естен кетпес жасады сан сый маған...

Талайларды келтірген жарқын жүзге,
 Мұнай деген қап-қара алтын бізге.
 Мұнай іздеп кеземіз қиырларды,
 Ыстық шілде, қатал қыс, алтын күзде.

Қап-қара қан жүгіртіп тамырына
 Қара алтынның боялып сағымына,
 Қолын созған өлемдік биіктерге,
 Сүйінемін Маңғыстау алыбыма!..



3-тапсырма. Ақын мұнайға қандай баға береді? «Бес жолды өлең» арқылы баға беріңіз.

1. Зат есім (тақырыпты сипаттайтын 1 сөз).
2. Сын есім (2 сөз).
3. Етістік (3 сөз).
4. Қорытынды ой (4 сөз, сөйлем).
5. Синоним (тақырыпты айқындайтын 1 сөзге).



4-тапсырма. Жұптық жұмыс. Автордың сүйіспеншілігін білдіретін өлең жолдарын тауып, мәнін түсіндіріңіздер.



5-тапсырма. Төмендегі сөз тіркестерінен омоним болатын сөздерді табыңыздар. Олармен тіркестер жасаңыздар.

Қара май, жер қаны, мұнай көзі, ыстық шілде, қатал қыс, жарқын жүз, біз кеземіз.



6-тапсырма. Өлеңдегі қандай сөздерді түсінбедіңіз? Қандай бейнелі тіркестерді қолдандыңыз? Мысалдар келтіріп, дәлелдеңіз.



2-сабақ

Маңғыстау ғажайыптары



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (6-аудио). Тірек сөздерді теріп жазып, мағынасын анықтаңыздар.



2-тапсырма. Жеке жұмыс. Мәтіндегі ел, тайпа атауларын семантикалық картаға түсіріңіз. Олардың мәнін түсіндіріңіз.

Аннотация

Аннотация (лат. *annotatio* – түсініктеме) ғылыми бағалау мәтіндеріне жатады. Аннотацияда еңбектің (кітап, монография, мақала, мәтін) мақсаты, қысқаша мазмұны, кімдерге арналғаны көрсетіледі. Көпшілікке түсінікті, қарапайым тілде жазылуы тиіс.

-  **3-тапсырма.** «Жібек жолы» туралы не білесіздер? Ол туралы қысқаша аннотация жазыңыздар.
-  **4-тапсырма.** Жұптық жұмыс. «Маңғыстау – Еуропа мен Орта Азияның сауда жүйесі, екі мәдениеттің тоғысқан жері» деген пікірді тірек етіп, диалог құрыңыздар.
-  **5-тапсырма.** Топтық жұмыс. Мұнай қоры шоғырланған, мұнай өнеркәсібі дамыған аймақтар туралы ізденіп, таныстырылым жасаңыздар.
-  **6-тапсырма.** 3-2-1 критерийі бойынша анықтаңыздар.
- 3 маңызды ақпарат;
 - қиындық келтірген 2 мәселе;
 - тапсырмадағы ұнаған 1 мәселе.

**3-сабақ****Ұлы даланың басты байлығы**

1-тапсырма. Төменгі сыныптарда Ілияс Есенберлиннің қандай шығармаларын оқыдыңыздар? Еске түсіріңіздер.



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, құрылымына қарай талдаңыздар (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды).

Түсіндірме сөздік

мұнай майданы – бұл жерде: өндірістегі қызу еңбек

сортаң – тұзды жер

лықылдау – суы мол деген мағынада

күн жеп, жел суырған – тозып бүлінген

қаңсыған – әбден құрғаған

Әр соғыс майданындай, Маңғыстау мұнай майданының да өзінің маршал-генералдары, полковник-лейтенанттары, жауынгерлері болды. Ал біздің сөз еткелі отырған кейіпкерлеріміз – қатардағы жауынгерлер мен өндіріс командирлері. Әрине, Маңғыстауда ешкім қан төгіп, жау қолынан шаршы метр жер аламын деп жанталасқан емес. Бірақ Каспий теңізінің солтүстік-шығыс аймағын алып жатқан,

солтүстік-шығысында Үстіртке жеткен, ал оңтүстігінде Қара бұғазбен шектескен, мол сулы бір өзені жоқ, сортаң жапан даланы игеру кеңес адамына ешбір соғыс майданынан кем тимеген. Ұлы дала өзінің ен байлығын орасан қиындықпен берген. Сондықтан да бұл арада бір кезде басталған мұнай тартысын «Маңғыстау майданы» деп атадық...

Бұл өлкенің адамдары сонау ерте заманда түйе бағып келген. Түйенің еті, сүті – қорегі; тері, жүні – киімі; көшсе – көлігі; жауға аттанса мінері болған.

Көне заманда бұл арада Солтүстік мұхитпен ұштасқан Сармат теңізі болған. Көл тартылса, қара су, дария тартылса, өзен қалады. Сол тартылған Сарматтан Каспий теңізі қалған.

Бұл – бір ғажайып өлке! Асты – лықылдаған су, үсті – күн жеп, жел суырған, су жетпей әбден қаңсыған өңі жоқ кеңістік.

Қысы – қақыраған суық, жазы – шыжыған ыстық. Сөл қаттырақ жел тұрса, алай-түлей боран. Құмды боран, шаңды боран. Осындай бір заманда құлан мен киік жортқан, кесіртке жүгіріп, тасбақа мен жылан жылжыған сұрғылт даланы ежелден жайлап келген қазақ елінің жаны қандай сірі десеңдерші!

Ілияс Есенберлин. «Қара алтыным»



3-тапсырма. Автор «Мұнай майданының маршал-генералдары, полковник-лейтенанттары, жауынгерлері» деп кімдерді айтып отыр?



4-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Түйенің еті, сүті – қорегі; тері, жүні – киімі; көшсе – көлігі; жауға аттанса мінері болған» деген сөйлемнің мәнін ашыңыздар. Өнімдерді диаграммаға салып, әрқайсысына сипаттама беріңіздер.



5-тапсырма. Топтық жұмыс. Мәтіннен даланы сипаттайтын ойды тауып оқыңыздар. Сол даланы Қазақстанның басқа өлкелерімен салыстырыңыздар. Әр аймақтың ерекшелігін постер құрып айтыңыздар.



6-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүгін не үйрендіңіздер?
- Сөздік қорыңызды қанша сөзбен толықтырдыңыздар?
- Сабақ бойынша қандай сұрақтарыңыз бар?
- Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?



4-сабақ

Мұнайлы өлке



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (7-аудио). Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыздар.



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Автор «ғажайып байлық» деп қандай байлықты айтып отыр?
2. Маңғыстаудағы ұлы тартыс қайдан және қалай басталды?
3. Маңғыстауда қандай мұнай кәсіпорындары салынды?



3-тапсырма. Топтық жұмыс. Мәтінді қайта тыңдап, мұнай өнеркәсібіне қатысты күрделі сөздер мен терминдерді анықтаңыздар. Олардың жасалу жолын түсіндіріп сөйлем құраңыздар.

Күрделі сөздер мен терминдер	Жасалу жолы	Сөйлем



4-тапсырма. Төмендегі ақпараттың қайсысы дұрыс? Дұрыс ақпаратты әрі қарай толықтырып айтыңыз.

1. Жердің астында жатқан ғажайып байлық кенет ашылды.
2. Жұмысшылар шетелден, іргелес өңірлерден келді.
3. 1967 жылы Өзекте алғашқы мұнай-газ тресі ұйымдастырылды.

1. Жердің астында жатқан байлық ұзақ жылдық зерттеулерден кейін ашылды.
2. Жұмысшылардың көбі – осы Маңғыстау, Ембі, Гурьев бойының қазақтары.
3. Маңғыстауда мұнай-газ барлау тресі 1957 жылы ашылды.



5-тапсырма. «Шығу парағы» бойынша өзіңізді және бір-біріңізді бағалаңыздар. Мәтіннен кәсіби терминдер мен күрделі сөздерді анықтай алдыңыздар ма? Кім әдеби тіл нормасы бойынша жазуға тырысты?




5-сабақ

Еңбек – бәрін жеңбек



1-тапсырма. Мұнайды өңдеуден алынатын өнімдерді кластер түзіп, топтап жазыңыздар.



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Алдыңғы сабақтағы мәтінмен байланысын тірек сөздері арқылы анықтаңыздар.

Қазақстанда осыншама мұнайшы, мұнай шығарушы керемет мамандардың табылуына себеп болған, ең алдымен, Ембі мұнай кәсіпорындары. Ембі мұнайлы аймақ Баку, Грозныйлармен қатар төңкерістен бұрын ашылып, Кеңес үкіметі кезінде белгілі кәсіпшіліктерге айналған. Ембі мұнай қоры қазақ жұмысшы табын,



Мұнай өнеркәсібі

мұнайшыларды дайындауда ерен еңбек сіңірді. Соғыстан бұрын жұмыс істеп келген Доссор, Қосшағыл, Құлсары, Сағыз кәсіпорындарына соғыстан кейін Қаратон, Тереңөзек, Мұнайлы кәсіпорындары қосылды. Бұлардың бәрі – тегіс қазақ жерінде. Өз даласында табылған бұл ен байлықты қазақ халқы

қуана қарсы алды. Бұрынғысындай түйе бағып, қой өсіріп қана қоймады, енді жаңа кәсіпке, жаңа өнерге құлашын кең жая ұмтылды. Оқыды, үйренді. Сөйтіп, аз жылдың ішінде бұлар мұнай шығару кәсібіне машықтанды. Қазақ үй іштерінің тек үлкендері, отау иелері ғана мұнайшы боп қойған жоқ. Олар өздерінің баласын, келінін, қызын, ағайын-тумаларын жаңа кәсіпке бірге ала келді. Осылай Қазақстанда мұнайшы жұмысшы табы қалыптасты. Маңғыстаудағы мұнай майданының негізгі жауынгерлері осылар еді.

Ілияс Есенберлин. «Қара алтыным»



3-тапсырма. Топқа бөлініп, мәтіндегі ақпараттарды INSERT оқыту стратегиясы бойынша талдаңыздар. Төмендегі белгілермен әр азатжолды немесе сөйлемдерді белгілеңіздер. Өз ойларыңызды қорытындылап жазыңыздар.

«V»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін	Менің ойлағанымға қайшы, кереғар	Мен үшін жаңа ақпарат	Келісе алмаймын, білгім келеді



4-тапсырма. Мұнай өнеркәсібінде қандай мамандар жұмыс істейді? Тірек сөздерді пайдаланып, мұнайшы кәсібінің қыр-сырын ашып әңгімелеңіз.

Тірек сөздер: геолог, бұрғылаушы, кен орны, ұңғыма, ыстық күн, қақаған қыс, ауыр еңбек.



5-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Қазақстан мұнайының өндірілу тарихы» тақырыбына жоспар құрыңыздар. Әр тармақшаға қажетті мәліметтерді алдыңғы сабақтарда оқыған және тыңдаған мәліметтермен толықтырып, менталды карта жасаңыздар.

Жоспар құрудың үлгі-сызбасы:

I. Кіріспе бөлім.

II. Негізгі бөлім.

1. Тезис:

а) сөйлем;

ә) сөйлем.

III. Қорытынды бөлім.



6-тапсырма. Ойтаразы. Сөйлемдерді толықтырыңыздар.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екендігін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мені ... таңғалдырды.

6-сабақ

Каспий тағдыры – халық тағдыры



1-тапсырма. Сабақтың тақырыбына назар аударыңыздар. Қалай ойлайсыздар, халықтың тағдыры неге Каспий теңізімен байланысты?



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Мәтінде қандай мәселе көтерілген?

Тірек сөздер

- экология
- жер қойнауы
- игеру
- залал-зардап
- қауіп
- таза күйінде сақтау

Академик Нәдір Нәдіров «Байлықтан не пайда, зардабы көп болса» деген болатын. Ол тонналаған мұнайдан түсетін табыстан гөрі адамға денсаулық артық екенін айтады. Ғалымның пікірінше, жер қойнауындағы мұнайды алу, оны игеру қанша қажет болғанымен, табиғатқа, қоршаған ортаға залал-зардабы келмеуі тиіс. Табиғаттың таза күйінде сақталуы, қоршаған ортаның ласталмауы келешек ұрпақ үшін қажет.

Академик Мұфтах Диаров та қаншама жылдан бері тонналап өндіріліп жатқан мұнай кеніштерінде экологияны таза сақтауға мән берілмейтіні, Каспийдің келешегіне төніп тұрған қауіп туралы айтқан болатын. «Егер теңіз төсін бұрғылап, мұнай алуды дәл осы қарқынмен жалғастыра берсек, Каспийдің өлі теңізге айналатын күнін жақындатамыз. Ол күн алыс емес. Сөйтіп, Аралдың жанына Каспий қосылады», – деген еді. Егер табиғат бүлінсе, ауа ластанса, жан-жануар жойылса, адам денсаулығына зиян келсе, табыстан не пайда?..


«Жас қазақ» газетінен



3-тапсырма. Жұптық жұмыс. Н.Нәдіров пен М.Диаровтың пікірлерін салыстырып, баға беріңіздер. Олардың ойымен келісесіздер ме?



4-тапсырма. Топтық жұмыс. Мәтіндегі қарамен берілген пікірге өз ойларыңызды «Балық қаңқасы» арқылы білдіріңіздер.



5-тапсырма. Мәтінге қысқаша аннотация жазыңыз.



6-тапсырма. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтырыңыз.

Қандай ой пайда болды?	Неңі сезіндім?	Не ұнады?



7-сабақ Мұнай өндірісінің зардабы



1-тапсырма. Суреттегі мәселе бойынша өзара диалог құрып, пікірлесіңіздер.



2-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдаңыздар (8-аудио). Тірек сөздерді анықтап, мағынасын түсіндіріңіздер. Мәтін не туралы?



3-тапсырма. Кестені дәптерлеріңізге жазып, мәтінді толықтырыңыздар.

Мәселе	
Кім? Не?	
Орын	



4-тапсырма. Рөлдік ойын. Мәтін мазмұны бойынша эколог-маманмен сұхбат құрыңыздар (бір оқушы эколог-маман ретінде ортаға шығады. Қалған оқушылар сұрақ қояды.)



5-тапсырма. Топтық жұмыс. Екі топқа бөлініп, мұнай өндірісінің пайдасы мен зиянын айтыңыздар.

Пайдасы	Зияны

6-тапсырма. «Дербес пікір» жазу тәсілін қолданып, мәтінде көтерілген мәселе бойынша пікірлеріңізді жазыңыздар (уақыты – 7-8 мин).

- Өзіндік пікір (идея) – бір сөйлем.
- Дәлел – екі сөйлем.
- Өз пікірін айғақтайтын мысал – екі сөйлем.
- Өз пікіріне қарсы пікір – бір сөйлем.
- Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – екі сөйлем.
- Қорытынды – екі сөйлем.



8-сабақ

Бүгінгі ахуалымыз қалай?



1-тапсырма. Сабақтың тақырыбына қарап болжам жасаңыздар.



2-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Бір-біріңізге сұрақтар қойып, автордың көзқарасын анықтаңыздар.



Ауаның ластануы

дағы тұрғын халықтың бүгінгі және ертеңгі жағдайы қандай болмақ?

Алматы, Шымкент, Өскемен сияқты қалаларда ауаның ластану мөлшері өте жоғары. Шығыс Қазақстан өңірінде экологиялық мәселелер жеткілікті. Түсті металлургия, вольфрам, қорғасын, мырыш өнеркәсіптері елді мекендер мен қала тұрғындарына зардабын тигізіп жатыр.

Каспий теңізінің 268 миллион гектар жағалауы мұнай өнімдерімен ластанып жатыр. Қазақстанның қай аймағына барсаңыз да, экологиялық ахуал күрделі. Сарыарқаның төскейі де жетісіп тұрған жоқ. Байқоңырдан ұшырылатын ғарышкестердің қалдығы осы аймаққа құлайды. Жергілікті тұрғындарға төбеден төгіліп жатқан гептилден экологиялық апат төніп тұр. Ғарыш қалдықтары мен өндірістік ластану топырақтың құнарсыздануына, жайылымдардың тозуына әкелді.

«Айқын» газетінен



3-тапсырма. Жұптық жұмыс. Мәтіннен терминдер мен күрделі сөздерді табыңыздар.



4-тапсырма. Үш топқа бөлініп, әр азатжолдағы айтылған мәселелерге өз ойларыңызды білдіріңіздер.

1. Қазақстандағы ядролық сынақтардың зардабы.
2. Қазақстандағы өнеркәсіп орындарының елді мекендерге тигізіп жатқан зияны.
3. Мұнай өнімдері мен гептилден туындаған экологиялық апат.



5-тапсырма. Өздеріңіз тұратын аймақта экологиялық жағдайды жақсарту үшін қандай шаралар жасалып жатыр? Таныстырылым жасаңыздар.



6-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүгін нені білдіңіздер?
- Сөздік қорды қанша сөзбен толықтырдыңыздар?
- Сабақ бойынша қандай сұрақтарыңыз бар?
- Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?



9-сабақ

Қазақстан – ядролық қарудан бас тартқан ел



1-тапсырма. Елімізде және әлемде ядролық қарудың жойылуына үлес қосқан қандай тұлғаларды немесе қозғалыстарды білесіздер?



2-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Мәтін қандай жанрда жазылған?

Семей полигоны ХХ ғасырдағы ең ауыр қасірет болды. Ядролық сынақтардың залал-зардабы бүкіл бір аймақтың қоршаған ортасы мен табиғатына, адамдардың денсаулығы мен өміріне қатты әсер етті. Адам ағзасына қалыпты мөлшерден өлдеқайда жоғары радиоактивті заттар мен рентген сәулелері енді. Мамандар белгілі мөлшерде

радиациялық сәуле алған қазақстандықтардың жалпы саны жүз мыңдаған адам деп болжайды. Аймақта ересектер ауруы мен іштен кемтар болып туған сәбилер саны көбейді. Адамдар ғана емес, Жер де зиян шекті. Ядролық сынақтар жер қабаттарының бүлінуіне ұрындырды. Ядролық жарылыстардың орнында ластанған радиациялық суға толы тұтас көлдер пайда болды.

1991 жылы Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған соң қауіпті ядролық қару-жарақты пайдаланудан бас тартты. Оған Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев қол жеткізді. 1992 жылы Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде жер бетіндегі стратегиялық қару-жарақ шартына – Лиссабон хаттамасына, ал 1993 жылы ТМД мемлекеттерінің арасында бірінші болып ядролық қаруды таратпау жөніндегі келісімшартқа қол қойды. 1994 жылдың желтоқсанында әлемнің ядролық державалары

Түсіндірме сөздік

ядролық қару – жаппай қырып-жою қаруы

Лиссабон хаттамасы – ядролық қаруды таратпау жөніндегі халықаралық құжат

Қазақстанның қауіпсіздігіне өз кепілдіктерін берді. Еліміздің әлемдегі бейбітшілікті қамтамасыз етуге бағытталған бастамасы мұнымен бітпек емес.

Қарлығаш Жылқышыбаева



3-тапсырма. Мәтіннен тірек сөздерді анықтап, автордың идеясын үш сөйлеммен жеткізіңіз.



4-тапсырма. Суретті пайдаланып және төмендегі тіркестерді қатыстырып сөйлем құраңыздар.



Керекті тіркестер: атомдық ядролық жарылыстар, радиоактивті заттар мен рентген сәулелері, бас тартты, келісімшартқа қол қойды, меморандум.



5-тапсырма. Ойтаразы. «Қосу–алу–қызығамын» кестесін толтырыңыз.

Қосу	Алу	Қызығамын



10-сабақ

Атом индустриясының болашағы



1-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдаңыздар (9-аудио). Қандай ақпараттар есіңізде қалды?



2-тапсырма. Терминдер сөздігін пайдаланып, терминдердің мағынасын түсіндіріңіз.

Транзиттік тасымал	Энергетикалық тапшылық	Энергетикалық тәуелсіз ел	Шикізат



3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Транзиттік тасымал неліктен табыс көзі болады?
2. Елімізде энергетикалық тапшылықты неден байқауға болады?
3. Энергетикалық тапшылықтан қалай шығуға болады?



4-тапсырма. Топқа бөлініп, мәтін мазмұны бойынша пікірталас ұйымдастырыңыздар.

Пікірталас шарты:

1. Мәтінде көтерілген мәселенің қамтылуы.
2. Қазақстандағы энергетикалық тәуелділіктің туу себептері.
4. Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, энергетикалық тапшылықтан шығу жолдарын әлем елдерімен байланыстыру.
5. Сөйлеуде интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу.



5-тапсырма. «Шығу парағын» толтырыңыздар.

- Бүгінгі сабақтан не білдіңіздер?
- Мәтіндегі күрделі атаулардың мағынасын түсіндіңіздер ме? Мысал келтіріп, дәлелдеңіздер.
- Пікірталас шарты түгел сақталды ма?
- Кімнің пікірі ұнады?



11-сабақ

Атом электрстансысы керек пе?



1-тапсырма. Атом электрстансысы дегеніміз не?



2-тапсырма. Мәтінді оқып, жоспар құрыңыздар (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды).

Атом электрстансысы – бірінші кезекте электр энергиясын алудың бір жолы. Бүгінге дейін біз қолданып жүрген электр қуатының 90 пайызға жуығы жылу электрстансысынан алынып келеді. Елімізде электр энергиясының 70 пайызы көмірден, 14 пайызы су электрстансыларынан, 10 пайызы газдан және 5 пайызы мұнайдан алынып отыр. Алайда электр энергиясының жеткіліксіздігі қазірдің өзінде байқалады.

Сондықтан Қазақстан электр энергиясын көрші елдерден импорттайды.

Экономикалық тұрғыдан алып қарағанда, еліміз қазір энергия өндіруші қуат аясын кеңейтуді қажет етіп отыр. Оның үстіне, электр желілері мен қуат көздерінің өбден тозуы салдарынан электр энергиясы ысырап болып, энергетикалық нысандарда апаттар саны күрт өсуде. Сонымен қатар энергия өндіретін нысандар бірқалыпты

Тірен сөздер


- электр энергиясы
- жеткіліксіз
- импорттау
- тозу
- ысырап
- тәуелді

бөлінбегендіктен, еліміздің кейбір аймағы сырттан келетін электр энергиясына тәуелді болып отыр. Сол себепті еліміздің электр энергиясы саласындағы қордаланған мәселелерді шешудің бір жолы – атом энергетикасы. Әрі ол Қазақстанның ұлттық энергетикалық қауіпсіздігін де қамтамасыз етеді. Ал экологиялық тұрғыдан қарасақ, АЭС-тен ауаға бөлінетін зиянды заттар мөлшері дәстүрлі өдістегі электрстансыларымен салыстырғанда өлдеқайда төмен. Бүгінде Қазақстанда орнатылған қуат көздерінің шамамен 87 пайызы органикалық отынмен жұмыс істесе, электр энергиясының 70 пайыздан астамы көмір ЖЭС-інде өндіріледі. Ондай электрстансылар біз тыныстайтын ауа қабатында өте үлкен көлемде ауыр металдардан құралған булы газ шығарады. Егер АЭС қалыпты түрде апатсыз жұмыс істеп тұрса, оның қоршаған орта мен адам денсаулығына тигізетін кері әсері де шамалы болады. Оның үстіне, кейбір сарапшының бағалауынша, АЭС-те өндірілетін электр энергиясының өзіндік құны қазіргі көмір ЖЭС пен газтурбинді ЖЭС-тегі қуат құнынан біршама арзан болады. Ал оның ядролық қауіпсіздік мәселесі тіптен үлкен маңызға ие.

«Жебе» газетінен



3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша тапсырмаларды орындаңыздар.



4-тапсырма. Екі топқа бөлініп, атом электрстансысының пайдасы мен зиянын талқылаңыздар. Қайсысы басым түсті? Қандай қорытынды шығардыңыздар?



5-тапсырма. ПОПС формуласын қолданып, «Атом электрстансысы керек пе?» тақырыбында төрт сөйлемнен тұратын шағын эссе жазыңыз.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



6-тапсырма. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтырыңыз.

Қандай ой пайда болды?	Негіз сөзіндім?	Не ұнады?



12-сабақ

Қоршаған ортаны қорғау – заман талабы



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (10-аудио). Мәтін не туралы?



2-тапсырма. Автордың көзқарасына баға беріңіз. Автор Балқаш көлі жағасына атом электрстансысын салуға қалай қарайды?



3-тапсырма. Таза көлдерді сақтау үшін қандай ұсыныстар айтар едіңіз? Әлемдік тәжірибеге сүйеніп пікіріңізді қорғаңыз.



4-тапсырма. Берілген тіркестерді бір-бірімен байланыстыра отырып, тұтас мәтін құраңыздар. Омоним сөздер қатысқан сөйлемдерді тауып, дәлелдеңіздер.

Шикізатқа бай, табыстың көзі, Балқаш көлі жағасы, электр қуаты, адамзатты алаңдату.



5-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, сөйлемдерді толықтырыңыз.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екендігін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мені ... таңғалдырды.



13-сабақ

Нәтиже сабақ



1-тапсырма. Кім жылдам? Қоршаған ортаны, табиғатты қорғауға қатысты мақал-мәтелдер, нақыл сөздер айтып жарысыңыздар.



2-тапсырма. Мұнай, атом өндірісінен келетін табиғи зардаптарды болдырмау жайлы өз ұсыныстарыңызды айтып, кластер құрыңыздар.



3-тапсырма. «Булақтың көзін ашу – игі іс» деген сөйлемдегі ауыспалы мағынада тұрған сөзді көрсетіңіз. Өз ойыңызды дәлелдеп айтыңыз.



4-тапсырма. «Таза болса табиғат» тақырыбына эссе жазыңыздар. Эсседе сақтанудың жолдарын көрсетіңіздер.



5-тапсырма. Ойтаразы. «Менің тақырыптан алған әсерім» кестесін толтырыңыздар.

Қандай ой пайда болды?	Негіз сөзіндім?	Не ұнады?



1-сабақ

Тіл және адам болмысы



1-тапсырма. Мәтінді сынып оқушысының мәнерлеп оқуынан тыңдаңыздар. Негізгі ақпараттарды дәптерлеріңізге жазыңыздар.

Тірек сөздер

- өріп, дыбыс, сөз
- ана тілі
- лингвистикалық фактор
- мінез-болмыс
- этникалық қауым

Егер әрбір жеке өріптің дыбыс екені, сол дыбыстардың бірігуі арқылы сөздердің туындайтыны және әрбір сөздің ой-санаға ұласып жататыны рас болса, онда адамды адам еткен дыбыс деп тұжырымдауға болады.

«Адам бойындағы адамгершілік қасиеттер туа бітпейді немесе тұқым қуаламайды, ең алдымен, естуден болатын лингвистикалық фактордың нәтижесі», – дейді жапон ғалымы Цунода.

Демек, адам атаулының мінез-болмысы, ең алдымен, ана тілі арқылы қалыптаспақ.

Ана тілі әрбір дүниеге келген пенденің құлағына шалынатын дыбыс атаулыны реттеп отырады. Сондай-ақ мидағы эмоциялық тетіктің өзінше дамуына ықпал етеді. Олай болса, әрбір этникалық қауымның мәдениеті мен психологиялық негізін дыбыс қалыптастырады деген сөз.

Ақселлеу Сейдімбек



2-тапсырма. Алдыңғы бөлікте не туралы айтылды? Келесі бөлікте не туралы баяндалады? Өз сөзіңізбен әңгімелеңіз.



3-тапсырма. Топқа бөлініп, «Адам атаулының мінез-болмысы, ең алдымен, ана тілі арқылы қалыптасады» деген пікір бойынша ой бөлісіңіздер. Өзіңіздің және отбасыңыздағы адамдардың мінез-құлқы жайлы әңгімелеңіздер. Үй ішінде айтылатын сөздермен байланыстырыңыздар. Жастайыңыздан нені естіп естіңіздер?



4-тапсырма. Жақсы сөз, ұнамды мінез, әдепті қылық туралы мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді кестеге толтырып, мағынасын ашыңыздар.

Сөзге қатысты	Мінезге қатысты	Әдептілікке қатысты
Жақсы сөз – жарым ырыс (<i>мәтел</i>).	Өркенің өссін десең, кекшіл болма (<i>Қазыбек би</i>).	Үлкеннің алдын кесіп өтпе.



5-тапсырма. Ойтаразы. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүгінгі сабақтың басты мәселесі не болды?

- Топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?
- Бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?
- Сабақ маған қандай әсер қалдырды?
- Сабақта өзімді қалай сезіндім?



2-сабақ

Тілдің маңызы



1-тапсырма. Достарыңызбен қай тілде жиі сөйлейсіздер? Ой бөлісіңіздер.



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Әр азатжолда не туралы айтылған? Мәтін мазмұнын сыныптасыңыздың түсінген-түсінбегенін білу үшін, оған сұрақтар қойыңыз.

Қызмет бабымен өртүрлі елге іссапарға барамын. Сондай сапармен бірде Израиль мемлекетіне жолым түсті. Мені таңғалдырғаны олардың өз тілдеріне деген шексіз құрметі еді. 1947 жылы еврейлер жер бетінен мүлдем жойылып кеткен иврит тілін қайта тірілту үшін алғашқы қадамдарын жасаған екен. Бас-аяғы 10–15 жылдың ішінде өлі тілдердің қатарына қосылған, бірауыз сөзі де сақталмаған иврит тілі жанданып, қайта қолданысқа енеді.

Тілімен бірге салт-дәстүрі, мәдениеті қайта қалпына келеді. Әлемнің әр жеріне тарыдай шашылған еврей бір жерге жиылады. Сонда оларды ұлт ретінде біріктірген иврит тілі екен. Қалталы азаматтары қаржы бөліп, тілге қолдау көрсетуге барлық көмегін аямаған. Бірнеше ғасырлық тарихы бар құжаттарын қайта көтеріп, жаңа өліпбиін жасап шығарған...

Жақында Жапония ғалымдары Токио қаласындағы перзентханалардың бірінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сонда үш ұлттың жаңа туған нәрестелеріне тәжірибе жасады. Сөбилердің тыңдау қабілеттерін тексеру үшін жылаған кезде, басқа тілдерде сөйлеп, жұбату сөздерін айтқан. Сөби жылауын тоқтатпаған. Тек ана тілінде сөйлеген кезде ғана нәресте жылауын сап тыйып, үнсіз қалған.

Халқымыз «бала тәрбиесі ананың құрсағында болған сәттен басталады» деп бекер айтпаған. Анасы өз тілін білмейтін балада да ана тіліне деген мұқтаждық болады екен. Бірақ адам өсе, есейе келе оған мән бермеуі мүмкін. Әйтсе де өмірдің соңғы белесі – қарттыққа аяқ басқан шақта туған тілде сөйлеуге қажеттілік қайта оянады. Бұл – ғылыми дәлелденген шындық.

Нұрлан Жұмабаев



3-тапсырма. Топтық жұмыс. Мәтіндегі үш маңызды мәселені анықтаңыздар.



-  **4-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Тілді дамыту үшін қандай жұмыстар атқарылуы керек деп ойлайсыздар? Сіздер ана тіліңізді дамытуда қандай үлес қосып жүрсіздер?
-  **5-тапсырма.** Мәтін мазмұнындағы негізгі ойды досыңызға хат түрінде жазыңыз. Тыныс белгілерін орынды қолданыңыз.
-  **6-тапсырма.** Берілген сөздерді дұрыс тіркестіріп, сөйлем құраңыздар. Осыған сәйкес жағдаяттық тапсырма ойластырыңыздар.
 - Монолог, адам, белгілі бір, тақырып, өз ойын, сөйлеп, дегеніміз, толық, жеткізуі.
 - Диалог, жағдаят, белгілі бір, екі адам, дегеніміз, кезектесе, сөйлесу, түрі.

3-сабақ **Тілді дұрыс қолдана білу – жауапкершілік**

-  **1-тапсырма.** Достарыңыз сөйлеу кезінде тіл тазалығын қаншалықты сақтайды? Пікір алмасыңыздар.
-  **2-тапсырма.** Мәтінді тыңдаңыздар (11-аудио). Ондағы негізгі ойды анықтап, тезис түрінде жазыңыздар.
-  **3-тапсырма.** «Тілді үйренудің жолдары» деген тақырыпта диалог құрыңыздар. Сұрақтар төмендегі мәселелердің төңірегінде болсын.
 - Қазақ тіліндегі бағдарламалар немесе фильмдер.
 - Қазақ тілінде жүргізілетін радио хабарлары.
 - Қазақ тіліндегі кітаптар, газет-журналдар.
 - Қазақ тілінде сөйлейтін орта, достар, таныстар.
-  **4-тапсырма.** «Қос жазба күнделігіне» сөздік қорыңызда жиі қолданылатын сөздерді топтап, түсіндірме жазыңыздар.

Сөздер	Түсіндірме
Айналаңыздағы үлкендерден естіген сөздер	
Оқыған кітаптарыңыздан алынған сөздер	
Теледидар не радио хабарларынан естіген сөздер	

-  **5-тапсырма.** Тілді қолдана білудің шарттары туралы сызбаны пайдаланып, «Тілдің маңызы» деген тақырыпта мақала жазыңыздар.





6-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып сөйлемдерді толықтырыңыз.

- Маған қиын болды.
- Мен тапсырмаларын орындадым.
- Мен екендігін түсіндім.
- Мен үйрендім.
- Мені таңғалдырды.



4-сабақ

Сөйлеу мәдениеті



1-тапсырма. Қазіргі жастардың сөйлеу мәдениеті қандай?



2-тапсырма. Төмендегі мәтінді түсініп оқыңыздар. Ғалым қандай мәселені көтеріп отыр?

Атақты түркітанушы академик В.В.Радлов XIX ғасырдың екінші жартысында: «Қазақтардың тілі әуезді де әсем, шебер де шешен, әсіресе сөз сайысына келгенде, олардың алғырлығы мен өткірлігі, тауып сөйлегіштігі таңғалдырады... Кез келгені, тіпті оқымаған қараңғы қазақ сөйлеп кеткенде, тілдің ондай күшін Еуропада тек француздар мен орыстардан байқаймыз... Ал қазақ өңгіме шерте қалса, сөздері мөлдір бұлақтан құйылып, жаныңа жайлы тиеді», – деп жазған.

Топ алдында ауызша сөз айтқанда, әрбір адам осындай жауапкершілікті сезінсе, ана тілін құрмет тұтуды ұлттық намысым деп санаса, қазақ тілінде жақсы сөйлеу қолдан келмейтін іс емес екен. Бүгінде ауызша сөйлеу кезінде қазақ тілінің табиғи заңдарын сақтамай айту етек алып барады. Әсіресе диктор, комментатор, хабар жүргізуші, жергілікті тілші, журналист дегендердің сөздер жеке тұрғанда қалай дыбысталатын болса, солай айтып немесе мәтінде жазылған түрі қалай болса, солай оқып жатқандары құлаққа түрпідей тиеді.

Өрине, орфоэпиялық норманы, яғни сөйлеу актісіне сөздерді бір-бірімен үндестіріп, үйлестіріп айту заңдылықтарын білу, дұрыс қолдану жеке адамдарға байланысты. Сөз айту сазы құлаққа жағымды дикторлар жоқ емес.

Радио мен теледидар – тек хабар тарату мен көңілашар құралы емес, көпшілік қауымды ана тілін жақсы меңгеруге баулитын тәрбиеші іспетті көрнекі құрал. Сондықтан радио, теледидар, баспасөз сияқты каналдар халқымыздың өнерінің алды – қызыл тілінің сөз қолдану мен сөзді дұрыс айту заңдылықтарын саналы түрде меңгергендігін қалаймыз.

Түсіндірме сөздік

етек алу – кең тарау
құлаққа түрпідей тию – сөзі өрескел естілу
сөз айту сазы – дауысы, әуені

Рабиға Сыздық



3-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттарды INSERT оқыту стратегиясы бойынша талдаңыздар. Төмендегі белгілермен әр азатжолды немесе сөйлемдерді белгілеңіздер. Өз ойларыңызды қорытындылап жазыңыздар.

«V»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін	Менің ойлағанымға қайшы, кереғар	Мен үшін жаңа ақпарат	Келісе алмаймын, білгім келеді



4-тапсырма. Берілген нақыл сөздер мен мақал-мәтелдер қандай тілдік жағдаятқа қолданылады? Мысал келтіріңіздер.

- Өнер алды – қызыл тіл.
- Аталы сөзге арсыз ғана қарсы тұрады.
- Бірауыз сөз қасіретті тыяды,
Бірауыз сөз айықпас дерт жияды.
Бірауыз сөз өлемге өйгі еткізсе,
Бірауыз сөз жаманатқа қияды.



5-тапсырма. Ерекшеленіп берілген сөздерді қандай сын есімдермен ауыстыруға болады? Синонимдік қатарын беріңіздер.

Қызыл тіл, аталы сөз, киелі өнер, жақсы сөйлеу, құлаққа жағымды диктор.



6-тапсырма. «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып, мәтіндегі ақпаратты қорытындылаңыздар.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңізді бір сөйлеммен жазыңыз.
Дәлел. Өз пікіріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіз.

Мысал. Пікіріңізді өмірмен байланыстырып мысал келтіріңіз.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жазыңыз.



5-сабақ

Сөз өнері



1-тапсырма. Сөз өнері дегенді қалай түсінесіздер? Көркем әдебиетті қаншалықты оқисыздар?



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, жоспар құрыңыздар (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды).

Тірек сөздер

- сөз өнері
- шығарма
- тақырып
- жоспар
- мазмұн
- түрі

Өнердің ең алды – сөз өнері. «Өнер алды – қызыл тіл» деп қазақ халқы бекер айтпаған. Мұны қазақ сөз қадірін білгендіктен айтқан. Сәулет өнерінің, сымбат өнерінің, сондай-ақ кескін өнерінің, өуез өнерінің – бәрінің қызметін сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын – сөзбен

сөйлеп, суреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді.

Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы атауы – шығарма сөз. Ол атауы қысқартылып, көбінесе *шығарма* деп аталады. Ауызша шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын – бәрі шығарма болады. Шығарманың түрлері толып жатыр. Оның бәрін шумақтап бір-ақ атағанда, арабша әдебиет, қазақша *асыл сөз* дейміз.

Шығарма сөздің бәрінен бұрын байқалатын тысқы нәрселері: 1) тақырыбы; 2) жоспары; 3) мазмұны; 4) түрі.

Тақырып – әңгімедегі пікір не нәрсе туралы болса, сол нәрсе шығарманың тақырыбы болады. Мысалы, той туралы болса, тақырыбы «той» болады.

Жоспар. Сөз шығарудан бұрын шығарушы айтатын пікірін қай ретпен жазатынын мерзімдеп, жоспарлап алады: онысы неден бастап, неден соң нені айтып, немен аяқтайтынын белгілеп алу болады.

Мазмұн. Шығарманың тақырыбынан басқасы мазмұны болады. Бір нәрсе туралы ойға алған пікірді айтуға жұмсаған бүкіл сөзіміз мазмұн болып шығады.

Түрі. Шығарманың мазмұны қай түрде айтылса, сол түрі шығару түрі деп айтылады. Шығарманың мазмұны 4 түрде айтылады: 1) жай сөйлеу түрінде; 2) сөйлестірген түрде; 3) хат түрінде; 4) аралас түрде.

Ахмет Байтұрсынұлы



3-тапсырма. Топқа бөлініп, А.Байтұрсынұлы айтқан шығарманың құрылымын өздеріңіз жақсы білетін ақынның не жазушының туындысы бойынша талдап шығыңыздар.



4-тапсырма. Берілген ақпаратпен танысып, есте сақтаңыздар.

Көркемдегіш құралдар

Көріктеу (эпитет)	Символ	Алмастыру (метонимия)	Теңеу	Бейнелеу (метафора)
Құбылысты көптен айырып, көзге көбірек түсердей етіп айтқысы келіп, ол нәрсені айқын көрсететіндей сөз қосып айту.	Идеяның заттық (болмыстық) нышаны, астарлы образы. Мысалы: <i>дала – еркіндік, көгершін – бейбітшілік</i> символы	Арасында жақындығы бар екі нәрсенің атын ауыстырып айту. Мысалы: <i>көз көрген, аттың жалын құшады</i> т.б.	Суреттеуді неғұрлым көрнекі ету мақсатымен бір затты, ұғымды, күйді басқа заттармен, ұғымдармен салыстыру. Мысалы: <i>тонның ішкі бауындай, ағынды судай таза</i> т.б.	Суреттеліп отырған затты не құбылысты өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау. Мысалы: <i>ашу – дұшпан, ақыл – дос; көп сөз – көмір, аз сөз – алтын</i> т.б.



5-тапсырма. Көп нүктенің орнына бейнелі сөздерді (көркемдегіш құралдар) жазып, өлеңді толықтырыңыз. Тақырыбын қойып, мазмұнын өз сөздеріңізбен жеткізіңіз.

... жатқан жүректі өн оятар,
Үннің ... оралған мәні оятар.
Кейі зауық, кейі мұң ... қозғап,
... .. көңілді жақсы оятар.

Өннің де ... бар, ... бар,
Тыңдаушының құлағын ... бар.
Ақылдының сөзіндей ,
Тыңдағанда көңілдің ... бар.

Абай Құнанбайұлы

Керекті сөздер: төтті, дертін, ұйықтап, естісі, кесері, жас балаша, есері, ойлы күйді, өсері.



6-тапсырма. Ойтаразы. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүгінгі сабақтан не білдіңіздер?
- Қандай тапсырма қиындық келтірді?
- Бейнелі сөздердің мағынасын түсіндіңіздер ме? Мысал келтіріп, дәлелденіңіздер.



6-сабақ

Шешеннің сөзі – өнеге



1-тапсырма. Қазақтың қандай би-шешендерін білесіздер?



2-тапсырма. Мәтінді оқып шығыңыздар. Мәтіннің негізгі идеясы не?

Қазақ қоғамында шешендік өнердің алатын орны зор. Би-шешендер ғасырлар бойы ұрпақтардың сөйлеу мәдениетін қалыптастырды.

Белтірік шешен: «Сөзден төтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе жоқ. Ақылды сөзіңді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт. Не сөйлейтініңді біл. Кімге сөйлейтініңді біл. Қай жерде сөйлейтініңді біл. Қалай сөйлейтініңді біл», – дейді.

...Бірде өзіне орынсыз тиісе берген байдың баласының айтқан сөзін қаңбақ құрлы көрмей, оны сөзден жыға бергесін, байдың баласы

Түсіндірме сөздік

қаңбақ құрлы көрмеу –
елемеу, менсінбеу
жығу – жеңу
айып тарту – жазалану
жат – бұл жерде: бөтен адам
асырып сөйлеу – артық
сөйлеу

төбелес шығарып, сілтеген қолы үй иесінің күрек тісін сындырады. Соның нәтижесінде Белтіріктің баласы айып тартады. Өзі жазықсыз болса да, өзіне жасалған өкесінің билігін мойындағысы келмей тұрған баласы:
– Өке, дұрыс сөйлегенде қалай сөйлеу керек еді? Менің сөзімнің бұрыс жері бар ма? – деп сұрайды.

Сонда Бөлтірік шешен былай деген екен:

Жатқа сөйлеме,
Жаманға сөйлеме,
Асырып сөйлеме,
Батырып сөйлеме...
Жаман сөзден жақсы сөз дұрыс.
Жаманға айтқан сөзден
Жақсыға айтқан сөз дұрыс...
Сөйлемес жерді білсең,
Сөйлемес жерде сөйлемей қалуды білсең,
Бөрінен де сол дұрыс.

«Шешендік сөздер» кітабынан



3-тапсырма. Жұптық жұмыс. Бөлтірік шешеннің сөзін А.Байтұрсынұлы айтқан шығарма сөздің тақырыбына, мазмұнына, түріне қарай талдаңыздар.



4-тапсырма. Сізді «Қазақстан» ұлттық арнасындағы «Сен де бір кірпіш дүниеге...» атты бағдарламаға топ алдында сөз сөйлеуге шақырды. Бөлтірік шешеннің «Не сөйлейтініңді біл (кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды). Кімге, қай жерде сөйлейтініңді біл. Қалай сөйлейтініңді біл» деген қағидасын негізге алып, топ алдында сөйлеудің жоспарын жасаңыз. Тақырыбын өзіңіз таңдаңыз. Кластер түзіп, таныстырыңыз.



5-тапсырма. Мәтін мазмұнына сүйеніп, тілдік қарым-қатынасқа түсушілердің арасындағы байланыс әр адамның мәдениетіне байланысты екендігін жазыңыздар. Тыныс белгілерін мақсатына сай дұрыс қолданыңыздар.



6-тапсырма. Ойтаразы. «Әңгімелесетін әріптестер». Сабақ мазмұнын жұп болып талқылаңыздар.

- жеңіл болған ақпарат;
- қиын болған ақпарат;
- алдағы уақытта оқығым келетін ақпарат.




7-сабақ

Күй аспаптары



1-тапсырма. Суреттерде кім және не бейнеленген? Күйді кім шығарады? Күйді қандай аспаптарда орындайды? Қандай күйшілерді немесе күйлерді білесіздер?



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (12-аудио). Мәтін не туралы? Қысқаша тезис түрінде жазыңыздар.



3-тапсырма. Тірек сөздерді қатыстырып сөйлем құраңыздар.

Күй, күйші, қобыз, домбыра, шанақ, тиек, құлақ, ішек.



4-тапсырма. Күй тыңдайық! Қосымша ресурсты пайдаланып, Құрманғазының немесе Тәттімбеттің бір күйін тыңдаңыздар.



5-тапсырма. Күйді тыңдағанда қандай сезімде болдыңыз? Күйден алған әсеріңізбен бөлісіп, шағын мәтін жазыңыз.



6-тапсырма. «Менің тақырыптан алған әсерім» кестесін толтырыңыздар.

Қандай ой пайда болды?	Негізгі сезім?	Не ұнады?



8-сабақ

Күй және күйші



Илияс Жансүгіров



1-тапсырма. Илияс Жансүгіровтің есімі, оның шығармалары сіздерге төменгі сыныптардан таныс. Парталас досыңыздан Илияс Жансүгіров туралы не білетінін сұраңыз. Сұрақтарды өзіңіз дайындаңыз.



2-тапсырма. Илияс Жансүгіровтің «Күй» поэмасынан алынған үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар. Өлеңді оқу кезінде көз алдарыңызға кімнің бейнесі елестеді?

Қобызшы Молықбай шал Матайдағы,
Матайда Кенже, Тұңғат Сақайдағы.
Қазақта қобызшының қалғаны сол,
Жорға еді маймаңдаған бақайшағы...

Еңкейіп, екіндідей күні кеткен,
Жұқарып, нашарланып күйі кеткен.
Қобызшы ол «Ақ көбікті» аңыратқан,
Боздатып, «Боз іңгенді» күңдіренткен.

Қобызшы ол «Көк көбікті» күрілдеткен,
«Дүлдүлін Ерелінің» дүрілдеткен.
«Оңсан мен Орманбеттің айырылғанын»,
«Жыласқан ноғай-қазақ» күйін шерткен.

Қобызшы ол «Қорамжанның» күйін тартқан,
Зарлы қыл қыр қиялын қиындатқан.
Қалыпты қолда қоңыр көне қобыз,
О баста сырмайлатқан, күміс шапқан...

Түсіндірме сөздік

**жорға еді маймаң-
даған бақайшағы** –
шебер орындаушы
аңырату – тамылжыту
күңірену – зар жылату
күрілдету – күшті ды-
быс шығару
дүрілдету – ағызу



3-тапсырма. Үзіндідегі етістіктерді пайдаланып, төмендегі сұраққа жауап беріңіз.

Үлгі:

Қобызшы Молықбай

не істеді?



4-тапсырма. Топ болып, поэма үзіндісі бойынша төмендегі тапсырмаларды орындаңыздар.

Сөздер	3 тірек сөзді атаңыз.
Адам	Үзінді кейіпкері кім?
Сандар	Үзіндіде қандай күйлер аталды? Санамалап айтыңыздар.
Өрекет	Күйшінің күй тарту шеберлігін өңгімелеңіздер.
Дыбыс	Қобыздың үні қалай суреттелген?
Көзқарас	Күйшіге баға беріңіздер.



5-тапсырма. Үзіндіден күрделі сөздерді тауып, жасалу жолдарын анықтаңыз.



6-тапсырма. «Дербес пікір» жазу тәсілін қолданып, сабақ бойынша пікірлеріңізді жазыңыздар (уақыты – 7-8 мин).

- Өзіндік пікір (идея) – бір сөйлем.
- Дәлел – екі сөйлем.
- Өз пікірін айғақтайтын мысал – екі сөйлем.
- Өз пікіріне қарсы пікір – бір сөйлем.
- Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – екі сөйлем.
- Қорытынды – екі сөйлем.



9-сабақ

«Боз іңген» күйі



1-тапсырма. Поэма үзіндісін оқыңыздар. Мазмұны бойынша жоспар құрыңыздар.

Ескіге, ертегіге ертер үшін,
Тамырын тартып шердің шертер үшін.

Түсіндірме сөздік

іңген – қос өркешті түйе
қолқалау – өтініп сұрау
ел аулаққа – елден алыс жерге
ақшамда апақ-сапақ – күн батып, қараңғы түсе бастаған кез

Қолқалап «Боз іңгенді» сұрағанда,
 Былайша бастайтын шал ертегісін:

...Бір ұры бұл ботаны ұрлап апты,
 Бай дағы, бақташы да білмей қапты.
 Ботаны ел аулаққа буып тастап,
 Енесін керуенге әкеп сатты.

Ақшамда апақ-сапақ сауда біткен,
 Іңгенді тіркеп керуен жүріп кеткен.
 Артына қарай-қарай, боздай-боздай,
 Құба құм, қоңыр түнді күңіrentкен.

Боздаған ботасына зар илеген,
 Қозғалған қоңыр іңірді әлдилеген.
 Екі көз жасты өзендей сорғалатып,
 Төрт табан құмды қосып нан илеген.

Сыр суы көңілі босап сыңқылдаған,
 Аспанда қаз бенен қу қаңқылдаған.
 Тұнжырап жиде, жыңғыл дым үндемей,
 Күйініп көкте жұлдыз, жел жылаған...

Сатылған, саудаланған құл да ашулы,
 Айырылған ботасынан бұл да ашулы.
Басы бір – біреуі адам, біреуі айуан,
Білсін бе, бірақ бұлар мұңдасуды...

Ілияс Жансүгіров



2-тапсырма. Жұптық жұмыс. Үзіндідегі көркемдегіш құралдарды семантикалық картаға түсіріңіздер.

Көркемдегіш құралдар	Теңеу	Метафора	Эпитет	Кейіптеу
Екі жасты өзендей сорғалату				
Төрт табан құмды қосып нан илеген				
Сыр суы көңілі босап сыңқылдаған				
Тұнжырап жиде, жыңғыл дым үндемей				
Күйініп көкте жұлдыз, жел жылаған				
Іңген зары				



3-тапсырма. «Боз іңген» күйі қалай дүниеге келген екен? Әр шумақтағы ойды бір-екі сөйлеммен жазып шығыңыздар. Жазғандарыңызды салыстырып, бағалаңыздар.



4-тапсырма. Топтық жұмыс. Қарамен берілген өлең жолдарын қалай түсіндіңіздер? Соңғы шумақта суреттелген жағдаятқа өз көзқарастарыңызды білдіріңіздер.



5-тапсырма. Ойтаразы. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Поэма үзіндісінің мазмұнын кім жақсы түсінді?
- Көркемдегіш құралдардың мағынасын түсіндіңіздер ме? Мысал келтіріп, дәлелденіңіздер.



10-сабақ

Күй әсері



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Үзіндіні алдыңғы сабақтағы мәтіндермен байланыстырып тұрған ортақ ой мен тірек сөздерді анықтаңыздар.

Еріксіз алған баурап шалдың күйі,
Жүрекке жұққан шері басқан кірі:
Жылаған, күңіренген ол, күйін тартқан,
Жырлаған дертті жүрек, улы миы.

Көп жүргем көңілім жүдеп, жаным жадап,
Жабыққам, жатырқағам, тартқам азап.
Сонау күй жүрегімді тыншытпаған
Пышағын кейде салып, кейде қадап...

Сонымен сол сапардан қайтқам елге,
Өкініп өміріме кеткен желге.
Жаңартқан жан жүректі өсем күйдің
Өніне әсерленіп басқам мен де...

Күй күшті, тауды-тасты бұзатұғын,
Орнына өз өрнегін сызатұғын.
Талқандап тас кереңді үн оятып,
Дүкені дүниенің қызатұғын...

Күй күшті, істі, еңбекті сүйдіретін,
Тамырын тас емшектің идіретін.
Жарлының тілек күйі, жүрек күйі,
Өмірді бүлдіретін, күлдіретін.

Илияс Жансүгіров



2-тапсырма. Күй кейіпкерге қалай әсер етті? Сызба бойынша күйдің әсері туралы жазыңыздар.



 **3-тапсырма.** Тірексызбадағы айшықтау тәсілдерімен танысыңыздар.

Айшықтау тәсілдері

Шендестіру	Синтаксистік параллелизм	Риторикалық сұрақтар	Қайталау
Екі нәрсені қатар қойып, қарама-қарсы суреттеу. Мысалы: <i>Ағасы бардың, жақсы болса, жағасы бар. Інісі бардың, жақсы болса, тынысы бар.</i>	Грекше <i>қатар жүру, қанаттасу</i> , яғни екіұдай нәрсені, құбылықты, ұғымды, сезімді қатар қойып, жұптап суреттеу. Мысалы: <i>Сөз қуған пәлесе жолығады, Жол қуған олжаға жолығады.</i>	Жауап беруді талап етпейді. Жауабы онсыз да белгілі. Ол сұрау есімдіктерімен, сұраулық шылаулармен және арнайы интонациямен жасалады. Мысалы: <i>Жастар бар ма тыңдайтын?</i>	Қайталаудың мынадай түрлері бар: сөздің бір сөйлем ішінде не сөйлем аралығында қайталануы, анафоралық қайталау (өлең жолдарындағы бастапқы қайталаулар), эпифоралық қайталау (өлең жолдарындағы соңғы қайталау). Мысалы: <i>Бір дегеніміз – бірлігі кеткен ел жаман. Екі дегеніміз – егесіп өткен ер жаман.</i>

 **4-тапсырма.** Оқылым мәтінінде қандай айшықтау тәсілдері кездеседі? Топ болып анықтаңыздар.

 **5-тапсырма.** Үзіндідегі қалаған сөйлемдеріңізді риторикалық сұраққа айналдырып көріңіздер. Қандай әсер беретінін айтыңыздар.

 **6-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып сөйлемдерді толықтырыңыз.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екендігін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мені ... таңғалдырды.

 **11-сабақ** **Жас қобызшы Ақерке**

 **1-тапсырма.** Мәтінді оқушының мәнерлеп оқуынан тыңдаңыздар. Негізгі идеяларды қысқаша дәптеріңізге жазып алыңыз.

Ақерке Тәжібаева – республикалық «Әнші балапан» байқауының алғашқы жүлдегері. Жеті жасынан қобыздың үніне елеңдеп өскен өнерпаз

Түркістанда туған. 7 жасында, екінші сыныпты бітірген соң, Алматыдағы А.Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған музыка мектебіне барады.

– 1995–1996 жылдары жұртшылықтың қобызға деген қызығушылығы жоқтың қасы болатын. «Қобызбен алысқа бара алмайсың, ол – ескіліктің дүниесі» дегендер де болды. Алайда қобыздың тілін түсініп, оны шындап үйренуге 5-6 жыл уақыт кетті, – дейді Ақерке.

Ақерке өлемнің әр шалғайына барған, шет мемлекеттердегі алуан ұлттың ықыласына бөленген. Ол Австрия, Венгрия, Германия, Жапония, Литва, Голландия, Иордания, Корей, Молдова, Түркия, Қытай елдеріне барып, өнер көрсеткен.

– Солардың ішінде көңілімде өшпестей із қалдырған Литва болды, – дейді Ақерке. – Оған Азия елдерінен біз ғана қатыстық. Басында жүрексіндім, сосын сахнаға шығып, қобызда, сазсырнайда ойнағанымда, у-шу болып жатқан зал тым-тырыс бола қалды. Оларға ұнағанын біліп, қысқа күйді екі қайтара тарттым. Тыңдармандардың ықыласын көріп, өзім де әсерленіп кеттім. Ал Кореяда төрт күн бойы өнер көрсеттік. Күйші Мұрагер екеумізге жарты сағат уақыт берілді. Басында: «Корей халқы қобыз бен домбыраны түсіне қояр ма екен», – деп ойлағанмын.

Концерттерден кейін бұл елдің адамдары: «Қазақстанды енді танып жатырмыз. Музыкаларыңыз ғажап! Сіздердің елдеріңізге тек қобыз бен домбыраны тыңдау үшін де баруға болады екен» дегенде, төбеміз көкке жетті. Үлкен іс тындырғандай арқаланып елге оралдық. Ұнтаспаларымызды қуана-қуана алып қалып жатты.

«Егемен Қазақстан» газетінен



2-тапсырма. Мәтіндегі кейіпкердің өнері жайлы диалог құрыңыздар. Ол үшін бір-біріңізге сұрақтар дайындаңыздар.



3-тапсырма. Кейіпкердің басынан кешірген жағдаяты мен көңіл күйін суреттеп жазыңыздар. Жазбаңызда көркемдегіш құралдар болсын.



4-тапсырма. Көрермендердің қазақ халқының музыкалық аспаптарына берген бағасын мәтіннен тауып, өз сөзіңізбен жеткізіңіз.



5-тапсырма. «Менің тақырыптан алған әсерім» кестесін толтырыңыздар.

Қандай ой пайда болды?	Нені сезіндім?	Не ұнады?

**12-сабақ****Қазақ киносының анасы**

1-тапсырма. Төмендегі пікірлерді оқып, ортақ ойды анықтаңыздар.

Әмина туа бітті табиғи таланттың иесі болатын. Қазақ кинематографиясында ананың рөлін шебер сомдаған бірден-бір тұлға – Әмина. Оны бүкіл қазақ елінің анасы десек, артық айтқандық емес.

Кәукен Кенжетасов, Қазақстан Республикасының халық артисі

«Тақиялы періштедегі» Тананың рөлін мен Әмина апайдан басқа ешкімге қимас та едім және елестете де алмаймын. Күлегеш, жалғыз ұлын үйлендірмек ниетпен зыр жүгіріп жүрген кейіпкердің бейнесін жасаған актрисаның «Ана туралы аңызда» адамды аңыратуы – ғажап дүние. Жалпы, трагизм сарынының не екенін қазақ халқына Әмина апай түсіндіріп кеткендей.

*Әшірбек Сығай, театр сыншысы,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері*

Әмина Әмірзақова «Ана туралы аңыз» фильміндегі рөлімен ақ мәңгіге қазақ киносының тарихында қалды. Шынымен-ақ, Әмина апамыз нағыз қазақ әйелінің образы болатын.

*Дулат Исабеков, жазушы,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері*

Әминаның адамгершілігі күшті. Ол – өмірдегі қандай қиыншылыққа болсын мойымайтын азамат, ақылды апа, дос, жолдас.

Мәкіл Құланбаев, Қазақстанның Еңбек сіңірген артисі



2-тапсырма. Әмина Әмірзақова басты рөлді сомдаған фильмдер туралы мәліметтер жинап, шағын мәтін құраңыздар. Тыныс белгілерін дұрыс қолданыңыздар.





3-тапсырма. Пікірлерге сүйеніп, Ә.Өмірзақоваға баға беріңіздер. Өз ойларыңызды әсерлі тілмен жеткізіңіздер.



4-тапсырма. «Тақиялы періште» көркем фильмін көріп, мазмұнын сыныптастарыңызға әңгімелеңіз.



5-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Сіз үшін тақырыптың құнды жақтары қандай болды?
- Өзіңіздің және жолдастарыңыздың білімін бағалаңыз.
- Осы тақырып бойынша тағы не білгіңіз келеді?



13-сабақ

Нәтиже сабақ



1-тапсырма. Қазақ неліктен «Жақсы сөз – жарым ырыс» дейді? Ата-анаңызға, бауырларыңызға жақсы сөзді жиі айтасыз ба?



2-тапсырма. Топқа бөлініп, «Топ алдындағы сөйлеу мәдениетіміз қандай?» деген сұрақ бойынша пікірталас ұйымдастырыңыздар.



3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазыңыз. Сын есімдерді анықтаңыз.

- | | |
|--|---|
| • Жақсы байқап ... ,
Жаман шайқап | • Шешенің сөзі ... ,
Шебердің қолы |
| • Жаман сөз –
Жанға кірген
Жақсы сөз –
Таптырмайтын | • Жүйелі сөз –
• Сөз қадірін ... ,
Өз қадірін
• Ең төтті де ... ,
Ең ащы да |

Керекті сөздер: сөйлер, мерген, тікен, ем, киелі, білмеген, білмейді, тіл, ортақ.



4-тапсырма. Басқа адамдардың жетістіктерін мойындауды біз қай жерден бастауымыз керек? Неге өз отбасымыздан бастамаймыз? Олай болса, ата-анаңыздың не болмаса аға-апаларыңыздың жетістігін бағалап, эссе жазыңыздар.



5-тапсырма. Ойтаразы. «Әңгімелесетін әріптестер». Сабақтың мазмұнын жұп болып талқылаңыздар.

- Жеңіл болған ақпарат;
- қиын болған ақпарат;
- алдағы уақытта оқығым келетін ақпарат.

4

ҚОҒАМДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ МӘСЕЛЕСІ



1-сабақ

Еңбек – игіліктің көзі



1-тапсырма. Еңбек, кәсіп туралы қандай мақал-мәтелдер білесіздер? Олардың қандай жағдаятта қолданылатынын постер құрып түсіндіріңіздер.



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (13-аудио). Негізгі идеяларды дәптерлеріңізге жазыңыздар.



3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Еңбекті неліктен материалдық және рухани байлықтардың көзі дейміз?
2. Еңбектің жекебастың дамуы үшін қажетті құрал болатыны не себепті?
3. Жұмыссыздық қандай қоғамға тән? Неліктен?
4. Жаппай жұмыссыздық неге алып келеді?



4-тапсырма. Жұптық жұмыс. Берілген антоним сөздерді қатыстырып сөйлем құраңыздар. Осы сөздердің қайсысы омоним болатынын табыңыздар.

Бай – кедей, жұмыссыздық – жұмысбастылық, кедейлік – ауқаттылық, рухани күйзеліс – рухани серпіліс.



5-тапсырма. «Кедейлік кетсін десең, еңбек ет» тақырыбына үндеу жазыңыздар. Қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерден сілтеме келтіріңіздер.

Үлгі: Еңбектен қашпаңыздар. Ешқандай жұмыстың ұяттығы жоқ...



6-тапсырма. 3-2-1 критерийі бойынша анықтаңыздар.

- 3 маңызды ақпарат;
- қиындық келтірген 2 мәселе;
- тапсырмадағы ұнаған 1 мәселе.



2-сабақ

Әлемдегі жұмыссыздық мәселесі



1-тапсырма. Суреттерге қарап, сабақтың не туралы болатынын болжаңыздар.





2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Сіздерді толғандырған үш мәселені атап көрсетіңіздер.

Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымына (ОЭСР) кіретін елдер министрлерінің кеңесінде голландиялық министр жұмыссыздық туралы былай деп мәлімдеді: «Жұмыссыздық әрқайсымыздың жеке жоспарымызды бұзып, отбасылық тұрмысымызға қиыншылықтар туғызуда. Жас ұрпақты келешек атаулының бәрінен жүрдай етуде».

Еуропа парламентіндегі Экономикалық комиссияның төрағасы былай деді: «Жұмыссыздар саны 6-дан 7 пайызға дейін жеткен қоғам өзін әлеуметтік күйзеліске душар етеді».

Ал Германия Федерациялық Республикасының бұрынғы канцлері Г.Шмидт ағылшынның «Гардиан» газетіне берген сұхбатында: «Қазіргі уақытта белең алып отырған дүниежүзілік экономикалық дағдарыс, Америка Құрама Штаттарында 10 миллион және Германия Федерациялық Республикасында 2 миллион жұмыссыздың болуы Батыстың ынтымағына қатер төндіреді», – деп жазды. Осылайша соңғы кезде миллиондаған адамды бостан-бос сандалуға, бейшаралық күйге мәжбүр етуші факторлар барған сайын шиеленісіп көбеюде.

«Оқиғалар. Фактілер. Деректер» кітабынан

Трен сөздер

- жұмыссыздық
- тұрақсыздық
- босандық
- күшею
- асқындыру
- жерден ақм



3-тапсырма. Төмендегі сөздердің синонимін жұптасып тауып жазыңыздар. Мағынасын сөйлем құрау арқылы ашыңыздар.

Қатер, асқыншып кету, белең алған, жүрдай ету, асқындырды, күйзеліс, шиеленісу.



4-тапсырма. Топқа бөлініп, берілген тапсырмаларды орындаңыздар.



5-тапсырма. Г.Шмидтің «Қазіргі уақытта белең алып отырған дүниежүзілік экономикалық дағдарыс, жұмыссыздардың болуы Батыстың ынтымағына қатер төндіреді» деген пікірін қалай түсіндіңіздер? Неліктен Батыстың ынтымағына қауіп төндіреді? «Төрт сөйлем» тәсілімен өз ойларыңызды дәлелдеп жазыңыздар.

Пікір. Пікір бойынша өз ойыңызды бір сөйлеммен жазыңыз.

Дәлел. Пікіріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіз.

Мысал. Пікіріңізді өмірмен байланыстырып мысал келтіріңіз.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жазыңыз.



6-тапсырма. Алдыңғы тапсырма бойынша кім өз ойын толық жеткізді? Бір-біріңізді бағалаңыздар.




3-сабақ

Жұмыссыздықтың себептері



1-тапсырма. Қалай ойлайсыздар, жұмыссыздық қандай себептерден туындайды? Кластер түзіп айтыңыздар.



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Қандай қоғамдық мәселелер көтерілген?

Жаппай жұмыссыздықтың өсуі экономиканың тұрақсыздығынан, өндірістің құлдырауынан туған дағдарыстармен – энергетикалық, шикізат, валюта-қаржы, экологиялық дағдарыстармен бірде күшейіп, бірде бөсеңдеген инфляциямен астасуынан, экономикалық даму қарқынының төмендеуінен байқалады.

Соңғы жылдары ғылыми-техникалық революцияның, атап айтқанда, микроэлектрониканың жетістіктерін пайдалануға байланысты «басы артық адамдар» саны өсіп отыр. АҚШ-тың және НАТО-ға кіретін дамыған елдердің бір тобының халықаралық жағдайды асқындыруы (соғыс шығындарының өсуі) экономиканың тұрақсыздануына, инфляцияның күшеюіне, өлеуметтік қажеттерге жұмсалатын қаржылардың азаюына және халықтың сатып алу қабілетінің төмендеуіне өсер етті. Мұның бәрі адамдардың жұмыссыз қалуына өкеш соқтырды, жұмысы жоқтардың еңбекке орналасу мүмкіндіктерін бұрынғыдан бетер қиындата түсті.

Сонымен қатар жұмыссыздық өнімді аз шығаруға, жәрдемақы төлеуге, еңбекшілердің мамандығын жойып, денсаулығына нұқсан келтіруге өкеш соқтырады да, экономикалық зиянға белшесінен батырады.

В.В.Любимова




3-тапсырма. Сұрақтарға жұптасып жауап беріңіздер.

1. Жаппай жұмыссыздықтың себептерін айтыңыздар. (Өздеріңіз айтқан оймен сөйкес келді ме?)
2. Ғылыми-техникалық революцияның жетістіктері неге өкеліп соқтырады?
3. Халықаралық жағдайдың асқынуы немен байланысты?
4. «Басы артық адамдар» дегенді қалай түсіндіңіздер?
5. Жұмыссыздық қандай әлеуметтік жағдайларды тудырады?



4-тапсырма. Топтық жұмыс. «Басы артық адамдар санының өсуі» деген тақырыпта пікірталас ұйымдастырыңыздар. Өз ойларыңызды «Балық қаңқасына» салып айтыңыздар (себептері, қоғамда бар-жоғы, оны жоюдың жолдары).



5-тапсырма. «Жұмыссыздық себептері және оны шешудің жолдары» тақырыбына күрделі жоспардың тезисін дайындаңыз.

Жоспар құрудың үлгі сызбасы:

I. Кіріспе бөлім.

II. Негізгі бөлім.

1. Тезис:

а) сөйлем;

ө) сөйлем.

III. Қорытынды бөлім.



6-тапсырма. Ойтаразы. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Сабақта нені білдіңіз? Қандай жаңа нәрсе үйрендіңіз?
- Не себепті қиын, не себепті оңай болды?
- Сабақта сіздің болжамдарыңыз орындалды ма?
- Сабақ сізге қандай ой тастады?



4-сабақ

Ғылыми-техникалық революцияның маңызы



1-тапсырма. Ғылым мен техниканың жетістіктері қандай орындарда қолданылады? Қалай ойлайсыздар, жаңа технологиялардың жұмыссыздыққа әсері бар ма? Ой бөлісіңіздер.



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Әр азатжолда айтылған мәселелерді анықтаңыздар.

Трек сөздер

- ғылыми-техника
- серпін
- қысқарту
- жұмыскер
- тіркелу
- алаңдау

Қазір еңбекпен айналысудың мөлшері мен құрамына ғылыми-техникалық революция ықпал ете бастады. Бұл, бір жағынан, жаңа салалардың дамуына серпін берсе, екінші жағынан, өндірістің және қызмет көрсету саласының артуына әсерін тигізеді. Ғылым мен техника жетістіктерінің пайдасымен бірге зияны да айтарлықтай сезіле бастады.

Бүгінде өндірістердің барлығы автоматтандырылған. Мұндай техниканың дамуына байланысты адамдардың көпшілігі қысқартуға ұшырап, жұмыссыздар саны көбеюде. «2017 жылы әлемде 191 миллион адам жұмыссыз қалса, осы жылы 200 миллионға жуық адам жұмыссыз деп тіркелген. 2020 жылы 218 миллионға жетеді» деген болжам жасайды Халықаралық Еңбек ұйымы. Демек, жұмыссыздық қарқынды дамып келеді. Ал роботтар саудасы жылдан-жылға, яғни, 20 пайызға артып келеді. 2016 жылы 400 мыңдай өндірістік робот сатылса, қызмет көрсету аясы үшін 4,7 миллион робот сатылған. Gartner сараптамалық агенттігінің болжамы бойынша, 2025 жылға қарай жұмыс орындарының үштен бір бөлігі осы роботтардың еншісіне тимек. «Сол жылдары шамамен 5 миллион адам жұмыссыз қалады» дейді сарапшылар. Осыған алаңдаған әлем ғалымдары арасында Дүниежүзілік экономикалық форумда үлкен пікірталас туындаған-ды.

«Егемен Қазақстан» газетінен



3-тапсырма. Төмендегі белгілермен әр азатжолды немесе сөйлемдерді жұптасып белгілеңіз. Өз ойыңызды қорытындылап айтыңыз.

«V»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін	Менің ойлағанымға қайшы, кереғар	Мен үшін жаңа ақпарат	Келісе алмаймын, білгім келеді



4-тапсырма. Сан есімдердің түрлерін еске түсірейік! Мәтіннен сан есімдерді тауып, семантикалық картада көрсетіңіз.

Сан есімдер	Есептік сан есім	Реттік сан есім	Жинақтау сан есімдері	Болжалдық сан есім	Топтау сан есімі	Бөлшектік сан есім
	<i>Неше? Қанша?</i>	<i>Нешінші?</i>	<i>Нешеу?</i>	<i>Қаншадан? Қай шамалы?</i>	<i>Нешеден? Қаншадан?</i>	<i>Неше? Қанша?</i>
2017 ж.		+				

5-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтап жазыңыз. Жазбаңызды сыныптасыңызбен салыстырыңыз. Пікір алшақтығы бар ма?

1. Ғылыми-техника жетістіктері
2. Техниканың дамуына байланысты
3. Роботтар саудасы
4. Адамдардың интеллектуалдық жұмыстарын

6-тапсырма. «Әңгімелесетін әріптестер». Сабақ мазмұнын жұп болып талқылаңыздар.

- Жаңа оқыған үш факті;
- жеңіл болған ақпарат;
- қиын болған ақпарат;
- алдағы уақытта оқығым келетін ақпарат.

5-сабақ Роботтардың мүмкіндіктері

1-тапсырма. Компаниялар, мекемелер өз саласына роботтарды неліктен көптеп енгізуде? Ой бөлісіңіздер.

2-тапсырма. Мәтінді екі оқушының мәнерлеп оқуынан тыңдаңыздар.

А. Индустриясы дамыған капиталистік елдерде – АҚШ-та, Германияда, Швейцарияда роботтар саны тез өсіп келеді. Жылына шамамен 30 пайызға көбеюде. Бұл орайда Жапония басқа капиталистік елдерден едәуір алда келеді.

Жаңа техниканың орасан зор мүмкіндігі мен артықшылығы бар. Бірақ оны енгізудің жұмыскерлерге теріс зардабы болады. Олардың көбі жұмыс орындарынан айырылады. 1973–1979 жылдардың өзінде Англияда телекоммуникациялық жүйелер мен радио-телевизия аппаратурасына арналған жабдық өндіру сияқты техникалық жағынан жоғары дамыған салаларда жұмыс істеушілер 93,3 мыңнан 64,9 мыңға және 69,6 мыңнан 45,8 мың адамға дейін қысқарып кеткен.

И.В. Гришин

Ә. Соңғы 20 жылда АҚШ-та көлік шығаруды автоматтандыру нәтижесінде өнім 53 пайызға артыпты, ал жұмыс күші 28 пайызға азайған. Яғни, роботтардың жұмыс өнімділігі жоғары. Аз шығынмен көп нәтижеге жетуге болады. Олар шығынды азайтады. Робот ауырмайды, жұмыстан кешікпейді, қателеспейді, тек берілген бұйрықты орындайды. Жалақы, әлеуметтік пакет, бір айлық демалыс сұрамайды.



Өндірісті автоматтандыру

Жұмыс берушіге мұндай қызметкер өте қажет. Ендеше, компанияларға оны өз саласына неге енгізбеске?

Алайда экономиканы роботтандырудың өзіндік қауіп-қатері аз емес. Өдетте, бір робот жұмыста үш адамды алмастырады екен, яғни, үш қызметкерді жұмыссыз қалдырады деген сөз. Мәселен, Ұлыбританияда роботтандыру 800 мың жұмыс орнын жапқан. Ғалымдардың зерттеуіне сенсек, өндірісті роботтандырғанда орта білімді азаматтар жұмыстан босап, жалақысы азаяды екен.

«Егемен Қазақстан» газетінен



3-тапсырма. Жұптық жұмыс. Екі мәтінді салыстырыңыздар. А мәтінде қандай мәселе көтерілді? Ә мәтінде ше? Екі мәтінде ортақ ой айтылды ма? Тірек сөздер арқылы анықтап, сыныптасыңызға дәлелді жеткізіңіз. Сөйлеу кезінде сан есімдерді қатыстырыңыз.



4-тапсырма. Екі топқа бөлініп, ғылыми-техниканың дамуына SWOT-талдау жасаңыздар.



5-тапсырма. «Дербес пікір» тәсілін қолданып, мәтінде көтерілген мәселе бойынша дискуссивті эссе жазыңыз.

1. Өзіндік пікір (идея) – бір сөйлем.
2. Дәлел – екі сөйлем.
3. Өз пікірін дәлелдейтін мысал – екі сөйлем.
4. Өз пікіріне қарсы пікір – бір сөйлем.
5. Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – екі сөйлем.
6. Қорытынды – екі сөйлем.



6-тапсырма. Ойтаразы. «Сен – маған, мен – саған» сұрақтар жазылған карточканы қалаған сыныптасыңызға беріңіз, жаңа сабақты қаншалықты түсінгендеріңізді пайымдап, бір-біріңізді бағалаңыз.



6-сабақ

Қазақстандағы жұмыссыздық мәселесі



1-тапсырма. Қазақстанда жұмыссыздық қай жерде шоғырланған деп ойлайсыздар?



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (14-аудио). Берілген ақпараттарды мәтін мазмұны бойынша жүйелеңіз.

1. Қазақстанда жұмыссыз жүрген жастардың саны – 81 мың адам.
2. Жұмыссыздық дүниежүзінде өзекті мәселеге айналып отыр.
3. Жұмыссыздық – қоғам өміріне төн құбылыс.
4. Олардың 77 пайызы – жалдамалы қызметкерлер.



3-тапсырма. Мәтінді қайта тыңдап, жастардың қай салада жұмыспен қамтылғанын диаграммада көрсетіңіздер. Сан есімдер көрініс тапсын.



4-тапсырма. Жастардың жұмыссыз жүруінің себептеріне өз ойыңызды білдіріңіз. Оны шешудің қандай жолдарын ұсынар едіңіз?

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



5-тапсырма. Айналаңызда жұмыссыз жүрген жастар болса, оларға қолдау көрсетіп үндеу сипатында хат жазыңыз.



6-тапсырма. Ойтаразы. 3-2-1 критерийі бойынша анықтаңыздар.

- 3 маңызды ақпарат;
- қиындық келтірген 2 мәселе;
- тапсырмадағы ұнаған 1 мәселе.



7-сабақ

Жұмыскердің өкініші



1-тапсырма. Сабақтың тақырыбы неліктен бұлай аталғанына болжам жасаңыздар.



2-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқыңыздар. Автор не айтқысы келді? Қандай мәселе көтеріп отыр? Көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беріңіздер.

Бір күнде бай баласы ем бұлғақтаған,
Доп ойнап, атып асық, қылжақтаған.
Дариға! Ол заманым бастан кетіп,
Бұл күнде келіп қырсық шынтақтаған.

Мезгілді босқа өткізіп ойнағаным,
Ойынға қанша ойнасам тоймағаным.
Атаның ауыр дәулет арқасында,
Жоқ еді мұндай күнді ойлағаным.

Шіреніп басып, шалқақ мырза атанып,
Құс атып, ит жүгіртіп, бүркіт салып.

Жүрген күн бәрі бірден кетті «қош» деп,
Артына бір қарамай көзін салып.

Мал бітер, бақ кетер деп санамадым,
Өнерге, ғылым-білім қарамадым.
Қолға ұстап ала қағаз жүрген күнде,
Бір банктен жүз теңгені аямадым.

Бәрінен сол дәуреннің болдым жүрдай,
Ешбірі кетті, шіркін, тоқтай тұрмай.
Баяғы дос пен кампан (компания) бірге жүрген,
Бәрі де теріс қарайды мойнын бүрмай.

Сәбит Дөнентаев



3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Өлеңде қай кезеңдегі оқиға суреттелген?
2. Кейіпкері кім?
3. Кейіпкердің бойынан қандай сезімді байқадыңыздар (көңілді, өкініш)? Автор оны қандай сөздермен жеткізген?
4. Кейіпкер қандай жағдайға тап болды?
5. Достары одан неге қашты?



4-тапсырма. Топтық жұмыс. Қалай ойлайсыздар, өлеңде көтерілген мәселе қазір кездесе ме? Бүгінгі және ғаламдық мәселелер төңірегінде пікір алмасыңыздар.



5-тапсырма. Өлеңнің мазмұнын дәл беру үшін берілген тіркестерді байланыстырып, шағын мәтін жазыңыз.

Мезгілді босқа өткізу; ойынға тоймау; ата-ананың дәулетіне сену; шіренген (байлықты көтере алмау) мырза атану; білім алмау; байлық таусылады деп ойламау; ақшаны судай шашу; дәурені біту; достардан айырылу.



6-тапсырма. Ойтаразы. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Сабақта нені білдіңіз? Қандай жаңа сөздер үйрендіңіз?
- Не себепті қиын, не себепті оңай болды?
- Сабақта сіздің болжамдарыңыз орындалды ма?
- Сабақ сізге қандай ой тастады?



8-сабақ

Жұмысты қалай іздеу керек?



1-тапсырма. Жұмысты қалай іздеу керек? Жұмыссыз жүрген жастарға қандай кеңес берер едіңіз? Берілген тірек сөздерді қолданыңыз.

Түйіндеме, тарату, мамандандырылған газет-журнал, іздеу, жұмыс беруші, ақпарат алу, достардан сұрау.



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (15-аудио). Негізгі идеяларды дәптерлеріңізге жазыңыздар.



3-тапсырма. Мәтінді қайта тыңдаңыздар. Реттік сан есімдерді пайдаланып (біріншіден, ...), жұмыс іздеу тәсілдерін сыныптасыңызға айтып беріңіз. Тірексызбаны пайдаланыңыз.



4-тапсырма. Рөлдік ойын. Жұмыс беруші мен жұмыс іздеуші арасындағы әңгімелесу жүргізіңіздер. Сұрақтарды өздеріңіз дайындаңыздар.



5-тапсырма. Өзіңіз қалаған жұмысқа орналасу үшін түйіндеме жазыңыз. Түйіндемеде өмірбаяныңыз, жеткен жетістігіңіз бен жекебасыңыздың қасиеттерін атап көрсетіңіз. Мысалы, жарнама агенті болып орналасқыңыз келсе, адамдармен жақсы қарым-қатынас жасай білу, креативтілік т.б. қасиеттерді жазу.



6-тапсырма. Ойтаразы. Сабақ бойынша өз ойыңызды қорытып жазыңыз.

- қызықты болды.
- қиын болды.
- тапсырманы орындадым.
- екенін түсіндім.



9-сабақ

Жұмыспен қамту мәселелері



1-тапсырма. Жұмыссыздарға қандай орталық көмек береді?



2-тапсырма. Сұхбатты рөлге бөліп оқыңыздар.

– *Еңбек – халық күнкөрісінің бірден-бір көзі. Бүгінде тұрғындардың жұмыспен қамтылуы көңілді көншітпейді. Бұл мәселені арнайы бағдарлама аясында шеше аламыз ба?*

– Қазіргі әлемдік дағдарыс жағдайында «Жұмыспен қамту жол картасының» стратегиясы кадрларды қайта даярлау жөніндегі жұмысқа бағыттталып отыр. Осы міндеттерді орындау үшін экономиканың нақты және болашақтағы мамандарға сұраныс деңгейі, бағдарламаға қатысушылардың осы талаптарға сәйкестігі және экономикаға нақты қосатын үлесі жан-жақты қарастырылуы тиіс.

– *Олар қандай бағдарламалар? Мүмкін болса, атап кетсеңіз...*

– Олар: «Нұрлы жол», «Мемлекеттік үдемелі индустриалды-инновациялық даму», «Бизнестің жол картасы – 2020», «Агробизнес – 2020», «Аймақтарды дамыту» бағдарламалары. Олардың мақсаты – жұмыссыздықты төмендету, озық бизнес идеяларды іске асыру арқылы халықтың кәсіпкерлік әлеуетін дамыту. Сол секілді ауылдық елді мекендерде, моноқалаларда микронесиелер және кәсіпкерлік беріп, кәсіпкерлік бастамаларды қолдау.

– *Бағдарламаның бір бағыты мамандарды қайта даярлауға негізделген. Оның бүгінгі жағдайы қалай?*

– Жұмыспен қамту жол картасының аясында жұмыстан босатылған мамандардың бір бөлігі мемлекеттік тапсырыстардың негізінде жаңа кәсіпті меңгеріп, жаңа жобаларды жүзеге асыруға атсалысатын болады.

«Заң» газетінен



3-тапсырма. Мәтіннің құрылымына, стиліне, тіліне жұптасып талдау жасаңыздар.



4-тапсырма. Елімізде қабылданған бағдарламалар еліміздегі жұмыссыздық мәселесін қалай шешуде? «Төрт сөйлем» тәсілін қолданып, өз ойыңызды білдіріңіз.

Пікір. Өз пікіріңізді бір сөйлеммен айтыңыз.

Дәлел. Пікіріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіз.

Мысал. Пікіріңізді өмірмен байланыстырып мысал келтіріңіз.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жазыңыз.



5-тапсырма. Көтерілген мәселе бойынша күрделі жоспар құрыңыздар. Әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтап, таныстырылым жасаңыздар.



6-тапсырма. Сабақ мазмұны бойынша кестені толтырыңыз.

Қосу	Алу	Қызықты



10-сабақ

Шағын және орта бизнес – қоғамның тұрақты дамуының негізі



1-тапсырма. Кәсіпкерлікпен айналысуға ынталандыратын мемлекеттік бағдарламаларды білесіздер ме? Газет-журналдан оқыған, радио-теледидардан естіген ақпараттарыңызбен бөлісіңіздер.



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңізге сұрақтар қойыңыздар.

Шағын және орта бизнесті дамыту – Қазақстанның ХХІ ғасырдағы индустриалдық және өлеуметтік жаңаруының басты құралы. Дүниежүзілік банктің Doing Business рейтингісінің нәтижелері бойынша 2019 жылы Қазақстан алдыңғы жылмен салыстырғанда, өз позициясын 8 тармаққа жақсарта отырып, 189 елдің арасында 28-орынды иемденген. Бұл «Өнімділік – 2020», «Бизнестің жол картасы – 2020», «Жұмыспен қамту – 2020», «Агробизнес – 2020»

секілді бағдарламалар арқылы кәсіпкерлікті қолдаудың және дамытудың кешенді шараларын іске асырудың нәтижесінде орын алды.

Шағын бизнес – атадан балаға кәсіп болып келе жатқан отбасылық бизнес. Үлкен көлемде пайда әкелмесе де, ай сайын отбасын асырауға жететін материалдық қажеттілік әкеліп тұрады. Шағын кәсіпті дөңгелету арқылы әрбір отбасы өзін ғана асырап қоймайды, жанындағы адамдарды жұмысқа ала бастайды. Яғни, өзгелерге де жұмыс тауып беріп, жұмыспен қамту жағын шешуге септігін тигізеді.

Орта бизнес деп отырғанымыз – үлкен компания, бірлестік. Бұл мемлекеттің тікелей экономикалық жағынан өсуіне көмектеседі.

Ел экономикасы сыртқа тәуелді болмауы үшін, дамуы үшін шағын және орта бизнес үлесі 50 пайыздан асуы керек. Бұл көрсеткіш елімізде әзірге төмен.

Шағын және орта бизнес сауда, аяқкиім, зергерлік, қолөнер, қоғамдық тамақтандыру, азаматтық нысандар құрылысы, техника мен мәшинелерді ұсақ жөндеу, ауылшаруашылығы салаларында шоғырланған.

«Жалын» журналынан



3-тапсырма. Мәтінде кездесетін мына ұғымдарға жұптасып анықтама беріңіздер.

Шағын бизнес	Орта бизнес	Азаматтық нысандар құрылысы



4-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша менталды картаны толтырыңыздар.



5-тапсырма. Ізденімдік жұмыс. Мәтінде аталған бағдарламалардың атауын тірек-сызбаға түсіріп, әрқайсысының мақсатын түсіндіріңіздер. Қосымша ақпарат көздерін пайдаланыңыздар.



6-тапсырма. Ойтаразы. «Менің тақырыптан алған әсерім» кестесін толтырыңыздар.

Қандай ой пайда болды?	Нені сезіндім?	Не ұнады?



11-сабақ Жас келсе, іске



1-тапсырма. Мәтіннің тақырыбына назар аударыңыздар. Қандай жанрға тән? Пікіріңізді сыныптасыңызға айтыңыз.



2-тапсырма. Жас кәсіпкермен жүргізілген сұхбатты екі оқушының рөлге бөліп оқуынан тыңдаңыздар. Сұхбатта қандай идея айтылған?

– *Сіз кәсіпкерлікке қалай келдіңіз? Алдыңызға белгілі бір мақсат қойған боларсыз.*

– Мен кәсіпкерлікке кездейсоқ келген жоқпын. Өуелгі кезде өртүрлі идеяны зерттедім, кәсіпкерлікке қатысты кітаптарды оқыдым. Бір күні ойда жоқ жерден идея пайда болды. Сол кездері өзімнің ескі компьютерімді сатып, жаңасын сатып алғым келіп жүрген. Бірақ оны сатуға шығаратын біздің өңірде бірде-бір жарнама газеті жоқ еді. Сондықтан жарнама газетін дереу шығару керек деп шештім. Газет шығару қиын болған жоқ, лицензиясы 10 күнде дайын болды. Кейін редакциямызды аштық. Жүре келе кәсібімізге басқа да қосымша қызметтерді қоса бастадық. Өрине, алға қойып отырған мақсатым өте көп. Бірақ ең басты мақсатым – қазақ елінің өлемдегі ең дамыған мемлекеттің бірі болуына өз үлесімді қосу.

– *Қашаннан бері кәсіпкерлікпен айналысып келесіз? Өуелгі кезде қиындықтар кездесті ме?*

– Менің кәсіпкерлікпен айналысып жатқаным 5 жыл болды. Өрине, қиындық болды, қазір де қызметі ұқсас салаларды бір-біріне қосып, кейбіреуін тоқтатып қойдым. Неге десеңіз, тәжірибе жинақтай келе бірнеше кәсіпті басқарып, сөтті жүргізу оңай шаруа емес екенін түсіндім.

– *Өз кәсібін ашқысы келетін жастарға қандай кеңес берер едіңіз?*

– Алдымен мақсатыңызды анықтап, нарықты саралау қажет. Қандай кәсіп көзі табыс өкелетінін зерттеу қажет, сондай-ақ сіздің халыққа ұсына алатын артықшылықтарыңыз болуы керек. Олай болмаған жағдайда табысқа жету екіталай.

– *Өңгімеңізге рақмет.*

Сұхбаттасқан Дидар Сқабыл. «Заң» газетінен



3-тапсырма. Сұхбаттың мазмұнын дәл беру үшін берілген сөздерді байланыстырып, шағын мәтін жазыңыздар.

Кәсіпкерлік, кездейсоқ, зерттеу, жарнама газеті, қосымша қызметтер, мақсат қою, өз үлесімді қосу.



4-тапсырма. Рөлдік ойын. Бір оқушы – журналист, екіншісі еңбекте табысқа жеткен тұлға рөлінде ортаға шығып, сұхбат құрады. Сұхбаттың сұрақтарын алдын ала дайындаңыздар.



5-тапсырма. Мәтін мазмұны негізінде өз кәсібін ашқысы келетін жастарға үндеу жазыңыз.



6-тапсырма. Мәтін бойынша түйінді ойларыңызды қорытындылаңыз.

Бүгін не үйрендіңіз?	Тағы не білгіңіз келеді?



12-сабақ

Ы.Алтынсарин. «Атымтай жомарт»



1-тапсырма. *Атымтай*, *жомарт* деген сөздерді қалай түсінесіздер? Синонимдік қатарын беріңіздер. Жомарт адамға тән қасиеттерді айтыңыздар.



2-тапсырма. Әңгімені рөлге бөліп оқыңыздар. Қандай мәселе көтерілген?

Атымтай жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып, жұмыс қылады екен. Бір күні өзінің жақын таныстары сұрады дейді:

– Жомарт, құдай берген дәулетіңіз бар, ашқа – тамақ, жалаңашқа – киім, үйсіздерге үй болдыңыз. Сөйтіп тұрып өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мағынасы не? – деп. Жомарт айтты дейді:

– Төрт түрлі себеп бар. Әуелгісі, әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне бойы әдет етсең, көңілге жел кіргізеді. Сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын. Екіншісі, бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер үлгі алсын деймін. Үшіншісі, күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем, бойыма сол тамақ болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің төттілігі, сіңімділігі болады екен. Төртіншісі, Құдай Тағаланың берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын, – деді.

Түсіндірме сөздік

есепсіз – өте көп
дәулет – байлық
кемшілікке салу – кем санау
көңілге жел кіру – бұл жерде: менсінбеу, тәкаппар болу
кем-кетік – жарлы, кедей
тұтыну – пайдалану



Ыбырай Алтынсарин



3-тапсырма. Атымтай жомарттың жұмыс істеуінің себептерін сәйкестендіріп, ойды кеңейтіп айтыңыздар.

Себептер	Дәлелдер
Бірінші себеп	Күнәлі болу
Екінші себеп	Еңбектің дәмі
Үшінші себеп	Үлгі, өнеге болу
Төртінші себеп	Көңілге жел кіру, дандайсу, мастану



4-тапсырма. Екі топқа (жақтаушы және даттаушы топ) бөлініп, Атымтай жомарттың әрекетіне баға беріңіздер. Қалай ойлайсыздар, қажетті дүниенің барлығы болса да, Атымтай жомарт сияқты күн сайын бір мезгіл үстімізге ескі-құсқы киім киіп, жұмыс жасағанымыз дұрыс па, бұрыс па?



5-тапсырма. Әлем әдебиетінде Атымтай жомарт секілді кейіпкерлер кездесе ме? Өздеріңіз оқыған орыс әдебиеті немесе әлем әдебиетінен мысал келтіріңіздер.



6-тапсырма. Ойтаразы. Берілген сұрақтар бойынша шығармаға өз көзқарасыңызды білдіріңіз.

- Шығарманың негізгі идеясы не?
- Шығармадан қандай әсер алдыңыз?
- Қандай мақалмен түйіндер едіңіз?



13-сабақ

Нәтиже сабақ



1-тапсырма. Тақырып бойынша қандай сөздер мен терминдерді білдіңіздер? Сыныптастарыңыздан терме диктант алыңыздар.



2-тапсырма. А.Байтұрсынұлының «ел – бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін» деген ұлт қамын ойлаған асыл сөздерін сілтеме етіп алып, жұмыссыздық мәселесін жоюдың бағдарламасын жасап көріңіздер.



3-тапсырма. «Жұмыспен қамту жол картасы өз нәтижесін беруде» деген тақырыпта мақаланың тезисін жоспарлаңыз.

Жоспар құрудың үлгі сызбасы:

I. Кіріспе бөлім.

II. Негізгі бөлім.

1. Тезис:

а) сөйлем;

ә) сөйлем;

III. Қорытынды бөлім



4-тапсырма. Өздеріңіз таңдаған бір тақырыпта эссе жазыңыздар.

Тақырыптар:

1. Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі: оны жоюдың жолдары.
2. Шағын және орта бизнес – ел экономикасын дамыту жолы.

5

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗДІҢ ӨТКЕНІ МЕН
КЕЛЕШЕГІ

Ел бірлігі қашанда мүдде бірлігінен басталады. Біздің болашағымыз – Қазақстан халқының ортақ мүдделестігінде. Біз мұны көздің қарашығындай сақтауымыз қажет.

Н.Ә.Назарбаев

1-сабақ

Тәуелсіздік – ел мұраты



1-тапсырма. Суреттерде не бейнеленген? Бұл суреттерді не байланыстырады деп ойлайсыздар? Ой бөлісіңіздер.



2-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Мәтін қандай жанрда жазылған? Тілдік ерекшеліктері арқылы дәлелдеңіздер.

Дербес мемлекет құру қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы еді. Қазақ елінің еркіндігі, бостандығы жолында бас тіккен азаматтардың рухына тағзым етіп, еске алу парыз деп санаймын...

Жерімізді азат етіп, жоңғар әскерін оңалмастай жеңу – Абылай ханның туының астында біріккен бірлігіміздің, ынтымағымыздың арқасы. Болашағымыз баянды, тәуелсіздігіміз мәңгілік болуы үшін, ең алдымен, бірлігімізге бекем болып, бабалардан қалған аманатты естен шығармауымыз керек...

Тәуелсіздіктің біздің бәрiмiзге артар мiндетi мол. Ендi еңселi ел болудың жолына шындап түсуiмiз керек. Әулетiмiздiң асуы да, дәулетiмiздiң тасуы да өз қолымызда. Кең-байтақ жерiмiздiң байлығы осы даланың түпкiлiктi халқына да, тағдыр қосып бiрге өмiр сүрiп жатқан өзге ұлт өкiлдерiне де молынан жетедi... Әсiресе жастар, өскелең ұрпақ

Тірек сөздер

- тағзым ету
- еңселі
- бекем
- өскелең
- кеңпейіл
- тұғырлы

салқынқандылықтан, үлкенді сыйлаудан, сөзге тоқтаудан айнымаса, қашанда достыққа адал болса, бауырмашыл, кеңпейіл болса, халықтың атына сөз келтіретін ұстамсыздық атаулыдан аулақ жүрсе деп тілейік.

Ендеше ішкі ынтымағымызды, сүттей ұйыған татулығымызды сақтауға қызмет ету – баршамыздың парызымыз. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, мәңгілік болсын!

Н.Ә.Назарбаев



3-тапсырма. Мәтінде кездесетін мына тіркестерді қандай сөздермен ауыстыруға болады? Сәйкестендіріңіздер.

дербес мемлекет	дамыған, өркендеген мемлекет
еңселі ел	келешегіміз жарқын
болашағымыз баянды	сабырсыздық, төзімсіздік
ұстамсыздық	құрмет көрсету
тағзым ету	еркін, тәуелсіз ел



4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, өзара пікірлесіңіздер.

1. Тәуелсіздігіміз мәңгі болу үшін не істеуіміз керек?
2. Тәуелсіздік «бабалар аманаты» дегенді қалай түсінесіздер?
3. Тәуелсіздік үшін күрескен қандай тұлғаларды білесіздер?
4. Сіздер үшін «тәуелсіздік» ұғымының қадір-қасиеті қандай?



5-тапсырма. «Төрт сөйлем» тәсілімен «Ішкі ынтымағымызды, сүттей ұйыған татулығымызды сақтауға қызмет ету – баршамыздың парызымыз» деген пікірге өз ойларыңызды жазыңыздар.

Пікір. Өз пікіріңізді бір сөйлеммен жазыңыз.

Дәлел. Пікіріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіз.

Мысал. Пікіріңізді өмірмен байланыстырып мысал келтіріңіз.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жазыңыз.



6-тапсырма. Бірлік, ынтымақ туралы мақал-мәтелдерді еске түсіріп, жарысыңыздар.




2-сабақ

Тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктер



1-тапсырма. Тәуелсіздік жылдары еліміз қандай жетістіктерге жетті? Кластер түзіп, өз ойыңызды білдіріңіз.





2-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдап (16-аудио), негізгі ойды анықтаңыздар.



3-тапсырма. Мәтінді қайта тыңдаңыздар. Сан есімдерді тіркескен сөздерімен жазып, сөйлем құраңыздар.

1.	1991 ж., 16 желтоқсан	
2.		



4-тапсырма. Кесте бойынша (3-тапсырма) мәтін мазмұнын айтып шығыңыздар. Қосымша қандай мәліметтермен толықтырар едіңіздер? «Венн диаграммасы» арқылы Қазақстанның тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы және бүгінгі жетістіктерін салыстырып айтыңыздар.



5-тапсырма. Алдыңғы тапсырма бойынша ойларыңызды жинақтап, «Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктері» тақырыбына жинақы мәтін жазыңыздар.



6-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» толтырыңыздар.

- Бүгінгі сабақтан алған өсеріңіз қандай?
- Кімнің жауаптары ұнады? Неліктен?
- Қандай қорытынды жасадыңыз?



3-сабақ

Нұр-Сұлтан – тәуелсіздік нышаны



1-тапсырма. Елбасының сәтті жүзеге асқан қандай бастамаларын, ауқымды жобаларын білесіздер? Ел астанасының жаңа әлемдегі орны қандай? Ой бөлісіңіздер.



2-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Мәтіннен факті мен автордың көзқарасын анықтаңыздар.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ұсынысымен Қазақстан Республикасының Парламенті 1994 жылы 6 шілдеде ел астанасын Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы шешім қабылдады. 1997 жылы қарашада еліміздің Мемлекеттік рәміздерін Алматыдан Астанаға әкелу тарихи рәсімдері өткізілді. 8 қарашада Ақмоланың орталық алаңында Президенттік гвардия жауынгерлерінің салтанатты саппен Мемлекеттік рәміздерді алып жүру шеруімен елорда шежіресі басталды. Өнұран асқақтап, Арқа төсіндегі Президент Әкімшілігінің жаңа ғимаратының төбесінде (қазіргі Тұңғыш Президент мұражайы) егемен елдің көк байрағы желбіреді.

Сол күні Арқаның аязы күшіне мініп, ауа температурасы 40 градусқа жетті. Ауа райының осы қатал сынына қарамастан, жұрт алаңға лық толып, салтанатты шеру аяқталғанша тарқамады...

Тіркес сөздер

- елорда
- шежіре
- мәртаба
- айғақ
- желбіреу
- сарпінсіз



Нұр-Сұлтан қаласының қазіргі келбеті

Дәл осы сәттен бастап елорда мәртебесін алған Астана қаласының (қазіргі Нұр-Сұлтан) жаңа парағы ашылды.


Содан бергі жылдар ішінде еліміздің бас қаласы төрткіл дүниені түгел тамсандырған тарихи құбылысқа айналды. Арқа төсіндегі сәні мен салтанаты жарасқан елорда бүгінде озық идеяларды, жаңа ғылыми шешімдер мен сәулет өнерінің озық

үлгілерін өмірге әкелуде. Ғылыми-инновациялық салада да серпіліс жасап, еуразиялық кеңістікте көшбасшылардың бірі атанды.

«Егемен Қазақстан» газетінен



3-тапсырма. Жұптық жұмыс. Сұрау есімдіктерін пайдаланып, мәтін мазмұны бойынша сұрақтар дайындаңыздар. Өзара диалог құрыңыздар.



4-тапсырма. Топқа бөлініп, «Сәні мен салтанаты жарасқан елорда бүгінде озық идеяларды, жаңа ғылыми шешімдер мен сәулет өнерінің озық үлгілерін өмірге әкелуде» деген пікірді толықтырып, таныстырылым жасаңыздар. Қажет болған жағдайда қосымша ақпарат көздерін пайдаланыңыздар.



5-тапсырма. Мағынасына қарай қажетті есімдіктерді қойып, сөйлемдерді толықтырыңыз.

(*Еш/кей*) елдің болашақ тағдырын айқындайтын тарихи кезеңдері болады. Біздегі сондай кезеңдердің бірі астанамыздың Сарыарқа төсіне қоныстануы болды. Елорданы көшіру туралы идея (*ешбір/кейбір*) кедергіге, (*кейбіреулердің/әлдекімдердің*) күдігіне қарамастан, іске асты. Бүгінде еліміздің бас қаласы – Нұр-Сұлтан (*бүкіл, барша*) өлем мойындаған алып шаһарға айналды.

 **6-тапсырма.** Ойтаразы. Сабақ бойынша өз ойыңызды қорытып жазыңыз.

- қызықты болды.
- қиын болды.
- тапсырманы орындадым.
- екенін түсіндім.

4-сабақ **Білімді ұрпақ – іргелі елдің кепілі**

 **1-тапсырма.** Елімізді өркендету жолында сіздер қандай үлес қосып жүрсіздер? Ой бөлісіңіздер.

 **2-тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңдаңыздар (17-аудио). Мәтін кімдерге арналған? Сіздерге қандай ой салды? Автор өскелең ұрпаққа қандай жауапкершілік жүктейді?

 **3-тапсырма.** Мәтінде кездесетін тіркестердің синонимдік қатарын беріңіздер.

Біқылым заман, аталы сөз, өнердің кілті, тауқымет, бақуатты тіршілік, сүрлеу жол.

 **4-тапсырма.** Топтық жұмыс. Мәтінді қайта тыңдап, автордың ел жастарына қатысты айтқан нақыл сөздерін теріп жазып, мәнін ашыңыздар.

Нақыл сөздер	Менің пікірім
1. Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады.	

 **5-тапсырма.** ПОПС формуласын пайдаланып, «Тәуелсіздіктің тұғырын нық ұстап, іргелі елге айналуы үшін жастар не істеуі керек?» деген сұраққа өз ойыңызды білдіріңіз.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.

 **6-тапсырма.** «Менің өз елім үшін қосар үлесім» тақырыбына шағын мәтін жазыңыздар.

5-сабақ **Өмірі өнегеден тұратын ақ әже**

 **1-тапсырма.** Тақырыптың бұлай аталуының себебі неде? Болжам жасаңыз.



2-тапсырма. Берілген ақпаратты пайдаланып, Д.Досжанның өмірбаяны туралы парталас досыңызға айтып беріңіз.



Дүкенбай Досжан

Дүкенбай Досжан – жазушы. 1942 жылы 9 қыркүйекте Қызылорда облысы Жаңақорған ауданында туған. 1964 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. 1963–1966 жылдары «Жетісу» газетінде әдеби қызметкер, 1966–1975 жылдары «Жазушы» баспасында аға редактор, 1976–1984 жылдары Қазақстан Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінде бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған. Кейін Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші, «Жалын» журналында бөлім меңгерушісі болған.

1964 жылы тұңғыш өлеңдер жинағы жарық көрген, 11 роман, 22 повесть, 100-ден астам әңгіменің авторы. Қазақстанның мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Парасат және Құрмет ордендерінің иегері. 2013 жылы 15 қыркүйекте Астана қаласында қайтыс болған.



3-тапсырма. Хикаят үзіндісін түсініп оқыңыздар. Үзінді қандай стильде жазылған? Баяндау стиліне назар аударып, өз ойларыңызды дәлелдеңіздер.

Тірек сөздер

- қоғамдық формация
- бастан өткеру
- нарық машақаты
- зер салу
- тәуекел ету

...Ұшақ ішінде, бұлт арасымен келе жатып, анам марқұмның басынан төрт патшаны қалай өткергенін бейнелі сөзбен баяндап қағазға түсірейінші деп ойладымын... Баяғыда, студент кезімізде, ұстазымыз Мұхтар Әуезов: «Бәлі, мен өзім қос бірдей қоғамдық формацияны – феодализмді, социализмді бастан өткерген адаммын ғой», – деп айтып қалған еді. Сол айтқандай, жастық өмірін феодализмнен бастап,

қызыл төңкерісті көріп, социализм дәуірін кешіп кеп, мына қазақ баласы ұлт ретінде тәуелсіздік алып, капитализмнің нарық машақатына топ ете түскенін көрген ел анасының бастан кешірген өмірін кезең-кезеңімен баяндап берсем ғой. Бәлкім, біреуге тасқа жанығандай қажыры өнеге болар, бәлкім, тастай берік төзім иесін тани түсер. Өмір сүре білудің өзі үлкен өнер. Сол өнердің күнгейі мен көлеңкесіне зер салып, көкірек көзімен қарап тәлім алар. Құрығанда, кейінгі, өскелең буынға сабақ болар сөзі қалар. Ендеше тәуекел еттім. Анам марқұмның көзі тірісінде әрқилы көңіл қалыбында отырып, үзіп-үзіп айтқан әңгімесін бір желінің бойына тізіп, оқырманға қайта әңгімелеп беруге тәуекел еттім. Қабыл алыңыз...

Дүкенбай Досжан. «Төрт патшаны көрген кейуана»



4-тапсырма. Төмендегі ұғымдардың мағынасын «Қос жазба күнделігінде» түсіндіріңіздер. Бұл қоғамдар елімізде қай жылдары орнады? Сол кезеңдерде елді кімдер биледі?

Ұғымдар	Түсіндірмесі
Феодализм	
Қызыл төңкеріс	
Социализм	
Капитализм	



5-тапсырма. Шығарманы жазуға не себеп болды? Жұптасып, мәтін мазмұны бойынша бір-біріңізге сұрақтар дайындаңыздар.



6-тапсырма. Мәтін бойынша түйінді ойыңызды қорытындылаңыз.

Бүгін не үйрендіңіз?	Тағы не білгіңіз келеді?



6-сабақ

Д.Досжан. «Төрт патшаны көрген кейуана»



1-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдаңыздар (18-аудио). Автор не айтқысы келді? Негізгі ойды анықтайтын сөйлемді табыңыздар. Қалай ойлайсыздар, оқиғаның шындыққа қатысы бар ма? Өз ойларыңызды дәлелдер келтіріп айтыңыздар.

Түсіндірме сөздік

кейуана – жасы ұлғайған кәрі ана

мүйіз салығы мен тұяқ салығы – 30-жылдары орын алған ашаршылық кезінде мал қырылса, малдың сүйегін, тұяғын, мүйізін өткізіп отырған салық түрі



2-тапсырма. Парталас досыңыздан мәтінде аталған оқиғалар туралы не білетінін сұраңыз. Есімдіктерді мағынасына қарай дұрыс қолданыңыз.



3-тапсырма. Мәтін мазмұнына сүйеніп, сол кездегі жағдайды баяндап беріңіздер.



4-тапсырма. Сөйлем құрау арқылы берілген тіркестердің мағынасын ашыңыздар.

Аққалпақ көтерілісі; қызыл төңкеріс; қаратабан жұт; үндеместер үрпитіп бір түнде ұстап өкету.



5-тапсырма. «Шығу парағын» толтырыңыздар.

- Бүгін сабақта қай тапсырма бойынша белсенділік таныттыңыздар?
- Қайсысы түсініксіз болды? Неліктен?
- Есімдіктерді дұрыс қолдандыңыздар ма?

**7-сабақ****Оқыс хабар**

1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, детальды түрде сипатталған ақпараттарды табыңыздар.

Түсіндірме сөздік

оқыс – күтпеген, шұғыл
мизам – қыркүйек айының ескіше атауы
бесті қымыз – бес күн ашыған, бабындағы қымыз
сұсы басты – қаһарлы, түсі суық

...Жайлау тозып, биелердің сүті қайтып, мизам түсе ылдифа көшеміз ғой дегенде оқыс хабар жеткені. Аттан түспей жүрген өкеңнің жанына арық торының үстінде ауданның өкілі жетті. Алыс жолдың бейнетінен шөпкесі қисайып кетіпті. «Кеңірдегімнен жанай пөшестің оғы тиген», – дейді. Төрге өтіп, төсеніш көрпеше үстіне жығылды. «Атқа отыруға өл-дәрменім жоқ, ертеңгісін

сүйегімді жинап алыңдар», – деп көпшікке қисайды. Өкең: «Мына өкілге қымыз құй, жақсы хабар алып жетіпті», – дейді. «Жақсы хабар – пөшестің беті қайтып шегіне жосып бара жатқаны, ай біздің Стекеңмен беттесуге ешкімнің дәті шыдамас, сұсы басты жарықтықтың», – деп басын қақшаң еткізіп көтеріп алады өкіл. «Стекең» деп отырғаны – халықтар көсемі Сталин. Өлгі өкіл жатса да, тұрса да Стекеңе айтуы жоқ ұзақ өмір тілеп, ұлы көсемге пайғамбардай сиынып ауыз жаппайды. Мәскеуде осы күзде жойқын көрме ашылады-мыс, сол ашылу рәсіміне ел-елден тылдағы еңбек озаттары бас құрайды, бұйырса, ауданның алдыңғы қатар сауыншысы Жанұзаққызы Жәмила – сіз барып қаларсыз. Басшылардың ұйғарымы осылай деп, ішкі қалтасынан қатталған қағаз алып, мұның қолына ұстатқаны...

Дүкенбай Досжан. «Төрт патшаны көрген кейуана»



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, ой бөлісіңіздер.

1. Мәтін кейіпкерлері кімдер?
2. Келген өкіл қандай хабар алып келді?
3. Ол Стекең деп кімді айтып отыр?
4. Көрмеге неліктен Жәмиланы жіберуге ұйғарды?



3-тапсырма. Мәтін нешінші жақта баяндалып тұр? Мәтіндегі ойға өз көзқарасыңызды білдіріңіз.



4-тапсырма. Мәтінді әсерлі жеткізіп тұрған бейнелі сөздер мен тіркестерді (тұрақты тіркестер) тауып жазып, сөйлем құраңыздар.



5-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, сөйлемдерді толықтырыңыздар.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екендігін түсіндім.

- Мен ... үйрендім.
- Мені ... таңғалдырды.



8-сабақ

Озат сауыншы



1-тапсырма. Оқиға одан әрі қалай өрбиді деп ойлайсыз? Болжам жасаңыз.



2-тапсырма. Мәтінді үш қайтара тыңдаңыздар (19-аудио). Мазмұнын екі-үш сөйлеммен жеткізіңіздер.



3-тапсырма. Қазақстаннан Мәскеуге аттанған озат сауыншы Жәмиланың көңіл күйін әңгімелеп айтыңыз.



4-тапсырма. Мәтіннен ұлттық дүниетанымды көрсететін сөздерді тауып, семантикалық картаға салыңыздар. Оларға түсініктеме беріңіздер.

Киім-кешек, өшекей	Бұйымдар	Өнімдер



5-тапсырма. Алдыңғы тапсырма бойынша кестеге салған сөздерді қатыстырып «Қазақтың ұлттық бұйымдары» тақырыбына жинақы мәтін жазыңыздар.



6-тапсырма. Ойтаразы. Бүгінгі сабақтағы тапсырмаларды қалай орындағаныңызды жұп болып бағалаңыз. Қандай қиындықтар болды?



9-сабақ

Асыл тұлға



1-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Мәтін мазмұнын сыныптасыңыздың түсінген-түсінбегенін білу үшін, оған сұрақтар қойыңыз.

...Ұлы Отан соғысынан кейін жүдеген, тозған елдің нығы бірден көтеріліп, жыртқығы бүтінделіп, жарқырап жүре берді деп ойлайсыз ба?! Мүлдем олай емес, әрине. Көп отбасының иесі майдан даласынан оралмай, шаңырағы ортасына түсіп, сорлап қалды...

Өстіп жүргенде, ел ішінде елеулі оқиға болды. Кеңес Одағының жоғарғы төралқасына депутат сайлау керек, ел ішінде сайлау өтеді десті.

Аптаның соңында, сайлауға аптадай қалғанда аты-жөні жердүниені дүрлідеткен «Қонаев елге келіпті» деп естідік. Әуелі ауылды араламайды екен, аудан орталығында бір мәрте жиын өткізеді екен де астанаға қайтып кетеді-міс деген сөзді естідік. Артынша ауыл-ауылды аралайды екен, өйтсе де ешкімнің үйіне бас сұғып дәм-тұз татпайды

Түсіндірме сөздік

шаңырағы ортасына түсу – отбасы ойран болу
дүрілдеу – атағы жер жару
сұңғыла – зерделі
дүрк етіп түрегелу – бірден көтерілу
ұлпадай – үлбіреген, жұп-жұмсақ

екен, сұңғыла, сыралғы кісі көрінеді деп жонда астық бастырып жатқан жұртты қарадай үрпитті. Екі күн өте, әлі есімде, қырмандағы астықты қаптап үлгергеніміз сол, қалың нәсер құйып берді.

– Қонаев кеп қалды! – деді. Бәріміз дастарқанға осылай қол созған күйі аңырайып қалыпшыз.

– Тұрындар, озаттар, Қонаев көкелерің келді, – деді әлдебір өктем дауыс.

Дүрк етіп түрегелейік. Өлгі өктем үннің «Қонаев» дегені қарадай суық үрей шақырса да, «көкелерің» деген сөз аз-аздап ішімізді жылытты. Өлгі әдемі мәшинеден түскен ұзын кісі кең адымдап келіп осылай үймелеп отырған, тұрған бізге қаратып қоңыр үнмен: «Сәлеметсіздер ме, бауырлар!» – деді. Ие, дөп солай. «Здрасти» деген жоқ, «армысыздар» дегенін естімедім, ұмытпасам... Шынымды айтсам... құлағымда қалғаны... сол... «сәлеметсіздер ме, бауырлар» большты. Жағалай төніп бір-бірлеп бәрімізге қол беріп амандасып шықты. Алақаны ұлпадай жұмсақ, үгітіліп тұрған жүгері шашағы ма деп қаласың...

Дүкенбай Досжан. «Төрт патшаны көрген кейуана»



2-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрыңыздар. Сол жоспарға сүйеніп мәтін мазмұнын әңгімелеңіз.



3-тапсырма. Дінмұхамед Қонаев кім? Ол туралы не білесіз? Үзіндіде Д.Қонаев бейнесі қалай сипатталған? Жұптасып диалог құрыңыздар.



4-тапсырма. Мәтін мазмұны негізінде Д.Қонаевқа мінездеме жазыңыздар. Көркемдегіш сөздерді қолданыңыздар.



5-тапсырма. Мәтіннен есімдіктерді тауып, семантикалық картада мағыналық түрлерін анықтаңыздар.



6-тапсырма. «Әңгімелесетін әріптестер». Сабақты жұп болып талқылаңыздар.

- Жаңа оқыған үш факті;
- жеңіл болған ақпарат;
- қиын болған ақпарат;
- алдағы уақытта оқығым келетін ақпарат.



10-сабақ

Сапар



1-тапсырма. Тарих пәнінен алған білімдеріңізді ескеріп, кеңес дәуірі кезеңіндегі басшыларды атаңыздар. Олар қандай істерімен ел есінде қалды? Ой бөлісіңіздер.



2-тапсырма. Мәтінді оқып, детальді ақпаратты анықтаңыздар.

...Жазушы балам болмаса, арақашықтығы тура мың шақырымдай көне Қаратау ішінен өуелі түйе арбаға, сосын отарбаға отырып ит өлген жердегі Алатау баурайында жатқан Алматыны көрер ме едім, көрмес пе

Трен сөздер

- отарба
- Алатау баурайы
- ұлым
- қазит
- тізе бүгу
- қитығыма тию

едім. Сол балам оқу бітіретін жылы: «Үйленемін, кел де кел!» – деп, елге хат жазыпты. Амал жоқ, басқарма Сәрсен қайным екеуміз жолға шықтық...

Келінім екеуміз тіркесіп үйге жетеміз. Келе жертөсекке құладым. Келінім жүгіріп жүріп шөйнекті шоққа қойып, дастарқан жайып, сүт қатқан қызыл күрең шайды ұсынады. Қолыма алғаным болмаса, өңешімнен біржұтым жылы су өтпей қор қылады. Сол екі арада жұмыстан ұлым келді, қазитте істеп жүрген кезі. Ерте кетіп, ымырт үйірле оралады.

Қолынан, қолтығынан қазит түспейді. Аяқкиімін шешіп, қолын шайып, дастарқан жиегіне тізе бүккен.

– Апа, көрдіңіз бе? – дейді қитығыма тиіп.

Көнім кеуіп, терім тарылып, жарылуға шақ отырғам.

– Хрущевты көрдіңіз бе, апа?

– Ойбай, көрдім... көрдім... енді өл деймісің?!

– Қалай көргеніңізді айтыңызшы, – деп қарап отырып жынымды қоздырады ғой.

– Зу етіп өте шықты тұсымыздан. Қызыл шырайлы, қымыз құйған мес секілді, шикіл сары кісіні көзім шалды. Ауылдағы мәнбас қайнағадан еш аумайды. Шіреніп, шалқайысы тегі бөтен.

– Ойбай, апа, менен басқа кісі естімесін мына сөзіңізді. Деміңіз ішіңізде болсын, бүлк етпеңіз...

Дүкенбай Досжан. «Төрт патшаны көрген кейуана»



3-тапсырма. Кейіпкерлер арасындағы әңгіменің не жайында болғанын айтып, өзара диалог құрыңыздар.



4-тапсырма. Мәтіннен кейіпкердің Хрущевты сипаттайтын тұсын тауып оқыңыздар. Кейіпкердің сөзінен нені аңғаруға болады? Оның себебін қалай түсіндіресіздер? ПОПС формуласын қолданып, өз ойларыңызды білдіріңіздер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



5-тапсырма. Мәтінде кездесетін бейнелі тіркестердің синонимдік қатарын беріп, сөйлем құраңыздар.

Отарба; ит өлген жер; көнім кеуіп, терім тарылып; зу етіп өте шықты; қымыз құйған мес секілді; бүлк етпеу.



6-тапсырма. Ойтаразы. Сабақта алған ақпараттар бойынша өз ойларыңызды тұжырымдаңыздар.

- Қосатыным –
- Өзгертер едім –
- Дамытамын –
- Күрделендіремін –



11-сабақ

Өнегелі тағылым



1-тапсырма. Отбасыңыздағы өзіңіз үйренген жақсы қасиеттерді әңгімелеңіз.



2-тапсырма. Мәтінді оқушының оқуынан тыңдаңыздар. Бір-біріңізге сұрақтар қойып, автордың көзқарасын анықтаңыздар.

Трек сөздер

- көкірегі ояу, сауатты
- көне кітап
- ас-су
- балшабэк
- дегдар (текті, қасиетті)

Әкем Жанұзақ төте оқуы бар, көкірегі ояу, сауатты кісі еді. Көне кітаптарды сандығынан алып, сыртынан бала еркелеткен адамдай сылап-сипап отыратын. Өзінен кейін өнегелі сөз қалсын дей ме, пештің іргесіне төсенішті қалың төсетіп, малдас құрып отырып кітап ашатын... Ас-суымызды жылдам өзірлеген біздер дастарқанды жайып жіберіп, әкемізге кесемен ыстық-ыстық шай жағалатушы едік, қайткенде үлкен кісіге жақын отырып қалуға тырысып бағамыз.

Әкетайымыз қызыл күрең шайды баппен сораптап, шекесі жіпсіген соң барып бір шетіне жіп байлаған көне көзілдірігін құлағына іледі. Көзілдірік құлаққа ілінді дегенше, қалпақтай қалың кітап парақтап ашылды дегенше – кереметтей ертегі әлемінің қақпасына енгендей болушы едік...

Өмірі ұмыта алмаймын. Кітап бетіндегі маржандай тізілген сөзді оқи-оқи жанарының жиегінен жасы сорғалап, ас-ауқатқа қол созуды мүлде ұмытып, көрер көзге зорайып аспандап, алып боп кеткендей көрінетін. Өлден уақытта барып, шамның майы таусылып сығырайып бара жатыр ма, езілген еңсесін тіктеп тілге келуші еді. Қоңыр үні тап қазіргідей құлағымда...

«Балапандарым, – дейтін сусып түскен көзілдірігін қолына алып, еңсесін жинап, – естерінде болсын, осы күні «мал ортақ, жан ортақ» дейтін балшабектердің сөзі ақылыма қонбайды. Бұл қазақ нәсілі Қазан төңкерісіне дейін сауатсыз, дінсіз болған деген сандыраққа еш сенбеймін. Баяғы Өз Жәнібек, Өз Тәуке заманынан дүниенің білімін жинаған, кітап жазған дегдар кісілеріміз болған»...

*Дүкенбай Досжан.
«Төрт патшаны көрген кейуана»*

 **3-тапсырма.** Мәтінді мағыналық бөліктерге бөліп, әрбір бөлікке ат қойыңыздар.

 **4-тапсырма.** Мәтіннен қандай өнегелі тағылым алдыңыздар? Әр бөліктегі негізгі ақпаратты тезис түрінде жазып, сол бойынша мәтінді әңгімелеңіз.

 **5-тапсырма.** Сіздер үшін қандай ақпарат маңызды болды? «Қос жазба күнделігіне» түсіріп, топ болып талқылаңыздар.

Мәтіннен үзінді	Түсіндірме

 **6-тапсырма.** Ойтаразы. Сабақтан алған әсеріңізді «3-2-1» әдісі бойынша тұжырымдаңыздар.

- 3 маңызды ақпарат;
- қиындық келтірген 2 мәселе;
- тапсырмадағы ұнаған 1 мәселе.

12-сабақ **Естен кетпес кездесу**

 **1-тапсырма.** Өміріңізде болған естен кетпес оқиғаны әңгімелеп беріңіз.

 **2-тапсырма.** Мәтінді тыңдаңыздар (20-аудио). Қандай ақпарат есіңізде қалды?

 **3-тапсырма.** Түсіндірме сөздікті пайдаланып, мәтінде кездесетін тіркестердің мағынасын ашыңыздар.

Кейуана, мойнына бұршақ салу, ғайып ерен, қырық шілтен.

 **4-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Мәтін не туралы?
2. Кейуана кіммен кездесті?
3. Ол кездесуге қайда барды?
4. Мемлекет басшысымен кездесеңіз, қандай сұрақтар қояр едіңіз?

 **5-тапсырма.** Мәтін бойынша кейіпкердің көңіл күйін, сезімін сипаттап жазыңыз. Көркемдегіш құралдарды қолданыңыз.

 **6-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып, бүгінгі сабақтан алған әсерлеріңізді айтыңыздар.

- Бүгінгі сабақтан алған әсерім
- Бүгінгі сабақта ... құнды болды.
- Бүгін мен ... білім алдым.
- Маған ұнағаны
- Өзімді ... сезіндім.

**13-сабақ****Нәтиже сабақ**

1-тапсырма. Тақырыпты қорытып, «БББ» кестесін толтырыңыздар.

Білемін	Білдім	Білгім келеді



2-тапсырма. Тәуелсіздік жылдары еліміз қандай жетістіктерге жетті (білім-ғылым, мәдениет, спорт т.б.)? Таныстырылым жасаңыздар.



3-тапсырма. Есімдіктердің мағыналық түрлерін еске түсіре отырып, тақырыпқа сәйкес бес сөйлем құраңыздар.



4-тапсырма. Д.Досжанның «Төрт патшаны көрген кейуана» хикаяты бойынша ойларыңызды жинақтап, пікір алмасыңыздар.

Шарты:

- талқыланатын мәселе (Өңгіменің бұлай аталуының себебі неде? Өңгіменің қазіргі өмірге қатысы бар ма?);
- тақырыптан ауытқымау;
- өз ойын сенімді әрі еркін жеткізу.



5-тапсырма. Көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып, «Тәуелсіздігім – мақтанышым» тақырыбында шағын мақала жазыңыздар.

1-сабақ Театр – өнер айнасы



1-тапсырма. Театр деген не? Адамдар театрға не үшін барады? Ой бөлісіңіздер.



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (21-аудио). Мәтін не туралы? Берілген тірек сөздер арқылы мәтінге болжам жасаңыз.


Театр, актер, өмір, сахна, киімлігіш, адам болып қалу.



3-тапсырма. Мәтінді қайта тыңдап, күрделі сөздер мен театрға қатысты термин сөздерді анықтаңыздар. *Театр* сөзіне бес жолды өлең құрастырыңыздар.



4-тапсырма. Толтық жұмыс. Алдыңғы тапсырма бойынша ойларыңызды қорытып, театрға анықтама беріңіздер.



5-тапсырма. «Дербес пікір» жазу тәсілін қолданып, «Адам театрға өзін көру үшін келеді» дегенге өз ойларыңызды жазыңыз (уақыты – 7-8 мин).

1. Өзіндік пікір (идея) – бір сөйлем.
2. Дәлел – екі сөйлем.
3. Өз пікірін дәлелдейтін мысал – екі сөйлем.
4. Өз пікіріне қарсы пікір – бір сөйлем.
5. Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – екі сөйлем.
6. Қорытынды – екі сөйлем.




6-тапсырма. Берілген тұжырымдар бойынша сабақты қорытыңыз.

- Қосатыным –
- Өзгертер едім –
- Дамытамын –
- Күрделендіремін –

**2-сабақ****Ұлттық театр**

1-тапсырма. Театрдың қандай түрлері бар? Венн диаграммасы арқылы әр театрдың өзіне тән ерекшеліктерін айтыңыздар.



2-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Мәтін қандай жанрда жазылған? Тілдік ерекшеліктері арқылы анықтаңыздар.

Тірек сөздер

- шынылдық
- қойылым
- тұсаукесер
- өнер тарлаңдары
- қоспемет
- маусымдық

2013 жылы елордада «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры ашылды. 2013 жылдың 21 маусымында театр өзінің алғашқы шымылдығын ашып, қазақ музыкасының жауһары – М.Төлебаевтың «Біржан-Сара» қойылымымен көрерменге жол тартты. Сол жылдың күзінде театр әлемдік тұсаукесерін жасап, Дж.Вердидің «Аттила» операсын ұсынды. Қазіргі кезде «Астана Опера» театры репертуарында

А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай», Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» опералары, Ф.Жұбанованың музыкасына қойылған «Қарагөз» балеті сынды шығармаларымен қатар әлемдік опера және балет классикасы: Дж.Вердидің «Аида», «Травиата», Ж.Бизенің «Кармен», П.Чайковскийдің «Ұйқыдағы ару», «Аққу көлі», «Щелкунчик», Р.Петидің «Париж Құдай Анасының соборы» қойылымдары бар. Өр маусым сайын театр репертуары жаңарып, классикалық шығармалармен толықтырылуда. «Астана Опера» сахнасында Бибігүл Төлегенова, Айман Мұсаходжаева, Жания Өубекірова, Нұржамал Үсенбаева, Алан

Берібаев, Майра Мұхамедқызы секілді әйгілі қазақстандық өнер тарландарымен бірге әлемдік опера әншілері: Пласидо Доминго, Елена Образцова, Хосе Каррерас, Анна Нетребко т.б. өнер көрсетіп, көрерменнің қошеметіне ие болды. Бұл сахнада белгілі қазақстандық артистер мен ұжымдар, сонымен қатар неополитандық «Сан-Карло», генуялық «Карло Феличе» театры, Санкт-Петербургтегі Мариин театры және тағы басқа айтулы ұжымдар гастрольдық сапар шеңберінде өнерлерін паш етті.



«Біржан-Сара» қойылымынан көрініс

«Алматы ақшамы» газетінен



3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңізге сұрақтар дайындаңыздар.



4-тапсырма. Мәтінде аталған өнер тұлғалары мен қойылымдар туралы не білесіз? Оның ішінде қандай қойылымды көрдіңіз? Сыныптасыңызға өзіңіз көрген қойылымның сюжеттік желісін қысқаша айтып беріңіз.



5-тапсырма. Мәтінде кездесетін тірек сөздердің көмегімен өздеріңіз тұратын жердегі театр және оның репертуарындағы қойылымдар туралы мектеп сайтына баспасөз парағын дайындаңыздар.

Театр, репертуар, қойылым, маусымдық, өнер тарландары, көрермен.



6-тапсырма. «БББ» кестесін толтырыңыз.

Білемін	Білдім	Білгім келеді



3-сабақ

Алғашқы қойылымдар



1-тапсырма. Елімізде алғаш сахналанған қандай қойылымдарды білесіздер?



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (22-аудио). Негізгі ақпараттарды дәптерлеріңізге жазыңыздар.




3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша еліміздегі театрлардың қай қойылыммен ашылғанын анықтап, кестені толтырыңыздар.

Театрлар атауы	Жылы	Қойылымның аты



4-тапсырма. Мәтіннен *театр* сөзімен тіркесетін сөздерді жазып, анықтама беріңіздер.

Үлгі:



5-тапсырма. Топқа бөлініп, «Қазіргі театр қандай болуы керек?» деген тақырыпта пікірталас ұйымдастырыңыздар.

Пікірталас шарты:

1. Қойылымдардың көрермен сұранысына бағытталуы.
2. Сахнаны жабдықтауда заманауи техникаларды пайдалануы.
3. Жас актерлерге қолдау көрсетуі.
4. Өзіндік ізденісті білдіретін дәлелдердің болуы.
5. Сөйлеуде интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізуі.



6-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» толтырыңыздар.

- Бүгінгі сабақтан алған әсеріңіз қандай?
- Кімнің жауаптары ұнады? Неліктен?
- Қандай қорытынды жасадыңыз?



4-сабақ

Театр – ұжымдық өнер



1-тапсырма. Театр өнерін неге ұжымдық өнер деп есептейді? Актерлерден бөлек қойылымды қоюға кімдер қатысады?



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Мәтін мазмұнына сын тұрғысынан сұрақтар дайындаңыздар.

Түсіндірме сөздік

алып – тұлға
ақсау – бұл жерде: жұмыс нашар болу
аяқты тең басу – жұмыс бірдей жүру

Театр үш алыптан тұрады: режиссер, драматург, актер. Режиссер ақса, қойылым шықпайды, актер ақса, жанды бейне болмайды, ал драматург ақса, оның пьесасын ешкім түсінбейді. Сондықтан осы үш алып аяқты тең басуы керек. Егер үшеуінің біреуі ақсап тұрса, құнды қойылым болмайды. Ал драматургия жақсы болса,

онда ол режиссураны тартады. Ал пьеса нашар болып, актер жақсы болса, онда актер – пьесаны тартады. Ұлы Абайдың өзін өртістер неше қырынан танытып, ойнап жүргені сияқты. Менің ойымша, актер – пьесаның авторы. Себебі автордың шығармасын жасайтын – актер. Сондықтан үш негіз бірдей болуы керек. Пьеса – драматургтің жұмысы.

Режиссерге берген соң одан қойылым шығару керек, ал қойылым – ол ұжымдық жұмыс. Ұжым араласқанда, түрлі ойлар талқыға түсіп, тіпті автордың идеясына қарсы шығатын идеялар туып жатуы мүмкін... Осы үш алып түсінісіп, ойы бір жерден шыққанда, ұзақ жасайтын қойылымдар өмірге келеді.

Есмұхан Обаев



3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша тапсырмаларды орындаңыздар.



4-тапсырма. Театр режиссері болсаңыз, қандай шығарманы сахнаға дайындар едіңіз? Неліктен сол шығарманы таңдадыңыз? Себебін түсіндіріңіз.



5-тапсырма. Үш топқа бөлініп (1-топ – көрермен; 2-топ – режиссер; 3-топ – артистер), бір-біріңізден сұхбат алыңыздар. Сұхбат сұрақтарын өздеріңіз дайындаңыздар.

Шарты. Көрермендер екі топтың мүшелерінен сұхбат алады. Сұрақ қай топқа тиесілі деп саналса, сол топ жауап береді. Көрермендер сұрақтар қойып, сұхбатты дамытып отыруы тиіс. Қалған топтар сауалға «Болжау» стратегиясы арқылы жауап береді.



6-тапсырма. Ойтаразы, 3-2-1 критерийі бойынша анықтаңыздар.

- 3 маңызды ақпарат;
- қиындық келтірген 2 мәселе;
- тапсырмадағы ұнаған 1 мәселе.



5-сабақ

Парижді таңғалдырған өнер ордасы



1-тапсырма. Қазіргі жастар театры қойылымдарына барып көрдіңіз бе? Соңғы рет қандай қойылымға бардыңыз? Өзара диалог құрыңыздар.



2-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Мәтіннің құрылымына назар аударыңыздар.

Жас қазақ театры Париж тұрғындарына этно-фольклорлық мюзикл – «Қыз Жібек» қойылымын сыйлады.

Трек сөздер

- этно-фольклор
- ғажап
- көрермен
- ықылас
- көрнекі
- айрықша

«Қыз Жібек» – қазақ фольклорының жауһары. Махаббат гимні болып табылатын бұл шығарма халықтың поэзиялық мұрасының бүкіл ғажайыбын бойына сіңірген.


Спектакльді тамашалаудан кейін көрермендер артистердің шеберліктеріне ерекше қошемет көрсетіп, ықылас білдірді. Олар қазақ халқының поэтикалық мұрасы өзінің алуантүрлілігімен және сұлулығымен жаулап алғандығын, халықтың

бай мәдениеті – бата беру, жоқтау, айтыс сынды дәстүрлерімен танысқандығын атап өтті.

«Тіл кедергілеріне қарамастан, маған өте қатты ұнады. Мәдениеттеріңді ғана емес, тарихтарыңды да сезіне алдым. Спектакль ғажап. Бәрі де өте көрнекі, шебер әрі терең ойластырылған. Драматургия да, киімдер де ұнады», – дейді француздық театртанушы, режиссер Давид Чавлис Ассатиани.

Ал театр сыншысы Мари-Кристин Сирижол: «Асқан сезімтал ұлттық колорит назарды баурап алады, қазақ мәдениетіне айрықша әсер беріп тұрған – өзіндік ішкі дүниесімен және айқындығымен тартады. Керемет қойылым. Өртістер мен бишілердің орындауы соншалықты ғажап! Айналаны түгел баурап, көңіл түкпіріне шейін жаулап алды», – деп, пікірімен бөлісті.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі сайтынан



3-тапсырма. Мәтінді шартты түрде бөліктерге бөліңіздер. Алғашқы бөлікте не туралы айтылды? Келесі бөлікте оның нәтижесі қалай баяндалды? Өз сөздеріңізбен жеткізіңіздер.



4-тапсырма. Суретті сөйлетіңіз. Сурет бойынша парталас досыңызға ақпарат беріп, театр қойылымына шақырыңыз.



5-тапсырма. Мәтін мазмұны негізінде өздеріңіз тұратын жердегі театр немесе ұнайтын қойылым туралы сөйлейтін сөздің жоспарын дайындаңыздар. Сол жоспарға сүйене отырып, қойылымнан алған әсеріңізді жазыңыз. Жазбаңызда көркемдегіш құралдар болсын.



6-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңіздер.

- Бүгін не үйрендіңіз?
- Сөздік қорыңызды қанша сөзбен толықтырдыңыз?
- Сабақ бойынша қандай сұрақтарыңыз бар?

**6-сабақ****Сәбит Оразбаев – театр шебері**

1-тапсырма. Сыныптасыңыздан қандай отандық актерлерді білетінін сұрап, диалог құрыңыздар.



2-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Мәтіннен күрделі сөздерді теріп жазып, жасалу жолын анықтаңыздар.

«Бүгін менің туған күнім, ой, пәле-ай! Мына халқым неге жатыр тойламай?!» Мұқағалидың осы өлеңіне өн шығарып, домбырамен айтатын атақты актер, Қазақстан Республикасының халық артисі Сәбит Оразбаев бүгінде 78 жасқа толып отыр.

Сонау «Беу, қыздар-айдағы» Сұлтаннан, «Белтірік бөрік астындағы» Арыстаннан «Қан мен тердегі» Сүйеу қартқа, «Анттағы» Әбілқайырға, «Абылайдың ақырғы күндеріндегі» Бұқар жырауға дейінгі өнегелі өнер жолына биік баға берілді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды, «Парасат» орденімен марапатталды. Сексеннің сеңгіріне тақаған тұсында тамаша талант иесі тағы бір тың қырынан танылып отыр. Ол – жап-жақсы қаламгерлігі. Мұның өзі сахна сардарының көңіл көкжиегінің кеңдігін көрсететін жай. Актердің эсселері, естеліктері, ой-толғамы «Өмірдің өзі – театр» деген атпен жарық көрді. Кітапта қазақ театры мен кино өнері тарландарының сахна сыртындағы өзіл-оспағы, театрдан тыс тіршілігі, өнер жайындағы ой-толғамы баяндалады. Сол өңгімелерді актер қарапайым ауызекі сөйлеу мәнерімен қағазға әсерлі түсіріп шыққан. Кейбірі ойлантады, кейбірі күлдіреді, кейбірі таңдандырады. Қай-қайсысында да автордың қазақтың асыл перзенттеріне деген құрметі байқалады.



Сәбит Оразбаев

«Егемен Қазақстан» газетінен



3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. С.Оразбаев кім?
2. Ол қандай қойылымдарда және қандай рөлдерді сомдаған?
3. Ол тағы қандай қырынан танылды?
4. «Өмірдің өзі – театр» дегенді қалай түсінесіздер?
5. Бұл кітапта не туралы айтылады?



4-тапсырма. Мәтін мазмұны негізінде С.Оразбаев туралы баспасөз парағын жазыңыздар.



5-тапсырма. Бүгінгі жас актерлердің ішінен өзіндік ізденісі бар деп кімдерді айта аласыздар? «Төрт сөйлем» тәсілімен өз ойларыңызды дәлелдеңіздер.

Пікір. Пікіріңізді бір сөйлеммен жазыңыз.

Дәлел. Пікіріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіз.

Мысал. Пікіріңізді өмірмен байланыстырып мысал келтіріңіз.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жазыңыз.



6-тапсырма. «БББ» кестесін толтырыңыз.

Білемін	Білдім	Білгім келеді



7-сабақ

Актерлік өнердің қыр-сыры



1-тапсырма. Актердің бойында қандай қасиеттер болуы керек деп ойлайсыздар?



2-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Ондағы ақпараттың шынайылығына өз көзқарастарыңызды білдіріңіздер.

Тірек сөздер

- сынақ
- үміткерлер
- құдірет
- қиындық
- бағын сынау
- еңбек ету

Алматыдағы Құрманғазы атындағы консерваторияның өзінен драмалық театрға актер дайындайтын бөлім ашылып, Қазақстанның алыс-жақын облыстарынан жастар жиналды. Арمانымыз – сынақтан аман өтіп, абыройлы актер болып, кино және театр саласында тамаша бейнелер жасап, халыққа қызмет ету. Кілең сұлу қыздар мен көркем жігіттер. Әрине, армандау айып емес. Бірақ бойындағы өнерге деген

талант атты құдіреттің өлшемі қандай? Айтуға оңай болғанымен, сан алуан қиындықтың тұрғанын қайдан білесің? Біліп тұрғаныңды айтып жеткізудің өзі – біршама жетістік. Залда отырған тұлғалар жүріс-тұрысыңа, бойыңа, әсіресе көз жанарыңа мән береді. Үміткерлердің ішінде де басқа оқу орнына түсе алмай қалған, бағын сынамақшы болғандар да жетіп артылатын.

«Сендер барлығың актер боламын деп келдіңдер. Алдымен бойларыңда осы мамандыққа лайық табиғи қасиеттер бар ма, жоқ па, соны білуім керек», – деп Асекең (Асқар Тоқпанов) үміткерлердің бөрімен жеке кездесіп, кеңесу арқылы 40-ын сынаққа жіберді.

Асқар Тоқпанов оқуға түскен студенті бар, кандидаты бар, бөріміздің басымызды қосып, өңгіме-дүкен құрды.

– Шырақтарым, өнер жолы – қиын жол, аянбай еңбек етіңдер, бұл мамандық көп ізденуді, көп білуді талап етеді... Актер деген сергек, саққұлақ болу керек. Жастық шақ – ақыл жинау кезеңі. Көп оқып, білім жинасаң, ақылды боласың, парасаттылық дәрежеге жетесің. Сені қиындықтан алып шығатын ең жақын досың – ақыл-парасатың, – деді...

Сәбит Оразбаев. «Өмірдің өзі – театр» кітабынан



3-тапсырма. Мәтінді мағыналық бөліктерге бөліп, әр бөліктегі негізгі ақпаратты екі-үш сөйлеммен жеткізіңіз.



4-тапсырма. Топтық жұмыс. «Актер болу қиын ба, оңай ма?» деген тақырыпта пікірталас ұйымдастырыңыздар. Тұжырымдамалық кестені толтырып, қорытынды шығарыңыздар.

1-топ	2-топ
Актер болу қиын. Себебі...	Актер болу оңай. Себебі...



5-тапсырма. Досыңыздың арманы актер болу. Оған қандай кеңес берер едіңіз? Берілген сөздерді қатыстырып шағын мәтін жазыңыз.

Бақ сынау; қиындықты жеңе білу; сергек болу; көп оқып, білім жинау; парасаттылық дәрежеге жету.



6-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңіз.

- Бүгін не үйрендіңіз? Пікірталасқа түсе алдыңыз ба?
- Сөздік қорыңызды қанша сөзбен толықтырдыңыз?
- Сабақ бойынша қандай сұрағыңыз бар?
- Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?



8-сабақ

Балуан Шолақ



1-тапсырма. Балуан Шолақ туралы естулеріңіз бар ма? Қосымша ақпарат көздерінен (энциклопедиялар, БАҚ материалдары т.б.) өнер саңлағы туралы ізденіп, коллаж жасаңыздар.



2-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттарды INSERT оқыту стратегиясы бойынша талдаңыздар. Өз ойларыңызды қорытындылап жазыңыздар.

Балуан Шолақ Баймырзаұлы (1864–1916 жж.) – қазақтың халық композиторы. Өншілігімен қоса, ат ойынының түрлі тәсілін меңгерген өнерпаз, күш өнерін көрсеткен спортшы, жауырыны жерге тимеген балуан. Оның есімін де халық осы соңғы өнеріне сүйсінгендіктен, еркелетіп, жас күнінде саусағын үсітіп алуына байланысты «Балуан Шолақ» деп атаған. Өзінің шын аты – Нұрмағанбет. Балуан Шолақ өнші-ақындар дәстүрін ұстанып, өннің әуенін де, сөзін де қатар шығарған және оны өзі орындаған. Сонымен бірге Балуан Шолақ – жанына нөкер ертіп, елге ойын-сауық көрсеткен өнерпаз. 14 жасынан бастап күреске түсіп, ат құлағында ойнаған спортшы болған. Шауып келе жатқан аттың үстінде түрегеліп, не басымен тұрып, аттың бауырынан тік,



Балуан Шолақ

Тірек сөздер

- саңлақ
- әнарғаз
- өншілік
- сыйын-сауық
- жойқын күш
- ептілік

бір аяғын үзеңгіге қыстырып, шалқалап жатып шабатын болған. Мұның өзі бойында жойқын күштің бар екенін, ептіліктің шебері болғанын айғақтайды. Балуан Шолақ қазақтың далалық театр, цирк өнерінің іргетасын қалаған. Көкшетау қаласындағы үлкен жиындарда 51 пұт (830 келідей) кірдің тасын көтеріп, қалың жұртты таңғалдырған. 1899 жылы орыс балуаны Иван Кореньмен күресіп, оны жеңгенде Балуан Шолақ

35-те еді. «Бұл күнде отыз бесте менің жасым, Қамалдың бұзып жүрмін тау мен тасын. Кешегі сентябрьдің базарында, Көтердім елу бір пұт кірдің тасын», – деген өлеңі де бар. Балуан Шолақ ел аралап, салдық құрады және жалғыз-жарым жүрмей, маңына өнші-күйші, балуан, өнерлі жастарды жинайды. Топ құрып, «ансамбль» болып сауық құру Балуан Шолақтың дәстүріне айналған...

Сәбит Оразбаев. «Өмірдің өзі – театр» кітабынан



3-тапсырма. Берілген сөздердің мағынасын «Қос жазба күнделігінде» түсіндіріңіздер.

Тіркестер	Түсіндірмесі
жауырыны жерге тимеу	
нөкер ерту	
ат құлағында ойнау	
салдық құру	



4-тапсырма. Мәтін мазмұнына сай келетін мақалды тауып, мәнін ашыңыздар.

- Күшіңе сенбе, ісіңе сен.
- Сегіз қырлы, бір сырлы.
- Өнерліге есік ашық.

Көсемше

Көсемше – бірде жіктеліп келіп немесе күрделі етістіктің құрамында қимыл, іс-әрекетті білдіріп, бірде қимыл, іс-әрекеттің өзін емес, оның әртүрлі сипатын, мақсатын, мезгілін білдіріп, екі түрлі қызмет атқаратын етістіктің түрі. Мысалы: *күлімсіреп (қалай?)* қарады, *қасқайып (қайтіп?)* тұра қалды, *асықпай (қалай?)* сөйлейді т.б.

Көсемшенің жұрнақтары:

- **-ып, -іп, -п:** бар-ып, көр-іп, сана-п, сөйле-п т.б.
- **-а, -е, -й:** қал-а, бер-е, көр-е, сана-й, сөйле-й, келме-й, барма-й т.б.
- **-қалы, -келі, -ғалы, -гелі:** қайт-қалы, кет-келі, оқы-ғалы, кел-гелі т.б.
- **-қанша, -кенше, -ғанша, -генше:** қайт-қанша, өт-кенше, біл-генше.

5-тапсырма. Топтық жұмыс. «Сөз жарысы»

1-топ. Оқылым мәтіні бойынша күрделі етістіктерді тауып, көсемше тұлғалы етістікке айналдырады.

2-топ. Көсемше тұлғалы етістіктермен сөйлемдер құрайды.

Қай топ мысалды көбірек келтірсе, сол топ жеңіске жетеді.

6-тапсырма. Ойтаразы. Сабақта алған білімдеріңіз бойынша «Екіжақты күнделік» кестесін толтырыңыз.

Маған әсер етті	Недіктен әсер етті?

9-сабақ **Актерлік шеберлік**

1-тапсырма. Венн диаграммасы арқылы театр мен кино өнерінің айырмашылықтары мен ұқсастықтарын анықтаңыздар. Өзіңіз қайсысына көбірек барасыз? Неге?

2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (23-аудио). Мәтін кім туралы? Болжам жасаңыздар.

3-тапсырма. Мәтін мазмұны негізінде кейіпкерге мінездеме беріңіз. Мына көркем-дегіш құралдарды қолданыңыздар.

Ұршықша айналдыру; жеріне жеткізе ойнау; өз қатарынан оқ бойы озық тұру.

4-тапсырма. Театрға бардыңыз. Көрермендер отырып қойған. Сіздің орныңыз – ортада. Өз орныңызға өтуіңіз үшін қандай әрекет жасайсыз?

5-тапсырма. Кестені дәптерлеріңізге толтырып, өзіңізге ұнайтын актердің шеберлігі туралы жазыңыз.

Менің сүйікті актерімнің аты-жөні	
Қай театрда жұмыс жасайды?	
Ойнаған рөлдері, актерлік шеберлігі	
Оған қоятын сауалым	

6-тапсырма. «ҚӨДК» әдісімен мәтін бойынша ойыңызды тұжырымдаңыз.

Қосатыным –

Өзгертер едім –

Дамытамын –

Күрделендіремін –

10-сабақ **Театр тарландары**

1-тапсырма. Суреттерде кімдер бейнеленген? Олар туралы не білесіздер? Олардың арасында қандай байланыс болуы мүмкін?



Қалибек Қуанышбаев Нұрмұхан Жантөрин Ыдырыс Ноғайбаев



2-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Қандай жанрда жазылған? Тілдік бірліктері арқылы дәлелдеңіздер.

Тірек сөздер

- сомдау
- бейне
- ғұлама
- қазына қарт
- ықылас
- күңірену

«Фархад-Шырын» қойылымының көпшілік сахнасына қатыстық. Нұрмұхан Жантөрин мен Ыдырыс Ноғайбаев бас кейіпкер Фархадтың рөлін кезектесіп ойнайды. Өндері қандай, сөз деген маржандай, ойлары терең, бойлары биік саңлақтар еді. Қойылымда тау қопаратын батырларды сомдайды. Біржұтым суға зар болған, қан сасыған қаланы басқарып отырған ханшайым Мехменебану рөлінде Хадиша апамызды, сіңлісі

Шырындай сұлу қыздың бейнесінде Шолпан апамызды көру біздер, студенттер үшін таңғажайып дүние көргендей, таңғалып қарайтынбыз.

Қойылымның режиссері Моисей Исаакович Гольдблат деген атағы жер жарған ғұлама, көп білетін кісі еді. Екінші режиссердің қызметін халықтың өдет-ғұрпын, дәстүрін көп білетін, қазына қартымыз Қалибек Қуанышбаев атқарды. Ол Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» атты пьесасында батагөй қарт Абыздың рөлін керемет ойнайтын. Қойылымның соңында Абыз баба қандықол Еспембеттің жауыз жігіттері Еңлік пен Кебекті өлтіріп, жас нәрестені тастап кеткен жерінен тауып алып, құшақтап тұрған қойшы Жапалды (Сейфолла Телғараев сомдаған) көріп, боз іңгендей боздап күңіренгенде, жүрегіңнен қан ағатын. Жоғары деңгейде қойылған классикалық спектакль көрерменнің ықыласына бөленіп, театр репертуарынан түскен жоқ...

Сәбит Оразбаса. «Өмірдің өзі – театр» кітабынан



3-тапсырма. Мәтін мазмұнын 2-жақтан әңгімелеңіз.



4-тапсырма. Жұптық жұмыс. Мәтінде аталған тұлғалар жөнінде не білесіздер? Ізденіп, таныстырылым жасаңыздар.

5-тапсырма. Соңғы көрген театр қойылымы немесе кино туындысы туралы шағын мәтін жазыңыздар. Қандай әсер алдыңыздар?

Шарты:

- Қойылымның немесе фильмнің жанры.
- Режиссер мен сценарий авторының айтқысы келген ойы.
- Актерлердің рөлді сомдау шеберлігі.
- Көсемше тұлғалы етістіктерді қолдану.

6-тапсырма. Ойтаразы. Сұрақтарға жазбаша жауап беріңіздер.

- Мен ... түсіндім.
- Маған ... қиын болды.
- Мені ... таңғалдырды.
- Мен үшін

11-сабақ **Ұстаздың ұлы келбеті**

1-тапсырма. Сабақ не туралы болмақ? Сабақтың тақырыбына назар аударып, болжаңыздар.

2-тапсырма. Мәтінді оқушының оқуынан тыңдаңыздар. Оқушының оқу мәнеріне көңіл бөліңіздер. Тыныс белгілері қойылған жерге кідіріс жасады ма? Бағалаңыздар.

Топта әдебиетке бейім жастар да болды. Солардың бірі – Оспанхан Өзбекіров. Өзі өзілкеш болатын. Болмайтын жерден сөз тауып, оны өзілге айналдырып, жанындағыларды күлдіріп жүретін. Тілінің уы бар-тын. Асқар Тоқпановтың көріне ілікті. «Сенен актер шығуы қиын. Қалжыңбассың, өзіл-оспақтан басқаға бейімің жоқ!» – деп ұрсатын. Ерегіскенде Оспанхан актерлікті бітірді. «Қозы Көрпеш-Баян сұлудағы» Жантықтың рөлін өзінің дипломдық жұмысы ретінде ойнап шықты. Кәдімгі актерлердей сенімді ойнады. Комиссия мүшелерін төңті етті. «Ойнаймыз деп Жантықты, Қалмады ғой жан тіпті. Оспан өртіс болмас деп, Кейбіреулер танытты», – деген уытты жыры осы кезде жазылды. Консерваторияның қабырға газетінде жазылған бұл жалғыз жыр шумағы сол күннен бастап-ақ ауыздан-ауызға тарап, атақты өлең болып кетті. Бұл шумақ әсіресе Асқар Тоқпанов ұстазымыздың шымбайына шындап батып еді.



Асқар Тоқпанов

Асқар Тоқпановтың қазақтың актерлік мектебін қалыптастырудағы еңбегі ересен. Оны жоққа шығаруға болмайды. Бұған тарих куә. Қазақ театрының көркіне айналған Бикен Римова, Шолпан Жандарбекова, Байділда Қалтаев, Мұхтар Бақтыгереев және тағы да басқа атақты актерлеріміздің бәрі дерлік – осы Асқар ағамыздың тәлім-тәрбиесін

алғандар. А.Тоқпанов керемет ұстаз болатын. Адамды жазбай танитын. Оспанханға да «Сенен өртіс шықпайды, өзіл-оспаққа бар» деп жүргені сол. Асанәліні де ауылшаруашылық институтында агрономның оқуына түсейін деп жүрген жерінен консерваторияға сүйреп әкелген...

Сәбит Оразбаев. «Өмірдің өзі – театр» кітабынан



3-тапсырма. Берілген сөздердің мағынасын сәйкестендіріңіздер. Түсінгендеріңізді дәлелдеу үшін сөйлем құраңыздар.

Тіркестер	Түсіндірмесі
көріне ілігу	анық білу
тілінің уы бар	риза қылу
жазбай тану	қаһарына ұшырау
төнті ету	тілі ащы
шымбайына бату	намысына тию



4-тапсырма. Мәтіннен кісі есімдерін табыңыздар. Олар *кімдер? қандай? не істейді?* деген сұрақтарға өзара диалог құрып жауап беріңіздер.



5-тапсырма. Үзінді мазмұнын кейіпкер атынан бес-алты сөйлеммен баяндап жазыңыз.



6-тапсырма. «Қосу, алу, қызықты» кестесі бойынша сабаққа өз көзқарасыңызды жазыңыз.

Қосу	Алу	Қызықты



12-сабақ

Өз кәсібінің хас шебері



1-тапсырма. *Режиссер* дегеніміз кім? Оның театрдағы міндеті мен спектакль қою барысындағы атқаратын қызметі қандай?



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Үзіндіге ат қойып, жоспар құрыңыздар.



Əmirbajran Məmbetov

Əmirbajran Məmbetov оқуды Мәскеуден бітіріп келді. Сосын Қазақстанның әр облысында спектакльдер қойып, тәжірибе жинақтады. «Әзекеңнің өзіне дейінгі және өз кезіндегі режиссерлерден артықшылығы неде?» деген сұраққа мен еш қиналмастан әрі ойланбастан: «Мәмбетов мизансценаның майталманы еді», – деп жауап берген болар едім. Қай рөлге қандай актер лайықты екенін дөп басатын, еш жаңылыспайтын. Өйткені, спектакльдің мақсатын, кейіпкердің айтпақ ойын жете түсінетін. Сол мақсатына жеткізуге күш салатын. Кімнің қолынан не келеді? Қарым-қабілеті қандай? Осының бәрін Ә.Мәмбетов бес саусағындай

билетін. Өзекеңнің қара шаңырақ – қазақ театрында қойған алғашқы спектаклі – «Беу, қыздар-ай!» болатын. Қанабек Байсейітов пен Қуандық Шаңғытбаевтың бірлесіп жазған пьесасы еді. Пьесаның оқиғасы: ақын, доцент және суретші ауылдан оқуға келген сауыншы Айсұлу есімді қызға ғашық болып қалып, соны іздеп барудан басталады. Ақын ролінде – Райымбек Сейітметов, доцентті – Ғабдош (Ғабдолла) Сүлейменов, суретшіні мен ойнадым. Спектакль керемет болып шықты. Көрермен мейлінше көп жиналды. Бүкіл Қазақстанды аралап, сол спектакльді қойып шықтық. Біздің танылуымызға осы спектакльдің өсер-ықпалы мол болды. Осының бәрі Өзекеңнің ой-өрісінің мықтылығы, мизансценаны жетік меңгергендігі еді...

«Беу, қыздар-ай!» қойылымы сахнаға шыққалы жарты ғасырдан асса да, онда көтерілген мәселе әлі де өзектілігін жойған жоқ. Онда ауылда жұмыс күшінің жетіспеушілігі, жоғары білімді жас мамандардың аз келетіні өзілмен, астар-түспалмен жеткізілген еді...

Сәбит Оразбаев. «Өмірдің өзі – театр» кітабынан



3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Өзінбайжан Мәмбетов кім?
2. Оның басқа режиссерлерден артықшылығы неде?
3. Оның алғаш қойған спектаклі қалай аталады?
4. Спектакль қандай оқиғаға құрылған?
5. Халық қойылымды қалай қабылдады?



4-тапсырма. «Мизансценаның майталманы» дегенді қалай түсінесіздер?



5-тапсырма. Мәтін мазмұны негізінде Ә.Мәмбетовке мінездеме беріңіздер. Көркем-дегіш құралдарды қолданыңыздар.



6-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүгін не үйрендіңіздер?
- Бұрын естімеген қандай өнер иелерімен таныс болдыңыздар?
- Көсемше тұлғалы етістіктерді ажырата алдыңыздар ма? Ойларыңызды дәлелдеңіздер.



13-сабақ

Жолда



1-тапсырма. Мәтінді оқушының оқуынан тыңдаңыздар. Мәтін кейіпкері неге мазасыз күй кешті? Сыныптасыңыздың түсінген-түсінбегенін білу үшін, оған сұрақтар қойыңыз.

Арқаның бораны ұлып тұр. Аяздың түрі жаман. Бет қаратпайды. Түн ортасында солтүстік жақтан келген пойызға отырдым... Орныма әбден жайғасып алған соң өзіме сыйға берген домбыраны қолыма алып, ақырын шертіп көрдім. Даусы ғажап, сыңғырлап тұр. Астыңғы

Трек сөздер

- шерту
- сыңғырлау
- ұлу, жылау
- ғажап
- түлей күш
- жалғыздық

Ішек үстіңгісімен үйлесім тапқан. Домбыра үні сырттағы боранның үліне қосылып бірде ұлып, бірде жылап, бірдеңені жоқтағандай күңіреніп кетті. Пушкиннің боран туралы өлеңіндегідей – «бірде ұлыған аң сияқты, бірде жылайды баладай». Осындай бір түсініксіз жағдайда қалдым. Біртүрлі үрей бар сияқты. Табиғаттың түлей күші не істеймін десе еркінде ғой. Түлей дауыл мен екпіндете соққан желге,

өртүрлі қорқынышты дауыстарға қарамастан, пойыз нартөуекел дегендей ыңыранып алға тартып келеді. Ертең Алматыға жетуім керек. Кешкісін Өуезов театрында ойнайтын рөлім бар. «Отыз ұлың болғанша» спектаклінде басты кейіпкер Абдолланы ойнаймын. Сахнаға қанша рет шықсаң да шатасып, сөзіңді ұмытып қалмау үшін мұқият дайындалған жөн. Бірақ сырттағы алай-түлей боранның үні көңілдімді бөле берді. Өзіммен бірге алып жүрген қойындөптерімнен сөздерімді бір қайталап алайын десем, боранның зор үні, қасқырлардың ұлыған дауыстары мұрша берер емес. Ертеңгі спектакльдегі рөлім бойынша жалғыздықтың зардабын тартқан соқа басыма серік қылып қарттар үйінен қыз-келіншектердің біреуін алып кетуім керек. Рөлдерді ойнайтын – Қазақстанның халық артистері Шолпан Жандарбекова мен Фарида Шәріпова... Неге екенін білмеймін, ұйқы қашты менен...

Сәбит Оразбаев. «Өмірдің өзі – театр» кітабынан



2-тапсырма. Автор «бірде ұлыған аң сияқты, бірде жылайды баладай» деп нені айтып отыр? Анықтап, мәнін ашыңыздар.



3-тапсырма. Мәтінді 3-жақтан әңгімелеп беріңіздер.



4-тапсырма. Танымал тұлғамен сапарлас болдыңыз. Қандай тақырыпта және қалай сөйлесер едіңіз? Сұрақтарды өзіңіз дайындаңыз.



5-тапсырма. Мәтін мазмұны негізінде «Жолда» деген тақырыпта шағын мәтін жазыңыздар.



6-тапсырма. Ойтаразы. Сабақ бойынша өз пікірлеріңізді кестеге толтырыңыз.

Білемін	Білдім	Білгім келеді

**14-сабақ Театрдағы әсер**

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (24-аудио). Қандай актердің есімі аталды? Ол туралы не білесіз? Кластер түзіп, айтыңыз.

2-тапсырма. ПОПС формуласын қолданып, мәтін бойынша өз ойларыңызды білдіріңіздер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.

3-тапсырма. Төменгі сыныпта оқыған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын еске түсіріңіздер. Жырдың негізгі идеясы неде? Кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімнен тұратын жоспар құрыңыз.

4-тапсырма. Өміріңізде болған қызықты оқиғаны топ алдында айтып беріңіз. Алдымен сол әңгіменің жоспарын құрыңыз.

5-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті көсемше тұлғалы етістіктің жұрнағын қойып, сөйлемдерді толықтырыңыздар.

1. Олар «Абай» спектакліне бар... жатыр екен. 2. Біз театрға жет..., қойылым басталып кетіпті. 3. Абайды сомдаған актерді көр..., бойымды алапат сезім биледі. 4. Ұлы тұлғаның бейнесін барынша ұқсат... сомдау кім-кімге де оңай емес. 5. Театр директоры ұжымның жетістігін мақтан... айтты.

6-тапсырма. Бүгінгі сабақ бойынша «Қос жазба күнделігінде» пікір білдіріңіз.

Маған ұнағаны	Түсіндірме (комментарий)

15-сабақ Халықаралық театр фестивалі

1-тапсырма. Театр фестивальдарын өткізудегі мақсат не? Қандай халықаралық кино немесе театр фестивальдарын білесіздер?



2-тапсырма. Мәтінді оқып, құрылымына, баяндау үлгісіне назар аударыңыздар.

Трек сөздер

- үздік
- айтулы
- ауқымды шара
- шеберлік
- жүзде
- тәжірибе бөлісу

2018 жылдың 16–29 маусымы аралығында II Дүниежүзілік «Астана» театр фестивалі өтті. Театр фестивалі елордалық көрерменнің үздік театр қойылымдарымен танысуына мүмкіндік берді.

Фестиваль аясында М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры, Қ.Қуанышбаев атындағы академиялық қазақ музыкалық драма театры, «Астана мюзикл»

театры, Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры сияқты қазақстандық айтулы өнер ұжымдары өздерінің үздік қойылымдарын ұсынды. Ауқымды шарада отандық театрлардан бөлек, «Piccolo Teatro di Milano» (Италия), «1927» (Ұлыбритания), «Meno Fortas» (Литва), «TRWarsawa» (Польша), Ш.Руставели атындағы Грузин мемлекеттік академиялық театры (Грузия), «Beijing People's Art Theatre» (Қытай), «Nakamura Gekijo» (Жапония), «Московский губернский театр», Ленсовет атындағы Санкт-Петербург академиялық театры (Ресей) секілді әлемдік өнер ұжымдары арнайы келіп, көрермендерді қуантты.

Сонымен қатар француздық кино және театр актрисасы, Оскар сыйлығының, Канн кинофестивалінің «Алтын пальма бұтағы» жүлдесінің, Берлин, Венеция кинофестивальдары сыйлығының иегері Жюльет Бинош еліміздегі және өзге де әріптестеріне шеберлік сыныптарын өткізді. Еуропа мен Азияның белгілі театр сыншылары мен драматургтері қатысып, өз тәжірибелерімен бөлісті.

«Алматы ақшамы» газетінен



3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңізге сұрақтар қойып, диалог құрыңыздар.



4-тапсырма. Мәтіннен күрделі сөздерді тауып, олардың жасалу жолын анықтаңыздар.



5-тапсырма. Мәтін үлгісінде мектеп сайтына өздеріңіз тұратын жерде өтетін фестивальдар жайлы баспасөз парағын дайындаңыз.



6-тапсырма. Ойтаразы. «Әңгімелесетін әріптестер». Сабақ мазмұнын жұп болып талқылаңыздар.

- Жаңа оқыған үш факті;
- жеңіл болған ақпарат;
- қиын болған ақпарат;
- алдағы уақытта оқығым келетін ақпарат.

16-сабақ

Нәтиже сабақ



1-тапсырма. Тақырып бойынша *театр, театр тарландары, қойылымдар* туралы қорытындылап, сұрақтар дайындаңыздар. Өзара диалог құрыңыздар.



2-тапсырма. «Кубизм» әдісін пайдаланып тапсырманы орындаңыз.

1. *Баяндаңыз.* Театр өнері туралы не білдіңіз? Өңгімелеңіз.

2. *Қолданыңыз.* Сөйлеу кезінде көсемше тұлғалы етістіктерді қолданыңыз.

3. *Салыстырыңыз.* Көрген қойылымдарыңызды салыстырыңыз.

4. *Топтастырыңыз.* Отандық және шетелдік артистердің ұқсастықтарын топтастырыңыз.

5. *Зерттеңіз.* Отандық театр саласындағы артистер туралы деректер іздеңіз.

6. *Қорытындылаңыз.* Театр өнерінің маңызы туралы қорытынды жасаңыз.



3-тапсырма. Қазіргі театр артистері мен аға буын өкілдері арасындағы ұрпақтар сабақтастығы қаншалықты маңызды? Топ болып талқылаңыздар.



4-тапсырма. «Өмірдің өзі – театр» тақырыбында ойларыңызды жинақтап, эссе жазыңыздар.



5-тапсырма. Ойтаразы. 3–2–1 критерийі бойынша анықтаңыздар.

- 3 маңызды ақпарат;
- қиындық келтірген 2 мәселе;
- тапсырмадағы ұнаған 1 мәселе.



1-сабақ

Қазақстандағы туризм мәселесі



1-тапсырма. Суреттен не көріп тұрсыздар? Туризмнің қандай түрлері бар? Олардың әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктерін айтыңыздар.



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Әр азатжолдан е туралы айтылған? Мәтіннен авторлық көзқарасты анықтаңыздар.

Дүниежүзілік туристік ұйымның соңғы мәліметтеріне қарағанда, осы саламен айналысатын мемлекеттер қазынасына сырттан түсетін инвестицияның 10 пайызға жуығы тек экотуризм саласына тиесілі екен. Сондықтан да туризмнен түскен кіріс дүниежүзі бойынша әлі күнге дейін мұнай экспорты мен көлік сатудан кейінгі үшінші орынды иеленіп келеді. Экотуризмнің ерекшелігі – табиғаттың бүлінбеуі, табиғатта туристердің берілген тәртіпке бағынуы, табиғи ландшафтыларды шамадан тыс ластаудан қорғау және индустриялық туризм дамуының басты шарты болып табылатын табиғи ресурстардың жойылу қаупін болдырмау.

Экотуризм – соңғы онжылдықта бүкіл әлем бойынша кең тараған, қазіргі заманға сай туризмнің жаңа бір бағыты. Экотуризмнің

танымалдылығына дәлел болатын фактілер, яғни, экотуризмді одан әрі дамытуға қызығушылық танытып жүрген халықаралық ұйымдар: Бүкіләлемдік туристік ұйым, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Бүкіләлемдік жабайы табиғат қоры, Халықаралық табиғат күзеті одағы және табиғат ресурстары.

Қазақстанда экотуризм қарқынды даму үстінде. Қорғалатын аймақтарға алыс-жақын шетелдерден келген туристердің қызығушылығы жыл сайын артуда.

Трен сөздер

- экотуризм
- тиесілі
- бұлінбеу
- табиғи ландшафты
- қарқынды даму
- алыс-жақын


«Егемен Қазақстан» газетінен



3-тапсырма. Жұптық жұмыс. Мәтіннен күрделі сөздер мен термин сөздерді тауып, жасалу жолын анықтаңыздар.



4-тапсырма. Екі топқа бөлініп, еліміздегі экотуризмнің дамуына SWOT-талдау жасаңыздар.



5-тапсырма. Қалай ойлайсыз, экотуризмнің ерекшеліктері неде? Оларға қандай нысандарды жатқызар едіңіз? «Төрт сөйлем» тәсілін қолданып өз ойыңызды жазыңыз.

Пікір. Өз пікіріңізді бір сөйлеммен жазыңыз.

Дәлел. Өз пікіріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіз.

Мысал. Пікіріңізді өмірмен байланыстырып мысал келтіріңіз.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жазыңыз.



6-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүгін не үйрендіңіздер?
- Бұрын естімеген қандай сөздермен таныс болдыңыздар?
- Келесі сабақта қандай ақпарат білгілеріңіз келеді?



2-сабақ

Қазақстандағы туристік нысандар



1-тапсырма. Біздің елімізде қандай туризм дамыған? Қазақстандағы туризмнің болашағы қандай? Ой бөлісіңіздер.



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (25-аудио). Қандай ақпараттар естеріңізде қалды? Өз ойыңызды дәлелді жеткізіңіз.



3-тапсырма. Топтық жұмыс. Мәтінді қайта тыңдап, Қазақстандағы туристік нысандарды топтап, кестеге салыңыздар. Венн диаграммасы арқылы әр туристік нысанның ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айтыңыздар.

Аймақтар	Туристік нысандар
Солтүстік Қазақстан аймағында	
Шығыс Қазақстан аймағында	
Түркістан аймағында	
Батыс Қазақстан аймағында	
Орталық Қазақстан аймағында	



4-тапсырма. Жұптық жұмыс. Елімізде экотуризмді дамытуға арналған шарада жоба қорғайсыз. Қандай тақырыпты таңдап алар едіңіз және ол қаншалықты маңызды деп ойлайсыз? Жобаның жоспарын құрып, таныстырыңыз.



5-тапсырма. Өз аймақтарыңызда қандай туризмді дамыту мүмкіндіктері бар екендігі жөнінде таныстырылым жасаңыздар.



6-тапсырма. Ойтаразы. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүгінгі сабақтың басты мәселесі не болды?
- Топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?
- Бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?
- Сабақ маған қандай әсер қалдырды?
- Қандай қиындықтар кездесті?



3-сабақ

Қазіргі экологиялық ахуал



1-тапсырма. Өздеріңіз тұратын жердегі аймақтың экологиялық жай-күйі туралы әңгімелеңіз.



2-тапсырма. Мәтінді оқып, жоспар құрыңыздар. Сіздерге қандай ой салды?

Тірек сөздер

- темір тұлғар
- қыруар
- таңсық
- зиянды қалдық
- шығар бермеу
- көрінісінше

Дүниежүзілік банк сарапшылары келтірген мәліметтерде 2050 жылға қарай әлемде автокөліктер саны 2 есе көбейеді. Алдағы 30 жылда, кем дегенде 1,2 миллиард көлік сатылады деген жоспар бар. Әлемде темір тұлғарға сұраныстың артуы онсыз да күрделі экологиялық мәселені одан сайын ушықтырып отыр.

Қыруар шығынды қажет етпейтін көлемі шағын көліктерге еуропалықтардың үйір-сек келетіні біз үшін таңсық көрінеді. Десе де, шағын мәшинелерге сұраныстың жоғары болуына әсер етіп отырған басқа да бірнеше фактор

бар. Біріншіден, Еуропаның көптеген елінде автокөлік салығы тікелей ауаға тарайтын зиянды қалдықтар көлеміне байланысты белгіленеді. Екіншіден, жанар-жағармай құны біздің елмен салыстырғанда әлдеқайда жоғары. Оның үстіне, Еуропа елдерінің барлығында автожолдар түзу және тегіс. Яғни, жолда шағын көлікке ешқандай кедергі туындамайды. Сонымен қатар Еуропа елдерінде көлік тұрағы жүргізушілердің қалтасына айтарлықтай салмақ салады.

Керісінше қазақстандықтар тарапынан іші кең мәшинелерге сұраныс та, қызығушылық та жоғары. Себебі елдің аумағы үлкен, қалалар мен елді мекендер бір-бірінен шалғай орналасқан. Республикалық маңызы бар жолдардың басым бөлігі шағын автокөліктердің жүруіне арналмаған. Ойқы-шойқы жолдардан өтуге, өрине, салмағы ауыр, жолға шыдас беретін көлік қажет. Елдің солтүстік өңірлерінде ауа райы қатал, қатты жел, боран көп соғады. Шағын көліктердің аязды, боранды күндері оталуы қиындайтыны, қақаған қысқа шыдас бермейтіні тағы бар, – дейді эколог-маман.

Еуроодақтың кейінгі жылдары қолға алған бастамаларының бірі – Еуропадағы ескі көліктерден құтылу үдерісі. Өйткені ескірген автомобильдердің ауаны ластау деңгейі де жоғары. Еуропалықтар өздерінде өндірілген көліктерді ғана қолданатынын ескерсек, Еуроодақ басшылығы жыл сайын мәшине шығаратын компанияларға талапты күшейтіп, экологиялық таза көліктерді көбейтуге басымдық беріп отыр.

«Егемен Қазақстан» газетінен



3-тапсырма. Топқа бөлініп, мәтіндегі ақпарат негізінде өз пікірлеріңізді тұжырымдаңыздар.

Сөйлемдер	Менің пікірім
Еуропа елдері таза ауамен тыныстап, саламатты өмір салтын ұстануды 20–30 жыл бұрын жоспарлайды. Бізде қалай?	
Қазақстандықтар тарапынан іші кең мәшинелерге сұраныс та, қызығушылық та жоғары. Оның себебі неде?	
Еуроодақтың кейінгі жылдары қолға алған бастамаларының бірі – Еуропадағы ескі көліктерден құтылу үдерісі. Себебін айтыңыздар.	



4-тапсырма. География пәнінен алған білімдеріңізді ескеріп, еліміздегі ауасы таза немесе ең лас қалалар жайлы таныстырылым жасаңыздар.



5-тапсырма. «Таза ауамен демалайық!» тақырыбында үндеу сипатында шағын мәтін жазыңыздар. Ауаны таза ұстаудың жолдарын көрсетіңіздер.



6-тапсырма. Ойтаразы. 3-2-1 критерийі бойынша анықтаңыздар.

- 3 маңызды ақпарат;
- қиындық келтірген 2 мәселе;
- тапсырмадағы ұнаған 1 мәселе.




4-сабақ

Бурабай – ғажайып мекен



1-тапсырма. Бурабайда болдыңыздар ма? Бурабайға қатысты қандай аңыз-әңгімелер білесіздер? Ойларыңызды ортаға салыңыздар.



2-тапсырма. Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасынан алынған үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар. Үзіндіден детальды ақпараттарды анықтаңыздар.

Түсіндірме сөздік

тағы – жабайы

алшаң басу – аяғын кең басу

азынау – қатты дауыс шығару

өңкей сотқар – бәрі бұзық

соқтығу – тиісу

Тағы бір ақбас бура, – емес атан,
Жүріпті Көкшетауды қылып Отан...
Тағы екен жанға ұстатпай жүрген қашып.
Күркіреп тұрады екен көбік шашып,
Бір көлді мекен қылып күнде келіп,
Су ішіп кетеді екен алшаң басып.
Дүниеде әрбір бөлек жердің аты,
Себеппен қойған бәрі елдің аты;

Бурабай атаныпты содан бері
Ақ бура мекен қылған көлдің аты.
Мөп-мөлдір Бурабайдың суы күміс,
Көргенде шаршаған жан алар тыныс.
Ақ бура көп жыл тауды қылған мекен,
«Бір үлкен іс боларда сезеді екен».
Ол істі елге айтқандай маңайдағы
Бақсыдай тауды азынап кезеді екен...
Білген соң бураның бұл қасиетін,
Бураға болмапты енді жұрт тиетін.
Баласы Абылайдың Қасым төре,
Жасынан сотқарлығы басым төре.
Бір күні тау ішінде келе жатты

Өзіндей бір топ жігіт қасында ере.
 Бәрінің асынғаны қару-жарақ,
 Соқтыққан өңкей сотқар жалақ-жалақ.
 Найзамен неше түрлі ат үстінде
 Ойын ғыш келе жатқан көлді жанап.
 Тастарды, ағаштарды қылып қарақ,
 Ысқыртып келе жатқан өткір садақ.
 Бураны Қасым төре сөз қылышты,
 Кез келсе атпақ болып төстен қадап...



3-тапсырма. Неліктен көлдің аты Бурабай атанған? Үзіндіден бураның ерекше қасиеті айтылатын тұсты тауып оқыңыздар. *Бура* сөзіне бес жолды өлең құрастырыңыздар.



4-тапсырма. Қасым төре кім? Ол қандай адам? Автордың төрені мінездеуіне мән беріңіздер. Оқиға қалай аяқталады деп ойлайсыздар? Болжам жасаңыздар.



5-тапсырма. Үзінді мазмұнын қарасөзге айналдырып жазыңыздар. Көсемше оралымды сөйлемдерді қолданыңыздар. Жазғандарыңызды салыстырып, бағалаңыздар.



6-тапсырма. «Шығу парағын» толтырыңыз.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екендігін түсіндім.



5-сабақ

Түйенің киесі



1-тапсырма. Қандай киелі жануарлар мен аң-құсты білесіздер? Кластер түзіп, әңгімелеңіздер.



2-тапсырма. Үзіндіні мұқият тыңдаңыздар (26-аудио). Үзіндіні тыңдағанда қандай сезімде болдыңыз?



3-тапсырма. «Батыр не істеді?» деген сұраққа жауап бере отырып, бураның жан азабын суреттеңіздер. Мына сөздерді қолданыңыздар.

Өкірді, тісін қайрады, бақсыдай сарнады, күңіренді, тауды кезді.



4-тапсырма. Оқиға қалай аяқталды? Үзіндідегі батырдың әрекетіне баға беріңіздер.



5-тапсырма. Өздеріңіз тұратын жердегі жер-су атаулары туралы аңыз-әңгімелер бар ма? Көсемше тұлғалы етістіктерді қатыстырып төрт-бес сөйлеммен баяндаңыз.



6-тапсырма. ПОПС формуласын қолданып, өлеңде көтерілген мәселеге өз пікіріңізді жазыңыз.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



6-сабақ

Оқжетпес шыңы



1-тапсырма. Көкшетауда тағы қандай көрікті жерлер бар?



2-тапсырма. Үзіндіні оқушының мәнерлеп оқуынан тыңдаңыздар. Мағыналық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойыңыздар.

Түсіндірме сөздік

мұнар басу – күңгірттену

тәжім етпеу – иілмеу

көкке бойлау – биікке самғау

сағасы – тау сілемімен түйіскен жері

тұтас байлау – бұл жерде: дүние-мүлкін тұтас беру

Көк торғын Көкшетауды мұнар басқан,
Бастары көкке бойлап бұлттан асқан.
Бір шың бар етегінде тіп-тік найза
Адамзат жасағандай құйған тастан.
Сүп-сүйір бейне найза шың, құз, биік,
Төбесі кейде тұрад бұлтқа тиіп...
Басына атсаң дағы оғың жетпес,
Иліп ешбір тауға тәжім етпес,
Сол шыңға жан шықпаған ұя салып,
Шаңқылдап қаршыға мен бүркіт кетпес.


Осы шың Бурабайдың жағасында,
Күнбатыс тауға кірген сағасында,
Орта жүз хан Абылай заманында,
Айтарлық бір іс боқты тағы осында.
Ертегі толып жатыр өткен-кеткен;
Өтірік-шынды әңгіме бізге жеткен...
Абылай орда қылған Көкшетауын,
«Аударған қонысынан талай жауын»...
Сол жерде бір сұлуға талас болды:
Бере алмай біреуіне бірі қиып.
Қамалап, сол сұлуға қарасыпты,
Бәрі де «мен алам» деп таласыпты.
Жолына тұтас байлап мал мен мүлкін
Сұлуды бірі-бірінен қаласыпты.

Сол қыздың көркемдігін айта алмайды,
 Иілген ақ маңдайда екі қасы.
 Аш белі көк шыбықтай солқылдайды,
 Қолаң шаш бейне жібек толқындайды.
 Батырлар сол сұлуға салыстырған –
 Жалғыз-ақ аспандағы Күн мен Айды...

Сәкен Сейфуллин. «Көкшетау» поэмасынан



3-тапсырма. Жұптық жұмыс. Суреттерді поэма үзінділерімен сәйкестендіріңіздер. Ақын *Көкшетау*, *шың* мен *сұлу қызды* қандай сөздермен суреттеген? Сол сөздермен сөйлем құраңыздар.



4-тапсырма. Үзіндідегі негізгі ойды төрт-бес сөйлеммен жазып шығыңыздар. Жазғандарыңызды салыстырып, бағалаңыздар.



5-тапсырма. Тарихы бай өлкені қалай насихаттар едіңіздер? Көкшетауды туризм орталығына айналдыру үшін қандай шаралар жасау керек деп ойлайсыздар? Топ болып талқылаңыздар.



6-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Сабақта қандай мәліметтермен таныстыңыз?
- Қызықты болған не нәрсе?
- Тағы не білгіңіз келеді?



7-сабақ

Тұтқын қыз



1-тапсырма. Үзіндіні үш қайтара тыңдаңыздар (27-аудио). Үзінді не туралы?



2-тапсырма. Мәтін мазмұнына жақын келетін жауапты тауып, өз ойларыңызды дәлелдеңіздер.

Мәтіндегі негізгі ой:

Шыңның табиғаты	Батырлар арасындағы талас	Олжаны бөліске салу
-----------------	---------------------------	---------------------

Тұтқын қыздың шарты:		
Шың басындағы орамалды атып түсіру	Батырлар сайысы	Елге оралу
Қыз шың басына не тікті?		
садақ	жамбы	жаулық



3-тапсырма. Үзіндідегі тұтқын қыздың әрекетіне баға беріңіздер.



4-тапсырма. Сіз туристік орталықтың гиді болып жұмыс істейсіз. Шетелден келген қонақтарға Бурабай, Оқжетпес, Жұмбақтас туралы аңыз-әңгімелерді төрт-бес сөйлеммен өз сөзіңізбен жеткізіңіз. Сөйлеуде көсемше тұлғалы етістікті қолданыңыз.



5-тапсырма. Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, Көкшетаудың қазіргі жай-күйі, экологиясы туралы таныстырылым дайындаңыздар. Берілген сөздерді қолданыңыздар:

Экотуризм, төңірек, тамсану, ластаудан қорғау, қыруар жұмыс, қажетсіну.



6-тапсырма. Бүгінгі сабақ бойынша алған әсеріңізді «Екіжақты күнделік» кестесіне жазыңыз.

Маған әсер етті	Недіктен әсер етті?



8-сабақ

С.Сейфуллин. «Көкшетау» поэмасы



1-тапсырма. Төменгі сыныптарда Сәкен Сейфуллиннің қандай шығармаларын оқыдыңыздар? Еске түсіріңіздер.



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Алдыңғы сабақтардағы мәтінмен байланыстырыңыздар. Қандай ортақ ой айтылды?



Сәкен Сейфуллин

Поэманы Көкше табиғатының сұлу көркін суреттеуден бастаған ақын ол туралы ел ішінде толып жатқан аңыз-әңгімелер бар екендігіне назар аударады.

Сәкен Көкше аңыздарының ішінен «Жеке батыр», «Бурабай», «Оқжетпес», «Жұмбақтас» туралы әңгімелерді бөліп алады. Бұл аңыз-әңгімелер Көкшетаудағы бірнеше жердің жоғарыдағы аттарға ие болуы жайын шертеді. «Жеке батыр» тауының аты қарауылда тұрған батырдың қалғып кетуімен байланысты туса, «Бурабай» сол көлді мекен еткен ақ бас бура тарихымен байланыстырылады. Сәкен

жырлауындағы ел аңызында Бурабай көлін мекендеген ақбас бура – ардақты ел күзетшісі, соның жақсылық, жаманшылығына ортақ жануар болып суреттеледі. Мұның өзі тіршілігі төрт түлік малмен байланысты болған халықтың сол малды аруақты деп табынуы

кезіндегі ұғымның әсері болуы ықтимал. Ақ бура ел өміріне қатысы бар елеулі жайларды алдын ала сезетін болған деседі. Оны елге білдіруге тырысып, бақсыдай азынап тауды кезген.

Поэманы оқып отырғанда, Сөкеннің негізгі ойы – Көкшенің көркем табиғатын жырлау болғандығын байқау қиын емес. Ол қандай оқығаны әңгімелесе де, Көкшетаудың табиғат байлығымен, көлінің, тауының әсем көріністерімен байланыстырып, соған меңзей отырады. Кейде ол өзінше тауға, шыңға, көлге портрет, мінездеме береді.

Трек сөздер

- аңыз-әңгіме
- шарту
- ақ бас бура
- төрт түлік мал
- табыну
- кезу

Серік Қирабаев



3-тапсырма. Мәтіннің қай стильде жазылғанын анықтаңыздар. Өз пікірлеріңізді дәлелдеңіздер.



4-тапсырма. Мәтіннен әдебиетке қатысты күрделі сөздерді тауып, жасалу жолын анықтаңыздар.



5-тапсырма. Алдыңғы сабақтарда оқыған және тыңдаған мәтіндеріңіз бойынша поэманың «Бурабай» және «Оқжетпес» атты бөлімдеріне аннотация жазыңыздар.



6-тапсырма. Тақырыпты қорытып, кестені толтырыңыздар.

Не білдім?	Тағы не білгім келеді?



9-сабақ

Жетісу – жер жаннаты



1-тапсырма. Жетісу жері туралы не білесіздер? Кластер түзіп айтыңыздар.



2-тапсырма. Өлеңді оқушының мәнерлеп оқуынан тыңдаңыздар. Көз алдарыңызға не келді? Өз ойыңызды жүйелі жеткізіңіз.

Жер таппан жерде жете Жетісуым
 Күркілдек, Көксу, Лепсі, Іле, Шуым,
 Асқардың аспан сүйген сілекейін,
 Жан бар ма татпайтұғын, айтпайтұғын.
 Бөленген бұлтқа мәңгі меңіреу күз,
 Ну тоғай, қоғалы көл, қоңыр құмым...
 Жетісу, кеудең асқар, аяғың көл,
 Қоңың құм, мықыныңда бар сексеуіл...
 Шегіскен шоғыр асқар қатпарланып,
 Қия күз, мұсатыр мұз жақпарланып.
 Емес пе көк ала бас ақ буралар,

Оралған шудалары мақпалданып,
Саятта аң аңдыған ол бір мерген,
Мылтық ап, бүркіт ұстап, қақпан салып.
Ойнақы, құба, тарлан тағы аңдарын
Төбеті тау-тасына қойған теліп.
Құлпыртар құмда соққан қоңыр самал
Мәсімнің масатысын желі желпіп.
Қар кетіп, қара жері жасанғанда,
Қонбасын қалай құша өлі келіп...

Ілияс Жансүгіров. «Жетісу суреттері»



3-тапсырма. Жұптық жұмыс. Поэма үзіндісі бойынша төмендегі тапсырмаларды орындаңыздар.

Сандар	Үзіндіде қанша өзен аталды? Санамалап айтыңыздар.
Сөздер	3 тірек сөзді атаңыз.
Сезім	Жетісу жерін қандай сөздермен сипаттаған? Сізге қалай әсер етті?
Дыбыс	Өзеннің даусын сипаттаңыз.
Көзқарас	Жетісу жері туралы өз көзқарасыңызды білдіріңіз.



4-тапсырма. Топтық жұмыс. Өлең жолдарынан *құз, тоғай, көл, құм, тауды* суреттеген бейнелі сөздерді тауып, тіркескен сөзімен жазыңыздар. Өздеріңіз қандай тіркестер жасар едіңіздер?


Үлгі:

меңіреу (жым-жырт)

тік

биік

жартасты



5-тапсырма. «Төрт сөйлем» тәсілімен «Жетісу – жер жаннаты» деген пікірге өз ойыңызды білдіріңіз.



6-тапсырма. Ойтаразы. «Менің сабақтан алған әсерім» кестесін толтырыңыздар.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?



10-сабақ

Жетісу өзендері



1-тапсырма. Өлеңді мұқият тыңдаңыздар (28-аудио). Тірек сөздерді дәптерлеңізге жазып алыңыздар.



2-тапсырма. Берілген тіркестерді қандай сөздермен ауыстыруға болады? Сәйкестендіріңіздер.

Тіркестер	Түсіндірмесі
Шымырлап, қайнап құмды кезген	бұрқ-сарқ етіп сарқырап ағу
Арқырап айқай салған	даланы бойлай аққан жылы су
Асау өзен	судың баяу ағуы
Мөлтендеп мойнақты орай	таудан құлай аққан ағыны қатты өзен



3-тапсырма. Мәтінді қайта тыңдап, кестені толтырыңыздар.

Өзендер	Қалай ағады?
---------	--------------



4-тапсырма. Мәтінді қайта тыңдап, етістіктерді теріп жазыңыз. Сол етістіктерді көсемше тұлғалы етістіктерге айналдырып, сөйлем құраңыз.



5-тапсырма. Өздеріңіз тұратын өңірдің өзен-көлдерін атап, олардың қазіргі экологиялық жай-күйі туралы постер құрып, қорғаңыздар.



6-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңіздер.

- Бүгін не үйрендіңіздер?
- Сөздік қорыңызды қанша сөзбен толықтырдыңыздар?
- Сабақ бойынша қандай сұрақтарыңыз бар?
- Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?



11-сабақ

Жер түгі



1-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқыңыз. Үзінді не туралы?

Ағашта өзің білген қарағай, тал,
 Жалғыз-ақ неше алуан түрлісі бар.
 Долана, ұшқат, шетен, ырғай, арша,
 Ақ сасыр, қызыл қайың, барша, шынар.
 Шырғанақ, сөңке, терек, сөгет, емен,
 Үйеңкі, шырғай, балғын тораңғылар,
 Сарыағаш, қойқарақат, жиде, шетен,
 Тобылғы, түйеқұйрық, бауырқұрттар;
 Қараған, бозқараған, шеңгел, шілік
 Сықылды ағаштардың талайы бар...
 Тауқонақ, шайшөп, маңқа, құлынембес,
 Сүттіген, еңдік, мейіз, киізкиік,
 Ақшалғын, көкемарал, бетеге, раң,
 Жапырақтеңге, бұйра қисық нық,
 Балдырған, уқорғасын, атқұлақты
 Елік жүр сонысында соны қиып,
 Желкеуір, бөрпі, шырыш, шытыр.

Сауыны биеемшектің кеп түр іп.
 Мыңтамыр, жуа, рауғаш, жаужапырақ,
 Балауса, сорғыш, селдір, ермен, бақбақ,
 Сыбызғы, жалбыз, құлмақ, қарақияқ,
 Шоңайна, меңдуана, сора, шақпақ...
 Неше елді аттандырған құтты қоныс
 Өлі түр өсемдігі таусылмай.
 Суретін сөз баяндап жеткізе алмас,
 Жерінің Жетісудың бөрі сондай!

Ілияс Жансүгіров. «Жетісу суреттері»



2-тапсырма. Өлеңде кездесетін өсімдіктерді кестеге салып, орысша баламасын жазыңыздар.

Өсімдіктер	Орысша баламасы



3-тапсырма. «Кубизм» әдісін пайдаланып тапсырмаларды орындаңыздар.

1. **Баяндаңыз.** Өлең мазмұны бойынша Жетісудың табиғаты туралы баяндаңыз.

2. **Қолданыңыз.** Суреттеу барысында күрделі сөздерді пайдаланыңыз.

3. **Салыстырыңыз.** Жетісу мен Көкшетау жерін салыстырып, өңгімелеңіз.

4. **Топтастырыңыз.** Жетісу жеріндегі айшықты суреттеулерді (өзен-көлдер, өсімдік, аңдар) топтастырып, фотоколлаж жасаңыз.

5. **Зерттеңіз.** Жетісуға қатысты қандай ақын-жазушылардың еңбектері бар? Қосымша ақпарат көздерін пайдаланыңыз.

6. **Қорытындылаңыз.** Жетісудың қазіргі жай-күйі туралы айтып, қорытындылаңыз.



4-тапсырма. Өлеңде аталған өсімдіктер өз өңірлеріңізде кездесе ме? Өздеріңіз тұратын жерде қандай өсімдіктер өседі? Қажет болған жағдайда қосымша ақпарат көздерін (энциклопедиялар, БАҚ материалдары және т.б.) пайдаланыңыз.



5-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, «Шығу парағын» толтырыңыздар.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларды орындадым.
- Мен ... екендігін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мені ... таңғалдырды.



12-сабақ

Жетісудағы жан-жануар



1-тапсырма. Өлеңді тыңдаңыздар (29-аудио). Қандай әсер алдыңыз?



2-тапсырма. Өлеңде кездесетін аң-құс атауларын топтап, кестеге салыңыздар.

Аңдар	Құстар



3-тапсырма. Жұптық жұмыс. Берілген сөз тіркестерін қалай түсіндірер едіңіздер? «Қос жазба күнделігінде» мағынасын ашыңыздар.

Сөздер мен сөз тіркестері	Түсіндірмесі
Жасанған театрдағы ойыншыдай	
Күй тартар той қылғандай торғай сыңсып	
Самайдан ішкен қымыз шығар шып-шып	



4-тапсырма. Топтық жұмыс. Қызыл кітапқа енген өсімдіктер мен жан-жануар туралы ой бөлісіп, постер құрыңыздар.



5-тапсырма. Тілдік құралдарды орынды пайдаланып, өз өңіріңіздегі жойылып бара жатқан жан-жануар мен құстарды қорғау жөнінде үндеу жазыңыз.



6-тапсырма. Ойтаразы. «Әңгімелесетін әріптестер». Сабақ мазмұнын жұп болып талқылаңыздар.

- Жеңіл болған ақпарат;
- қиын болған ақпарат;
- алдағы уақытта оқығым келетін ақпарат



13-сабақ

Нәтиже сабақ



1-тапсырма. Қазақстанда экологиялық туризмді дамытуды неден бастар едіңіздер? Туристерді көптеп тарту үшін қандай шаралар ұйымдастыру қажет? Таныстырылым жасаңыздар.



2-тапсырма. Топқа бөлініп, экологиялық туризмді дамытудың артықшылығы мен кемшілігін салыстырыңыздар.



3-тапсырма. Тақырыпты өздеріңіз таңдап, аргументативті эссе жазыңыздар.



4-тапсырма. ПОПС формуласын қолданып, сыныптас достарыңыздың жазған эсселеріне өз пікірлеріңізді білдіріңіздер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.

ӘЛЕМДЕГІ ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚУҚЫҚТАРЫ МЕН ТЕҢДІГІ



1-сабақ

Ерлер мен әйелдер теңдігі



1-тапсырма. «Ерлер мен әйелдердің теңдігі» дегенді қалай түсінесіз? Сыныптас досыңызға түсіндіріңіз.



2-тапсырма. Мәтінді оқушының оқуынан тыңдаңыздар. Тірек сөздер мен термин сөздерді дәптерлеңізге жазыңыздар.

«Әйелдер – отбасы ұйытқысы, яғни – мемлекет тірегі. Біздің еліміздің болашағы біздің бүгінгі баланы тәрбиелеуімізге тікелей байланысты» деп, Елбасы айтқандай, бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеткен аналарсыз қоғамды елестету мүмкін емес.

2003 жылы «Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат тұжырымдамасына» қол қойылды. Тұжырымдама Қазақстандағы гендерлік саясаттың негізгі қағидаттарын, басымдықтары мен міндеттерін белгілейді. Ал гендерлік саясат – қоғамдық өмірдің барлық саласында ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жылдары гендерлік саясатты дамытуда қыруар жұмыс атқарды. 1998 жылы Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия құрылды. Осы комиссияның ұйытқы болуымен 2011 жылдың 5 наурызында Қазақстан әйелдерінің тұңғыш съезі болып өтті. Съезде сөз сөйлеген Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев ер мен елге қиын болған кезеңде әйел-аналар отбасы мен қоғам жүгін қайыспай қатар көтере білгендігін атап өтті.

Бүгінде экономика саласындағы жұмысшылардың жартысына жуығы – әйелдер. Олардың ішінде дәрігерлер, мұғалімдер, мемлекеттік қызметкерлер, шағын бизнес, қызмет көрсету, мәдениет, спорт саласының өкілдері бар. Менеджерлер, оның ішінде мемлекеттік қызмет басшылары арасында әйелдер көп. Сондай-ақ қазақстандықтардың қоғамдық санасында ерлермен қатар бизнесті бағындырған іскер әйелдің бейнесі қалыптасып келеді.

«Алаш айнасы» газетінен



3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша хронологиялық кесте жасап, мазмұнын өз сөзіңізбен жеткізіңіз.

2003 ж.	

 **4-тапсырма.** Сөздіктерді (түсіндірме, фразеологиялық) пайдаланып, мәтінде кездесетін терминдер мен тіркестерге анықтама беріңіздер.

Гендерлік саясат	Тұжырымдама	Қоғам жүгін қайыспай көтеру

 **5-тапсырма.** Мәтіндегі «Әйелдер бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеткен» деген нақыл сөзді «Қос жазба күнделігінде» түсіндіріңіздер.

 **6-тапсырма.** Ойтаразы. «Жарқын ойлар» кестесі арқылы сабақты қорытындылаңыз.

- Жаңа боп табылатын 3 мәселе;
- назарыңызды аударған 2 мәселе;
- туындаған 1 мәселе немесе сауал.

2-сабақ **Кәсібін дөңгелеткен ана**

 **1-тапсырма.** «Кәсібін дөңгелету» дегенді қалай түсінесіздер? *Дөңгелету* сөзі қандай мағынада қолданылып тұр?

 **2-тапсырма.** Мәтінді тыңдаңыздар (30-аудио). Есіңізде қалған ақпаратты дәптеріңізге жазыңыз.

 **3-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Мәтін кейіпкері кім?
2. Ол қандай жағдайға тап болды?
3. Қиындықтан қалай шықты?
4. Кейіпкердің мақсатқа жетуінің кепілі неде?

 **4-тапсырма.** Қазіргі кезде аналардың әлеуметтік жағдайы қалай? Оларды мемлекеттің қорғау деңгейі қалай жүзеге асып жатыр? Топ болып талқылаңыздар.

 **5-тапсырма.** Алдыңғы сабақта оқыған және бүгінгі тыңдаған мәтіндер бойынша ойларыңызды жинақтап, «Ана – бүтін ұлттың тағдыры» тақырыбына жинақы мәтін жазыңыздар. Жазбаңызда нақыл сөздер болсын.

 **6-тапсырма.** Сабақ бойынша өз ойыңызды қорытып жазыңыз.

- қызықты болды.
- қиын болды.
- тапсырманы орындадым.
- екенін түсіндім.

**3-сабақ****Отбасы тәрбиесінің бала дамуында алатын орны**

1-тапсырма. Баланың дамуында қай ортаның рөлі басым (отбасы, мектеп, орта)? Пікір алысыңыздар.



2-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Қандай әсер қалдырды?

Тірек сөздер

- тәрбие
- сыйластық
- құриалану
- жанжал
- дау-дамай
- қалыптасу

Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз – ата-ана. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, сыйластық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер – үлкендердің үлгісімен сіңеді. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді халық даналығы.

Қазіргі кезде қоғамда болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, мәдени және саяси жаңғырулар отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас сипатына өз әсерін тигізіп отыр. Бүгінгі нарық жағдайында ата-аналар бала тәрбиесін бақшадағы тәрбиешілерге сеніп тапсырып, таңнан кешке дейін жұмыс істеуге мәжбүр. Сонымен бірге гендерлік теңдіктің мән-мағынасы бұрмаланып, ер азаматтың отбасы иесі екендігін сезіне алмауы да отбасындағы жанжал мен орынсыз ұрыс, дау-дамайға себепкер болып отыр. Осы себепті ажырасу саны артып келеді. Ал бұл баланың психологиялық жағдайына кері әсерін тигізуде.

Психологтер бала тәрбиесінде, әсіресе ұл баланың келешегіне өкенің ықпалы қажет екенін айтады.

«Шаңырақ» журналынан



3-тапсырма. Бала отбасынан қандай қасиеттер алады? Баланың дамуында отбасының рөлі қандай? Екеуара диалог құрыңыздар.



4-тапсырма. Топтық жұмыс. Мәтіндегі жағымды және жағымсыз ақпараттарды салыстырыңыздар. Ол қандай мәселелер екенін анықтаңыздар.

Жағымды ақпарат	Жағымсыз ақпарат



5-тапсырма. Мәтін мазмұнына сай келетін мақал-мәтелді тауып, мәтіндегі негізгі ойды бес сөйлеммен жазыңыздар.

- Отбасының сөні – сыйластық.
- Тәрбие – тәлімнен.
- Балалы үй – базар,
Баласыз үй – қу мазар.



6-тапсырма. Ойтаразы. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүгінгі сабақтың басты мәселесі не болды?

- Топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?
- Бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?
- Сабақ маған қандай әсер қалдырды?
- Қандай қиындықтар кездесті?

4-сабақ

М.Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясы (үзінді)



1-тапсырма. Мәтінмен танысып, «Абай жолы» романы туралы тест сұрақтарын құрастырыңыз.

Үлгі: М.Әуезовтің дүниежүзіне белгілі романы қалай аталады?

- а) «Абай»; ә) «Көксерек»; б) «Абай жолы»

Мұхтар Омарханұлы Әуезов (1897–1963) – қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым.



Мұхтар Әуезов

«Абай жолы» – М.Әуезовтің бас кітабы, қазақ әдебиетіндегі бірінші роман-эпопея. Бірінші кітабы 1942 жылы, екінші кітабы 1947 жылы жарыққа шықты. 1949 жылы эпопеяның «Абай» атанған алғашқы екі кітабына КСРО мемлекеттік сыйлығы берілді. Кейін, 1952 жылы «Абай жолы» романының үшінші кітабы, 1956 жылы төртінші кітабы басылып шықты. 1959 жылы «Абай жолының» тұтас төрт кітабына Лениндік сыйлық берілді. «Абай жолы» арқылы қазіргі қазақ прозасы дүниежүзі әдеби классикасының шырқау шыңына шықты. Өйткені «Абай жолы» бірнеше шетел тіліне аударылды. Сол арқылы әлем қазақ халқын, оның ұлы ақыны Абай туралы білді.

«Абай жолы» романы тарихи тақырыпқа жазылды. Романда қазақ халқының ХІХ–ХХ ғасырдың басындағы тұрмыс-тіршілігі суреттеледі. Абай образы арқылы қазақ даласына келген жаңалықтар, теңсіздіктер, халықтың әділетсіздікке қарсылығы баяндалған.



2-тапсырма. «Абай жолы» роман-эпопеясынан («Қайтқанда» тарауы) үзінді оқыңыздар. Әр азатжолда не туралы айтылған? Сыныптасыңыздың түсінген-түсінбегенін білу үшін, оған сұрақтар қойыңыз.

...Көлқайнар суы мөлдір, мол бұлақ болғанмен, кең қоныс емес.

Жайлауға қарай, Шыңғыс асқалы беттеп келе жатқан елдің үш-төрт ауылы қоныпты. Бұның бәрі «Құнанбай ауылы» деп аталады. Өзінің ауылы мен жақын туыстарының ауылдары.

Бұлақтың айналасына жиі қонған ауылдардың үйлері де, шұбыртқан малы да, адамдары да кешкі мезгілде ыю-қию араласып жатқан

Түсіндірме сөздік

қоныс – малды ауылдың жылда қонып жүрген жері
шұбыртқан малы – малды бір жерден екінші жерге айдау

жүрегі аттай тулау – жүрегі қатты дүрсілдеу

Телғара – екі анасының ортасында тел өскендіктен, Абайды жеңгелері еркелетіп осылай атаған

сияқты. Жерошақтардан шыққан түтіндері де біріне-бірі қосылып ұласып, тұтасқан көкшіл мұнардай тарайды. Үрген иттер, мал қайырған айқайлар, маңыраған қой, қозы шулары араласып жатыр. Кешкі суға келе жатқан қалың жылқының кісіней шапқан дүбірі болсын немесе оқта-текте азынай кісінеп, үйірін іздеп шапқан, мінуден босаған жас айғырлар дауыстары болсын – барлығы да осы отырған ауылдардың осы кештегі тіршілік тынысын білдірген сияқты.

Баланың барынша сағынған көрінісі.

Қазір жүрегін аттай тулатып, соншалық қуантып, еркін алған көрінісі. Жүргіншілер бұлақтың дәл қасына ең жақын қонған ауылға келе жатыр. Ортасында бес үлкен ақ үй бар, көп үйлі ауыл – Абайдың екі шешесі Ұлжан мен Айғыздың ауылы.

Осы ауылдың шеткі үйлерін сырттап, ортадағы үлкен үйлерге қарай беттеп келе жатқан үш аттыны бұл ауыл тез таныды. Әсіресе қораның ортасында қосақталған қойды сауып отырған қатындар бұрын көрген екен. Етектерін белдеріне қайырып түріп алған, алжапқыш тартқан қалыптарымен, қолдарына шелектерін ұстасып, жүргіншілерге қарап:

– Анау Абай ғой, Абай ғой, айналайын-ай! Апасына айтайыншы, – деді.

– Бесе, Телғара ғой... жаным-ау, мынау... Телғара! Өпкеме айтайыншы, – деп, үлкен үйге қарай ұмтылысқан...

*Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясынан
(«Қайтқанда», 1-кітап)*



3-тапсырма. Мәтін мазмұнының құрылымын ретімен орналастырып, әңгімелеңіздер.

1. Үш атты адам.
2. Құнанбай ауылы.
3. Көлқайнардағы кешкі тіршілік көрінісі.
4. Сауыншы әйелдердің үлкен үйге ұмтылуы.
5. Бала сағынышы.



4-тапсырма. Мәтін мазмұны негізінде Құнанбай ауылын суреттеп жазыңыздар.

Шұбыртқан малы, ыю-қию араласып, оқта-текте азынай кісінеп, қой-қозы шулары.



5-тапсырма. Ойтаразы. «БББ» кестесін толтырыңыздар.

Білемін	Білдім	Білгім келеді

**5-сабақ****Әке мінезі****1-тапсырма.** Романдағы негізгі кейіпкер кім?**2-тапсырма.** Мәтінді үш қайтара тыңдаңыздар (31-аудио). Негізгі ақпараттарды тезис түрінде жазып алыңыздар.**3-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Мәтін кейіпкерлері кімдер?
2. Абай алдымен кімге барды?
3. Шешесі Абайға не деді? Оның сөзінен қандай қорытынды шығарар едіңіздер?

4. Құнанбай бойындағы салқындықты қалай түсіндіресіздер?

**4-тапсырма.** Мәтінді қайта тыңдаңыздар. Құнанбай мінезіндегі ерекшелікті ашатын сөздер мен сөз тіркестерін теріп жазып, «Екіжақты күнделікті» толтырыңыздар.

Құнанбайдың бейнесін ашатын сөздер мен сөз тіркестері	Бұл сөзді неліктен таңдап алдыңыз?

**5-тапсырма.** Үстеудің түрлерін еске түсірейік! Мәтін үзіндісінен үстеулерді анықтап, семантикалық картада көрсетіңіздер.

Үстеудің мағыналық түрлері	Мезгіл үстеуі	Мекен үстеуі	Сын-қимыл үстеуі	Мөлшер үстеуі	Мақсат үстеуі	Күшейткіш үстеуі	Себеп-салдар үстеуі
	Қашан? Қашаннан бері?	Қайда? Қалай қарай?	Қалай? Қайтіп?	Қанша? Қаншалықты?	Қалай? Не мақсатпен?	Қандай?	Неге? Не себепті?
	<i>бүгін, ертең</i>	<i>алдынан, осында</i>	<i>тез, баяу</i>	<i>аздап, молынан</i>	<i>әдейі, қасақана</i>	<i>тым, аса, ең</i>	<i>бекерге, босқа</i>

**6-тапсырма.** Ойтаразы. Сабақта алған ақпараттар бойынша ойларыңызды тұжырымдаңыздар.

- Қосатыным –
- Өзгертер едім –
- Дамығамын –
- Күрделендіремін –

6-сабақ

Ана құшағы



Абай Құнанбайұлы



1-тапсырма. Абай Құнанбайұлы туралы білетін ақпараттарыңызды кластер түзіп, әңгімелеңіздер.



2-тапсырма. Мәтінді дауыстап оқыңыздар. Мәтіннің мазмұнын сыныптасыңыздың түсінген-түсінбегенін білу үшін оған сұрақтар қойыңыз.

...Абайдың күткені де сол еді. Өлі тосып, бар қозғалысын алыстан қарап, әңгіме етіп тұрған шешелерге қарай бұрылғанда, Абай қайтадан өзінің жасына лайық қуанышты бала қалпына келе қалды... Бала енді асығып, өз шешесіне қарай жақындай беріп еді, Қалиқа деген бір жеңгесі:

– Телғара! Айналайын Телғара! Соқталдай азамат боп кетіпсің-ау! – деп, мойнынан құшақтай алып, бетінен сүйді...

Барлық үлкеннің құшағына амалсыз кезек-кезек кіріп болып, енді сытылып, шешесіне қарай баса берді. Абайдың өз шешесі Ұлжан мен екінші шешесі, сұлу жүзді Айғыз қатар тұр екен.

Бала топтан шыға бергенде, Айғыз күліп:

– Пай, жаман қатындар сілекейлеп, баламыздың бетінен сүйер жер де қалдырмады-ау, – деп паңдана күлді де, Абайды көзінен сүйді.

Кезек өз шешесіне келгенде, ол сүйген жоқ. Қатты бір қысып, бауырына басып тұрды да, маңдайынан искеді. Абайдың әкесіндегі тартымды салқындық шешесіне де көптен бергі мінез болған. Бала осыдан арғыны күтпеуші еді. Бірақ бауырына басқанның өзінде де Абайдың жүрегін қатты-қатты соқтырған аса бір өзгеше жақындық білінді. Ана құшағы!.. Ұлжан көп ұстаған жоқ.

– Әжеңе бар, әнеки! – деп, үлкен үйдің алдына қарай бұрып жіберді. Кәрі әжесі Зере бәйбіше таяғына сүйеніп, ұрсып тұр екен.

– Жаман неме, маған бұрын келмей, әкеңе кеттің-ау! Жаман неме! – дей беріп, қасына, құшағына немересі барғанда, «жаман неменің» артынан лезде: – Қарашығым, қоңыр қозым... Абай жаным... – деп кемсеңдеп, жылауға айналып кетті.

Түсіндірме сөздік

соқталдай – үлкен, зор денелі

сытылу – құтылу

паңдана – кербездене

ымырт – күн батқан кез

ас батпау – тамаққа тәбеті болмау

Әжесі құшақтаған бойында үлкен үйге кірген Абай ымырт жабылғанша осында болды. Шешелері бұған біресе қымыз, біресе тоңазыған ет, біресе шай ұсынып тықпалай берсе де, баланың бойына ас батпады. Жөндеп ішкен де жоқ. Күні бойғы аштығы да ұмытылған сияқты...

Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясынан («Қайтқанда», 1-кітап)



3-тапсырма. Мәтін үзіндісі бойынша жоспар құрыңыздар. Сол жоспарға сүйеніп мәтін мазмұнын әңгімелеп беріңіздер.



4-тапсырма. Мәтіндегі кейіпкерлерді сыныптасыңызға таныстырыңыз. Олар кімдер?



5-тапсырма. Үзіндіде қазақ халқының отбасылық құндылығы қалай көрініс тапқан? Жазушы сыйластық, бауырмалдық, туыстық қарым-қатынасты қалай жеткізген? Мәтін мазмұны негізінде өз ойыңызды дәлелдеп жазыңыз.

Пікір. Өз пікіріңізді бір сөйлеммен жазыңыз.

Дәлел. Өз пікіріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіз.

Мысал. Пікіріңізді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіз.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жазыңыз.



6-тапсырма. Ойтаразы. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүгін не үйрендіңіздер?
- Сөздік қорларыңызды қанша сөзбен толықтырдыңыздар?
- Сабақ бойынша қандай сұрақтарыңыз бар?
- Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?



7-сабақ

Әже өнегесі



1-тапсырма. Бала Абайдың рухани өсіп, қалыптасуына кімдердің әсері болды?



2-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңыздар. (Оқушылардың оқу мәнеріне көңіл бөліңіздер. Тыныс белгілері қойылған жерлерге кідіріс жасады ма? Бағалаңыздар.)

...Абай биыл ғана анық байқағандай. Бұның әжесі біртүрлі шебер әңгімеші екен. Қызық сөйлейді. Әңгімесін дәмді ғып қызықтырып айтады. Бірде Абай сырқаттанып жатып, әжесінен әңгіме айтуын сұраған. Сонда әжесі ойланып отырып:

– Е-е... Бұлдыр-бұлдыр күн өткен. Бұрынғыда кім өткен?.. – деп, кішкене тақпақтап бастап еді.

Абай соны ұғып қалыпты, келесі жолы әңгіме сұрағанда, әжесінің тізесінен ақырын қағып:

– Е-е... Бұлдыр-бұлдыр күн өткен. Бұрынғыда кім өткен?.. – деп, тағы да әңгімені тілегенін білдіруші еді.

Әжесі әуелде көп-көп ертектер айтқан. «Еділ-Жайық», «Жұпар қорығы», «Құламерген» бәрі де айтылып еді. Әңгімелерін түсте де, кешке де, тіпті көш бойы да айтқыза беретін болды.

Тағы бір күндер Қалқаман-Мамыр, Еділ-Кебектің қайғыларын да айтып беріп еді. Абай қажымай, жалықпай, ылғи ғана ынтыға тыңдайтын. Кейде әжесі шаршап, айтпай қойса, өз шешесіне жабысатын. Ұлжан да көп әңгіме білуші еді және ол көбінесе өлеңсөзді жиі

Тірек сөздер

- шебер
- тақпақ, әңгіме
- тілеу
- ынтығу
- жыр, айтық, өсиет
- қисса

айтатын. Оқымаған шешесінің өлі күнге ұмытпай, білдірмей сақтап жүрген зейініне таңғалады. Күдері қожа, Шортанбай, Шеже жырларын, айтыс, өсиет, өзілдерін жатқа айтады. Екі анасын көңілдендіріп тағы өңгіме, жырлар айтқызу үшін кейде өзі қаладан әкелген кітаптарының ішінен «Жүсіп-Зылиқа» сияқты қиссаларды оқып береді. Өндетіп, мақамдап оқиды. Шешелеріне ұғымсыз түрік тілінің жеке сөздерін жолшыбай қазақшалап отырады.

Бірде Абайлардікіне екі бөгде қонақ келіп қонды: бірі – қартаң, бірі – жас қонақ. Жасын Абай таниды. Ол былтыр жайлауға келіп, осы үйде үш күндей жатып «Қозы Көрпеш-Баянды» жырлап берген Байкөкше деген жыршы еді. Ал қасындағы қартаңдау кісіні Абай білмегенімен, шешесі жақсы таниды екен. Қонақтарымен жай сұрасып, амандасып болған соң, Ұлжан Абайға қарап, жымыш:

– Ал, балам, өжеңмен екеумізді қажай беруші едің, өңгіме-жырдың дүкені, міне, жаңа келді. Мына кісі – Барлас деген ақын, – деді.

Шоқшалау ғана ақ сақалы бар, келбетті келген зор дауысты ақ сары кісі – Барлас Абайға салғаннан ұнады. Білгенін ішіне бүгіп, тығылып, үндемей отыратын өзге үлкендердей емес, Барлас іле сөйлеп кететін ақжарқын, ашық. Осы үйге ылғи да келіп жүрген ауыл адамы сияқты...


*Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясынан
(«Шытырманда», 1-кітап)*



3-тапсырма. Оқылым мәтінінен кісі есімдерін тауып, *кім? қандай? не істейді?* деген сұрақтарға жауап беріңіздер.



4-тапсырма. Толтық жұмыс. Менталды картаны толтырыңыздар.



5-тапсырма. «Сіздің өмірлік жолыңызды таңдауыңызға кімнің әсері мол болды?» деген сұраққа «Дербес пікір» жазу тәсілін пайдаланып, өз ойыңызды білдіріңіз.



6-тапсырма. Ойтаразы. Бүгінгі сабақтағы тапсырмаларды қалай орындағаныңызды жұп болып бағалаңыз. Қандай қиындықтар болды?

**8-сабақ****Күйеу жігіт**

1-тапсырма. Мәтінді оқушының оқуынан мұқият тыңдаңыздар. Қандай мәселе көтерілген? Баға беріңіздер.

...Абайлар Алшынбай ауылының тұсына бір шақырымдай жер қалғанда тоқтасты. Тобының ішінен Төкежан, Мырзахан сияқты жасы үлкенірек жолдастар бөлініп, хабар айта кетті. Абай мен Ербол және үш жігіт аттарынан түсіп, қарсы алушы қыз-келіншектерді тосып қалды.

Осыдан осылай толып жатқан күйеу дәстүрі басталатынын мойынға алып, Абай Ерболға:

– Осы үйлену деген ата-анаға да, жастардың өзіне де қуаныш қой. Солай емес пе? Ал, ендеше сол қызығына жеткенше күйеу мен қалыңдықтың жолына ырым-жырым, әдет-дәстүр деп неше алуан құбыжықтар қоятыны несі? – деді. Ербол бұған күлді.

– Рас айтасың, құбыжық екені рас. Дәл осы қазір кім келеді? Қандай асау жеңгелер екен, не бұйырар екен деп, мен де үркектеп тұрмын!

Басқа үкі тағу – бар күйеудің әдеті. Ол ғана емес, қызыл манат шапан мен биік өкше етік киіп, елден ерекше ұзын төбе тымаққа үкі тағып алу бұл өңірдің бар күйеуіне жол болатын.

Абайға ауылдан шығар жерде Зере, Айғыз сондай киімдерді өзірлетіп ұсынған-ды. Кәрі әже өншейінде Абайдың дегеніне көне берсе де, бұл тұста ырық бермей, қатты бұйрық еткен:

– Ата-бабаң жолы осы! Барған елің сені кінәламайды. «Әкесі – күйеу, шешесі қалыңдық болмаған ба?» деп бізді мінейді. Ки! – деп, дәл аттанар жерде Абайға жаңағы күйеу киімінің бәрін кигізді...

*Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясынан
(«Өрде», 1-кітап)*



2-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Жолаушылар қайда аттанды?
2. Күйеу жігіттің қандай жоралғылары жасалды?
3. Күйеуге үкіні не үшін тағады?
4. Үкіні тағы қандай жағдайда тағады?



3-тапсырма. «Ата-бабаң жолы осы! Барған елің сені кінәламайды. «Әкесі – күйеу, шешесі қалыңдық болмаған ба?» деп бізді мінейді?» Бұл сөз қай кейіпкерге қатысты айтылды? Ойыңызды дәлелді жеткізіңіз.



4-тапсырма. Топтық жұмыс. Мәтіндегі үйленуге қатысты пікірге келісетін-келіспейтіндеріңізді айтып, пікірталас ұйымдастырыңыздар. Өз ойларыңызды мысалдар келтіріп дәлелдеңіздер.

Мәселе	Кейіпкердің көзқарасы	Менің көзқарасым



5-тапсырма. «Күйеу дәстүрі» салты туралы қосымша ақпаратты оқыңыздар. Үйлену салтына байланысты қандай әдет-ғұрыптарды білесіздер? Шетелдік қонақтарға қандай салт-дәстүрді таныстырар едіңіздер? Таныстырылым дайындаңыздар.

Қалыңдығын алуға баратын жас күйеу міндетті түрде күйеу киімін киген. Алдынан шыққан жеңгелер мен жас келіншектер күйеуді киімінен тауып алады екен. Сондықтан күйеу басқа жігіттерден салт бойынша ерекше киінген. Түр-түсі өзгеше бешпент, зерлі желбегей шекпен, сыптығыр шалбар, өкшелі сармантай етік киген. Бөркін көзіне түсіріп төмен қарап, кішілік көрсетіп тұрмаса, айып төлейді немесе сөзге, күлкіге ұшырайды екен.



6-тапсырма. Ойтаразы. Сабақта алған ақпараттар бойынша ойларыңызды тұжырымдаңыздар.

- Қосатыным –
- Өзгертер едім –
- Дамытамын –
- Күрделендіремін –



9-сабақ

Ән құдіреті



1-тапсырма. Абай Құнанбайұлының қандай өлеңдерін білесіздер?



2-тапсырма. Мәтінді үш қайтара тыңдаңыздар (32-аудио). Тірек сөздер арқылы негізгі ойды анықтаңыздар.



3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Абай неліктен селт етіп оянды?
2. Абай өнді тыңдағанда қандай күйге түсті?
3. Мұндай күйге түсуінің себебі неде?
4. Ерболды неге қорқыныш биледі?



4-тапсырма. ПОПС формуласын қолданып, мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлеріңізді білдіріңіздер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



5-тапсырма. Мәтінді қайта тыңдаңыздар. Үстеулерді тауып, өзі тіркескен сөздерімен теріп жазыңыздар.



6-тапсырма. Мәтіндегі қандай сөздерді түсінбедіңіз? Қандай бейнелі тіркестерді қолдандыңыз? Мысалдар келтіріп дәлелдеңіз.

10-сабақ

Ғашықтың дерті



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Әр азатжолда не туралы айтылған? Сыныптасыңызға түсіндіріңіз.

...– Ол өннің айтушысы қазір қасымызға келеді. Азғантай тақат қылайық та, үйден тосып алайық. Бірақ «аян берді» дегенің не? Өзіңнің осынша, балаша қатты өбігерге түскенің не? Соның маған мәнін айт! – деді. Бұйыра сөйледі.

Абай өз мінезінің Ерболға соншалық өрескел тигенін енді аңғарды.

– Мен мәнімді түгел айтайын. Қазір «бала» де, «есалаң» де... Өзім де білмеймін.

Бірақ өмірде басымнан кешпеген ғажап жұмбақ бір халде тұрмын. Тек осыны айтпас бұрын сенен серт алам. Кім келеді, қашан келеді, жұмысым жоқ, тосар тақатым жоқ. Қазір менің мәнімді естисің де, мынау үйге барып, барлық жанын анықтап көріп келіп, маған хабар етесің. Осыған уәде бермесең, жөнімді айтпаймын, – деді.

...Ербол бөгелген жоқ, барайын деп уәде берді. Содан кейін Абай бөгелместен өз басынан жаңа ғана кешкен бір жайды жолдасына баян етті:

– Бұл түс емес! Дәл анық, айқын өңім. Өңім болмаса, таңғажайып бір хал, Ербол. Басында – сол кәмшат бөркі. Шолпысы, қара мақпал кемзалы да баяғыша. Сонау Жәнібек өзеніндегі түн екен. Өмірде, аз көрген сағаттарымда еш уақытта бұндай еркін, ашық келіп көрген жоқ еді. Бір сыпайы ұяңдық тарта беруші еді ғой! Мынада соншалық жалын атып кеп: «Өзің үйреткен «Топайкөгің» бар еді. Соны мен күндіз де, түнде де айтам. Тыңда мені» деп тұр. Мен де құшағым жая ұмтылып: «Кел, келші, сәулем!» – деп барып оянып кеттім.

– Рас, сен сүйдедің. Соны айтып ояндың! – дей берді Ербол.

– Тұра тұр. Ғажап... Көзімді ашып алсам түс екен. Бірақ өн – «Топайкөк», дәл Тоғжанның өзі, соның алдында ғана айтқан қалпында, дәл Тоғжанның өз үнімен айтылып, үзілмей шырқап тұр. Өзге түс болсын, осы не? Түсімде анау! Ал өңімде, ешбір басқа кісінің үні емес, шын жарымның өз үні, қақ қасымнан шығып тұрғаны несі? – деп тағы да таң болған күйде тақатынан айырылды...

*Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясынан
(«Тайғақта», 2-кітап)*



2-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Кейіпкерлер арасындағы әңгіме не туралы болды?
2. Абай Ерболға қандай өтініш айтады?

3. «Аян берді» дегенді қалай түсінесіздер?
4. Жазушы түсті қандай мақсатта қолданған?
5. Абай түсінде кімді көрді?



3-тапсырма. Оқиғаны әрі қарай қалай дамытар едіңіздер?



4-тапсырма. Мәтіннен үстеулерді өзі тіркескен сөздерімен теріп жазып, сөйлем құраңыздар.



5-тапсырма. «Абай жолы» романындағы әйелдер бейнесі тақырыбында жинақы мәтін жазыңыздар. Қазақ әйелінің бейнесін ашыңыздар.



6-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Әдеби шығарманың мазмұнын кім жақсы түсінді?
- Негізгі мәселе мен қосымша мәселелерді ажырата алдыңыздар ма?
- Жазбаңызда тыныс белгілерін дұрыс қоя алдыңыздар ма?



11-сабақ

Артық білім – кітапта



1-тапсырма. Абайдың орыстың классик ақындарынан аударған қандай шығармалары бар?



2-тапсырма. Үзіндіні оқушының оқуынан тыңдаңыздар. Тыныс белгілері қойылған жерге кідіріс жасады ма? Бағалаңыздар.

Тірек сөздер

- сөске
- снәшә
- ықылас
- ұғымсыз
- тіл бөтендігі
- өткел

...Есігі турулі, түңлігі шалқия ашылған кең үйге көктем сөскесінің бар тынысы, бар үні мол кіріп тұр. Биік төсек жанында дөңгелек үстелге шынтақтап оңаша ғана отырған Абайға есіктен кірген самал да жайлы.

Кітабына тағы да ерекше сүйсінген ынтамен үңіледі. Бұл кітапқа қазірдегі Абай ықыласы тіпті бөлек. Ол ықылас кітап пен оқушы Абай арасында туған жақсы бір ұғынысудан. Орыс тілінде

жазылған ұзақ өңгімені Абайдың ең алғаш рет еркін ұғып, тіл бөтендігін жеңген кезі осы. Ұғымды болған кітап бірінші өткел болды. Абайдың көп жылдан бері жетсем деп тырмысып созылған арманды жағасына шығаратын өткел.

Биылғы өткен қыс бойы Абай неше алуан «төпсірлерді» серік етіп, жалғыз табандап қадалғаны орыс кітабы еді. Аяғында осы көктемде, жаңа дүние саңылауы шын жарқырап ашыла бастағандай болған соң, Пушкинге ауысқан. Қарасөзінен бастаған. Қазірдегі өздігінен оқып, ұғып келе жатқаны – Пушкиннің ұзақ өңгімесі «Дубровский». Тілін берген «Дубровский» хикаясы өзегін де берді...

*Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясынан
(«Жайлауда», 2-кітап)*



3-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

Абай

- қайда отыр?
- не істеп отыр?
- қандай кітап оқып отыр?
- бұл кітапқа ықыласы неге бөлек?



4-тапсырма. Абай бейнесін өздеріңіз оқыған қандай шығарманың кейіпкерімен салыстырар едіңіздер? Ой бөлісіңіздер.



5-тапсырма. Сіздерге оқылым мәтіні бойынша фильмнің сценарийін жазу тапсырылды. Алғашқы кадрда Абай отырған бөлмені түсіру керек. Бөлменің ішін сипаттап жазыңыздар (Бұл қандай бөлме? Бөлмеде қандай заттар бар? Бөлменің терезесінен не көрінеді? Абайдың қолында не бар? Абайдың көңіл күйі қандай?).



6-тапсырма. Ойтаразы. «Қосу, алу, қызықты» кестесін толтырыңыз.

Қосу	Алу	Қызықты



12-сабақ

Ақын өсиеті



1-тапсырма. Абайдың оқу-білім, өнер-ғылымға арнаған шығармаларын еске түсіріп айтыңыздар.



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, құрылымына қарай талдаңыздар (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды). Үзінді кімдерге арналған? Қандай әсер алдыңыздар?

...Қыстың ортасы ауып, енді қаладан елге қайтар кез жеткенде, тағы бір сенбінің кешінде Абай Баймағамбетті жарым күндей жүргізді. Қаланың әр жерінде тұрған оқушы балалардың барлығын өз пәтеріне шақырып алды. Соларға өз алдында еркіндетіп ән салдырды. Сонымен кешкі ет алдында ғана: «Балалар!» – деді. Жас қонақтарын, өз балаларын салмақты үнмен өзіне қаратып алды. Бүгін күндіз жазып қойған бір табақ қағазды алып, балаларға бір өлең оқып берді:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім... –

Бұл жиында бір өзінен басқа ешкімге мәлім емес, осы бүгін туған өлеңін оқыды. Арасында:

Түсіндірме сөздік

мәлім – белгілі
мақрұм қалу – бұл жерде: білім-ғылымды уақытында алмау
опық жеу – өкіну
тіл қату – айту
жаңа төл өсіру – жаңа буын қалыптастыру

Адамның бір қызығы бала деген,
 Баланы оқытуды жек көрмедім.
 Баламды медресеге біл деп бердім,
 Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім... –

деген жолдарын қайталап оқып беріп, балаларға қысқа ғана тіл қатты.

– Міне, балаларым, інішектерім. Біз сияқты аға, әкелерің мезгілінде өсе алмай, қылтанақ жарып, сарғайып қалған шөптейміз. «Ғылымнан мақрұм қалдық» деп енді өкінеміз, опық жейміз. Сол – біздің мұң. Ал сендер үшін тілегім, айтарым жаңағы. Бұл – аға батасы! Сендерден дәрмен күткен далаңның, еліңнің тілегі! Адам болам деп оқыңдар. Аймағыма жақсылығым жетеді, адал азамат болам деп, халықтың қамқоры болам деп оқыңдар!

«Осы отырған балалардан жаңа төл өсірем, жаңа буынның жаңа азаматын шығарар болсам, менің ендігі жұбанышым, үміт етер қанатым да солар болмас па еді? Ендігі етер еңбегім мен көмегім, айтар өсиет, ақылым болса – көзі ашық, оқыған жаңа қауым туғызуға арналсын. Ел ішін көгертетін кез жетті ғой», – деп ойлады Абай...

*Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясынан
 («Биікте», 2-кітап)*



3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңізге сұрақтар дайындаңыздар.



4-тапсырма. Мәтін мазмұнының құрылымын ретімен орналастырып, ойды кеңейтіп айтыңыздар.

1. Ақынның өкініші.
2. Жас қонақтар.
3. Ақын өлеңдері.
4. Ақынның жастарға өсиеті.



5-тапсырма. Ақын неге өкінеді, неден үміт күтеді? «Дербес пікір» жазу тәсілін қолданып, мәтін мазмұны негізінде «Ақын өкініші» тақырыбында эссе жазыңыз (уақыты – 7-8 мин).

1. Өзіндік пікір (идея) – бір сөйлем.
2. Дәлел – екі сөйлем.
3. Өз пікірін дәлелдейтін мысал – екі сөйлем.
4. Өз пікіріне қарсы пікір – бір сөйлем.
5. Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – екі сөйлем.
6. Қорытынды – екі сөйлем.



6-тапсырма. Ойтаразы. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүгінгі сабақтың басты мәселесі не болды?
- Топта/жұпта қалай жұмыс жасадым?
- Кімге көмек бердім?

- Бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?
- Сабақ маған қандай әсер қалдырды?



13-сабақ

Нәтиже сабақ



1-тапсырма. Тақырып бойынша қандай терминдер мен тірек сөздерді білдіңіздер? Сыныптастарыңыздан терме диктант алыңыздар. Олар терминдер мен тіркестердің мағынасын түсінді ме? Тексеріп, бағалаңыздар.



2-тапсырма. «Абай жолы» романында кездесетін кейіпкерлерді сипаттап, кластер түзіңіздер.



3-тапсырма. Тақырып бойынша ақпараттық-маңызды фрагменттерді анықтай отырып, жинақы мәтін құрастырыңыздар. Мәтіннің тақырыбын өзіңіз анықтаңыз.



4-тапсырма. «Қазақтың ұлы тұлғасы» тақырыбында эссе жазыңыздар.



5-тапсырма. Тақырып бойынша түйінді ойларыңызды кесте арқылы қорытындылаңыз.

Берілген тақырып бойынша маған не белгілі?	Тақырып бойынша қандай жаңа мәлімет алдым?



1-сабақ

Болашақ – жастар қолында



1-тапсырма. Жастар деген кім? Оларды не қызықтырады? Мақсат-мүдделері қандай? Ой бөлісіңіздер.



2-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Әр азатжолдағы негізгі ойды анықтаңыздар.

Тірек сөздер

- бірегей
- бейімделу
- бастамашыл
- теңдессіз
- құлшындық
- әлеует

Қазіргі жастар – бәсекеге қабілетті, жаңаша ойлайтын азат ойлы азаматтар. Олардың әрқайсысы қайталанбас бірегей тұлғалар. Жаңа технологиялар қарыштап дамыған заманда олар кез келген ортаға жылдам бейімделуде. Жастар кез келген шынды, тіпті әлемді бағындыруға дайын. Ақылды да тапқыр, жас та бастамашыл қазақстандықтар өз идеяларын жүзеге асырып жатыр. Олар әлемге танымал режиссер, ғалым,

дизайнер болуда. Робот техникасын зерттеп, керемет фильмдер түсіруде, өнер туындыларын жасап, теңдессіз идеяларды тудыруда.

Дамыту мен құлшыныс туғызу үшін мемлекет жастарға жан-жақты қолдау көрсетіп келеді. Жастардың алдында осының барлығын игеріп, өз әлеуетін тиімді пайдалану міндеті тұр. Өйткені еліміздің болашағы жастардың еңбекқорлығына, талап-тілегіне, арман-мұратына байланысты. Олар ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан құндылығымызды, тарихи дәстүрімізді жаңғыртып қана қоймай, экономикасын, ғылымын да дамытуға, ел үшін еңбектенуге міндетті. Жастар еңбек жолына түскенде ғана қоғамын өрге бастыра алады. Отаншыл халық жастары болмаған елдің болашағы қараңғы.



3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Мәтін не туралы?
2. Елімізді бүкіл әлемге танытып жүрген қандай жастарды білесіздер?
3. Жастардың рухани тұрғыда өсуіне бағытталған қандай жобалар немесе ұйымдар бар?



4-тапсырма. ПОПС формуласын қолданып, «Отаншыл халық жастары болмаған елдің болашағы қараңғы» деген пікірге өз ойларыңызды білдіріңіздер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



5-тапсырма. Болашаққа жоспарыңыз қандай? Өз мақсатыңызға қалай жетесіз? Шағын мәтін жазыңыз.



6-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» толтырыңыздар.

- Бүгінгі сабақтан алған әсеріңіз қандай?
- Кімнің жауаптары ұнады? Неліктен?
- Қандай қорытынды жасадыңыз?




2-сабақ

Мен жастарға сенемін



1-тапсырма. Тәуелсіз елдің жастары қандай болуы керек? Кластер түзіп, пікір алысыңыздар.



2-тапсырма. Өлеңді оқушының мәнерлеп оқуынан тыңдаңыздар. Қандай әсер қалдырды? Ақын жастарға қандай сенім артады?

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты –

Мен жастарға сенемін!
Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,

Жаннан қымбат оларға ар,
 Мен жастарға сенемін!
 Жас қырандар – балапан,
 Жайып қанат ұмтылған.
 Көздегені – көк аспан.
 Мен жастарға сенемін!
 Жұмсақ мінез жібектер.
 Сүттей таза жүректер.
 Қасиетті тілектер –
 Мен жастарға сенемін!
 Тау суындай гүрілдер,

Айбынды алаш елім дер,
 Алтын Арқа жерім дер,
 Мен жастарға сенемін!
 Қажу бар ма тұлпарға,
 Талу бар ма сұңқарға,
 Иман күшті оларда,
 Мен жастарға сенемін!...
 Мен сенемін жастарға,
 Алаш атын аспанға
 Шығарар олар бір таңда,
 Мен жастарға сенемін!

Мағжан Жұмабаев



3-тапсырма. Топқа бөлініп, өлеңде айтылған ойды алдыңғы сабақтағы мәтін идеясымен байланыстырыңыздар. Өлеңде қазіргі жастардың бойынан көруге болатын қандай қасиеттер аталды?



4-тапсырма. Өлеңнен бейнелі сөздерді тауып, өзі тіркескен сөздерімен теріп жазыңыздар.

Шылау сөздер

Шылау сөздердің лексикалық мағынасы жоқ, бірақ басқа сөз таптарымен тіркесіп, сол сөз таптарының мағыналарын толықтырады және айқындайды. Сөздерді, сөз тіркестерін және сөйлемдерді байланыстыратын сөз табы. Шылаулар сөйлем мүшесі бола алмайды. Атқару қызметіне қарай үшке бөлінеді:

- Жалғаулықтар:** және, әрі, мен, бен, пен, да, де, та, те, я, кейде, болмаса, әйтпесе, егер, ендеше, демек, яғни.
- Септеуліктер:** үшін, сайын, туралы, арқылы, кейін, бұрын, соң, қатар, бірге, қоса.
- Демеуліктер:** ма/ме, ба/бе, па/пе, ғой, қана, тек, түгіл, -ау, -ай, -ақ, -мыс, -екеш.



5-тапсырма. Өлең мазмұны негізінде жастарға қолдау беретін үндеу мәтінін жазыңыздар (5-6 сөйлем). Шылауларды орынды қолданыңыздар.



6-тапсырма. Ойтаразы. Кестені толтырыңыз.

Қандай ой пайда болды?	Нені сезіндім?	Не ұнады?

**3-сабақ****Жас дарын****1-тапсырма.** Дарын сөзін қандай сөздермен ауыстыруға болады?**2-тапсырма.** Мәтінді оқыңыздар. Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңізге сұрақтар дайындаңыздар.

Алматылық Тимур Рысбеков – «Қазақстанның 100 жаңа есімі» тізіміне енген тұңғыш оқушы. Дарынды жастың әлеуметтік, медицина және ғарыш саласы бойынша көптеген өнертабысы бар. Жақында өнертапқыш оқушы Америкаға аттанғалы отыр. Онда NASA ұйымдастыратын байқауға қатысады.

Қазір Тимурдың 72 өнертабысы бар, оның 28-і патенттелген. Ол өзінің ерекше өнертабысын ғарыш саласына арнап жасапты. Қалта телефоны арқылы басқарылатын робот ашық ғарышта кез келген тапсырманы орындай алады. «Тамыз айында біз тобымызбен халықаралық платформаға шықтық. Әлемнің сарапшылары жобамызды жоғары бағалап, NASA ұйымдастыратын үлкен байқауға шақырту алдық. Оған әлемнің 30 елінен үздік өнертапқыштар келеді. Мен бұл байқауға көлемді мәліметтер қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ерекше бағдарламаны ұсынбақпын. Сонымен қатар оянуы мүмкін вулкандарды анықтай алатын құрылғыны апарамын», – дейді жас өнертапқыш.

Тимур Рысбеков 2017 жылы халықаралық байқауға қатысып, 77 химиялық реактивті анықтай алатын роботты жасап ұсынған еді. Сол кезде NASA сарапшылары баланың өнертабысына қатты қызығушылық танытқан. Тіпті өріштестік байланыс орнатуға ұсыныс білдірген.

«Түркістан» газетінен**3-тапсырма.** Мәтіннен күрделі сөздерді тауып, жасалу жолын анықтаңыздар.**4-тапсырма.** «Алдыңызға мақсат қоя біліңіз. Талмай алға ұмтылыңыз. Мақсатыңызға қолыңыз бірден жете қоймаса да, мойымаңыз, алған бетіңізден қайтпаңыз» деген пікірді кіріспе етіп алып, ауызша монолог дайындаңыздар.**5-тапсырма.** Мектептеріңізде дарынды оқушылар бар ма? Бар болса, ол туралы мектеп сайтына шағын хабарлама жазыңыз.**6-тапсырма.** Ойтаразы. Сабақ бойынша ойларыңызды тұжырымдаңыздар.

- Қосатыным –
- Өзгертер едім –
- Дамытамын –
- Күрделендіремін –


Тірен сөздер

- дарынды
- өнертабыс
- өнертапқыш
- қамтамасыз ету
- қызығушылық
- ұсыныс

4-сабақ Жастар мәселесі



1-тапсырма. 16–27 жас аралығындағы жастар арасында жүргізілген әлеуметтік сауалнаманың қорытындысына назар аударыңыздар. Қандай ой түйдіңіздер?



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (33-аудио). Қандай мәселе көтерілген?



3-тапсырма. Топтық жұмыс. «Кубизм» әдісін пайдаланып тапсырмаларды орындаңыздар.

1. *Баяндаңыз.* Мәтін мазмұнын баяндаңыз.
2. *Қолданыңыз.* Шылаудың мағыналық түрлерін қолданыңыз.
3. *Салыстырыңыз.* Алдыңғы сабақтағы мәтіндермен салыстырыңыз.
4. *Топтастырыңыз.* Жастардың бейнесін топтастырыңыз.
5. *Зерттеңіз.* Қазіргі жастар арасындағы мәселелерді зерттеңіз.
6. *Қорытындылаңыз.* «Жастар – ұлт келешегі» тақырыбында қорытынды жасаңыз.



4-тапсырма. Жұптасып, сабақта көтерілген мәселе бойынша күрделі жоспар құрыңыздар.

Жоспар құрудың үлгі сызбасы:

I. Кіріспе бөлім.

II. Негізгі бөлім.

1. Тезис:

а) сөйлем;

ә) сөйлем.

III. Қорытынды бөлім.



5-тапсырма. Сабақта алған ақпараттар бойынша ойларыңызды тұжырымдаңыздар.

- Қосатыным –
- Өзгертер едім –
- Дамытамын –
- Күрделендіремін –

**5-сабақ****Абай аға**

1-тапсырма. Алдыңғы бөлімде оқыған Абайдың бейнесін еске түсіріңіздер.



2-тапсырма. Үзіндіні түсініп оқып, детальды ақпараттарды анықтаңыздар.

...Күз аспаны күңгірт, бұлыңғыр. Ауада дымқыл сиз бар. Таң салқыны қазір күздің суық желіне айналған. Маңайда қызарып солған қурайлар көп көрінеді. Бүрінен айырылған тобылғы да қуқыл реңді. Ұзарып сарғайған селеу мен бозғыл көде, жусан бөрі де жел лебінен қалтырайды... Қара жел қуған қаңбақ кең жазықта тынымсыз кезіп, жосып өтеді.

Таң жаңада атқан. Салқын түннің қалың шығы жүргіншілердің аттарының тұяғын жылтыратып шашасына шейін суландырған.

Ералының кең жазығына жаңа келіп ілінген жүргіншілер – ерте көшкен ауылдың ер-азаматы. Көшіп келе жатқан Абай ауылы мен көрші ауылдар. Сол көштің алдында ұзақырап кеткен мынау бір топ аттылар – Абай мен оның жас достары, кей ақын-әншілер. Топтың алдыңғы қатарында Абай, Көкбай, Шұбар – үшеуі өзгелерден озықырап, оңаша еңгімелесіп барады. Артқы топ Ақылбай, Мағаш, Көкітай, Дәрмен болатын. Бұлардың артында Ербол мен Баймағамбет бір бөлек келеді.

Жүрістің ертелік мазасыздығына қарамай, күн райының мұңды, сұрқай көңілсіздігіне қарамай ортадағы жастар тобы үнемі дабырлап сөйлесіп, өзілдесіп, күліп келе жатыр. Шетінен ақын жастар болғандықтан, бұлар соңғы кездерде өлең шығарудың әр алуан үлгілерін байқап көрісетін. Үйде отырса жазып айтатын ақындар, топқа кезіксе домбыраға қосылып ән шырқайтын. Ал осындай атүсті, жол-жөнекейде шапшаң өлең айтуға да, бөсеке мен жарысқа да түсе берісетін...

Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясынан (3-кітап)



3-тапсырма. Мәтін мазмұнының құрылымын ретімен орналастырып, ойды кеңейтіп айтыңыздар.

1. Ақын жастар.
2. Ералыдағы көш.
3. Күзгі көрініс.



4-тапсырма. Топқа бөлініп, «Төрт сөйлем» тәсілімен мәтін мазмұны бойынша өз ойларыңызды жазыңыздар.

Пікір. Мәтін бойынша пікіріңізді бір сөйлеммен жазыңыз.

Дәлел. Пікіріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіз.

Тірек сөздер

- бұлыңғыр
- жүргіншілер
- ақын-әншілер
- күн райы
- сұрқай
- әр алуан

Мысал. Пікіріңізді өмірмен байланыстырып мысал келтіріңіз.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жазыңыз.



5-тапсырма. Мәтіндегі шылауларды өзі қатысты сөздерімен теріп жазыңыздар. Семантикалық картаға түсіріп, олардың мағыналық түрлерін анықтаңыздар.



6-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүгін не үйрендіңіздер?
- Сөздік қорыңызды қанша сөзбен толықтырдыңыздар?
- Сабақ бойынша қандай сұрақтарыңыз бар?
- Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?



6-сабақ

Ақын шәкірттері



1-тапсырма. Мәтінді үш қайтара тыңдаңыздар (34-аудио). Тірек сөздерді дәптерлеріңізге жазып алыңыздар.



2-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Мәтін кейіпкерлері кімдер?
2. Ақындардың жарыса айтысуының себебі неде?
3. Өлең тақырыбы неге арналды?
4. Кәкітайдың тапқырлығын неден байқауға болады?



3-тапсырма. Мәтінді қайта тыңдап, кейіпкерлерге мінездеме беріңіздер.



4-тапсырма. *Елең етті, іліп әкетті* деген тіркестерді қалай түсіндіңіздер?



5-тапсырма. Үзіндідегі негізгі ойды бес-алты сөйлеммен жазыңыздар.



6-тапсырма. Ойтаразы. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Өдеби шығарманың мазмұнын кім жақсы түсінді?
- Үзіндідегі негізгі ойды ажырата алдыңыздар ма?
- Тіркестердің мағынасын аша алдыңыздар ма?



7-сабақ

Әке мен бала



1-тапсырма. Сабақтың тақырыбына назар аударыңыздар. Сабақ не туралы болмақ? Болжаңыздар.



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Мәтіннің мазмұнын сыныптасыңыз түсінді ме? Түсінген-түсінбегенін білу үшін, оған сұрақтар қойыңыз.

Абай, бір жағынан, Өбіштей баласының орысша кең, мол тәрбие алғанына қызыға қарайды. Оның білімді жігіт боп, қатарлы орыс

оқымыстыларындай өсіп қалғанына қуанады. Әбішті сөйлетіп, ұзақ тыңдағысы келеді. Екіншіден, Ресейдің бар жаңа хабарына ынтығады. Қазіргі Петербург тұрмысынан, ғылымның, өнердің жаңа табысынан көп нәрселер сұрайды. Шойынжол, кемелер, үлкен оқу орындары туралы да білгісі келеді.

Ресейдің зор қалаларының бірінен-бірі ерекше байлықтарын, өзгеше қасиеттерін сұрастырады. Фабрика, зауыттар жайына да қызығады.

Кейде өке мен бала мәслихаты орыс халқының үлкен ақындары жазған кітаптарға да ауысады. Толстой, Салтыков-Щедрин, Некрасовтар туралы да ойтолғаулар айтысады.

Осымен қатар, Әбіштің байқауынша, кейде Абайды бір мазасы ойлар алаң етіп толқытқандай болады. Ол үнсіз, жалғыздық мұңына кете беретін тәрізді.

Әбіштің ұғымынша, Абайдың өзі үшін керексіз және залалды, өсіресе ақындық өнері үшін залалды бір әдеті бар.

Ол – осы елдің ішіндегі атқамінер, партияқорлардың толып жатқан дау-шары туралы. Солардың кейбіреулеріне Абайдың ықтиярлы, ықтиярсыз араласа жүретіндігі турасында.

– Неше алуан жауыздық пен қиянат атаулы мені қатты қинайды-ау, қарағым Әбіш... Бірақ менің сыбағам осы болып кеткені ғой! – дей түсті де, бар жастарға қарап жаңа бір сөз тастады:

– Ал сендердің замандарың басқаша болар деп сенемін. Мен ескінің арты боп, сендер жаңаның алды болсаңдар екен!.. – деді...

Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясынан (3-кітап)



3-тапсырма. Үзіндіні бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойыңыздар. Соңғы азатжолдағы сөйлемді қалай түсінесіздер?



4-тапсырма. Қарамен берілген сөздердің мағынасын «Қос жазба күнделігінде» түсіндіріңіздер.



5-тапсырма. Мәтін үзіндісі негізінде Әбішке мінездеме жазыңыздар.



6-тапсырма. Ойтаразы. «Әңгімелесетін әріптестер». Сабақ мазмұны бойынша жұпта талқылаңыздар.

- Жаңа оқыған үш факті;
- жеңіл болған ақпарат;
- қиын болған ақпарат;
- алдағы уақытта оқығым келетін ақпарат.



8-сабақ

Күтпеген қонақтар



1-тапсырма. Мәтінді оқушылардың оқуынан тыңдаңыздар. Қандай мәселе көтерілген?

Түсіндірме сөздік

өшкен жандар – қайтыс болған адамдар
жалын ата – қатты
өңі қашу – түрі бұзылу
сескену – күдік алу
бейнет – қиындық
титығы құру – шаршап, жете алмау

Абай осы азғана жұмалар ішіндегі өзі кешкен қайғы мен өшкен жандар жанын ойлап, жалын ата күрсінді. Ел уайымы, ер зары еді. Сол жайды ойланып, тағы да өзінің қағазына үңіле бергенде, енді тың бір хал елең еткізіп, жұмысын тоқтатты. Терезенің түбінен тасырлатып өткен аттылар дүбірлі осы қақпаға, осы үйге оқтала келгендей. Абайдың аңғаруында үш-төрт салт атты. Жүргіншілер асығып келген төрізді.

Бұларды Абай «Неғылса елден келді, жүрістері қатаң екен, суық хабармен келген болмаса игі еді!» деп, үйге кірулерін асыға күтті. Ойланғанындай, енді аз уақытта Абайдың үстіне дауыстап сәлем беріп, өңі қашқан Дәрмен кірді. Көптен көрмеген іні досы, аса жақсы көретін жас досы ойда жоқта кіргенде, әуелі Абай қуанып еді. Сол сәтте және де Дәрменнің түсінен өзгеше жайды аңғарып, сескеніп қалды.

– Япыр-ай, қалай келдің? Немен келдің? Не жаймен жүрсің? – деп, Дәрмен отырып болмастан, асыға сөйлеп қарсы алды. Жазып отырған қағаздарын жаба салып, көзінен көзілдірігін де алды. Анығында Дәрменнің келісі тым асығыс-ты.

– Абай аға, екі-ақ сөз айтып, қазір-ақ жөнелгелі келдім. Артым – қуғын, алдым – өрт!

– Не дейсің, не айтып отырсың?..

Мұнан арғы сөзге Абайдың демі жетпегендей.

– Қасыңызға ергелі қасықтай салмағым салып, бейнетімді тартқыз-баспын деп едім. Амалым жоқ. Жастық отымен тұтандым да, түстім бір жалынға. Ендігінің бәрін өзіңіз біліңіз. Өзіңіз билеңіз, не десеңіз де көңдім де бердім. Жете алмай титығым құриды ғой деп ем. Алдыңызға жетіп өлдім, міне, арманым жоқ! – деп сөзін аяқтады.

Абай оның жайын енді түсіне берді. Соңғы күндердің бірінде Әбіш Дәрмен туралы өз әкесіне сездірген, ойда жоқ шетінен бір хал бар болатын. Дәрменнің қазір Абайға әкеп отырған дәті сол еді.

*Мұхтар Әуезов. «Абай жолы»
роман-эпопеясынан (3-кітап)*



2-тапсырма. «Жастықтың оты» дегенді қалай түсінесіздер?

1. *Қайда?* Бұл тіркесті бұрын қайда және қандай мағынада кездестірдіңіз?

2. *Қалай?* Өзіңіздің немесе таныстарыңыздың тәжірибесінен осы тіркесті қолдану мысалдары кездесті ме?

3. *Қандай?* Мәтінде бұл тіркес қандай мағынада жұмсалды деп ойлайсыз?



3-тапсырма. Мәтіндегі кейіпкерлер кімдер? Олардың арасындағы әңгіме не жайында болғанын сыныптасыңыздан сұрап, диалог құрыңыздар.



4-тапсырма. Абайдың орнында болсаңыз, Дәрменге қандай шешім шығарар едіңіз?



5-тапсырма. Мәтіннен шылауларды тауып, олардың жасалу жолдарын түсіндіріңіз.



6-тапсырма. Ойтаразы. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Сабақта қандай маңызды ақпараттарды білдіңіздер?
- Мәтінде көтерілген мәселелерді анықтай алдыңыздар ма?
- Жүшпен бірлесіп жұмыс істеу қиын болды ма?
- Не нәрселер қиындық келтірді?
- Қай оқушыға жоғары баға беруге болады?



9-сабақ

Әсемпаз болма әр неге



1-тапсырма. Абайдың «Әсемпаз болма әр неге» өлеңін ескертүсіріп, жатқа айтыңыздар.



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (35-аудио). Әр азатжолда не туралы айтылған?



3-тапсырма. Мәтін үзіндісі бойынша күрделі жоспардың тезисін жоспарлаңыздар.

Жоспар құрудың үлгі сызбасы:

I. Кіріспе бөлім.

II. Негізгі бөлім.

1. Тезис:

а) сөйлем;

ә) сөйлем.

III. Қорытынды бөлім.



4-тапсырма. Сол жоспарға сүйеніп мәтін мазмұнын әңгімелеңіз.



5-тапсырма. «Әсемпаз болма әр неге» өлеңінің толық нұсқасын тауып оқыңыздар. Өлең не туралы? Мәтін мазмұны негізінде аннотация жазыңыз.



6-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жазбаша жауап беріңіздер.

- Тақырып бойынша не түсіндіңіз?
- Қандай маңызды мәліметтер болды?



10-сабақ

Өмір жыры



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып шығыңыздар. Тірек сөздерді жазып алып, олардың мағынасын түсіндіріңіздер.

Түсіндірме сөздік

қобалжу – көңіл күйі бұзылу, толқу
нәсілі – ұрпақ
надан – оқымаған
соқтықпалы соқпақсыз заман – қиын кез, уақыт

...Сонымен ымырт жабыла тағы да баяу басып, жалғыз қайтып келе жатқанда, Абай басқаша бір қобалжумен келді. Қобалжитқан жай – болашақтың жайы. Сол болашақ заманның нәсілімен, сол күннің сыр тыңдаушы ойлысымен Абай өзі енді тіл қатысып, жалғаса берген. Осы жайды ойлаған сайын ендігі Абай көңілі тыным таппай, тулай түседі.

Егер де ол заман адамымен тілдесер болса, қандай, нендей жайларын Абай өзі, ең алдымен, айтуға тырысар еді. Әрине, ол заман адамына бұл тұтас тұрған жұмбақ қой! Ол адам көп ойланбаса, жүрегінің түбіне терең бойламаса, Абайды түсіну оңай бола ма?.. Соқтықпалы соқпақсыз заманда өскен мендей жанды жақын тану арзанға түсе ме?! Тас қараңғы далада үйірлі наданмен жалғыз алысқан ем. Өлсіз қолда жансыз жалғыз ғана шырақ ұстаған ем. Мендей ізденушіні қабылдаушы оңай ұғып біле қояр ма!..

Көңілді бұрып билеген бір қызу толқын, ыстық ойлар зор кеудені шарпып тулатты. Абай асығып үйге кіріп, төсектің бас жағындағы сүйектеген кітап шкабының ішінен қағаз, қарындаш алды, үлкен дөңгелек үстел қасына құлай бере, асығып кеп отыра қалды. Дәл осы сәт кешінде анық ақындықтың үлкен биігіне ой сезімімен өрлеп шыққан зор өнерпаздың өзгеше бір өлеңі туып еді:

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
 Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
 Соқтықпалы соқпақсыз жерде өстім,
 Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!..

Осылайша «Өлсем, орным қара жер» дейтін өлеңмен Абай ең алғаш рет өлімді аузына алды. Бірақ бұл өлім жайындағы сөзде өлместік сырды баяндау бар. Өлмес күшті құптау мен ұзаққа жолдау бар. Бұл – күңіренген көрінің, көрге үңілген зарлының айтқан өлім жайы емес. Дүниедегі, халықтардағы, замандардағы барлық бір өлмес күштер, мәңгі тірліктер барына барынша сенген жүректен туған, өлім атынан айтылған, өмір жыры еді...

*Мұхтар Әуезов. «Абай жолы»
 роман-эпопеясынан (4-кітап)*



2-тапсырма. Мәтінде қандай мәселе көтерілген? Негізгі ойды анықтаңыздар.



3-тапсырма. Абай болашақ ұрпақпен тілдесіп, оған өз мұңын айтып сырласады. Абайдың нені меңзеп отырғанын түсіндіңіздер ме? Үзіндідегі өлең арқылы өз ойларыңызды дәлелді жеткізіңіздер. Сіз болашаққа не айтар едіңіз? Сізді не толғандырады? Ауызша монолог құрыңыз.



4-тапсырма. Сіздер үшін қандай ақпарат маңызды болды? «Қос жазба күнделігіне» түсіріп, топ болып талқылаңыздар.

Мәтіннен үзінді	Түсіндірме



5-тапсырма. Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, «Мыңмен жалғыз алысқан тұлға» тақырыбында эссе жазыңыздар (көлемі – 250 сөз).



6-тапсырма. Ойтаразы. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүгінгі сабақтың басты мәселесі не болды?
- Топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?
- Бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?
- Сабақ маған қандай әсер қалдырды?
- Қандай қиындықтар кездесті?



11-сабақ

Абай жолы



1-тапсырма. Шығарманың «Абай жолы» деп аталуының себебін түсіндіріңіздер.



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (36-аудио). Үзінді не туралы?



3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Жайлау елі қайда көшті?
2. Автор жайлауды қалай суреттеген?
3. Дәрмен қайда келді?
4. Ол қабір басында қандай ант берді?
5. Дәрменге қандай баға бересіз?



4-тапсырма. Мәтін үзіндісі бойынша менталды картаны толтырыңыздар.



 **5-тапсырма.** Берілген тіркестерді қолданып, «Үмітті ақтаймын» тақырыбында жинақы мәтін жазыңыздар. Шылауларды орынды қолданыңыздар.

Дөңдерің өсіп келеді; асыл сөзіңді сақтаймын; ата тәрбиесін ақтаймын.

 **6-тапсырма.** Ойтаразы. Сабақ бойынша «Екіжақты күнделік» кестесін толтырыңыз.

Маған әсер етті	Недіктен әсер етті?

12-сабақ **Нәтиже сабақ**

 **1-тапсырма.** Тақырыпты қорытындылап, танысқан мәліметтеріңіз бойынша «БББ» кестесін толтырыңыздар.

Білемін	Білдім	Білгім келеді

 **2-тапсырма.** «Заманына қарай – адамы» дегенді қалай түсінесіздер? Пікірталас ұйымдастырыңыздар.

Шарты:

- жастардың бүгінгі заман талабына сай болуы;
- ақын-жазушының сөздерінен сілтемелер келтіру;
- тақырыптан ауытқымау;
- топ алдында өз ойын сенімді әрі еркін жеткізу.

 **3-тапсырма.** «Жастар арасындағы түйткілді мәселелер және оны шешу жолдары» тақырыбында ой қорытып, менталды карта жасаңыздар.

 **4-тапсырма.** «Мен Қазақстанның болашағымын» тақырыбына эссе жазыңыздар.

 **5-тапсырма.** Жазған эсселеріңізді бір-біріңізбен ауыстырып, шылау сөздерді анықтаңыздар.

ЖАҒАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР: КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫ

1-сабақ

Қазақстандағы көші-қон үдерісі



1-тапсырма. «Көші-қон» деген сөзді естігенде көз алдарыңызға не келеді? Ассоциациялық қатарын беріңіздер.



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Сіздерге қандай ой салды? Көші-қон үдерісі неліктен жаһандық мәселе болып табылады?

Кеңес дәуірі кезіндегі Қазақстанда жүрген көші-қон үдерісі одақтық маңызы бар мәселелердің бір бөлігі ретінде қаралды.

Бірінші кезең. Кеңес үкіметі орнаған 1917–1918 жылдар және 1921–1922 жылдар. Бұл кезеңде ашаршылық орын алды. Сондағы ірі ерекшелік: көші-қон Қазақстаннан сыртқа қарай бағытталса, өзге ұлт өкілдерінің, еуропалық ұлт өкілдерінің, керісінше Қазақстанға көшіп-қонуы жалғасты.

1917–1918 жылдары Түркістанда орын алған ашаршылық қазақтардың қарама-қарсы бағыттардағы көші-қонын күшейтті. Сонымен бірге патшалық дәуірдің қазақ жерін отарлау саясатының нәтижесінде Қазақстанға өз бетінше көшіп-қонуға тыйым салынды. Соған қарамастан, орыс, украин және т.б. ұлт өкілдерінің қазақ жеріне көші-қоны тоқтаған жоқ. Бұл кезеңде қазақтар халық құрамындағы артықшылық үлесін сақтап қалды. 1926 жылғы санақта қазақтар 58,5 пайыз болды.

Екінші кезең. 1926–1939 жылдар – кеңес дәуірі кезіндегі Қазақстанға көші-қонның қайтадан жандануы. Ол – Қазан төңкерісінен кейінгі көші-қонның қайта өрлеу кезеңі. Ұжымдастыру мен өндірістендіруге байланысты Ресейден көшіп-қонушылар патша кезеңіндегідей ағылып келіп жатты. Өндірістендіруге байланысты Түркібке, Қарсақпайға, Қарағандыға және т.б. Ресейден көші-қоншылар әкелінді. 1929 жылдан бастап саяси жазаланғандар, арнайы қоныстанушылар, бұрынғы кулактар келе бастады. Бұл кезеңде республикадағы қазақтардың үлесі 38,0 пайызға төмендеді.

Ішкі көші-қонда тың жерлерді игеру көзделді. Мысалы, Қазақстанның оңтүстігіндегі Мырзашөлді игеру қарастырылды.

Тірек сөздер

- көші-қон
- сыртқа
- күшейту
- тыйым
- жандану
- өндірістендіру

«Отан тарихы» журналынан



3-тапсырма. Топқа бөлініп, мәтіннің тақырыбын, идеясын анықтап, көтерілген мәселелер бойынша төрт-бес сұрақ құрастырыңыздар.



4-тапсырма. Түсіндірме сөздікті пайдаланып, берілген ұғымдарға анықтама беріңіз.

Көші-қон үдерісі	Ашаршылық	Отарлау	Ұжымдастыру



5-тапсырма. Мәтінде айтылған кезеңдер бойынша көші-қон үдерісін салыстырып, тұжырым жасаңыздар.



6-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, көп нүктенің орнына керекті сөздерді жазыңыз.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екендігін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мені ... таңғалдырды.



2-сабақ

Көші-қон үдерісі – көпқырлы құбылыс



1-тапсырма. Көші-қонға қатысты негізгі ұғымдарды есте сақтаңыздар.

МӘЖБҮРЛІ КҮШТЕП ҚОНЫС АУДАРУ реформалар ұжымдастыру тағдыр тәлкегі отарлау саясаты



2-тапсырма. Мәтінді зерделеп оқыңыздар. Алдыңғы сабақтағы мәтінмен ортақ байланысын тірек сөздер арқылы анықтаңыздар.

Тірек сөздер

- шешуші
- антигумандық
- мәжбүрлі күштеу
- іске қосу
- тәлкек
- қоныс аудару

Үшінші кезеңге 1939–1945 жылдар жатады. Бұл кезеңде Қазақстандағы көші-қонға әсер еткен негізгі фактор – Ұлы Отан соғысы және оның құрамдас бөлігі – Екінші дүниежүзілік соғыс. Мұнда саяси факторлар шешуші рөл атқарды. Осы кезеңдегі көші-қон қозғалысы антигумандық сипатқа ие болды. Адамзат тарихында болмаған ірі репрессия – мәжбүрлі, күштеп қоныс аудару халықтарды этникалық

белгісіне байланысты жер аударумен жалғасты. Соғыс жылдарында республикаға 1257,6 мың адам келіп, оның 20,3 пайызы Қазақстанды тұрақты мекен етіп қалды.

Төртінші кезең – 1946–1959 жылдар. Соғыстан кейінгі демобилизация, отбасылардың бірігуі, халықшаруашылығын қалпына келтіру, жаңа өндіріс орындары (шикізаттық бағыттағы) мен көлік жолдарының түрлерін іске қосу, жаңа қалалар мен қала типтес

поселкелердің құрылуы, ауылшаруашылығындағы реформалар, тың және тыңайған жерлерді игеру және т.б. негіздегі көші-қондар. 1959 жылғы санақта жергілікті тұрғындар 29,7 пайызға кеміді. Қазақтар өз Отанында азшылық ұлтқа айналды.

Бесінші кезең – 1959 жыл. Қазақ тарихында «алтын кезең» деп бағаланды. Қазақ жеріндегі қазақтар үлесі 32,6 пайызға жетті.

1991 жылдан бергі тәуелсіздік жылдарын қамтитын кезеңдегі көші-қон үдерісінің өзіндік ерекшеліктері болды. Тәуелсіздік жылдарында тағдыр төлкегімен Қазақстанға қоныс аударушылардың негізгі бөлігі тарихи Отанына қайтуына және елден кеткен отандастарымыздың оралу көші-қонына қарай республикадағы қазақтар үлесі 1989 жылы 39,7 пайыздан 2009 жылы 63,1 пайызға өсті.

XX ғасыр соңынан әлем ғаламдану үдерісіне енді. Бұл кезеңде тәуелсіздігін алған Қазақстанда көші-қонның жаңа түрлері пайда болды.

«Отан тарихы» журналынан



3-тапсырма. Мәтінде қай кезеңдегі оқиғалар баяндалған? Мәтін бойынша хронологиялық кесте жасаңыздар. Алдыңғы және бүгінгі сабақта оқыған мәтіндеріңіз бойынша кезеңдердегі көші-қон үдерісін салыстырып, тұжырым жасаңыздар.

1939–1945 жж.	
---------------	--



4-тапсырма. Түсіндірме, терминдер сөздігін пайдаланып, берілген сөздерге анықтама беріңіздер.

Жер аудару, антигумандық сипат, репрессия, демобилизация, ғаламдану үдерісі.



5-тапсырма. Мәтінге қысқаша аннотация жазыңыздар.



6-тапсырма. Ойтаразы. «БББ» кестесін толтырыңыздар.

- Бұрын нені білетіңіз?
- Нені білдіңіз?
- Нені білгіңіз келеді?



3-сабақ

Қ.Жұмаділов. «Қаздар қайтып барады»



1-тапсырма. Қабдеш Жұмаділов туралы естүлеріңіз бар ма? Ол кім?



2-тапсырма. Берілген ақпаратпен танысып, парталас досыңызға тірексызба арқылы әңгімелеңіз.

Қабдеш Жұмаділов (1936 ж.) – жазушы. Ол Шыңжаң өлкесінің Тарбағатай аймағындағы Малдыбай ауылында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген.

1968 жылы «Қаздар қайтып барады» атты алғашқы әңгімелер жинағы, 1969 жылы «Көкейкесті» романы жарияланды. «Қаздар



Қабдеш Жұмаділов

қайтып барады» әңгімесінде патша өкіметінің отарлық саясатына шыдамай, туған жерін тастап, отбасымен шегара асып кеткен қарттың қырық жылдан кейін өз еліне оралуы суреттеледі.

Жазушы қаламынан көптеген әңгіме-хикаят, он шақты роман туды. Романдарының көпшілігі тарихи тақырыпқа арналған. Оның екі кітаптан тұратын «Соңғы көш», «Атамекен», «Тағдыр» романдарында Шыңжаң қазақтарының өмірі туралы жазылған. «Соңғы көш» дилогиясына 1983 жылы М.Әуезов атындағы әдеби сыйлық, ал «Тағдыр» романы үшін 1990 жылы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық берілді.

 **3-тапсырма.** Қабдеш Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» әңгімесінен үзіндіні оқыңыздар. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрыңыздар. Мәтін не туралы?

Түсіндірме сөздік

қалың жыныс – жайқалған орман-тоғай

тыңайып қалу – демалу
тілі аузына сыймай – аузы құрғап қатты шөлдеу

қоржын – жүннен тоқылған екі басты қап

торсық – сусынға арналған ыдыс

малта – ұсақ құрт

Жалаңаш жотадан төмен түсіп, қалың жынысты қойнауға жеткенде, жел басылып, күн жылынайын деді. Әбден қалжыраған қарттың бұдан әрі жүруге халі келмей, шоқ қайыңның түбіне қисая кетті. Арқасындағы қоржынын басына жастап, бір сөт сұлқ жатты.

Бір заматта басын көтерді. Күн төбедең ауып барады екен. Біраз сергіп, тыңайып қалыпты. Тек тілі аузына сыймай, шөл әкетіп барады. Қоржынның бір басынан кішкентай қатқан торсықты алып, шайқап

көріп еді, бірдеме шылдырағандай болды.

Құйып алып шыққан айраны бұдан екі күн бұрын таусылған. Қалтасында жүрген бес-алты құртты торсықтың ішіне салып, үстіне кеше су құйып алған-ды. «Не болса да, осы арада біржола тамақтанып алайын», – деді ол. Қоржынынан біруыстай ірімшік және екі-үш қатқан нанды алды. Тастай боп қатып қалған қара нанның бір түйірін қажалап отырып, зорға жеді. «Шіркін-ай, осындайда бір шәйнек шай немесе бір аяқ қымыз болар ма еді?!» – деп аңсады қарт.

Қарт «жеуге жарайтын ештеңе табылмас па екен» дегендей айналасына көз жіберді. Кенет дәл бас жағында өсіп тұрған бір түп долананы көрді. Қып-қызыл боп уылжып тұрған долананың жидегі шалдың көзіне оттай басылды. Жалма-жан орнынан тұрып, үзіп жей бастады. Қалтасына да толтырып алды. Шөлі қанып, қуанып қалды. «Өлмегенге өлі балық жолығады» деген осы-ау», – деді ішінен, – Құдайдың өзі көмектесіп тұр ғой»...



4-тапсырма. Мәтінде кездесетін ұлттық өнімдерді семантикалық картаға түсіріңіздер.



5-тапсырма. Топтық жұмыс. «Өлмегенге өлі балық жолығады» деген мақалдың қолданысын өмірмен байланыстырыңыздар.

1. *Қайда?* Бұл мақалды бұрын қайда және қандай мағынада кездестірдіңіздер?

2. *Қалай?* Өзіңіздің немесе таныстарыңыздың тәжірибесінен осы мақалды қолданудың мысалдарын келтіре аласыздар ма?

3. *Қандай?* Осы сабақта бұл мақал қандай қажеттілікте жұмсалды деп ойлайсыздар?



6-тапсырма. Мәтіндегі шылауларды өзі қатысып тұрған сөйлемдерімен бірге жазып, қолданылу мақсатын түсіндіріңіздер.



4-сабақ

Қиын да ұзақ сапар



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (37-аудио). Тірек сөздерді дәптерлеріңізге жазыңыздар.



2-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша өзара диалог құрыңыздар.

1. Қалай ойлайсыздар, мәтін кейіпкері кім?
2. Ол қайда сапар шегіп келеді? Арман-тілегі не?
3. Жолаушы қарт қандай қиыншылықты басынан өткізеді?
4. Сол қиындықты қалай жеңді?



3-тапсырма. Кестені дәптерлеріңізге жазып, мәтінде кездесетін мына сөздердің мағынасын ашыңыздар.

Термин сөздер мен фразеологизмдер	Мағынасы
қозыкөш жер	
сіресіп қалыпты	
сегізкөзі	
жұлын тұтасып	
удай ашып	
көкжал	



4-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрыңыздар. Сол жоспарға сүйеніп оқиғаның барысын, қалай жүзеге асқандығын әңгімелеңіздер.



5-тапсырма. Оқиға болған өңірді суреттеп, жинақы мәтін жазыңыздар.



6-тапсырма. Ойтаразы. 3-2-1 критерийі бойынша анықтаңыздар.

- 3 маңызды ақпарат;
- қиындық келтірген 2 мәселе;
- тапсырмадағы ұнаған 1 мәселе.

**5-сабақ****Қарттың ерлігі**

1-тапсырма. Оқиға одан әрі қалай өрбуі мүмкін? Болжам жасаңыздар.



2-тапсырма. Мәтінді мұғалімнің оқуынан тыңдаңыздар. Әр азатжолда баяндалған оқиғаларды тезис түрінде жазыңыздар.

Тірек сөздер

- сүйектер
- жия-жөнекей
- ит-құс
- қанды асу
- аштық
- шоқай

Міне, ол қазір тұла бойының ауырғанына қарамай, ілгері аяндап келеді. Енді аз жүрсе, алдында үлкен өзен бар. Өкіріп-бақырып Тентек-Халдай ағып жатыр. Сол өзеннен өтіп, Күргейтастың ту сыртына шықса болғаны, айтулы кезең иек астында тиіп тұр.

Өзенге түсе берістегі алаңқайда демалып отырып, анадай жерде жатқан адамның қу басын көрді. Сол маңда әр жерде шашылып жатқан

басқа да сүйектерді көзі шалды. Жол-жөнекей әр жерде кезігіп қалатын тастан жия салған молаларды, ит-құс ашып тастаған адам сүйектерін ол бұрын да көріп келе жатқан. «Бұл қанды асу кімдердің басын жұтпаған?» – деді өзенге қарай түсіп келе жатып. Аштықтан боранда қалып, талай боздақ жан тапсырды ғой...

Күн бата қарт өзеннің бойына түсті. Қаталап, тілі аузына сыймай келіп еді, саптаяғымен су іліп алып, сіміре жұтты. Торсығын да толтырып алды. Сонан соң аяғындағы шоқайын шешіп, балағын тізесіне дейін түрді де, кешіп өтпек болды. Өзен ағысы қатты екен. Өзеннің ортасына келгенде, қарт төлтіректен кетті. Тізесі бүгіліп, жығылуға айналды. «Өлген жерім осы болар» деп зәресі қалмады. Жан ұшырып, қолындағы киім-кешегі мен қоржынын арғы жағаға лақтырып жіберді де, үлкен қой тастың бірін құшақтай алды. «Құдай бұл жолы да көмектесті!», – деді ол өзеннен өтіп алғасын.

Сонан соң ол тағы біраз жүріп барып, қалың ұшқат пен мойыл өскен қойнауға жетті де, осы арада әбден ымырт үйіріліп, қараңғы түскенше жата тұруды ұйғарды. «Ойпырым-ай, шынымен-ақ жақын қалды, ө? – деді ол, өзінің осыншалық жер түбіне қалай жеткеніне қайран болып. – Тек, амал қанша, бұл сапарға әлдеқашан шығу керек еді-ау!»...

Қабдеш Жұмаділов. «Қаздар қайтып барады»



3-тапсырма. Мәтіндегі жер-су аттарын теріп жазып, әрқайсысына түсініктеме беріңіздер.



4-тапсырма. Қарт не нәрсеге өкініш білдірді? Мәтіннен сол тұсты тауып оқып, өз пікіріңізді білдіріңіз.



5-тапсырма. Қарттың ерлігін айтып, оған мінездеме жазыңыздар. Тыныс белгілерін орынды қолданыңыздар.



6-тапсырма. Ойтаpазы. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүгінгі сабақтың басты мәселесі не болды?
- Топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?
- Бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?
- Сабақ маған қандай әсер қалдырды?
- Қандай қиындықтар кездесті?



6-сабақ

Атасы мен немересі



1-тапсырма. Мәтінді оқушылардың рөлге бөліп оқуынан тыңдаңыздар. Қандай мәселе көтерілген? Қарттың сезімін екі-үш сөйлеммен жеткізіңіз.

Өзінің бұл сапарға жалғыз шыққанын ойлағанда, жігері құм болып, ет жүрегі езіліп кетті. Тағдыр бұл жолы да оның алдын кес-кестеп, аяқтан шалды. «Қапыда қалдым ғой... Қайтейн, қайтейн, – деп күбірлей берді. – Төлеутайымды қалай ғана сақтай алмадым екен?.. Қайран құлыным, сенен қалай ғана тірі айырылдым екен? Тірі болсам, туған жерді бір көрсетем деуші едім. Ол күнге құдай жеткізбеді ғой. Қайтейн!..»

Төлеутай деп отырғаны – қарттың жалғыз немересі. Осыдан он шақты жыл бұрын бүкіл елді жайлаған қалың сүзектен ұлы мен қызы, кемпірі мен келіні қайтыс болғанда, осы Төлеутайы қалып еді қасында. Жасқа жетпей жетім қалған сөбиді қолынан түсірмей, жалаңаш қойнына салып жүріп баққан-ды.

Бұл жаққа келгелі қарттың кәсібі аңшылық болатын. Көнелеу бердеңке мылтығы бар еді. Қанжығасы майланып, табысы тәуір болған жылдары көрші жарлы-жақыбайға да қайырымы тиіп жүрді. Ауылдастарын да сорпа-судан кенде қылмаған. Түзге шықса, қара мылтығын, үйге келсе, қара домбырасы мен немересін ермек етті.

Бір жолы Төлеутайды таяу жердегі қара суға үйрек атуға ертіп барған. Көктемгі құс келетін уақыт. Шал бара сала, екі үйрек атып алды. Бір кезде қанаттары сартылдап, су жағасына жіпке тізген моншақтай бір топ қаз келіп қонды.

– Ата, мына қазды атып алайықшы, – деді Төлеутай қуанып.

– Жоқ, балам, бұл қаздарды атуға болмайды, – деді қарт басын шайқап. – Бұлар да жолаушы ғой, алысқа кетіп барады. Жолынан қалдырмайық.

– Алысқа дейсің бе? Қайда барады сонда? – деді Төлеутай таңырқап.

– Туған жеріне кетіп барады...

– Туған жері қайда?

– Алыста, сонау таудың ар жағында, – деп қарт, қазір өзі жатқан асуды нұсқап еді сонда.

Түсіндірме сөздік

жігері құм болу – бұл жерде: көңіл күйі түсу

аяқтан шалу – кедергі жасау
қапыда қалу – өкінішін білдіру

сүзек – жұқпалы ауру
бердеңке – шағын мылтық

қанжығасы майлану – олжалы оралу

кенде қылмау – бұл жерде: аш қалдырмау

Айтқанындай-ақ, қайтқан қаздар бұлардың төбесінен тағы бір айналды да, солтүстік қайдасың деп тартып берді...

Қабдеш Жұмаділов. «Қаздар қайтып барады»



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Қарт кімді ойлап күйзеліске түсті?
2. Қарттың отбасынан айырылуына не себеп болды?
3. Қарт немересін және ауылдастарын аштықтан қалай аман алып қалды?
4. Өңгіме неліктен «Қаздар қайтып барады» деп аталады?
5. Қалай ойлайсыз, бұл қай кезеңде болған оқиға?



3-тапсырма. Жұптық жұмыс. Мәтінді әсерлі жеткізіп тұрған сөздер мен тіркестерді теріп жазыңыздар (тұрақты тіркестер, теңеулер т.б.). Олардың мағынасын анықтаңыздар. Түсіндірме, фразеологиялық сөздіктерді қолданыңыздар.



4-тапсырма. Атасы мен немересінің арасындағы диалог не туралы болды? Сыныпта-сыңызға әңгімелеңіз.



5-тапсырма. Топтық жұмыс. Сүзек ауруы туралы не білесіздер? Пікірталас ұйымдастырыңыздар. Пікірталаста қамтылатын мәселелер.

- Сүзек ауруының сипаты.
- Сүзектің орын алу себептері.
- Сүзектің халыққа тигізген зардабы.
- Ауру жайлаған кезең.



6-тапсырма. ПОПС формуласын қолданып, сабақта алған ақпараттар бойынша өз пікірлеріңізді дәлелдеп жазыңыздар.



7-сабақ

Немере қайғысы



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (38-аудио). Қандай қайғылы оқиға баяндалған?



2-тапсырма. Екі полицейдің әрекетіне өз көзқарастарыңызды білдіріңіздер. Заңсыздық, жала жабушылық олардың қандай іс-әрекетінде орын алды? Өзара диалог құрыңыздар. Диалогте *кім? не? қайда? қашан? неге? қалай?* деген сұрақтарды қолданыңыздар.



3-тапсырма. Төмендегі шылау қатысқан сөздермен сөйлем құраңыздар.

Қояны мен кекілігін, қол-аяғын байлады да, келесі көктемде ғана, аң аулауға тыйым салды да, бір-ақ білді, адам шығыны да.



4-тапсырма. «Дербес пікір» жазу тәсілін қолданып, мәтін мазмұны бойынша пікірлеріңізді жазыңыздар (уақыты – 7-8 мин).

1. Өзіндік пікір (идея) – бір сөйлем.
2. Дәлел – екі сөйлем.
3. Өз пікірін дәлелдейтін мысал – екі сөйлем.

4. Өз пікіріне қарсы пікір – бір сөйлем.
5. Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – екі сөйлем.
6. Қорытынды – екі сөйлем.



5-тапсырма. «Шығу парағын» толтырыңыздар.

- SMS арқылы (қағаз қиындысына) сабақ туралы пікіріңізді (Қаншалықты жемісті болды? Қандай маңызды ақпарат алдыңыз?) қысқаша жазып, сыныптасыңызға жіберіңіз.
- Келіп түскен хабарламаның мәтінінен сөздердің орфографиялық нормаға сай жазылғанын тексеріп, баға беріңіз.



8-сабақ

Қарттың қуанышы



1-тапсырма. Әңгіме үзіндісін түсініп оқыңыз. Мәтіндегі сызық тірек сөзі нені білдіреді? Сыныптасыңызға айтып беріңіз.

Түн ортасы жақындап, ай батып кеткен кезде қарт орнынан тұрды. Шекпенінің етегін түрініп, белін шарт буынып алды. Сонан соң қоржынды иыққа салды да, адымдап басып алға жүріп кетті.

Кезеңге шыға келгенде, өкпе тұсында тұрған ала бағанды анық көрді ол. Дәл сызықтың үстіне келдім-ау деген кезде, өз еркінен тыс бір минуттай тұрып қалды. Жан-дәрмен есін жинап алып, сайға қарай жүгіре жөнелді.

Қарт ескіше аздап хат танығанымен, географиядан хабары жоқ еді. Дүниежүзінің саяси картасын да қолына алып көрген кісі емес. Өйтеуір, ел мен елдің арасында осындай бір сызық барын біледі.

Осы сызықтан өте салысымен жүгіріп отырып, екі-үш шақырымдай ұзап кетті. Тобылғылы сайға жеткенде, «yh» деп демін бір-ақ алды. Тұла бойын тер басып кеткен екен. Өлдекімге мұңын шаққандай, еңкілдеп жылап жіберді. Сақалынан пара-пара жас ақты. Жер-Ананы құшақтап сүйе берді. Біресе жылап, біресе күледі. «Айналайын, туған жер, сені де көретін күн болады екен-ау» деп күбірлейді. Қалтыраған қолымен дымқыл топырақтың біруысын алып, бетіне басады, танауына апарып қайта-қайта иіскей береді.

Ентігін басып, тынығып алған соң, тағы да ілгері жылжыды. Темірқазықты бетке алып, суыт жүріп келеді. Етекке жақындап, Саршоқының мойнағына шыға келгенде, табанының астында жапырлап жанған отты көрді. Өкпе тұсынан жылқы кісінеді. Саршоқының түбіндегі Айнабұлаққа қарай бет түзеді. Дәл осы арада оның атамекен қыстауы бар. Сонда барып, демін бір-ақ алуға бекіді.

Таң апшақ болып атты. Неткен сұлу, неткен ғажап таң еді! Сүт теңізіндей ақ сөуле тау басында бір сәт толқып тұрды да, лықсып төгіліп

Тірек сөздер

- ала баған
- сымық
- тобылғы
- еңкілдеп жылау
- туған жер
- біруыс топырақ

кетті. Қарттың көз шарасына көкжиекпен астасқан шетсіз-шексіз кең дала еркін сыйып тұрды...

Қабдеш Жұмаділов. «Қаздар қайтып барады»



2-тапсырма. Туған жер топырағын аттаған сәттегі кейіпкердің көңіл күйін, қуанышын білдіретін жолдарды тауып оқыңыз. Себебін түсіндіріңіз.



3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрып, мазмұнын өз сөзіңізбен баяндаңыз.



4-тапсырма. Әңгімедегі қарттың бөтен елге баруының себебі неде? Анықтап, өз ойыңызды дәлелді жеткізіңіз.

- а) жаңа өмірді бастау үшін;
- ә) ашаршылықтан құтылу үшін;
- б) жауларынан құтылу үшін;
- в) туған жеріне жету үшін;
- г) туған-туыстарына жолығу үшін.



5-тапсырма. Эпитеттер мен теңеулерді қатыстырып, Қабдеш Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» әңгімесінің аяқталу сәтін суреттеп жазыңыздар.



6-тапсырма. «Шығу парағын» толтырыңыздар.

- Бүгінгі сабақтан не білдіңіздер? Бұрын нені білетінсіздер?
- Мәтіндегі эмоционалды күйді білдіретін жолдарды түсініп, бағалай алдыңыздар ма?
- Қандай тапсырма қиындық келтірді?



9-сабақ

Ұлы көш



1-тапсырма. Тарихтан алған білімдеріңізді ескеріп, қазақтардың Қазақстан аумағынан тыс жерлерге қоныс аудару себептерін айтыңыздар.





2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (39-аудио). Тірек сөздерді анықтап, мағынасын ашыңыздар.



3-тапсырма. Мәтін мазмұнындағы жағымды ақпараттарды анықтаңыздар. Ол қандай мәселелер?



4-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Қазақстанның су ала жаздаған сортаң теңізіне тұщы бұлақ қосылғандай игі әсерін тигізері сөзсіз» деген авторлық тұжырымды қалай түсіндіңіздер? ПОПС формуласын қолданып өз пікірлеріңізді білдіріңіздер.



5-тапсырма. Қазақстан шетелдегі қандастарымызбен байланыс орнатуда қандай шаралар жасауда? Оған дәлел ретінде құрылған қандай ұйымды білесіздер? Топқа бөлініп, ой бөлісіңіздер. Қажет болған жағдайда қосымша ақпарат көздерін пайдаланыңыздар.



6-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, көп нүктенің орнына керекті сөздерді жазыңыз.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екендігін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мені ... таңғалдырды.



10-сабақ

Атажұртқа оралғандар мәселесі



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, автордың көзқарасын анықтаңыздар.

Небәрі екі жылдың ішінде Моңғолиядағы 150 мың қазақтың 60 мыңға жуығы атажұртқа біржолата оралып отыр. Бұл – үлкен жетістік. Өздері және солтүстік облыстарға қоныстанып жатыр. Біз қайткен күнде де, басталған ғасыр көшін тоқтатпауымыз керек.

Жырақтағы Иранда, Түркияда тұратын, одан өрі Еуропаға тараған қандастарымыз жайында айтар болсақ... Ирандағы туыстар, негізінен, 20–30-жылдары Сыр бойынан, Маңғыстау мен Арал төңірегінен ауып барғандар. Ал Түркиядағы қазақтардың 40–50-жылдары жол-жөнекей Үндістанды, Пәкістанды басып, көп қиындықпен Жоңғариядан көшіп келгені белгілі. XX ғасыр қай жерде де қазаққа оңай тиген жоқ. Өйткенмен, жат жерде жалтаң көз кірме атанып, тағдыр тауқыметін аса көп тартқандар осы бауырлар екенін атап айтуымыз керек.

Бұл ағайындардың жылы орнын суытып, өз атамекендерінен қозғалып кеткеніне алдына 60 жыл, соңына 40 жыл болған екен. Содан бері аттың жалы, түйенің қомында күн кеше жүріп, ана тілін, өдет-ғұрпын ұмытпай, ең бастысы «елім-жұртым» деп соққан жүрегін суытпады.

Тірек сөздер

- атажұрт
- қоныстану
- жырақ
- ғасыр көші
- қандастар
- жан бағу

Қазір бұлардың арасында қазақтан шыққан аса ірі байлар болмаса да, біреуі саудамен, енді біреуі қолөнермен шұғылданып, орташа халде күн көріп жатқан жайлары бар.

Түркияда жұмыс табу да оңай емес. Қазақ даласының ширегіндей ғана жерде алпыс миллион халық өмір сүреді. Мұнда кәсіп таппаған қазақ жастары түріктермен бірге Еуропаға барып, арзан жұмыс қолы ретінде әртүрлі шаруа атқаратын көрінеді.

Иә, мәселе күнкөрісте емес қой. Бұл ағайындар бұдан қиын күндерде де жан баққан. Бұдан кейін де тіршілік жалғаса береді. Бірақ осылардың ұлт ретінде болашағы не болмақ? Келер ұрпақты не күтіп тұр? Мәселе осында.

Қабдеш Жұмаділов. «Соңғы көш»



2-тапсырма. Топ болып, мәтін мазмұнының құрылымын ретімен орналастырыңыздар. Осы мәселелерге қатысты өз ойларыңызды білдіріңіздер.

- Ғасыр көші.
- Моңғолия қазақтарының атажұртқа оралуы.
- Жұмысқа орналасу мүмкіншілігі.
- Иран, Түркия және Еуропадағы қандастардың жай-күйі.



3-тапсырма. Мәтіндегі көшіп келу деректерін диаграммаға түсіріп, салыстырыңыздар.



4-тапсырма. Берілген сөздердің ассоциациялық қатарын тауып, мағынасын түсіндіріңіздер.

Арзан жұмыс қолы, ымырасыз күрес, жалтаң көз кірме, тағдыр тауқыметі, жан баққан.

Үлгі:

Берілген сөз	Ассоциациялық қатары	Мағынасы
Арзан жұмыс қолы	Мамандығы жоқ	Әртүрлі шаруаны атқару



5-тапсырма. Мәтіндегі «аттың жалы, түйенің қомында күн кешу» деген тіркестің мағынасын ашыңыздар.

1. *Қайда?* Бұл мәтелді сіз бұрын қайда кездестірдіңіз?
2. *Қалай?* Халықтың өмір тәжірибесінде осы мәтел қолданылған мысалдарды келтіре аласыз ба?
3. *Қандай?* Осы сабақта бұл мәтел қандай қажеттілікте жұмсалған деп ойлайсыз?



6-тапсырма. Ойтаразы. 3-2-1 критерийі бойынша анықтаңыздар.

- 3 маңызды ақпарат;
- қиындық келтірген 2 мәселе;
- тапсырмадағы ұнаған 1 мәселе.

**11-сабақ****Көші-қонның әлеуметтік-демографиялық жағдайы**

1-тапсырма. Мәтінді зерделеп оқыңыздар. Мақаладағы негізгі ойды анықтаңыздар. Оған автордың көзқарасы қандай?

Қазақстанның 1980–1990 жылдардағы әлеуметтік-демографиялық жағдайы жан-жақтылығымен және күрделілігімен ерекшеленеді.

Республикада қалалықтар саны жағынан (Алматыны қоспағанда) бірінші орынға Қарағанды, екіншіге Шымкент, үшіншіге Шығыс Қазақстан облысының қалалары шықты. 1989 жылғы жағдай көп өзгеріссіз, тек үшінші орынға Шығыс Қазақстанмен қатар Павлодар облысы ілкіті.

1979 жылы республикадағы ауыл тұрғындарының үлес салмағы 47 пайызды құраса, 1989 жылы ол 42,9 пайызға қысқарған. 1979 жылы республикаға сырттан 513 112 адам келсе, оның 51 пайызы Қазақстанға түпкілікті қоныстанушылар екен. Олардың ішінде қалаға қоныстанушылар 59,8 пайызға жетсе, ауылдықтар – 41 пайыз. Келушілермен қатар көшіп кетушілер де болды. Оған басты себеп – басқа республикадағы аса зор өндірістерді іске қосуға көмекке жіберілгендігі. Мәселен, 1976–1979 жылдары Байкал-Амур магистралі құрылысына барғандардың 7 пайызын Қазақстан мен ортаазиялықтар құраса, 1981 жылы олардың үлесі 9 пайызға жеткен. Тың игеру кезінде славян тектес халықтардың Қазақстанға жаппай ағылғаны сияқты, Қазақстан тұрғындары да Сібірді игеруге өз еркімен аттанды.

1970 жылдың басында жыл сайынғы кері миграциялық өсім 30–40 мың болды. 1989 жылы 100 мың адамға жетсе, 90-жылдардың басында Қазақстаннан 130 мың адам көшіп кеткен. Олардың жарты бөлігін орыстар мен украиндер құраса, белорустар 10 пайыз, қалғанын немістер, гректер, еврейлер және тағы басқа ұлттар құрайды. ГФР-ге немістердің қоныс аударуының көбеюі мен республикадан көшетін немістердің орташа үлесі 40 пайызға жетсе, республикадан кететін орыстар 53 пайыздан 40 пайызға төмендеген.

«Отан тарихы» журналынан



2-тапсырма. Мәтіндегі көші-қонның әлеуметтік-демографиялық жағдайын танытатын сандарды диаграммаға түсіріп, салыстырмалы талдау жасаңыздар.



3-тапсырма. «Кубизм» әдісін пайдаланып тапсырманы орындаңыз.

1. *Баяндаңыз.* Мәтін мазмұнын баяндаңыз.
2. *Қолданыңыз.* Күрделі сөздер мен терминдерді қолданыңыз.
3. *Салыстырыңыз.* Сандық ұғымдарды салыстырыңыз.
4. *Топтастырыңыз.* Мақаладағы оқиғаларды топтастырыңыз.

Трек сөздер

- күрделі
- өзгеріссіз
- үлес салмағы
- түпкілікті
- ағылу
- жаппай

5. *Зерттеңіз.* Көші-қонның әлеуметтік-демографиялық жағдайын зерттеңіз.

6. *Қорытындылаңыз.* Көші-қон туралы қорытынды жасаңыз.



4-тапсырма. Топқа бөлініп, көші-қон мәселелері бойынша пікірталас ұйымдастырыңыздар.

1. Сұрақтарды тұжырымдау.
2. Жазбаларға байланысты көзқарасын білдіру (қолдау немесе қарсы болу).

3. Дәлелдемелер тізімін құру, алмасу.

4. Қорытынды тұжырым жасау.



5-тапсырма. Ойтаразы. «Қосу-алу-қызығамын» кестесін толтырыңыз.

Қосу	Алу	Қызығамын



12-сабақ

Көші-қон мәселесін қайта жандандыру



1-тапсырма. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Төрағасының бірінші орынбасары Талғат Мамашевпен жүргізілген сұхбаттан үзінді оқыңыздар.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев 1992 жылы «Көшіп келу туралы», 1997 жылы «Халықтың көші-қоны туралы» Заңдарға қол қойды. Бұл заңдар шетелде жүрген қандастарымыздың елге оралуына жаңа серпін берді.

– 1931–1933 зұлмат жылдары 1 миллионнан астам қазақ туған жерін тәрк етіп, өзге елдерге ауып кеткен екен. Тәуелсіздік алғалы 25 жыл уақыт өтті. Осы жылдар ішінде қанша қандастарымыз елге оралды?

Әлі есімде, тәуелсіздік алғанымызға екі апта өтер-өтпес уақытта Елбасы Қазақ радиосы арқылы шетел қазақтарына арнап сөз сөйледі. Сөйтіп, дүниежүзінде тарыдай шашылып жүрген қандас бауырларымызды атамекенге оралуға шақырды.

Н.Ә.Назарбаевтың сөзі әлемнің әр түкпірінде жүрген қазақтарды дүр сілкіндіріп, ұлы көштің атажұртқа қарай бет бұруына серпін берді. Қазақ елі оларды құшақ жая қарсы алды. Үкімет қолдан келген көмегін аяған жоқ. Үй-жай, жер, мал берді, жұмысқа орналастырды. Мәселен, 2016 жылдың бірінші тоқсанында 6 840 отбасы 114 944 қандас бауырымыз елге көшіп келген. Бұлардың басым көпшілігі Алматы,

Трек сөздер

- серпін
- зұлмат
- тәрк ету
- оралу
- дүр сілкіндіру
- құшақ жаяу

Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау облыстарында орналасқан. Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар облыстары көшіп келушілерді «Жұмыспен қамту – 2020» жол картасы аясында қабылдады.

«Айқын» газетінен



2-тапсырма. Төмендегі белгілермен әр азатжолды немесе сөйлемдерді белгілеңіз. Өз ойларыңызды қорытындылап жазыңыз.

«V»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін	Менің ойлағанымға қайшы, кереғар	Мен үшін жаңа ақпарат	Келісе алмаймын, білгім келеді



3-тапсырма. Топқа бөлініп, мәтін мазмұнында қамтылған мәселелерді тақырып етіп алып, ой бөлісіңіздер. Тақырыпты өздеріңіз таңдаңыздар.

Тақырыптар	Мәселелер



4-тапсырма. Мәтін мазмұнына сүйеніп сөйлем құрап жазыңыз.

... Заңдарға қол қойды. Бұл заңда туған жерін тастап, атамекенге оралуға шақырды. ... ұлы көштің атажұртқа қарай бет бұруына Қазақ елі Ширек ғасыр ішінде көшіп келді.



5-тапсырма. Ойтаразы. ПОПС формуласын қолданып, мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлеріңізді білдіріңіздер.



13-сабақ

Нәтиже сабақ



1-тапсырма. «Көш» сөзіне бес жолды өлең құрастырыңыз.



2-тапсырма. Жұптық жұмыс. Тарауда қамтылған ақпараттар бойынша «Шешімін тапқан мәселелер» деген тақырыпта тұжырымдарыңызды айтыңыздар.



3-тапсырма. «Әңгімелесетін әріптестер». Сабақ мазмұнын талқылаңыздар.

- Жаңа оқыған үш факті;
- жеңіл болған ақпарат;
- қиын болған ақпарат;
- алдағы уақытта оқығым келетін ақпарат.



4-тапсырма. «Көші-қон мәселелері – тарихи жағдай» деген тақырыпта эссе жазыңыздар (эссе көлемі – 250–300 сөз). Шылауларды орынды қолданыңыздар.



5-тапсырма. Жазған эсселеріңізді бір-біріңізбен ауыстырып, шылауларды табыңыз. Оларды қызметіне қарай ажыратыңыз.

**1-сабақ****Толеранттылық деген не?**

1-тапсырма. Суреттен қандай ой түйдіңіздер? *Толеранттылық* деген сөзді жиі естисіздер ме? Ол нені білдіреді?



2-тапсырма. Мәтіндерді түсініп оқыңыздар. Қосымша ғылыми-анықтамалық көздерден (энциклопедиялар, декларация т.б.) «толеранттылық» ұғымының анықтамасын табыңыздар. Қалай ойлайсыздар, толеранттылық пен төзімділіктің айырмашылығы бар ма? Мәтін мазмұны бойынша сыни тұрғыдан сұрақтар дайындаңыздар.

А. Толеранттылық (*лат. tolerantia* – төзімділік, көнбістік) – басқа ойға, көзқарасқа, наным-сенімге, іс-әрекетке, өдет-ғұрыпқа, сезім-күйге, идеяларға төзімділік көрсете білу қасиеті. Ол орыс тілінде – төзімділік, шыдамдылық, қытай тілінде – өзгелермен көркем қарым-қатынас, ағылшын тілінде шыдамды деген мағыналарды білдіреді. Қарапайым түсінікпен қарасақ, басқа саяси көзқарастағы адамдардың пікіріне шыдамдылық көрсету.

Энциклопедиядан

Тірек сөздер

- төзімділік
- көнбіс
- діни конфессия
- ұлық
- қайшы
- ұлт аралық қатынас

Ә. Төзімділік бар, толеранттылық бар. Төзімділікті өзіме ұнамайтын адамнан көремін, мен оған төзімділік танытамын. Яғни, адамның проблемаға пассивті қарым-қатынасы. Ал

толеранттылық – адамның активті қарым-қатынасы. Толеранттылық – төзімділік емес. Бұл – өзара түсіністік, ынтымақтастық. Толеранттылық бір күннің ішінде тумайды. Ол тарихи қалыптасады.

Н.Ә. Назарбаев

Б. «Толеранттылық» атауы халықаралық термин сөз болғанымен, мағынасы – *төзімділік* дегеннің баламасы. Ол қарапайым тұрмыста көршінің көршіге деген төзімділігінен бастап, кең ауқымда мәдениеттер арасындағы, діни конфессиялар, ұлттар, ұлыстар, тілдер арасындағы өзара төзімділікті, ымыраласуды білдіреді.

«Сыр бойы» газетінен



3-тапсырма. Толерантты болу үшін не істеу керек? Өзіңізді толерант тұлғамын деп есептейсіз бе? Өзгенің пікірімен санасасыз ба? Дау-жанжал туындаған жағдайда оны бейбіт жолмен шеше аласыз ба? Ауызша монолог дайындаңыз.



4-тапсырма. Топқа бөлініп, мәтінде аталған ұғымдардың әрқайсысының мәнін ашыңыздар.

Толеранттылық түрлері	Менің пікірім
Көршінің көршіге деген	
Ұлттар арасындағы	
Діни конфессиялар арасындағы	



5-тапсырма. Сыныптас досыңызға оның жақсы қасиеттерін айтып хат жазыңыздар.



6-тапсырма. «Толеранттылық» сөзіне бес жолды өлең құрастырыңыз.



2-сабақ

Толеранттылық – тұрақтылық негізі



1-тапсырма. «Толеранттылық» ұғымына қарама-қайшы «интолерантты» деген ұғым бар. Оның мағынасын қалай түсіндірер едіңіздер? Төмендегі тірек сөздердің қажеттісін пайдаланып айтыңыздар.



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, құрылымына қарай талдаңыздар (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды). Қандай жанрда жазылған?

Толеранттылық рухани, адами, идеялық, діни көзқарас пен ұстанымға ортақ болса да, қабылдаймын дегенді білдіреді. Осы толеранттылыққа қарсы «интолерантты» деген ұғым бар. Оны төзімсіздік, ымырасыздық, шыдамсыздық, қызбалық, менмендік, бірбеткейлік деп адам, әлеуметтік топтар, мемлекеттерге байланысты айтуға болады.

Ұлттық толеранттылық біздің тарихи-мәдени кеңістігімізде қоғамды топтастыратын белгілі фактор болып отыр. Екінші жағынан, толеранттылық барлық мәселені шешіп тастайды деуге

Тірек сөздер

- қабылдау
- төзімсіз
- қызба, қызқанды
- бірбеткей
- ымырасыз
- топтастыру

тағы болмайды. Бұл – ұлтаралық қатынастарды, саяси тұрақтылықты реттеудің маңызды факторы.

Елімізде төзімділікті сақтау саясатының өзіндік мақсаты болу керек. Нақты саясатта маңызды мақсаттар жүзеге асырылып, еліміздегі барша ұлт пен ұлысты қазақ ұлтының маңына топтастыру жұмыстарына көңіл бөлінуі қажет. Қоғамдық дамуда толеранттылық, төзімділік үлкен рөл атқарады.

«Сыр бойы» газетінен



3-тапсырма. Жұптық жұмыс. Толерантты және интолерантты адамның немесе мемлекеттің әрекеттерін берілген сөздермен сәйкестендіріңіздер. Адамдар, ұлттар, мемлекеттер бір-бірін түсінбесе қандай жағдайға алып келуі мүмкін? Тарихтан алған білімдеріңізді ескеріп, мысалдар келтіріңіздер.

Толерантты	Сөздер	Интолерантты
	Төзімсіздік, өзара келісім, менмендік, рухани кемелділік, төкаппарлық, өзгеге құрметпен қарау, ашықтық, бірбеткей, қызуқандылық	



4-тапсырма. Топтық жұмыс. Бір конфликтілі жағдайды ойлап табыңыздар немесе еске түсіріңіздер. Осы конфликтіден шығу жолдарын қарастырыңыздар. Өз ойларыңызды «Балық қаңқасына» салып айтыңыздар.



5-тапсырма. «Татулығы жарасқан сынып» тақырыбында мектеп сайтына баспасөз парағын жазыңыздар.



6-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді жазып, «Шығу парағын» толтырыңыз.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екендігін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мені ... таңғалдырды.



3-сабақ

Толеранттылық мәдениетін қалыптастыру



1-тапсырма. Топқа бөлініп, *сыйластық, түсіністікке* қатысты мақал-мәтелдерді айтыңыздар. Олардың қандай жағдаятта қолданылатынын постер арқылы анықтаңыздар.



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (40-аудио). Сыныптасыңыздың мәтінді түсінген-түсінбегенін білу үшін, оған сұрақтар қойыңыз. Қандай ой түйдіңіз?



3-тапсырма. ПОПС формуласын қолданып, мақалада айтылған ойға өз пікірлеріңізді білдіріңіздер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.

Оқшау сөздер

Оқшау сөздер – сөйлемдегі басқа сөздермен синтаксистік байланысқа түспей, дауыс ырғағы арқылы ерекшеленетін сөздер мен сөз тіркестері. Оқшау сөздер сөйлем мүшесі қызметін атқара алмайды, сөйлемде ойды нақтылай түсіп, басқа сөздермен мағыналық қарым-қатынаста болады. Өзге мүшелермен қабыса, матаса, меңгеріле, қиыса байланыспай, оқшауланып тұрады.

Оқшау сөздер мағыналық белгілері мен жасалу жолдарына қарай **қаратпа, одағай, қыстырма** сөздерге жіктеледі:

Қаратпа сөз	Қыстырма сөз	Одағай
Оқиға желісінің кімге, неге арналғандығын білдіреді. Мысалы: – <i>Балақай, сурет сала білесің бе?</i>	Айтушының пікіріне өз көзқарасын білдіреді. – <i>Меніңше, бүгін Алматыда жаңбыр жауады.</i>	Көңіл күй, сезім толқынысын білдіру мақсатында қолданылады. – <i>Апыр-ай, сөзің сүйектен өтті-ау!</i>



4-тапсырма. Кім жылдам? Үш топқа бөлініп, оқшау сөздері бар сөйлемдер айтып жарысыңыздар.

1-топ. Тыңдаушының назарын өзіне аударатын.

2-топ. Көңіл күйді білдіретін (қуану, сүйсіну, таңдану, қапалану т.б.).

3-топ. Айтушының пікіріне өз көзқарасын білдіретін (мақұлдау, күмәндану, реніш т.б.).



5-тапсырма. Тыңдалым мәтініндегі соңғы азатжолдағы сөйлемдерге оқшау сөздерді орынды қолданып, қайта жазыңыздар.



6-тапсырма. Сабақта алған мәліметтеріңіз бойынша ой таразылап, «БББ» кестесін толтырыңыз.

Білемін	Білдім	Білгім келеді



4-сабақ

Қазақстан халқы Ассамблеясы – татулық пен бірліктің кепілі



1-тапсырма. Елімізде ұлттар арасындағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін қандай ұйымдарды білесіздер?



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңізге сұрақтар дайындап, диалог құрыңыздар.



Қазақстан халқы
Ассамблеясы сессиясынан

1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Ассамблеяның негізгі бағыты – еліміздегі барлық этнос өкілдерін ортақ мақсатқа ұйыстыра отырып, республикадағы тұрақтылықты сақтау. Қазақ халқының топтастырушылық рөлін арқау ете

отырып, Қазақстан азаматтарын отансүйгіштікке тәрбиелеу, халықтар арасындағы достық пен бірлікті нығайту.

Қазақстанда этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан, әрбір азаматтың Конституциямен кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен еркіндігі толығымен қолданылатын этносаралық және конфессияаралық келісімнің айрықша үлгісі қалыптасты. Қазақстанның көпэтностық бай кеңістігінде сенім, келісім мен өзара түсіністік үлгісі орнады.

Бүгінде республикада Қазақстан этностарының мәдениеті, тілі, дәстүрінің дамуына қажетті барлық жағдай жасалған. Этномәдени бірлестіктердің саны тұрақты өсуде. Қазір олар 800-ден асады, оның ішінде 28-і – республикалық. 15 тілде газет-журнал, 8 тілде радиобағдарлама, 7 тілде телебағдарлама шығады. Білім беру толықтай өзбек, төжік, ұйғыр және украин тілдерінде жүргізілетін 88 мектеп жұмыс істейді. 108 мектепте 22 этностың тілі жеке пән ретінде жүргізіледі. Қазақ және орыс театрларын қоспағанда елімізде тағы төрт ұлттық – өзбек, ұйғыр, корей және неміс театрлары жұмыс істейді. Жыл сайынғы халықтық мерекелер Наурыз, 1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, масленица, құрбан айт, рождество дәстүрге айналды.

Уикипедиядан

Тірек сөздер

- ассамблея
- ұйыстыру
- тұрақтылық
- толықтай
- келісім
- ұлттық-этностық



3-тапсырма. Жұп болып берілген сөздерге анықтама беріңіздер.

ассамблея	
көпэтносты мемлекет	
көпконфессиялы мемлекет	



4-тапсырма. Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, Қазақстан халқы Ассамблеясы қандай үлкен бастамалар көтергені жайлы айтыңыздар. Таныстырылым жасаңыздар.



5-тапсырма. «Қазақстан халқы Ассамблеясы – келісім мен бірліктің кепілі» тақырыбына баспасөз парағын дайындаңыздар.



6-тапсырма. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтырыңыз.

Қандай ой пайда болды?	Нені сезіндім?	Не ұнады?



5-сабақ

Қазақстан халқының бірлігі мерекесі



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (41-аудио). Ойды жеткізіп тұрған тірек сөздерді есте сақтап, негізгі ойды анықтаңыздар.



2-тапсырма. Мәтіннен *бірлік*, *ынтымақтастық* туралы нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді теріп жазып, «Қос жазба күнделігінде» мәнін ашыңыздар.

Мақал-мәтел, нақыл сөздер	Менің пікірім



3-тапсырма. Төмендегі ақпараттың қайсысы дұрыс? Дұрыс ақпаратты әрі қарай толықтырып айтыңыз.

1. Қазақстан – бейбітшілік пен келісім мекені.
2. Қазақстан көптеген ұлт пен ұлыстың ортақ шаңырағына айналды.
3. Қазақ халқы тағдыр тауқыметімен келген жұртты бауырына басты.

1. Қазақстан – қазақ халқының мекені.
2. Қай ұлттан, этностан болмайық, Қазақстан ортақ үйіміз.
3. Елімізге тағдыр тауқыметімен бас сауғалап келген қоныс аударушылар елден пана таппады.



4-тапсырма. Топқа бөлініп, «Ұлттар арасындағы қақтығыстың себептері» тақырыбында пікірталас ұйымдастырыңыздар.

Пікірталас шарты:

- ұлтаралық қақтығыстардың басты себептері;
- осы мәселені шешудің жолдарын ұсыну;
- көпшілік алдында сөз сөйлеуде тілдік және тілдік емес амалдарды қолдану.



5-тапсырма. Берілген сөздерді пайдаланып, Қазақстанды мекендейтін барша халықты 1 Мамыр мерекесімен құттықтап хат жазыңыздар.

Керекті сөздер: ауызбіршілік, құт-қазына, отандас, сенімділік.



6-тапсырма. Бір-біріңіздің жазған мәтіндеріңізді салыстырып, баға беріңіз.

**6-сабақ****Отаны бірдің – тілегі бір**

1-тапсырма. Алғыс айту күнін атап өтудің мақсаты не? Сіз кімге алғыс айтар едіңіз?



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. *Неге? не себепті?* сұрақтары арқылы мәтін мазмұнын талдаңыздар.

Тірек сөздер

- алауыздық
- ауызбіршілік
- мейірбандық
- бітімгер
- ауыртпалық
- жанашыр

Біз – адамдар арасындағы алауыздыққа, діндер арасындағы дау-дамайға тосқауыл қоюға талпынған, тыныштық пен татулықты тірек еткен елміз. Бауырмалдық, мейірбандық, қамқорлық, ауызбіршілік сынды құндылықтар – қазақ халқының табиғи болмысында бар асыл қасиеттер. Бағзы заманнан бері береке мен бірлікті, достық пен татулықты ту еткен Қазақ елі тәуелсіздіктің санаулы жылдарында алыс-

жақынның арасын жарастырып, діні бөлектерді бір дөңгелек үстел басына жинаған бітімгер мемлекетке айналды.

Біздің көпұлтты қоғамдағы өзара құрмет пен сыйластықты нығайта түсу үшін барша азаматқа үлкен жауапкершілік артылады. Жаһандану заманында сан түрлі ұлттың берекелі тірлікте, ынтымақ-бірлікте өмір сүруінің басты жолы – құрмет пен сыйластықта, бір-біріне деген сүйіспеншілікте, өзгеге тілекші болып, оған алғыс айта білуінде.

Расында, қазір алғыс айту күні біздің қоғам үшін маңызды оқиғаның біріне айналды. Өйткені тағдыр төлкегіне ұшырап, атамекенінен еріксіз қоныс аударған түрлі этностың миллиондаған өкілінің құтты мекені, екінші Отаны Қазақстан болды. Қазақ халқы қиын-қыстау заманда олардың басына түскен ауыртпалықты бірге көтере білді.

Қоғам қайраткері, Өзірбайжан этно-мәдени орталығының төрағасы, отандасымыз Асылы Осман әрдайым: «Біз қашанда қазақ халқына қарыздармыз», – деп алғысын айтып жүреді. Ол кісі халқымызға алғыс айтып қана қоймай, ана тіліміздің жанашыр тұлғасына айналды. Байқап қарасақ, алғыс айту сол халықтың рухани құндылықтарына құрмет көрсетуден бастау алады.

«Егемен Қазақстан» газетінен



3-тапсырма. Топтық жұмыс. Мәтінді бөліктерге бөліңіздер. Әр бөліктегі негізгі ақпаратты бір-екі сөйлеммен айтыңыздар (алғашқы бөлікте не туралы айтылатынын, мәселенің мәнін анықтаңыздар. Келесі бөлік бойынша мазмұнын ашатын мақал-мәтелдер айтыңыздар).



4-тапсырма. Рөлдік ойын. Қазақстанға қоныс аударған өзге ұлт өкілінен сұхбат алыңыздар. Сұрақтарды өздеріңіз дайындаңыздар.



5-тапсырма. «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» тақырыбында шағын мәтін жазыңыз.



6-тапсырма. Ойтаразы. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Бүгін не үйрендіңіздер?
2. Сөздік қорларыңызды қанша сөзбен толықтырдыңыздар?
3. Сабақ бойынша қандай сұрақтарыңыз бар?
4. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?



7-сабақ

Жұмбақ сапар



1-тапсырма. Төменгі сыныптарда Сайын Мұратбековтің қандай шығармаларын оқыдыңыздар? Тірексызбаға салып, ой бөлісіңіздер.

Сайын Мұратбеков (1936–2007) – жазушы. 1936 жылы 15 қазанда Алматы облысының Қапал ауданындағы Қоңыр ауылында туған. 1957–1963 жылдары Қазақ мемлекеттік университетін сырттай оқыған, 1971 жылы Мәскеудегі Жоғары әдеби курсты бітірген.



Сайын Мұратбеков

Жазушының алғашқы шығармалары 50-жылдардың аяғында жариялана бастаған. Содан бері «Менің қарындасым», «Ауыл оты», «Көгорай», «Отау үй», «Жабайы алма», «Дос іздеп жүрмін» жинақтары жарық көрген. 1989 жылы «Қалың қар», 1995 жылы «Өліара» повестері кітап болып шыққан.

Шығармалары көптеген шетел тілдеріне аударылып, үлкен сұранысқа ие болған. «Жусан иісі» повестері мен өңгімелері жеке кітап болып шыққан.

Жазушының сценарийі бойынша «Телі өскен ұл» атты көркем фильм жарық көрген (режиссері – Ш.Бейсенбаев, 1976 ж.).

Аударма саласында Әнуар Әлімжановтың белгілі роман-повестерін, сондай-ақ Г.Толмачевтың Д.Қонаев, Н.Назарбаев туралы деректі повестерін қазақшалаған.

2003 жылы «Жабайы алма» повесі үшін тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының лауреаты атанған. «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған.



2-тапсырма. Сайын Мұратбековтің «Телі өскен ұл» повесінен алынған үзіндіні рөлдерге бөліп оқыңыздар. Кейіпкерлері кімдер?

- ... – Сөйтіп, барып қайтуға бел байладың ба? – деп сұраған Ефросинья.
- Барып қайтам, – деді Евдокия...
- Ол жақта ұзақ боласың ба?
- Бара көрем ғой. Сен менің тауықтарыма көз қырыңды сала жүр. Егер көбірек жатып қалғандай болсам, саған дереу хабарлап жазып жіберем ғой.
- Бақытың ашылайын деді ғой, байғұс.

Түсіндірме сөздік**бел байлау** – нақты шешімге келу**көз қырын салу** – қарау**күпірлік** – бұл жерде: артық іс**жасаң көріну** – жастау, жасырақ**тарамыс** – ұзын, арық адам

– Расында да солай. Тек күпірлік болмаса екен де, – деді Евдокия көзі жасаурай күліп...

Евдокия Мәскеу аэропортында самолетке отыруға беттеген жолаушылардың ішінде келеді. Басқалармен бірге траппен көтеріліп ол да ішке енді де, стюардессаға билетін көрсетіп, сол нұсқаған орынға барып отырды.

Оның орны ортадағы кресло екен, екі жағында екі еркек отыр, иллюминатор жақта жаңа модальды костюм киген, егде

тартса да, жасаң көрінген тарамыстау адам да, бергі жағында денесі толысып, шашы сұйылып түсе бастаған жуан адам...

– Мен өзім колхозданмын...

– Біліп отырмын, – деді журнал қарап отырған тарамыс арық басын көтерместен.

– Ал өзің қайдан боласың? – деп сұраған одан Евдокия.

– Мен Ауыр машина жасау ғылыми-зерттеу институтынанмын, – деді тарамыс.

– Жоғары білімді екенсің ғой онда?

– Иә, – деп тарамыс журналдан басын көтерді. – Ғылым докторымын...



3-тапсырма. Мәтіннің тілдік ерекшелігін ауызекі сөйлеу стилінің ерекшелігімен салыстырыңыздар.



4-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша көрініс дайындап, сыныпта қойыңыздар.



5-тапсырма. Оқшау сөздердің тиістісін қойып, сөйлемді толықтырыңыздар.

1. ... , қалаға баруға бел байладың ба? 2. ... , ұшаққа кешігетін болдым. 3. ... , менің орным ұшақтың ең артында екен. 4. ... , тарамыс арықтың кескін-келбетіне қарағанда қалада жұмыс істесе керек. 5. ... , оны асырап алған көрінеді.

Қажетті оқшау сөздер: өттеген-ай, үлкендердің айтуынша, қап, Евдокия, сірә.



6-тапсырма. Ойтаразы. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүгін нені білдіңіздер?
- Сөздік қорыңызды қанша сөзбен толықтырдыңыздар?
- Сабақ бойынша қандай сұрақтарыңыз бар?
- Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

**8-сабақ****Үміт оты**

1-тапсырма. Оқиға одан әрі қалай өрбиді деп ойлайсыздар? Болжам жасаңыздар.



2-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдап (42-аудио), негізгі ақпараттарды тезис түрінде жазып алыңыз.



3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Тарамыс арық пен Евдокия арасындағы өңгіме не туралы болды?
2. Евдокияның өңгімесінен нені байқадыңыздар?
3. Сережа деген кім? Осы үзіндіде оған қатысты не айтылады?
4. Евдокияның ұлынан айырылуына не себеп болды?



4-тапсырма. Берілген сөздер мен тіркестердің мағынасын сөйлем құрау арқылы ашыңыздар.

Бүкпелемеу, суға батқандай, арқа-басы кеңу.



5-тапсырма. «Дербес пікір» жазу тәсілін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселе бойынша өз ойыңызды дәлелдеп жазыңыз.

- Өзіндік пікір (идея) – 1 сөйлем.
- Дәлел – 2 сөйлем.
- Өз пікірін айғақтайтын мысал – 2 сөйлем.
- Өз пікіріне қарсы пікір – 1 сөйлем.
- Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – 2 сөйлем.
- Қорытынды – 2 сөйлем.



6-тапсырма. Ойтаразы. «Менің тақырыптан алған әсерім» кестесін толтырыңыз.

Қандай ой пайда болды?	Нені сезіндім?	Не ұнады?



9-сабақ

Ана жүрегінің дүрсілі



1-тапсырма. «Телі өскен ұл» повесінің желісімен түсірілген фильмнің кадрларына қараңыздар. Суреттерден кімдерді көріп тұрсыздар? Олар қандай сезімді бастан кешіруде? Ана жүрегі неге дүрсілдеуі мүмкін (қуаныш, толқу, ашу, ыза)? Өз болжамдарыңызды айтыңыздар.



2-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұны бойынша жоспар құрыңыз. Сол жоспарға сүйеніп, үзінді мазмұнын өз сөзіңізбен айтып беріңіз.

Трек сөздер

- жолдаушылар
- қарсы алушылар
- жөн көрсету
- дегбірсіздену
- кірбің
- жүрегі орнығу

...Көк түсті аэрофлот формасын киген қыз темір шарбақты есікті ашып, жолаушылар сыртқа қарай шыққан. Жуан жігітті бір ап-арық әйел жүгіріп кеп асыла құшақтады. Басқа жолаушыларды құшақтап сүйіп қарсы алушылар ығы-жығы. Тарамыс арықты да екі адам қарсы алыпты. Тек Евдокияны ғана қарсы алған жан болмады...

Осы мезетте репродуктордан самбырлаған ащы дауыс естілген.

– Филиппова Евдокия Филипповна, сізді балаңыз аэровокзалдан шыға беріс есікте күтіп тұр. Қайталаймын...

– Маған айтқан сияқты ма мынаны, – деді дегбірсізденген Евдокия.

– Ол шығатын есігі қай жақта?

– Жүріңіз, мен сізді ертіп апарайын, – деді тарамыс арық.

Бұлар аэровокзалды қақ жарып өтіп, шығар есікке таяған.

Дәл шыға берісте Евдокия:

– Сәл кішкене аялдайықшы, – деп өтінген. – Жүрегім орнықсын, – өзі кідірістеп біраз тұрды да, жүрегі орныққандай болған соң, шығуға беттеді.

Есіктің шыға берісіндегі баспалдақтарда гүл ұстаған көп адам тұр екен, орысы да, қазағы да бар, бөрі аралас. Евдокия олардың бәрін тез ғана бір шолып қарап өтті де, өзіне күлімсірей қарап тұрған аласа бойлы, арықтау сары жігітке қарай жүрді. Бірақ қарсы алдынан ұзын бойлы, кең иықты басқа бір жігіт кес-кестеп шыға берді. Евдокия оған жалт қараған, екеуінің көздері бір-бірімен ұшырасқан сәтте, ана жүрегі дір ете түсіп, өзінен туған, өзінен нәр алған жанарды қалтқысыз таныды, уақыт жеп солғаны болмаса, бір кезде өзінің жанары да дәл осындай болатын.

Ана мен бала құшағы айқасқан... тілшілер жан-жақтан фотоаппараттарын сыртылдатып суретке түсіріп ап жатыр...

Сайын Мұратбеков. «Телі өскен ұл» повесінен



3-тапсырма. Үзінді не туралы? Көптен күткен кездесу қалай өтті? Ана жүрегі неге дір етті? Екеуара диалог құрыңыздар.



4-тапсырма. Мәтіннен қарсы мағынада тұрған (антоним) сөздерді тауып, сөйлем құраңыз.

Үлгі: жуан – ап-арық



5-тапсырма. Мәтін мазмұны негізінде «Көптен күткен кездесу» тақырыбында шағын мәтін жазыңыздар. Көркемдегіш сөздерді қолданыңыздар.



6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүгінгі сабақтың ең басты мәселесі не болды?
- Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым?
- Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?
- Сабақ маған қалай әсер етті?
- Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?



10-сабақ

Қонақты қарсы алу



1-тапсырма. Евдокияның қазақ жеріне келуінің мақсаты не?



2-тапсырма. Мәтінді оқушының оқуынан тыңдаңыздар. Сіздерге қандай ой салды?

...Айнала тұрған әйелдердің көздерінде жас мөлдірейді. Евдокия өзі де жылап тұр...

Евдокияға енді қарсы алушылар бірінен кейін бірі кеп сәлемдесіп жатыр. Сергей оларды таныстырып тұр:

– Ең үлкен бауырым, – деген.

– Айташ, – деп жасы қырық бестер шама-сындағы еңгезердей қара қазақ сәлемдесті.

Сергей басқа да бірнеше адамның атын атап таныстырған. Бірақ Евдокия қазақ аттарының бірде-бірін есіне сақтай алмай дал болды. Шабаданын алу керек екендігі есіне түсіп, баласына биркасын ұсынған. Сергей оны жастау бір жігітке тапсырып қазақша сөйлеп тұр.

Бұл кезде ауылда қонақты қарсы алудың өзіндіктері жасалып жатты. Үлкен, кең ауланың төріндегі еңселі үйге төңіректегі басқа үйлерден үстелдер, орындықтарды тасып зыр жүгірген ересек балалар мен қыздар, жас әйелдер.

Үйден шыға беріс сол жақ түкпірде қазан-ошақ орныққан лапас. Қалишаның келіндері мен көрші-қолаңның жас әйелдері бір қазанға былқытып ет асып жатыр да, екінші кішірек қазанға бауырсақ пісіріп жүр. Сәл шеткерірек үш самауыр буы бұрқылдап қайнап тұр...

Аула іші толы бала, келе жатқан қонақтың салтанатына осылар ерекше қуанышты сияқты. Ыстық бауырсақтан уыстап іліп өкетіп, қарбыта асайды, мөз-мейрам боп, сықылықтай күлісіп ойнақ салады, бірі өткеншек тепсе, бірі жіптен секіреді, ал сәл ересектері екіге жарылып доп қуып жүр. Доптары кейде қазанға түсіп кете жаздаса, кейде шелекте тұрған суға түсіп кете жаздайды. Әйелдердің: «Өй, аулақ ойнасаңдаршы», – деп зілсіз ұрысқандары болмаса, шүйліге кеп қуғыштап жүрген ешқайсысы жоқ...

Сайын Мұратбеков. «Телі өскен ұл» повесінен

Түсіндірме сөздік

еңгезердей – үлкен
дал болу – не істерін білмеу
еңселі үй – үлкен үй
лапас – төбесі жабық, жан-жағы ашық етіп жасалған жай
самауыр – шай қайнатуға арналған металл ыдыс



3-тапсырма. ПОПС формуласын қолданып, үзіндіде баяндалған жағдаятқа өз көз-қарастарыңызды білдіріңіздер. Қазақ халқының салт-дәстүрімен байланыстырыңыздар.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген ой түйдім.



4-тапсырма. Мәтін мазмұнына сүйеніп, қазақ халқының қонақжайлылығы туралы баспасөз парағын дайындаңыздар.



5-тапсырма. Кесте бойынша сабақты қорытындылаңыз.

Қосу	Алу	Қызығамын



11-сабақ

Қос ананың мұңы



1-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңыздар. Мәтінді құрылымына қарай неше бөлікке бөлуге болады?



Қос ананың мұңы

...Үйден Қалиша шықты. Бұл – жасы жетпіске таяп қалған, кескін-келбеті қартайса да кесектігімен көрікті, мінезі де түріне сай кесек адам. Бірақ дәл қазіргі күйі оның қатты толқу, абыржу үстінде екенін танытады. Өзі сыр бермеймін дегенімен даусы жарықшақтанып дірілдей шығады.

– Көрінбей ме? – деп сұраған ол үй төбесінде қарауылда тұрған немересі Сапардан.

– Көрінбейді, – деді Сапар.

– Не боп қалды екен, мұнша кешігетіндей? Әлде шешенмін дегені басқа бөтен бір әйел боп шығып, соның әлегімен әбігер боп жүр ме екен бәрі де?! Ондай да болады ғой, – деген Қалиша өзін-өзі жұбатқандай.

– Әй, әже-ай, неге бүйтіп күдіктене бересіз. Жазған хатында да, телеграммасында да біздің Сергейдің шешесі екенін ап-анық етіп айтқан ғой, – дейді Сапар.

Сапар – Қалишаның немерелерінің үлкені, жасы он алтылар шамасында, өзі әжесінің бауырында өскен, еркелігі басылмаған, шолжаңдығы бар жасөспірім бозбала. Әжесіне басқалардан гөрі өктемдеу сөйлейді.

– Сергейдің шешесі дейді ғой, әй, боқ-мұрын, сен де білгішсіне қалдың-ау, ө! – деп тістене сөйлеген Қалиша немересінің сөзіне өкпелегендей үйге қайта кетеді.

Үй ішінде көзінің жасын ірке алмай өзінен-өзі күңкілдей сөйлеп жүр: «Әдіре қалғыр, ержетіп, азамат болған балаға дап-дайын шеше бола қалуын» ...– Ескі кебеже сандықты көп ашып, ішін ақтарыстыра бастайды. Кішкене баланың бір сыңар

кішкентай бөтенкесін және сарғайған бір суретті тауып алады. Бұл – самолет үстінде Евдокия көрсететін бала суретінің түпнұсқасы еді. – «Әй, Серке, Серке, қалай ғана көзім қиып мен сені бөтен бір әйелге жетектетіп жіберем... Соның саған тіпті еш туыстығы да жоқ шығар, ө?! Іздеп тапса баяғыдан бері қайда жүрді ол?»

Суретке қарап отырған Қалишаның көзі жасқа толған.

Мәшинеден түскен Евдокия, әуелі, сәл абдырап тұрып қалды да, өзіне Қалиша таяп келген кезде, екеуі де көздері жасқа толып бір-біріне құшақтарын аша берді. Бірі орысша, бірі қазақша сөйлеген күйі екі ана біріне-бірі мұңдарын шаққандай... көздерінің жастарына ерік берген еді.

Сайын Мұратбеков. «Телі өскен ұл» повесінен



2-тапсырма. Топтық жұмыс. Тірексызба арқылы мәтін үзіндісін талдаңыздар. Кейіпкерлердің ой-пікірін, сөйлеу әдебін, іс-әрекетін жинақтап, оларға мінездеме беріңіздер.



3-тапсырма. Қос ананың тағдырын не байланыстырады? Қалишаны қандай ой мазалайды? «Әдіре қалғыр, ержетіп, азамат болған балаға дап-дайын шеше бола қалуын» деген ой қай кейіпкерге қатысты айтылды? Сыныптасыңызбен диалог құрыңыз.



4-тапсырма. Үзіндідегі Қалишаның сезімін, көңіл күйін үш-төрт сөйлеммен сипаттап жазыңыздар.



5-тапсырма. Мәтіннен оқшау сөздерді тауып, түрлеріне қарай ажыратыңыз.



6-тапсырма. Ойтаразы. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Әдеби шығарманың мазмұнын кім жақсы түсінді?
- Негізгі мәселе мен қосымша мәселелерді анықтай алдыңыздар ма?
- Оқшау сөздерді ажырата алдыңыздар ма?



12-сабақ

Телі өскен бауырлар



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Мәтін мазмұнын сабақтың тақырыбымен байланыстырып, негізгі идеяны анықтаңыздар.

Тірек сөздер

- сүйкімді
- үңіле қарау
- ығай мен сығай [Бірмен-Бірі өткені]
- бауыр
- солқылдау
- құшақтау

...Евдокия немерелерінің бәрін де беттерінен сүйіп, құшағына қыса тұрып түрлеріне үңіле қарайды: бірі орыс сияқты көрінсе, бірі қазақ сияқты, енді бірі орысқа да, қазаққа да ұқсайды... Шетінен мөлдіреген сүйкімді балалар еді. Ұлдардың аттарын есіне сақтап үлгерген, ал қыздардың аттары қазақша болған соң ба, мүлде ұға алмай дал болды.

Мұнан кейін ананың алдына ылғи бір ығай мен сығай ер адамдар кеп сәлемдесті.

- Бұлар менің бауырларым, – деп таныстырған Сергей.
- Байтас, Көкеш, Төкеш...

Евдокия еріндері жыбырлап қайталап, есінде сақтағысы келсе де, бәрібір тез ұмытып қалды.

– Сенің бауырларыңның аттарын тағы да ұмытып қалдым, қайталап бір айтшы, – деп өтінген.

– Ең үлкеніміз – Айташ, онан кейінгі анау менімен жасты – Байтас, мынау – Көкеш, одан бергі отырған – Төкеш.

Қонақтар отырған бөлмеге шықпас бұрын, Евдокия енді қыздар жатқан бөлмеге басын сұққан. Үлкен немересі жалғыз жатыр екен де, екі кішкене қыз бір төсекте құшақтасып ұйықтап жатыр екен, үстеріндегі одеялдарын теуіп тастапты. Ана кеп олардың одеялдарын жапты, қара торысынан гөрі, онан кішкелеу ақ сарысын басынан сипап қойды, сәл бөгеліп тұрды да, қайырылып кеп қара торысының да басынан сипады. Екеуіне кезек қарап, көз алмастан үнсіз тұрып қалған. Бөлмеге сәл теңселе басып Сергей кірді. Анасының қасына кеп қатарласа отырды да, оның бетіне жымыя қарады. Ана басын баласының кеудесіне басып, солқылдап жылап жібереді. Баласы болса оны құшақтай түсіп:

– Жылама, жылама, мама, – деген. Бұл оның кездескеннен бергі алғаш рет «мама» деп айтуы еді. Евдокия онан бетер өкси жылады, енді Сергейдің көзіне жас толып, анасының ақ басқан шашына тұмсығын тығып булыға берді...

Сайын Мұратбеков. «Телі өскен ұл» повесінен

 **2-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңізге сұрақтар дайындаңыздар.

 **3-тапсырма.** Мәтін неліктен «Телі өскен ұл» деп аталады? «Төрт сөйлем» тәсілін қолданып, өз ойларыңызды дәлелдеп жеткізіңіздер.

Пікір. Өз пікіріңізді бір сөйлеммен айтыңыз.

Дәлел. Өз пікіріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіз.

Мысал. Пікіріңізді өмірмен байланыстырып мысал келтіріңіз.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жазыңыз.

 **4-тапсырма.** Топтық жұмыс. Шығармадағы басты мәселені, оның себебін, шешу жолдарын көрсетіңіздер.

 **5-тапсырма.** С.Мұратбековтің «Телі өскен ұл» повесінің желісі бойынша түсірілген фильмді көріп, шығарма кейіпкерлерімен салыстырыңыздар.

 **6-тапсырма.** «Қос жазба күнделігі» арқылы бүгінгі сабаққа пікір білдіріңіз.

Маған ұнағаны	Түсіндірме (комментарий)

13-сабақ **Нәтиже сабақ**

 **1-тапсырма.** Тақырып бойынша ерекше ұнаған мәтін бөліктерін топқа жаздыртып, терме диктант алыңыздар.

 **2-тапсырма.** «Толеранттылық – ел бірлігі» атты тақырыпта пікірталас ұйымдастырыңыздар. Сөйлеу этикетін орынды қолданыңыздар.

 **3-тапсырма.** «Ел бірлігі – ел мұраты» деген тақырыпта мақаланың тезисін жоспарлаңыз.

Жоспар құрудың үлгі-сызбасы:

I. Кіріспе бөлім.

II. Негізгі бөлім.

1. Тезис:

а) сөйлем;

ә) сөйлем.

III. Қорытынды бөлім.

 **4-тапсырма.** Алдыңғы тапсырма бойынша жасаған жоспарларыңызға сүйеніп, шағын мақала жазыңыз. Көркемдегіш сөздерді қолданыңыздар.

 **5-тапсырма.** Ой таразы. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүгінгі сабақтың ең басты мәселесі не болды?
- Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым?
- Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?
- Сабақта өзімді қалай сезіндім?

**1-сабақ****Қазақстан – тұрақтылық мекені**

1-тапсырма. Бейбітшілік, тұрақтылық, қауіпсіздік ұғымдарын естігенде, қандай ой келеді? Ассоциациялық қатарын беріңіздер.



2-тапсырма. Мәтінді оқушының оқуынан тыңдап, тірек сөздер мен термин сөздерді теріп жазыңыздар.

Аймақтық қауіпсіздік және татулық деген кезде, жұдырық болып жұмылған, ынтымақ-бірлігі жарасқан ұлттар мен алауыздығы жоқ ел еске түседі. Қай ұлт, қай ел болсын, бейбітшілік пен ашық аспанды, терезесі тең, керегесі кең бақуатты ел болуды аңсайды. Өйткені татулық пен келісім, бейбітшілік пен тұрақтылық бар елді бақыт өзі іздеп келеді.

Қазақстан – бүгінде өзіндік саяси және экономикалық жүйесі қалыптасқан, әлем елдері мойындаған егеменді, тәуелсіз мемлекет. Біздің елдегі бірлік пен қоғамдық келісімнің бастауы – Қазақстан халқының ортақ тарихы. Ғасырлар бойы тағдыр талқысына ұшыраған халықтарды құшағына сыйдыра білген қасиетті Ұлы дала көптеген ұлыс пен ұлттың құтты қонысына айнала білді.

Егемен еліміз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ өзекті мәселелермен бетпе-бет келді. Сыртқы күштердің ықпалына түскен кейбір топтар сепаратистік, қоғам дамуын тығырыққа тірейтін пиғыл байқатты. Аталған күрделі жағдайға қарамастан, ел билігі бейбітшілік пен келісім саясатын басты ұстаным ретінде жариялады. Қазақстан халықаралық қауымдастықтың сеніміне ие болды.

«Ақ жол» газетінен



3-тапсырма. Мәтінді INSERT оқыту стратегиясы бойынша талдаңыздар. Төмендегі белгілермен әр азатжолды немесе сөйлемдерді белгілеңіздер. Өз ойларыңызды қорытындылап жазыңыздар.

«V»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін	Менің ойлағанымға қайшы, кереғар	Мен үшін жаңа ақпарат	Келісе алмаймын, білгім келеді



4-тапсырма. Түсіндірме, фразеологиялық сөздіктерді пайдаланып, мәтінде кездесетін тіркестердің синонимдік қатарын беріңіздер. Осы тіркестерді қатыстырып сөйлем құраңыздар.

Жұдырық болып жұмылу; алауыздық; терезесі тең; тағдыр талқысына ұшырау; пиғыл байқату; тығырыққа тіреу.



5-тапсырма. Еліміз үшін тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтаудың негізгі шарттары қандай екен? Аталған шарттарға сіздер не қосар едіңіздер? Топ болып ой бөлісіңіздер.



6-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ойды бес-алты сөйлеммен жазыңыз.



2-сабақ

Ұлттық қауіпсіздіктің мәні



1-тапсырма. Қазіргі кезде ішкі, сыртқы қауіп-қатердің белең алуының себебі неде? Ой бөлісіңіздер.



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Мәтін не туралы?

Қауіпсіздік – азаматтардың, қоғамның және мемлекеттің маңызды мүдделерінің ішкі және сыртқы қауіп-қатерден қорғалғандығы. Ұлттық қауіпсіздік өзара байланысты үш деңгейден тұрады: жеке адамның қауіпсіздігі (оның құқықтары мен бостандықтары), қоғамның қауіпсіздігі (ұлттық, рухани құндылықтары) және мемлекеттің қауіпсіздігі (конституциялық құрылымы, егемендігі, аумақтық тұтастығы).

Ұлттық қауіпсіздіктің мемлекет пен қоғам қауіпсіздігі өзіндік мақсат емес, жеке адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметіне айналған жағдайда толық жүзеге асырылады.

Сыртқы ұлттық қауіпсіздік – ұлттық мүдденің, ұлттық құндылықтардың, байлықтың және өмір салтының сырттан келетін қауіп-қатерден қорғалуы. Ұлттық қауіпсіздік әскери жолмен, басқа да әдістермен бұзылуы мүмкін. Мысалы, шегара арқылы заңсыз шикізат, ресурс, валюта, көркем және өзге де құндылықты енгізу, алып өту, өнеркәсіптік немесе өзге де тыңшылық, рухани баса-көктеу, іріткілік ақпарат тарату және т.б. Қазақстанның сыртқы қауіпсіздігі халықаралық құқықтың негізгі қағидаттарын мойындап, қорғауға негізделеді және белсенді сыртқы саяси және өзге де әрекеттермен жүзеге асырылады.

Ішкі ұлттық қауіпсіздік – жекетұлғаның, қоғамның, мемлекеттің тұрақты қызмет етіп, дамуына әсер ететін қауіп-қатерден қорғануы.

Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясынан



3-тапсырма. Мәтінді бөліктерге бөліп, әр бөлікте айтылған мәселелерді өз сөзіңізбен жүйелі жеткізіңіз.



4-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша берілген ақпараттарға келісетін-келіспейтіндеріңізді білдіріңіздер. Олардың зардабын топ болып талқылаңыздар.

Тірек сөздер

- қауіпсіздік
- мүдде
- азаматтық қоғам
- ұлттық құндылық
- іріткілік
- өмір салты

Тұжырымдар	Келісемін	Келіспеймін
1. Ұлттық қауіпсіздік – кез келген сыртқы және ішкі қауіп-қатерден қорғану.		
2. Ұлттық қауіпсіздік мемлекеттің қауіпсіздігінен, қоғамның қауіпсіздігінен және шет мемлекеттердің қауіпсіздігінен тұрады.		
3. Сыртқы қауіпсіздік іштен келетін қауіпсіздіктен қорғауды білдіреді.		
4. Ішкі қауіпсіздік сырттан келетін қауіпсіздіктен қорғау.		

 **5-тапсырма.** Қыстырма сөздерді қатыстырып, ұлттық қауіпсіздікке төнетін сыртқы және ішкі қатерлер түрлерін жазыңыздар.

 **6-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңіздер.

- Бүгін нені білдіңіздер? Не үйрендіңіздер?
- Сөздік қорларыңызды қанша сөзбен толықтырдыңыздар?
- Сабақ бойынша қандай сұрақтарыңыз бар?
- Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

3-сабақ

Ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатер

 **1-тапсырма.** Суреттерден қандай ой түйдіңіздер? Қалай ойлайсыздар, ұлттық қауіпсіздікке қандай қауіп-қатер төнуі мүмкін?





2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Мәтінді стильдің қай түріне жатқызуға болады? Тілдік бірліктеріне сүйеніп дәлелдеңіздер.

Ұлттық қауіпсіздікке мынадай жағдайларда қатер төнуі мүмкін:

1. Саяси процестер мен саяси институттардың іс-әрекетінен пайда болатын қауіп-қатер. Оларға мемлекетаралық жанжалдар, саяси экстремизм мен лаңкестік, жемқорлық т.б. жатады.

2. Әлеуметтік процестер мен әлеуметтік топтардың қызметінен туындайтын қауіп-қатер. Бұлар: әлеуметтік топтардың қылмысқа баруы, еңбекке жарамды халық санының төмендеуі, жұмыссыздықтың өсуі, халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі т.б.

3. Дін саласында туындайтын қауіп-қатер. Діни экстремизм, діни төзімсіздік т.б.

4. Экономикалық процестерден пайда болатын қауіп-қатер: экономиканың бәсекеге жарамсыздығы, салалардың және аймақтардың экономикалық дамуының әралуандығы т.б.

5. Экологиялық процестерден пайда болатын қауіп-қатер. Мәселен, экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы, қоршаған ортаның ластануы, таза су қорының азаюы т.б.

6. Ақпараттық қауіп-қатерге: отандық БАҚ-тың ішкі нарықтан ығыстырылуы, киберлаңкестік, ақпараттық технологиялардың жоқтығы т.б. жатады.

Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясынан



3-тапсырма. Мәтіндегі мына термин сөздерді «Қос жазба күнделігінде» түсіндіріңіздер.

Терминдер	Түсіндірмесі
Ұлттық қауіпсіздік	
Саяси процесс	
Саяси институт	
Киберлаңкестік	



4-тапсырма. Ұлттық қауіпсіздікке қандай жағдайларда қауіп-қатер төнуі мүмкін? Мәтін мазмұнын тірексызба арқылы сыныптас досыңызға түсіндіріңіз.



5-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ақпараттарды іріктеп, жинақы мәтін жазыңыздар.



6-тапсырма. «Дербес пікір» жазу тәсілі бойынша сабаққа өз пікіріңізді білдіріңіз.

- Өзіндік пікір (идея) – бір сөйлем.
- Дәлел – екі сөйлем.
- Өз пікірін айғақтайтын мысал – екі сөйлем.
- Өз пікіріне қарсы пікір – бір сөйлем.

- Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – екі сөйлем.
- Қорытынды – бір сөйлем.



4-сабақ

Ұлт мұраты – бірлік



1-тапсырым. Мәтінді тыңдаңыздар (43-аудио). Автордың қазақ елінің тұтастығына қатысты айтқан пікірлерін жазып алыңыздар.



2-тапсырма. Жазып алған мәтіндеріңізді ретімен (қыстырма сөздерді қолданып) айтыңыздар. Бір-біріңіздің жазған мәтіндеріңізді тыңдап, ақпараттың толықтығы немесе толық еместігі туралы Венн диаграммасы бойынша анықтаңыздар.



3-тапсырма. Автордың пікірімен келісесіздер ме? Елдің тұтастығы үшін тағы қандай шаралар жасау қажет деп ойлайсыздар?



4-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ақпараттарды жинақтап, бес-алты сөйлемнен тұратын жинақы мәтін жазыңыздар.



5-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттарға сүйеніп, топта өздеріңізге арнап нұсқаулық дайындаңыздар.



6-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, «Шығу парағын» толтырыңыздар.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екендігін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мені ... таңғалдырды.



5-сабақ

Соғыссыз әлем



1-тапсырма. Болашақты қалай елестетесіздер?



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Қандай мәселе көтерілген? Көтерілген мәселеге баға беріңіз.

Тірек сөздер

- шетін
- тыныштық
- байыптылық
- табындылық
- бітімгершілік
- өмір салты

Соңғы жылдар оқиғасы бүкіл әлемге қауіп-қатер төндіріп тұр, кейбір мемлекетаралық жанжал әлемдік соғысқа ұласып кетуі ықтимал. Әр адам жасына, этностық немесе діни көзқарасына қарамастан, Жер шарының кез келген нүктесінде бейбіт және бақытты өмір сүргісі келеді. Ядролық қарусыздану, лаңкестік пен экстремизм көріністері, ірі державалардың әскери және экономикалық қарсы тұрушылықтарын

болдырмау, халықаралық қарусыздану, өділетті жаһандық бәсекелестік – бүкіл адамзаттың алдында тұрған басты мәселелер. Осыған байланысты Елбасы Н.Ә.Назарбаев Жер шарындағы барша халыққа «XXI ғасырда

әлемге тыныштық керек! Бұл – шетін мәселе! Адамдардың өткен ғасырдағы жасағаны секілді, ХХІ ғасырда да бейбітшілік үшін байыптылықпен және табандылықпен күресу керек. Біз балаларымыз бен немерелеріміздің болашағы туралы ойлауға тиіспіз. Өткен ғасырлардың қасіретті қателіктерін қайталауға жол бермей, әлемді соғыс қатерінен түпкілікті арылту үшін миллиондаған адамның күш-жігерін жұмылдыру қажет. Іс-әрекетсіз отыру немесе бітімгершілік қызметпен айналысқан кейіп көрсету әлемдік апатпен барабар.

Адамзатты ажал сепкен соғыс қатерінен мүлдем арылту үшін қолымыздан келгеннің бәрін жасауымыз керек. Біз үшін қазір және таяу болашақта бұдан көкейкесті міндет жоқ» деп үндеу тастады.

«Алаш айнасы» газетінен



3-тапсырма. ПОПС формуласын қолданып, мәтінде айтылған негізгі ойға өз көзқарастарыңызды білдіріңіздер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген ой түйдім.



4-тапсырма. Мемлекетаралық жанжалға, қақтығысқа жол бермеу үшін қандай шаралар жасау керек деп ойлайсыздар? Таныстырылым дайындаңыздар.



5-тапсырма. Берілген оқшау сөздерді қатыстырып, «Әлемге тыныштық керек!» тақырыбына шағын мәтін жазыңыздар.

Қажетті оқшау сөздер: отандастар, меніңше, өкінішке қарай, сондай-ақ.



6-тапсырма. Ойтаразы. 3-2-1 критерийі бойынша анықтаңыздар.

- 3 маңызды ақпарат;
- қиындық келтірген 2 мәселе;
- тапсырмадағы ұнаған 1 мәселе.



6-сабақ

Қазақстан – бейбітсүйгіш ел



1-тапсырма. *Бейбітсүйгіштікке* қатысты қандай нақыл сөздер мен мақал-мәтелдер білесіздер? Постер құрып, мәнін ашыңыздар.



2-тапсырма. Қаз дауысты Қазыбек бидің тағылымды сөзін мұқият тыңдаңыздар (44-аудио). Қандай ой айтылды? Тиісті ақпаратты анықтаңыздар.

1. Елді сыйлау, құрметтеу туралы.
2. Екі ел арасындағы жанжалды бейбіт жолмен шешу туралы.
3. Қазақтың дәстүрі туралы.

3-тапсырма. Түсіндірме сөздікті пайдаланып, төмендегі тіркестердің мәнін ашыңыздар.

Найзаға үкі тағу; ешкімге соқтықпау; басымыздан сөз асырмау; дәм-тұзды ақтау.

4-тапсырма. Еліміздің бейбітсүйгіш ел екендігін дәлелдейтін фактілерді келтіріп, өз ойларыңызды жеткізіңіздер.

Пікір. Өз пікіріңізді бір сөйлеммен айтыңыз.

Дәлел. Өз пікіріңізді үш сөйлеммен дәлелдеңіз.

Мысал. Пікіріңізді өмірмен байланыстырып мысал келтіріңіз.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жазыңыз.

5-тапсырма. Мәтін мазмұнындағы негізгі ойды досыңызға хат түрінде баяндаңыз.

6-тапсырма. Ойтаразы. Сабақта алған ақпараттар бойынша өз ойларыңызды тұжырымдаңыздар.

- Қосатыным –
- Өзгертер едім –
- Дамытамын –
- Күрделендіремін –

7-сабақ

Елдік жыры

1-тапсырма. «Бәйтерек» монументінің символдық мәні неде?



 **2-тапсырма.** Поэма үзіндісін мәнерлеп оқыңыздар.

...Тіршілік түзегенде көркін жаңа,
Сұрапыл соқпаса екен толқын жара.
Армысың, Азаттықтың астанасы –
Талпынған арманына еркін қала!
Жаһанның жанарында жаңа қала,
Жұлдыздай туы қалған өліарада.
Бес жылда бой көтерген ғимараттар,
Жайнап тұр шомылғандай самалаға!..

Қарашы, шаңырағы жас қаланың,
Аспанның бұлты серпіп тастағанын!
Бүгіннен басталатын шежіресі,
Авторы – Назарбаев Астананың!..

Самсаған қара орманым – байтақ елім,
Сынға сап сан жақсыны байқап едің.
Еңсесін елдігіңнің биіктеткен,
Ортаңда бойлап өскен Бәйтерегің!

Өтінде арпалысқан өмір-майдан,
Бәйтерек – болашағың тамыр жайған.
Немесе Елбасының өр тұлғасы,
Қолымен өзі әкеліп Төңір қойған!

Туыңдай қанат керген желді күнгі,
Танытты кең әлемге теңдігіңді.
Тұрғанда Бәйтерегің көкке шырқап,
Ұстай біл Асқақтатып Елдігіңді!

Несіпбек Айтұлы. «Бәйтерек» поэмасынан



3-тапсырма. Топтық жұмыс. Әр шумақтағы негізгі ойды анықтаңыздар. Автордың мақтанышын көрсететін өлең шумағын тауып оқыңыздар. Өздеріңізге ұнаған өлең шумағын жаттап алыңыздар.



4-тапсырма. Жұптық жұмыс. Бәйтерек туралы қандай аңызды білесіздер? Бәйтерек монументін салу идеясын кім ұсынды? Ғимараттың авторы кім? Таныстырылым жасаңыздар.



6-тапсырма. «Дербес пікір» жазу тәсілін пайдаланып, «Елдікті асқақтатқан Бәйтерек» тақырыбына аргументативті эссе жазыңыздар.

1. Өзіндік пікір (идея) – 1 сөйлем.
2. Дәлел – 2 сөйлем.
3. Өз пікірін айғақтайтын мысал – 2 сөйлем.
4. Өз пікіріне қарсы пікір – 1 сөйлем.

Түсіндірме сөздік

сұрапыл – 1) алай-түлей;
2) қиян-кескі
самала – нұр, сәуле
серпіп тастау – алып тастау
өр тұлға – батыл, өткір
көкке шырқау – аспанға қарай самғау

5. Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – 2 сөйлем.
6. Қорытынды – 2 сөйлем.



7-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүгін нені білдіңіздер?
- Сөздік қорыңызды қанша сөзбен толықтырдыңыздар?
- Сабақ бойынша қандай сұрақтарыңыз бар?
- Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?



8-сабақ

Н.Айтұлы. «Бәйтерек»



1-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Несіпбек Айтұлы туралы парталас досыңызға мәлімет беріңіз.



Несіпбек Айтұлы

Белгілі ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Несіпбек Айтұлы 1950 жылы 22 қыркүйекте Тарбағатай тауында дүниеге келген. 1969 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне түсіп, оны 1974 жылы бітіреді. Еңбек жолын Шұбартау аудандық «Жаңа өмір» газетінде бастайды. «Әке туралы сыр», «Жаңбыр өні», «Түнделеп ұшқан тырнарлар», «Бәйтерек» және т.б. көптеген жинағы бар.

Несіпбек Айтұлының «Бәйтерек» поэмасы Арқа төсінде бой көтерген Бәйтеректі жырға қосқан. Оған тұтастай дастан арнау арқылы ақын өзінің елі мен жеріне деген сүйіспеншілігін таныта білді.

Азаттықты, тәуелсіздікті ата-бабамыз сан ғасырлар бойы көкसेген, сол үшін қан майданда құрбан болған. Сол бабалар арман еткен тәуелсіздік туы желбіреп, жаңа астанамызбен жаңа ғасырға қадам басқан тұста «Бәйтерек» дастаны дүниеге келді. Елдің елдігін, қол жеткізген тәуелсіздікті жырлау, елге тұлға болған Елбасы туралы толғану – өміршең тақырып. Несіпбек Айтұлы ұлтының азаматы, ақыны ретінде көзі көрген ақиқатты жырлай білді. Күннен-күнге құлпырған елорданың сөні мен салтанаты – соның дәлелі. Халық мәртебесінің бәйтеректей асқақтауын мұрат тұтқан ақынның ойы мен ниеті, сезімі мен ықыласы осы поэмасында барынша суреттелген. Елдіктің, ерліктің жыршысы болған ақын тәуелсіз елдің әрбір жетістігіне осылай қуанып, шабытқа бөленіп келеді.

Серікбай Нұрсисеев



2-тапсырма. Топқа бөлініп, берілген тапсырмаларды орындаңыздар.



3-тапсырма. Мәтіннен күрделі сөздерді тауып, жасалу жолдарын анықтаңыздар.

4-тапсырма. Берілген тірек сөздерді өзара байланыстырып, шағын мәтін жазыңыздар.

«Бәйтерек» поэмасы, Арқа төсі, асқақ, Бәйтерек, жырға қосу, бабалар көксемген, тәуелсіздік туы, толғау, елдіктің жыры.

5-тапсырма. «БББ» кестесін толтырыңыз.

Білемін	Білдім	Білгім келеді

9-сабақ Тәуелсіздік Падишасы

1-тапсырма. Н.Айтұлының «Бәйтерек» поэмасына ұқсас қандай шығармаларды білесіздер? Орыс әдебиетінен алған білімдеріңізді еске алыңыздар.

2-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқып, ондағы айтылған ойға баға беріңіздер. Қалай ойлайсыздар, «Тәуелсіздік Падишасы» деп кімді айтып отыр?

...Сүрінбес су төгілмес тілім жорға,
Атасы ақпа жырдың, пірім, қолда!
Шақырып аруағыңды, атыңды атап,
Өзіңе сиынбаған күнім бар ма?!
Өлеңнің ақтаңгері арғы бабам,
Басынан ешкім асып қарғымаған.
Түсімде Тәуелсіздік Падишасы
Ақ қағаз, алтын қалам берді маған!

Сенемін асыл сөздің тозбасына,
Жетеді өз бақытым, өз басыма.
Күбірлеп құлағыма жеті түнде,
Қоймады осы жырды жазбасыма!..

Тірек сөздер

- тіл
- жыр
- пір (рух)
- ақтаңгер
- күбірлеу
- сарқылмау

Қолыңда жүйрік қалам жарқылдаса,
Сөзіңді арманың не ел тыңдаса!
Кеудемде көз бар шығар қайнап жатқан,
Тамшысы таңдайымның сарқылмаса!..

Несіпбек Айтұлы. «Бәйтерек» поэмасынан



3-тапсырма. Жұптасып осы поэманы жазуға түрткі болған ойды тауып оқыңыздар. Осы үзіндіге қандай атау қояр едіңіздер?




4-тапсырма. Жазушы болсаңыз, қандай тақырыпта шығарма жазар едіңіз? Оның себебін түсіндіріп, ой бөлісіңіз.



5-тапсырма. Топтық жұмыс. Үзіндіде автор *тіл, сөз, жыр, қаламды* қандай бейнелі сөздермен суреттеген? Тіркескен сөзімен жазыңыздар. Осы сөздермен тағы қандай тіркестер жасар едіңіздер?

Үлгі:

жорға (сөзге шебер)
бай
мемлекеттік
шұрайлы



6-тапсырма. Ойтаразы. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүгінгі сабақтың басты мәселесі не болды?
- Топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?
- Бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?
- Сабақ маған қандай әсер қалдырды?
- Қандай қиындықтар кездесті?



10-сабақ

Тәуелсіздікпен атқан таң



1-тапсырма. Бәйтерекке, ел астанасына арналған қандай өлеңдерді білесіздер?



2-тапсырма. Үзіндіні мұқият тыңдаңыздар (45-аудио). Сіздерге қандай сөздер түсініксіз болды? Жазып алыңыздар.



3-тапсырма. Үзінді не туралы? Үзіндіден ақынның қандай көңіл күйін байқадыңыздар? Мысал келтіріп дәлелдеңіздер.



4-тапсырма. Мәтінде кездесетін *қыршын, кебін, бағзы мекен* сөздерінің мағынасын мұғалімнің көмегімен түсініп алыңыздар. Түсінгендеріңізді дәлелдеу үшін сол сөздермен сөйлем құраңыздар.



5-тапсырма. ПОПС формуласын қолданып, «Не пайда дүниенің кеңдігінен, Болмаса бостандығы бір басыңның?» деген өлең жолдарына қатысты өз ойларыңызды білдіріңіздер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген мысалдармен дәлелдей аламын.
Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



6-тапсырма. Ойтаразы. «Әңгімелесетін әріптестер». Сабақ мазмұнын жұп болып талқылаңыздар:

- жаңа оқыған үш факті;
- жеңіл болған ақпарат;
- қиын болған ақпарат;
- алдағы уақытта оқығым келетін ақпарат.



11-сабақ

Бабалар аманаты



1-тапсырма. Сабақтың тақырыбына назар аударып, болжам жасаңыздар. Сабақ не туралы болмақ?



2-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқыңыздар. Үзінді кейіпкері кім? Қандай ой айтылды?

Дүние келе бермес шыр айналып,
 Бел бұды төуекелге мың ойланып.
 Алдында болашақтың беті жарық,
 Тұр міне, Үшқоңырда – өзі шыңда...

Қаз-қатар қолын жайып, бата беріп,
 Тілеуін тілегендей марғасқаның.
 Көз тікті көк тіреген Талғар шыңға
 Шығатын ең шыңына.

Шығатын ең шыдағанда,
 Арманның шырқауындай мына заңғар.

Біржола күз түбінде қалады екен,
 Биіктен басы айналып құлағандар.

Тимеген сауырына пенде аяғы,
 Орнында Хан Тәңірі сол баяғы...
 Хан келіп алтын төжді тіл қатады,
 Күлтегін, Әз Жәнібек, әлде Абылай:

– Ал, балам, бекем ұста ел тұтқасын,
 Тағыңды Тәңір сенің толқытпасын!
 Оралып шалғайыңа бақ пен дәулет,
 Қысылсаң, Қызыр келіп қолтықтасын!

Бөгде жұрт басынуды жол тұтпасын,
 Ұстасын өз атының тартып басын.
 Кеткендер шыға бере сырт айналып,
 Келгендер қоржыныңа қол сұқпасын!

Түсіндірме сөздік

бел буу – нақты шешімге келу

марғасқа – көрнекті, таңдаулы

заңғар – биік

сауыры – бұл жерде: тау бауырындағы құнарлы жер

пенде – адам

шалғай – киімнің етегі

Ер жігіт туғаннан соң елге – қанат,
Өзіңе байтақ дала енді аманат!..

Несіпбек Айтұлы. «Бәйтерек» поэмасынан



3-тапсырма. Үзінді мазмұнына сай мәліметтерді ретімен орналастырыңыздар. Әрбір бөлікке қатысты өз ойларыңызды білдіріңіздер.

1. Елбасы бейнесі.
2. Тарихи тұлғалардың берген батасы.
3. Қазақ халқының тағдырын қолына алу.
4. Шыңға көз жіберіп, толғану.



4-тапсырма. РАФТ формуласын пайдалана отырып, өздеріңіз қалаған тарихи тұлғадан сұхбат алыңыздар.

Тақырыбы	Құрметтеу, ризашылығын білдіру
Аудиториясы	10–11-сынып оқушылары
Пішіні	Кездесу
Рөлі	Тарихи тұлға



5-тапсырма. Үзіндіден тарихи тұлғалардың берген батасын тауып оқыңыздар. «Бабалар үміті ақталды» деген тақырыпта эссе жазыңыздар.



6-тапсырма. Ойтаразы. «Менің тақырыптан алған әсерім» кестесін толтырыңыздар.

Қандай ой пайда болды?	Нені сезіндім?	Не ұнады?



12-сабақ

Тасқа ойып жазып кеткен өсиет



Күлтегін ескерткіші



1-тапсырма. Төменгі сыныптарда алған білімдеріңізді еске түсіріп, тасқа жазылған шығармалар, олардың кейіпкерлері және онда не туралы айтылатыны жайлы ой бөлісіңіздер.



2-тапсырма. Үзіндіні мұқият тыңдаңыздар (46-аудио). Қандай тақырыпқа арналған? Бір-біріңізге сұрақтар қойып, негізгі ақпаратты анықтаңыздар.



3-тапсырма. Үзіндіде аты аталған тұлғалар жайлы не білесіздер? Ақынның оларды неліктен жырға қосқаны жайлы өз ойларыңызды білдіріңіздер.



4-тапсырма. Мәтінді қайта тыңдап, ауыспалы мағынада қолданылып тұрған сөздерді анықтаңыздар.



5-тапсырма. Үзіндідегі негізгі ойды бес-алты сөйлеммен жазыңыздар.



6-тапсырма. Ойтаразы. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Поэма үзіндісін кім жақсы түсінді?
- Үзіндінің кейіпкерлері кімдер?
- Сөйлемнің мағынасы бойынша жасаған болжамдарыңыз дұрыс келді ме?



13-сабақ

Нәтиже сабақ



1-тапсырма. Топқа бөлініп, «Бәйтерек» поэмасының үзінділеріндегі негізгі мәселені топтастырыңыздар.



2-тапсырма. Сол мәселелер бойынша өз көзқарасыңызды білдіріңіз.



3-тапсырма. Оқшау сөздерді қатыстыра отырып, бөлім тақырыбы бойынша сөйлем құраңыздар.



4-тапсырма. «Қазақ елінің болашағы» деген тақырыпта эссе жазыңыз. Эсседе бүгінгі күннен деректер болсын.



5-тапсырма. ПОПС формуласын қолданып, бір-біріңіздің жазған эсселеріңізді тексеріп, бағалаңыздар.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.

БОС УАҚЫТ – ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ




1-сабақ

Уақыттың маңызы



1-тапсырма. *Уақыт* деген сөзді естігенде, ойларыңызға не келеді? Ой бөлісіңіздер.




2-тапсырма. Нақыл сөздерді мұқият тыңдаңыздар (47-аудио). Негізгі ақпараттарды анықтап, дәптерлеріңізге жазып алыңыздар.



3-тапсырма. Мәтінді қайта тыңдап, уақытқа анықтама беріңіздер. *Уақыт* сөзімен тіркестер жасаңыздар.

Үлгі:



4-тапсырма. Уақытты қалай тиімді пайдалану керек? Адам өмірінің мәні оның істеген ісімен өлшенуінің себебі неде? Топ болып талқылаңыздар.



5-тапсырма. Нақыл сөздерде кездесетін мына сөздерді орфографиялық нормаға сай жазып, сөйлем құраңыздар.

Өмүр, бағ-даулет, налиді, елен ғылмау, жүйрүк, өкүнүш.



6-тапсырма. Ойтаразы. Сабақтан алған әсеріңізді «3-2-1» әдісі бойынша тұжырымдаңыздар.

- 3 маңызды ақпарат;
- қиындық келтірген 2 мәселе;
- тапсырмадағы ұнаған 1 мәселе.

**2-сабақ****Қазақтың уақыт өлшемдері**

1-тапсырма. Көшпелі қазақ халқында тәулік қандай шақтарға бөлінген? Олар халық тілінде қалай аталатынын білесіздер ме?



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып шығып, негізгі ойды анықтаңыздар. Сыныптасыңызға мәтін мазмұнын жүйелі әңгімелеп беріңіз.

Көшпелі қазақ халқы көшіп-қонып жүргенде уақыт мерзіміне қатысты өз өлшемдерін жасаған.

Ол замандарда секунд, минут, сағат, күн, ай, жыл деген ұғым атауы болмағанымен, оларды дене мүшелері және тағы басқа өлшем бірліктері арқылы шамалап, болжай білген. Секунд ұғымын: қас қағым, көзді ашып-жұмғанша, қас пен көздің арасында деп шамалап жеткізсе, минутты білдіретін өлшемнің орнына «сүтпісірім» немесе «етпісірім, шайқайнатым» деген минут пен сағатты білдіретін тілдік бірліктерді қолдану арқылы өлшем атауларын бейнелеген.

Күн шыққандағы уақыт мерзімін Күннің қозғалысы арқылы күн шығар алдында (елең-алаңда), күн шыға келгенде, сәскеде, сәске түсте, түс ауған кезде (бесін), күн батқанда т.б. деп атаған.

Күн ұясына кіргеннен кейін түн мезгілі басталады. Мұны да халық екі кештің арасында, қас қарая, ымырт жабыла, іңірде, жеті қараңғы түнде деп бірнеше кезеңге бөліп қараған.

Тірен сөздер

- қас қағым
- сәске
- бесін
- ымырт
- іңір
- өлшем

Б.Молдағали



3-тапсырма. Суретті пайдаланып және мәтін мазмұны бойынша тәулік шақтары туралы бір-біріңізге сұрақтар қойыңыздар.



4-тапсырма. Мәтіннен уақытқа қатысты күрделі сөздерді теріп жазып жасалу жолын анықтаңыздар.

 **5-тапсырма.** Берілген уақыт өлшемдеріне қатысты тұрақты тіркестердің синонимдік қатарын беріңіздер. Олармен сөйлем құраңыздар.

Көзді ашып-жұмғанша, қас пен көздің арасында, сүтпісірім уақыт, етпісірім уақыт.

 **6-тапсырма.** Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, бүгінгі сабақтан алған әсеріңізді айтыңыз.

- Бүгінгі сабақтан алған әсерім
- Бүгінгі сабақта ... құнды болды.
- Бүгін мен ... білім алдым.
- Маған ұнағаны
- Өзімді ... сезіндім.

3-сабақ **Уақыт және адам**

 **1-тапсырма.** «Уақытты босқа өткізу» дегенді қалай түсінесіздер?

 **2-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқып шығыңыздар. Бір-біріңізге сұрақтар қойып, автордың көзқарасын анықтаңыздар.

Тірек сөздер

- жіктеу
- қадірлеу
- құлшыну
- қажырлы
- үнемшіл
- баянсыз

Адамдарды уақытты қадірлейтіндер және уақытты қадірлемейтіндер деп екі үлкен топқа жіктеуге болады. Біріншісі – уақытты қадірлейтіндер. Мұндай адамдар уақытпен жарысады. Оларда мейлі қандай іс болсын, алдын ала дайындаған айқын мақсаты, соған жету үшін белгілеген жоба-жоспары, өзіне қойған қатаң талабы болады. Олар күн мен сағатты былай қойып, минут не секундты санап, соған сай іс

тындыруға құлшынады. Күнделікті өмірде қажырлы, қарапайым, үнемшіл болып, көп іс тындырады. Өзін алдайтын, уақытты босқа өлтіретін баянсыз, мән-мағынасыз іспен айналыспайды.

Сіз өзіңізге «Бойымда, өзіме тән қандай кемшілігім мен артықшылығым бар? Қай бағытта, нендей кәсіпке ыңғайым келеді? Оған қалай ұмтылғаным жөн және осы кәсіптен нәтиже шығара аламын ба, жоқ па?» деген сияқты сұрауларды үнемі қойып жүргеніңіз жөн. Адам баласы ерқашан уақытты босқа өткізбей өзіне және қоғамға пайда келтіретін іспен айналысуы қажет. Уақытты дұрыс пайдаланған адам – өзінің рухани жан дүниесін одан ары кемелдендіріп, өмірде көздеген мақсатына тез жете алатын болады.

«Алматы ақшамы» газетінен

 **3-тапсырма.** Мәтінді мағыналық бөліктерге бөліп, әр бөліктегі негізгі ойды екі-үш сөйлеммен жеткізіңіздер.

 **4-тапсырма.** Автордың ойымен келісесіздер ме? Уақытты қадірлейтін және уақытты қадірлемейтін адамдар қандай болады? Кестеге салып, анықтама беріңіздер.

Уақытты қадірлейтін адам	Уақытты қадірлемейтін адам

 **5-тапсырма.** «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзіңнен-өзің есеп ал!» деген Абайдың сөзін оқылым мәтінімен салыстырыңыздар. Өзінен есеп алатын адам қандай топқа жатады? Өзіңізден күніне бір есеп аласыз ба? Бір күніңіздің қалай өткені туралы шағын эссе жазыңыз.

 **6-тапсырма.** Ойтаразы. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүгінгі сабақтың басты мәселесі не болды?
- Топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?
- Бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?
- Сабақ маған қандай әсер қалдырды?
- Қандай қиындықтар кездесті?

4-сабақ Тайм-менеджмент – уақытты басқару

 **1-тапсырма.** Уақытты басқару не үшін қажет? Әр күніңізге жоспар құрасыз ба? Жоспарланған жұмысты уақытында бітірген кезіңіз болды ма?

 **2-тапсырма.** Мәтінді тыңдаңыздар (48-аудио). Мәтін не туралы? Тірек сөздер арқылы болжаңыздар.

Тірек сөздер: уақытты басқару, істі анықтау, тиімді жоспарлау.

 **3-тапсырма.** Бір тыңдағаннан есте қалған қағидаларды слайд-шоу арқылы таныстырыңыздар. Таныстыру кезінде интонацияның құрамдас бөліктерін сөйлеу мәнеріне сай қолданыңыздар.

 **4-тапсырма.** Үнтаспаны қайта тыңдап, кестені толтырыңыздар.

Қағидалар	Іс-әрекеттер
1-қағида	

 **5-тапсырма.** Тайм-менеджмент қағидаларына сүйеніп, жеке күн тәртібін (маңызды, күнделікті орындалатын жұмыс түрлерін көрсетіңіз) құрастырыңыз.

 **6-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүгін нені білдіңіз? Не үйрендіңіз?
- Сөздік қорыңызды қанша сөзбен толықтырдыңыз?
- Сабақ бойынша қандай сұрақтарыңыз бар?
- Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

5-сабақ Әлеуметтік желі – уақыттың жауы

 **1-тапсырма.** Әлеуметтік желіге күніне қанша уақыт жұмсайсыз? Әлеуметтік желідегі уақытыңызды тиімді пайдаланып жүрсіз бе?



2-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Қандай мәселе көтерілген? Сандық көрсеткішті диаграммаға салып, баға беріңіздер.



Әлеуметтік желі

Ғаламтор келгелі жаңалықпен лезде танысып, оған Фейсбукте пікір білдіріп, ұнатқан киноны апта соңын күтпей-ақ, қалаған сәтіңізде көре аласыз. Мұндай мүмкіндікке ие болғанымызға салыстырмалы түрде көп уақыт бола қойған жоқ, сол себепті жастар мұншалықты көп ақпараттың ішінен қажеттіні алып, қалғанын елемеуді әлі үйрене қойған жоқ.

Бізге барлық ақпарат бірдей қызық, сол себепті біз оған жұмсалған уақытты аңғармаймыз.

Statista порталының мәліметінше, адамдар 2016 жылы әлеуметтік желіге орташа есеппен бір күнде 126 минут жұмсаса, 2017 жыл бұл көрсеткіш 135 минутқа жетіпті. Яғни, қатардағы ғаламтор қолданушысы күн сайын 24 сағаттың 2 сағат 15 минутын әлеуметтік желіге жұмсайды. 8 сағат ұйқыға, 2 сағат тамақтану мен жуыну секілді тұрмыстық шаруаға кететінін ескерсек, адамның белсенді өмірге бар болғаны 14 сағат уақыты қалады және оның 15 пайызы күн сайын әлеуметтік желіге арналып отыр. Бұл көрсеткіш жыл санап ұлғайып келеді. Нәтижесінде, әлеуметтік желіге тәуелді болып, уақытымыз тағы қысқарады.

«Жастардың қанша пайызы әлеуметтік желіге тіркелген? Уақыттан ұтылып жүрген жоқпыз ба?» деген сұраққа келсек, елімізде ғаламторды жиі пайдаланатындардың жас аралығы – 14–44 жастағы адамдар. Осы орайда біз 14–19 жастағы жасөспірімдердің әлеуметтік желіге нәліктен кіретіндігін және қанша уақыт жұмсайтынын сұрадық. Олардың көпшілігі желілерге кіріп музыка тыңдайтынын, қызықты кинолар көретінін айта келіп, уақытты қадағаламайтынын ашық айтты. Ал кейбірі күнделікті сабақтың өзі кітаптағы ақпараттан бөлек, ғаламторды да талап ететінін, ақындардың өлеңдерін арнайы ашылған парақшалардан оқитынын жеткізді. Бұдан байқайтынымыз, әлеуметтік желілердің пайдасы мен зияны да бар. Бірақ әлеуметтік желіге деген тәуелділік уақытты көп ұрлайтынын айта кету керек. Жалпы жүргізілген сауалнамада жастардың көбісі желіге бос уақытын өткізу үшін кіретінін байқадық.

Әйгерім Исабек



3-тапсырма. Төмендегі белгілермен әр азатжолды немесе сөйлемдерді белгілеңіз. Өз ойыңызды қорытындылап айтыңыз.

«V»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін	Менің ойлағанымға қайшы, кереғар	Мен үшін жаңа ақпарат	Келісе алмаймын, білгім келеді



4-тапсырма. Соңғы бөлікте сауалнама нәтижесі қалай баяндалғанын өз сөздеріңізбен жеткізіңіздер.

5-тапсырма. Тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтаңыздар. Құрбы-құрдастарыңыз әлеуметтік желіні қандай мақсатпен қолданатынын сұрап, қорытынды шығарыңыздар. Менталды карта жасаңыздар.

6-тапсырма. Ойтаразы. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтырыңыздар.

Қандай ой пайда болды?	Неңі сөзіндім?	Не ұнады?

6-сабақ

Уақытыңды босқа өткізбе

1-тапсырма. Бос уақыт не үшін керек? Бос уақытыңды қалай өткізесіз? Бос уақытыңды көбіне қандай іске арнаيسىз?

2-тапсырма. Мәтінді оқып, автордың көзқарасын анықтаңыздар. Сіздерге қандай ой салды?

Қазіргі жаһандану заманында кейбір жастарымыздың бұзақы істерге ұрыну, теріс жолға түсу, компьютер ойындарын ойнап, уақыттарын шығындау, ұрлық, зиянды ішімдіктерге әуестену сияқты пайдасыз істермен айналысуы жиі кездесіп жатады.

Ең алдымен жасөспірімдерді бос уақытын дұрыс пайдалануға үйрету қажет. Егер кемел адам болғысы келсе, өзін жан-жақты дамытқаны жөн. Дестүрлі білім, кәсіби біліктіліктен бөлек, Soft skills тұрғысында дамытуы қажет, яғни бұл – шешендік өнер, тіл білу, қосымша қандай да бір біліктілікке қол жеткізіп, нарықта бәсекеге қабілетті болу деген сөз. Сондықтан жастар бос уақытында түрлі кітап оқып, тренингтерге қатысып, волонтерлік қызметпен айналысуына болады. Өзгелерге көмектесу өзіңе де пайдалы. Өйткені волонтерлік адамның сан түрлі қырын ашуға ықпал етеді.

Сонымен қатар жастардың бос уақытында спортпен айналысуы керек. Үнемі спортпен шұғылданған жастар уақыттың қадірін біледі, уақытты дұрыс пайдалануды үйренеді. Дені сау, сергек жастардың келешегінде қандай қиын жұмыс болсын, қиындыққа төтеп беріп, мықты азамат болып өсетіні белгілі.

«Білім айнасы» газетінен

3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңізге сұрақтар қойыңыздар. Сұрақтарды өздеріңіз дайындаңыздар.

4-тапсырма. ПОПС формуласын қолданып, мақалада айтылған игі істерге өз пікірлеріңізді білдіріңіздер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Тірек сөздер

- бұзақы
- шығындру
- әуестену
- кемел
- уақыттың қадірі
- төтеп беру

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген мысалдармен дәлелдей аламын.
Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.

Айқындауыш мүшелер

Айқындауыш – айқындайтын сөзінің жетегінде қосарлана айтылып, оның мазмұнын ашып тұратын сөз не сөздер тобы. Айқындауышқа төн белгілер: а) зат есімнен жасалады; ө) айқындайтын сөзінен кейін орналасады; б) айқындайтын сөзімен сөз тіркесін құрмайды, оны мағыналық жағынан айқындайды; в) сөйлемдегі қызметі нақты емес, өзі айқындап тұрған сөзбен қатарлас келіп, сол мүшенің қызметін атқарады.

Айқындауыштың үш түрі бар:

Оңашаланған айқындауыштар	Қосарлы айқындауыштар	Қосалқы айқындауыштар
Айқындайтын сөзінің соңынан келіп, оны ерекшелік көрсетеді. Мысалы: <i>Үйде, Абайдың қасында, бұл ауылдың адамдарынан бөтен түсті үш кісі отыр (М.Әуезов).</i>	Айқындайтын сөзінің ерекше белгісін қосарлап айтып, онымен мәндес қатар құрап тұрады. Мысалы: <i>батыр-ұшқыш, дәлел-ана, қызметші-малай</i> т.б.	Айқындайтын сөзін өлеуметтік, туыстық, көсіптік, жас мөлшерлік т.б. белгілері жағынан ерекше атап көрсетеді. Мысалы: <i>Әсет ағай, Айжан қыз, Наурызбай батыр</i> т.б.

 **5-тапсырма.** Кім жылдам? Айқындауыштың түрлеріне қарай үш-төрт сөйлем құраңыздар.

1-топ. Оңашаланған айқындауыш.

2-топ. Қосарлы айқындауыш.


3-топ. Қосалқы айқындауыш.

 **6-тапсырма.** Ойтаразы. Сабақ мазмұны бойынша «Қосу, алу, қызығамын» кестесін толтырыңыз.

Қосу	Алу	Қызығамын

7-сабақ

Уақыт алтыннан да қымбат



1-тапсырма. Суреттен қандай ой түйдіңіздер? Неге уақыт алтыннан да қымбат? Ой бөлісіңіздер.



2-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқып, негізгі ойды анықтаңыздар. Көтерілген мәселеге баға беріңіздер.

Уақыттан асқан билік жоқ,
Уақыттан озған жүйрік жоқ,
Адамға Алла бұйыртқан
Уақыттан қымбат сыйлық жоқ.
Өзіңді-өзің алдама,
Уақытты салма саудаға.
Жиырма төрт сағат берді
Балаға, кемпір-шалға да.
Жас болып мәңгі жүрмейсің,
Мәңгілік өмір сүрмейсің.
Үнемдеп жұмса уақытты,
Бітеді ол қашан білмейсің.

Әдемі сағат таңдайсың,
Көресің ұстап әрқайсың,
Он сағат сатып алсаң да,
Уақытты сатып алмайсың.
Уақытты жинай алмайсың,
Біреуге сыйлай алмайсың.
Уақытың бітсе, сен оны
Қарызға сұрай алмайсың.
Бұл өмір деген қас қағым,
Өтер де кетер жас шағың!
Сыйлатқың келсе өзіңді,
Уақытын сыйла басқаның.

Алмас Темірбай



3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. «Уақыттан асқан билік жоқ» дегенді қалай түсінесіздер?
2. Уақытты үнемдеу деген не?
3. Өзгелердің уақытына құрметпен қарайсыздар ма?



4-тапсырма. Өлеңнен *уақытқа* қатысты күрделі сөздерді теріп жазыңыздар. Оларды қатыстырып сөйлем құраңыздар.



5-тапсырма. Өлеңнің мазмұнын қарасөзге айналдырып жазып көріңіздер.

Адам өз уақытын



6-тапсырма. Сабақтан алған әсеріңізді «3-2-1» әдісі бойынша тұжырымдаңыздар.

- 3 маңызды ақпарат;
- қиындық келтірген 2 мәселе;
- тапсырмадағы ұнаған 1 мәселе.



8-сабақ

М.Мақатаев. «Сағатым қайда, сағатым?»



1-тапсырма. Белгілі ақын Мұқағали Мақатаев сіздерге төменгі сыныптардан таныс. Ол туралы не білесіздер? Қандай шығармаларын оқыдыңыздар? Білетін ақпараттарыңызбен бөлісіңіздер.



2-тапсырма. Өлеңді оқушының мәнерлеп оқуынан тыңдаңыздар. Сұраулы, лепті сөйлемдерді интонациясына қарай дұрыс оқыды ма? Бағалаңыздар.



Мұқағали Мақатаев

Сағатым қайда, сағатым?

Қалған ба тағы таң атып,
Жайған ба жасыл қанатын?!
...Таусылмас менің тағатым
Соқ, соқ, соқ, менің сағатым!
Келген бе тағы күн шығып?!
Күн шығып,
Жерге құлшынып,
Енген бе тағы тіршілік?!

Армысың, асау тіршілік!
Тұрмысқа қажет табатын,
Беретін және алатын,
Мезгіл де болып қалған ба,
Алатын жерге баратын?!
Таусылмас менің тағатым
Соға бер,
Соқ, соқ, сағатым!

Мұқағали Мақатаев



3-тапсырма. Өлең тақырыбын қалай түсіндіңіздер? Ақын не себепті өмірді сағатпен байланыстырады?



4-тапсырма. Өлең жолдарындағы ерекшеленіп берілген тіркестердің мағынасын «Қос жазба күнделігінде» түсіндіріңіздер.

Өлең жолдары	Менің пікірім
Қалған ба тағы таң атып, Жайған ба жасыл қанатын?!	
Армысың, асау тіршілік!	



5-тапсырма. А.Темірбай мен М.Мақатаевтың өлеңдерінде көтерілген мәселе бойынша күрделі жоспар құрыңыздар. Таныстырылым жасаңыздар.

Жоспар құрудың үлгі сызбасы:

I. Кіріспе бөлім.

II. Негізгі бөлім.

1.Тезис:

а) сөйлем;

ә) сөйлем.

III. Қорытынды бөлім.



6-тапсырма. Ойтаразы. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Өлеңнің мазмұнын кім жақсы түсінді?
- Тіркестердің мағынасын анықтай алдыңыздар ма?
- Қандай тапсырма қиындық келтірді??



9-сабақ

Таусылмас менің тағатым



1-тапсырма. «Таусылмас менің тағатым» дегенді қалай түсінесіздер?



2-тапсырма. М.Мақатаевтың «Сағатым қайда, сағатым» өлеңін қайта оқып, негізгі ойды үш-төрт сөйлеммен айтыңыздар.



3-тапсырма. Өлеңдегі астарлы ойды анықтаңыздар. Сіздерге қандай ой салды?



4-тапсырма. Өлеңде кездесетін айқындауыш мүшелерді түріне қарай ажыратыңыздар.



5-тапсырма. «Дербес пікір» жазу тәсілін пайдаланып, өлеңде көтерілген мәселе бойынша шағын эссе жазыңыздар.

1. Өзіндік пікір (идея) – 1 сөйлем.
2. Дәлел – 2 сөйлем.
3. Өз пікірін айғақтайтын мысал – 2 сөйлем.
4. Өз пікіріне қарсы пікір – 1 сөйлем.
5. Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – 2 сөйлем.
6. Қорытынды – 2 сөйлем.



6-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, сабақ мазмұны бойынша ойларыңызды тұжырымдаңыздар.

- Қосатыным –
- Өзгертер едім –
- Дамытамын –
- Күрделендіремін –



10-сабақ

Ұлылардың уақытты қадірлеуі



1-тапсырма. Уақыт туралы қандай нақыл сөздер білесіздер?



2-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Мәтіннен қандай ой түйдіңіздер?

Бірде: «Мені жарты сағаттан кейін оятыңызшы», – деп, көз ілмек болған Эйнштейнді қызметшісі біраз тынықсыншы деп бір сағаттан кейін барып оятса керек. Тұра сала жалма-жан сағатқа қараған ғалым жарты сағаттан кейін оятпаған қызметкеріне қатты ренжіп: «Ал жарты сағатымды қайтарып беріңіз онда», – деп кейісе керек. «Ұрланған заттың орнын басқа нәрсемен толтыруға болады, ал ұрланған уақыттың орнын еш толтыра алмайсың», – деген Гете де уақыт мәселесіне бей-жай қарамаған. Абай атамыз да өз өлеңінде уақыттың қайта айналып келмейтіндігін, тық-тық еткен сағат уақыттың ұрысы екенін тамаша бейнелеген:

Сағаттың өзі ұры шықылдаған,
Өмірді білдірмеген күнде ұрлаған.
Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді кетті,
Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман.

Түсіндірме сөздік

көз ілу – тынығу, демалу
жалма-жан – тез, жылдам
кею – ренжу
бей-жай – жайбарақат
тұрлау жоқ – дәйексіз
бұлдыр – бұлыңғыр

Адам баласы уақытты өте тиімді пайдаланғаны абзал. Сол себепті болар, еңбекқор қытай халқы уақыт мәселесіне келгенде «Сағат сатып алсаң да, уақыт сатып ала алмайсың» дейді екен. Барлық уақытша қызықты қоя тұрып, дер кезінде қимылдаған адам кейін соның жемісін жемек.

Құдайберді Бағашар



3-тапсырма. Абай сағатты неге ұрыға теңейді? Сағат адамның өмірін қалай ұрлайды? Өзара диалог құрыңыздар.



4-тапсырма. Топтық жұмыс. «Кубизм» әдісін пайдаланып тапсырмаларды орындаңыздар.

1. *Баяндаңыз.* Мәтін мазмұны бойынша уақыттың қадірі туралы еңгімелеңіз.

2. *Қолданыңыз.* Суреттеу барысында айқын дауыштарды қолданыңыз.

3. *Салыстырыңыз.* Мәтінді алдыңғы сабақтағы мәтіндермен салыстырыңыз. Қандай ортақ ой айтылды?

4. *Топтастырыңыз.* Уақыт туралы нақыл сөздерді топтастырыңыз.

5. *Зерттеңіз.* Қосымша ақпарат көздерінен уақыт жайлы қызықты ақпараттар іздеңіз.



5-тапсырма. Сөйлемдердегі ойды толықтырып жазыңыздар.

Адам өз уақытын керек. Өзгелердің де ... бағалауы қажет. Уақыттың босқа өтуі – үлкен Пайда келетін ойластырған дұрыс. Бір қарағанда, ондай пайдалы іспен ... оңай сияқты. Бірақ олай емес. Себебі жоспарлап үйрену қажет. Ол қасиетті қалыптастыру керек. Өрбір минуттыңды дағдылан. Сонда ғана ... қол жеткізесің.

Керекті сөздер: табысқа, үнемдей білуі, шығын, іспен шұғылдануды, жас кезіңнен айналысу, күн тәртібін, уақытын, пайдалы жұмсауға.



6-тапсырма. Ойтаразы. «Әңгімелесетін әріптестер». Сабақ мазмұнын жұп болып талқылаңыздар.

- жеңіл болған ақпарат;
- қиын болған ақпарат;
- алдағы уақытта оқығым келетін ақпарат.



11-сабақ

Нәтиже сабақ



1-тапсырма. «Мен уақытымды қалай өткіземін» деген тақырыпта сұхбат жүргізіңіздер.



2-тапсырма. Уақыттың қадірі туралы таныстырылым жасаңыздар. Осы бөлімде оқыған және тыңдаған белгілі тұлғалардың сөздерінен сілтеме келтіріңіздер.



3-тапсырма. Бос уақытты тиімді пайдалану жайлы пікірталас ұйымдастырыңыздар.

Шарты:

- уақыттың бүкіл адамзатқа қатыстылығы;
- бос уақытты тиімді пайдаланудың қағидалары;
- уақыттың «жауы» не?;
- топ алдында өз ойын сенімді және еркін жеткізу.



4-тапсырма. «Уақыт алтыннан да қымбат» тақырыбында аргументативті эссе жазыңыздар. Тыныс белгілерін орынды қолданыңыздар.



5-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңіздер.

- Тақырып бойынша не үйрендіңіздер?
- Айқындауыш мүшелерді ажырата алдыңыздар ма?
- Өзіңіздің және достарыңыздың білімін бағалаңыздар. (Өз жұмысыңызға, достарыңыздың топ ішіндегі әрекеттеріне көңілдеріңіз тола ма?)

ТЫҢДАУҒА АРНАЛҒАН МӘТІНДЕР

1-аудио

Көшпелі қазақ қоғамында байлық малмен өлшенетін болған. 1803 жылы Бұқараға аттанған Я.П.Гавердовский өз еңбегінде «Қазақ халқының тұрмыс деңгейі ірі қара мал басымен бағаланады. Дәл осы мал олардың қоғамын бай, орташа және кедей деп бөледі», – деп жазған.

Сол кездері қазақ даласындағы теңсіздікті жойып отырған бір-біріне көрсетілетін көмек түрлері болған. Ондай көмек түрлері *шүлен тарату, асар* және т.б. дәстүрлерге негізделген.

Шүлен тарату дегеніміз – көшпелі қазақ халқының бай адамдары, билері мен батырларының кедейлерді жинап, оларға материалдық жағынан көмек көрсетуі. Бұл дәстүр қыстың алдында өткізілген екен. Шүлен дегеніміз жомарттық, байлық дегенді білдіреді. Оның тағы бір атауы – шүлен тарту. Қазақ малшыларының мал басы артып, қорасы қойға, табыны сиырға, өрісі жылқыға толғанда, байлар ақсарбас қой сойған, ақ түйенің қарнын жарған. Көріп-қасерге, кедей-жетімге шүлен таратқан, яғни көмек көрсеткен. Қорасына қой салып, панасыз қалғандарға үй салып беретін жомарт адамдар болған. Осындай жомарттық танытқан адамдарды қазақ *шүлен адам* деп атаған.

Б.Бонай

2-аудио

Адам өмірінен артық қандай құндылық болуы мүмкін?! Алайда осы құндылық өр қасырдағы өр кезеңдерде неге құнсызданып отыр?

1918, 1919, 1920, 1921 жылдары қайта-қайта айналып соққан жұт, жоқшылық, ашаршылық елді есеңгіретті, қазақ халқы қырылды. 1921 жылғы ашаршылықта қазақ халқы 30 пайызға азайды.

Бұл ғана емес, 1937–1938 жылдары жаппай құғын-сүргін оқиғасы орын алды. Міне, осы кезде 2 миллионға жуық қазақ қаза болды. Олар тірі болса, қазақ халқы 5–6 миллионға өсер еді.

Бұл – бұл ма, 1941–1945 жылдардағы Екінші дүниежүзілік соғыста мыңдаған қазақ қаза тапты. 30-жылдары қазақ жеріндегі жұт пен ашаршылық өзінің ең жоғарғы сатысына жетті. Бір сөзінде Елбасы Н.Назарбаев: «Егер ашаршылық болмағанда, біз 45–50 миллионға өсер едік», – деген еді.

«Егемен Қазақстан» газетінен

3-аудио

Қазір ауыл жағдайы жақсарып келеді. Жер-жерде мемлекет қаржысымен құрылық жұмыстары жүргізілуде. Инженерлік инфрақұрылымдар дамытылуда. Ауылсумен қамтамасыз ету жағдайы жақсара түсті. Сондай-ақ елді мекендерді электр энергиясымен қамтамасыз ету, ауыл жолдарын қалпына келтіру жұмыстары жолға қойылған.

Ауылшаруашылық өндірісін дамытуда да оң өзгерістер бар. Ол мемлекеттік аграрлық саясатты жүзеге асыру барысында өз нәтижесін берді. Ауылшаруашылық өндірісінің және өңделген өнімдердің көлемі ұлғайды. Ауылшаруашылық техникалары мен құрал-жабдықтарын алу бұрынғыдан өлдеқайда жақсарды.

Еліміздегі күріш өнімінің 80 пайызына жуығы Сыр бойы диқандарының еншісінде. Диқандар қауымына мемлекет тарапынан қолдау жасалып келеді. Көктемгі егіс және күзгі жиын-терім жұмыстарына қыруар қаржы бөлінуде. Ауылшаруашылық құрылымдарына жеңілдетілген несиелер қарастырылған. Сондай-ақ материалдық тыңайтқыш, тұқым және өзге де қажеттілікке арзандатылған субсидиялар бөлінеді. Түрлі қаржы көздерінен инвестициялар тартылуда. Бұл ауылшаруашылық саласының жалпы өнімінің артуына ықпалын тигізеді.

Алайда бірқатар мәселе кездеседі. Ауылшаруашылықта жаңа технологияларды пайдалану жайы өлі де өз деңгейінде емес. Осының салдарынан ауылшаруашылық еңбеккерлерінің жалақысы облыстық көрсеткіштен екі еседей төмен...

«Жас қазақ» газетінен

4-аудио

Алматыны алты айналып, жетім бұрышты жеті айналғанда, өкшем опырылып түсті... Аяғым ауырды деп келіншегім отыра кетті. Пәтер іздеп жүр едік...

Құмырсқаның илеуінше қайнаған жетім бұрыштан бізге лайық пәтер табылмады. Табылмады емес, табылды-ау, өкесінің құнын сұрайды. Тіпті делдал маған қарайтын емес, сөйлесу үшін де кезекке тұрады екенсің.

– Пәтер бар ма, апай?

– Бір қыз керек.

– Пәтер бар ма, ағай?

– Бір жігіт керек...

– Келіншегіміз екеуміз тұрсақ бола ма? Біз жас отауымыз.

– Онда айына елу мың теңгеден, үш айдың ақшасы жүз елу мың теңгені алдын ала тапсырасың.

– Бөліп тапсырса ше?

– Онда барыңдар ары.

Сасқанымнан келіншегіме қарадым. Маған жаны ашыған болу керек, естісе де, естімеген болып тұр. Көзінен мұң байқалады. Тағы бір делдалға қарай жүгірдім.

– «Шаңырақта» бір үй бар, жас отбасын тұрғызады, – деді семіз қара келіншек. Кеудемдегі өшіп бара жатқан үміт оты жарқ еткендей болды.

– Қанша болады?

– Он мың теңге, үш бөлмелі үй.

– Жарайды, келістік.

– Тауып берген ақысына мың теңге төлейсіңдер.

– Мінеки, мың теңгеңіз.

– Мынау – телефоны мен аты-жөні. Сұлушаш төте жіберді дейсіңдер.

Қолым дірілдеп, ішімнен иманымды үйіріп, телефон құлағын ұстадым. Ар жағынан ер адамның жуан даусы шықты.

– Алло, бұл кім?

– Алло, ассалаумағалайкүм, Сөкен аға ма екен? Бізді Сұлушаш төте жіберді. Пәтер іздеп жүр едік...

– Қайдағы пәтер, үш күн бұрын өткізіп жібергенбіз.

Ашудан жарылардай мелшиіп тұрдым да қалдым...

Ерболат Әбікенұлы. «Пәтер іздеп жүр едік»

5-аудио

Ата заңда көрсетілгендей, Қазақстан әлеуметтік мемлекет болуға, нақты әлеуметтік кепілдіктерге мықтап бет бұрды. Бюджеттің 45 пайызы әлеуметтік салаға бағытталып отыр.

Үкімет отырысында «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша баяндама жасаған Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі: «2018 жылы тұрғын үй құрылысына барлық қаржы көзінен 1,2 триллион теңге инвестиция салынды. Бұл 2017 жылдың деңгейінен 8,1 пайызға жоғары. 12,5 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, рекордтық көрсеткішке қол жеткізілді. Барлығы 113,7 мың баспана салынды. Биыл 13,1 миллион шаршы метр жаңа тұрғын үй салуды жоспарлап отырмыз. Бұл – 118 мың пәтер», – деді.

Бұл, шын мәнінде, үлкен қолдау. Көпбалалы отбасыларға дайын тұрған үйлерді сатып алып беру үшін 25 миллиард теңге бөлініп жатыр. Осы кезге дейін көпбалалы отбасылардың тұрғын үй мәселесі ең күрделі мәселелердің біріне айналған еді.

Бірнеше жыл үй кезегінде тұрып қиналған көпбалалы отбасылардың үміт оты оялды. Ендігі мәселе – үй алу кезегін реттеу. «Әлеуметтік қамқорлық» бағдарламасының арқасында ешбір отбасы назардан тыс қалмайды. Осы мақсатта республикалық бюджеттен қаражат бөлініп отыр. «Біздің міндетіміз – әр қазақстандықтың мемлекеттен нақты көмек алуын қамтамасыз ету» деген еді министр.

«Айқын» газетінен

6-аудио

Маңғыстау – Еуропа мен Орта Азияның сауда жүйесі, екі мәдениеттің тоғысқан жері. Бұл – Еуропадан Орта Азияға, Үндістанға баратын керуен жолының үсті.

Бір кезде осы арада мәдениетті ел болған. Екі метр, үш метр жерлерден қазғанда, көптеген құмыра, фарфор сынықтары шыққан.

Маңғыстауда өулиелер көп, олардың көбі жау қолынан өлген. Бұл арадан сан ел өткен. Бір кезде хазар да, қарлұқ та, селжүк те, түрікмендер де Маңғыстаудың құмды даласын кезген. Сақ та, дай да, көне қыпшақ та бұл далада болған. Бір кездегі Еділдегі Алтын Орда астанасы Сарай шаһары арқылы осы Маңғыстаудың үстімен Стамбұлдан Ханбалыққа баратын атақты көне Жібек жолы өткен.

Ілияс Есенберлин. «Қара алтыным»

7-аудио.

Сөйтп, ежелден бұл Ұлы шөл далада табиғаттың қаһарына шыдай білген шыдамды жұрт тұрып келді делік. Сонда бұл жердің астында жатқан ғажайып байлық кенет ашылды ма? Жоқ, Маңғыстаудың қазынасы – ұзақ жылдар зерттеудің нәтижесі.

Маңғыстаудың ұлы тартысы Өзектен басталады... 1957 жылы Маңғыстауда мұнай-газ барлау тресі ұйымдастырылды. Келесі жылы Бозашы оңтүстік ойпатында Қызыл құдығының маңайында алғашқы скважина қазылды. Форт Шевченкодан Өзекке жүк тиеген, адам тиеген даңғарадай-даңғарадай жүк мәшинелері ағылды. «Уралмаш-ЗД» атты мұнара қондырғыларын сүйреген, ұзын-ұзын жалғамалы, он-он бестен тракторлы ауыр керуендер жер мен көкті дірілдете гүрлдей жылжыды.

Міне, осындай ғажайып мәшинелер, тракторлар Өзекке қарай құйылды. Өзек аңғарының бойына құрал-жабдықтарды үйді. Биіктігі қырық бір метр «Уралмаш-ЗД» мұнаралары скважиналардың үстіне қондырылды. Ал бұны істеп жатқан баяғы қажымас қайраткер жұмысшылар! Жұмысшы болғанда көбі осы Маңғыстау, Ембі, Гурьев бойының қазақтары...

Ілияс Есенберлин. «Қара алтыным»

8-аудио

«Теңіз Сервис» ЖШС-нің Дамбыға салатын мұнай базасы балықшылар үшін өзекті мәселе болып отыр. Қазір Каспий теңізінің сағасында балықшылар еңбек етіп, күнкөрісін табуда. Мұнай өнеркәсібін күшейту балықтардың дағдылы тіршілігін бұзады. Бағзы бір уақытта Бакуден Каспий арқылы танкермен мұнай тасымалданғанда, теңізге мұнай төгілген жайттар кездескен. Енді мұндай тосын оқиғалар дағдылы көрініске айналуы да мүмкін.

Байырғы тұрғындардың айтуынша, сонау жылдары балықшылар Жайық жағасына адам жолатпайтын болған. Тіпті Жайық жағасына іргелес қоныстанған ауылдарда балық жүрген кезде қатты сөйлеп, тосын дыбыс шығаруға тыйым салынған. Себебі балық шуды, жайсыздықты адамша сезініп, екінші бұл жерге жоламайды екен.

Теңіз жағасынан өндірістік база салу оңай нәрсе емес. Ол жеті өлшеніп, бір шешілуі тиіс. Мұнайдан түсетін миллиардтарды қуалап жүргенде, балықтан, адамның денсаулығынан, табиғаттың таза көркінен жүрдай болып қалмайық.

«Жас қазақ» газетінен

9-аудио

Транзиттік тасымал түрі – табыстың бір көзі. Географиялық жағынан Қазақстан – Еуропа мен Азияны жалғап жатқан транзиттік ел. Бірақ теңіз арқылы жүк тасымалдау арзан. Егер пойыздардың жылдамдығын сағатына 260–300 шақырымға дейін ұлғайтсақ, Қытайдан Еуропаға немесе керісінше тасымалданатын тауарлар осы теміржол арқылы жүзеге асырылар еді.

Елімізде Атасу–Алашаңқай мұнай құбыры тартылды. Нұр-Сұлтан, Алматы және басқа да облыс орталықтарында кең көлемде құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Осындай ауқымды үдерістер жүріп жатқан кезде энергетикалық тапшылық та анық сезілуде. Ресейден, Қырғызстаннан электр қуатын сатып алуға мәжбүрміз. Электр қуатына тарифтің жоғары болуына байланысты көптеген кәсіпорынның шығарған өнімінің өзіндік құны қымбат. Осыған байланысты Балқаш көлі жағасынан атом электрстансысын салу мәселесі қазір қайта көтерілуде. Егер АЭС кеңестік дәуірде салынған болса, Қазақстан энергетикалық тәуелсіз ел атанатын еді. Егер АЭС бүгінгі күні салынар болса, оған мүмкіндігіміз толық жетеді. Шикізатымыз бар, оны байыту мәселесі шешілген. Жоба жүзеге асса, электр қуатының бағасы анағұрлым арзандайды. Соның нәтижесінде өзімізден шығатын тауарлардың өзіндік құны айтарлықтай төмендейді. Ауыр машина жасау, мұнай-газ саласына құрал-жабдықтар шығару мәселесі де өз-өзінен шешілер еді.

«Егемен Қазақстан» газетінен

10-аудио

Қоғамның ең өзекті мәселесінің бірі – қоршаған ортаны қорғау. Бұл мәселе адамзатты қатты алаңдатууда. Өз еліміздің табиғаты тұрақты қорғауды талап етіп отыр. Бұл істе өзге елдердің тәжірибесіне сүйенген абзал. Қазіргі таңда Моңғолия көлдері жер бетіндегі ең таза көлдер қатарына жатады.

Біздің мемлекет ең ірі көліміз – Балқаш көлінің жағасына атом электрстансысын салуды жоспарлап отыр. Атом электрстансысы суды өте көп қажет етеді. Онсызда суы тартылып, құрып кетудің аз-ақ алдында тұрған Балқаштың жағдайы мез емес. Бұл көлде балықтың 20 түрі, құстар мен жануарлардың көптеген сирек түрлері мекендейді. 70–80-жылдары осы мекеннен бір миллионға жуық ондатр терісі дайындалған екен. Дағдарыс кезінде өркім өз тіршілік тауқыметімен жүріп, өзекті істер назардан қалып қойды.

Амангелді Жүсіпов

11-аудио

Тілді дұрыс қолдана білу – үлкен жауапкершілік. Айтушы ойын өзі үшін айтпайды, өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Яғни, әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыстап сөйлемді құра білуі тиіс.

Адам ана тілін жасынан естуінше үлкендерден үйренеді. Сонан соң тіл танытқыш кітаптардан таниды. Онан әрі үлгілі жазушылардың шығарған сөздерін оқып, өзі я ауызша айтып, я жазып қолданумен біледі. Біздің қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп – айтатын ойға сөйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішінде орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз.

Ахмет Байтұрсынұлы

12-аудио

Күй аңыздарының табиғаты күй өнерімен және сол күй өнерін туындатушы күйшімен тікелей байланысты. Күй өнерінсіз де, сондай-ақ сол күй өнерін туындатушы күйшісіз де күй аңызының дүниеге келуі мүмкін емес. Күйші айтқысы келген сөзін күй тілімен жеткізген.

Қазақ күйлері домбыра, сыбызғы және қобызда тартылған. Қобызды қазақ халқы музыкалық аспаптардың Төңіріне балайды. Бұл – бай мен жарлының, бала мен дананың, жас пен көрінің ұйып тыңдайтын аспабы.

Қобыз қарапайым ғана аспап болғанымен, оны жасауға қойылатын талаптар көп. Қобыздың ағашын таңдауға айрықша мән беріледі. Қобызды қара еменнен ойып алып жасайды. Одан өрі түйенің терісімен қобыз шанағын қаптап, тиегі мен құлағын мүйізден салады. Қобызға ішекті жылқының құйрық қылынан жасап тағады. Ішекке таңдалған қылды алдымен өбден тазалап жуады, сосын ұстарамен қырнайды. Осыдан қобыздан ашық үн шығады. Қобыздың мүшелері мыналар: құлағы, мойны, белі, шанағы, бүйірі, ішегі, көні, тиегі.

Ақселеу Сейдімбек

13-аудио

Еңбек – қашанда адамның аса қадірлеп, құрмет тұтатын игіліктерінің бірі. Ол – материалдық және рухани байлықтардың көзі ғана емес, сонымен қатар адамның аса маңызды өмірлік қажеті мен құқығы, жекебасының дамуы үшін қажетті қуатты құрал.

Капитализм тұсында еңбекке деген сұраныс, негізінен, өндіріс құрал-жабдықтарын иемденушілерге жұмысшы күшін сату арқылы және ол күш неғұрлым пайда табу мүддесіне сай келетіндей мөлшерде ғана өтеді. Мұндай жағдайда еңбекші қауымның қыруар бөлігі жұмыссыздыққа душар болады.

Жұмыссыздық капитализм тұсында үйреншікті құбылыс болса да, ол ешқашан қазіргідей тұрақты сипат алған жоқ. Еңбекшілердің кең шеңберін қамтып, басқа бір өлеуметтік апат – инфляциямен дәл қазіргі уақыттағыдай астасып көрген емес.

Жаппай жұмыссыздық еңбекшілердің экономикалық жағдайының нашарлап тұрақсыздануының, олардың материалдық күйзеліске душар болуының басты себебіне айналып отыр.

«Оқиғалар. Фактілер. Деректер» кітабынан

14-аудио

Жұмыссыздық – қоғам өміріне төн құбылыс. Өлем елдерінің қайсысын алып қарасаңыз да, жұмыс таппай жүрген жастар саны аз емес. Қазіргі кезде жастар арасындағы жұмыссыздық өлем бойынша өткір мәселеге айналып отыр. Бұл бүкілғаламдық тенденция десек те болады. Өйткені жұмыссыздық – нарықтық экономиканың бірден-бір көрінісі.

«Қазіргі кезде елімізде 15 пен 29 жас аралығында 4 миллионға жуық жас бар. 2019 жылдың екінші тоқсанында жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,7 пайызды немесе 81 мың адамды құрады», – деді Ақпарат және қоғамдық даму министрі. Оның айтуынша, жұмыспен қамтылған 2 миллионнан астам жастың арасында 77 пайызы – жалдамалы қызметкерлер. Оның ішінде 388 мыңы – сауда саласында, 253 мыңы – ауылшаруашылығында, 239 мыңы – білім саласында, 218 мыңы өнеркәсіп нысандарында еңбек етеді. Ал қалған 23 пайызы – өзін-өзі жұмыспен қамтығандар.

2019 жылдың екінші тоқсанында жұмыссыздар қатарындағы жастардың 177 мыңы жұмыспен қамту орталықтарында тіркелген.

«Айқын» газетінен

15-аудио

Өзіңіздің қалауыңыздағы және жоғары жалақы төлейтін жұмысты табу – өте күрделі шаруа, сондықтан оған жауапкершілікпен қарау керек. Қай салада жұмыс істейтінізді, өзіңізді не қызықтыратынын жақсылап ойлаңыз. Бүгінде жұмысты бірнеше тәсілмен іздеуге болады: 1) хабарландыру (арнайы жұмыс іздеу сайттары, мамандандырылған газет-журнал т.б.); 2) рекрутингтік агенттіктер (олардың қызметі іздеуден, бағалаудан және белгілі бір вакансияға маман таңдаудан тұрады); 3) вакансиялар жәрмеңкесі. Бұл тәсіл өте тиімді болып табылады, себебі аталмыш шара мамандар үшін арнайы ұйымдастырылады. Яғни, жұмыс беруші өзіне қажетті маман іздейді. Мұндай шаралар барысында барынша белсенділік танытып, жұмыс беруші туралы көбірек ақпарат алу қажет; 4) жұмыс берушіге тікелей бару. Өзіңізге қажетті жұмыс берушілерді, олардың байланыс деректерін, қосымша ақпарат көздерін анықтағаннан кейін, түйіндемені жіберіңіз. Түйіндемені оқыған кезде сіздің алға қойған мақсатыңыз көрініп тұруы керек. Неғұрлым ерекше болса, соғұрлым мүмкіндіктеріңіз де артады.

Жұмыс іздеу үдерісі біраз уақытқа созылуы мүмкін. Мақсатқа жету үшін барлық мүмкіндігіңізді жұмсаған жөн.

Әйгерім Исаева

16-аудио

1991 жылы желтоқсанның 16-сында Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялады. Осылайша әлем картасында тәуелсіз Қазақстан атты жаңа мемлекет пайда болды. Тәуелсіздігімізді жариялағаннан соң, Қазақстан әлемнің көптеген елдерімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатып, шет мемлекеттерден өз елшіліктерін ашып, жаһандық аренадағы мемлекеттік беделін қалыптастыра бастады.

1991 жылы 29 тамызда Елбасы «Семей полигонын жабу туралы» Жарлыққа қол қойды. Мемлекет басшысының осы тарихи шешімі, батыл қадамы бүгінде дүниежүзіне мәлім тарихи фактіге айналды.

Қазақстан 1992 жылғы 2 наурыздан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының толық құқылы мүшесі болды. Қазір еліміздің БҰҰ, ЮНЕСКО, ЕҚЫҰ (ОБСЕ) секілді 70-ке жуық халықаралық ұйымдарда өкілдігі бар.

Бүкілхалықтық талқылаудан кейін 1992 жылғы маусымда ұлттық рәміздер қабылданды. 1993 жылғы қаңтардың 28-інде Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясы қабылданды. 1993 жылдың 15 қарашасында төл теңгеміз айналымға түсті.

Барша қазақстандықтар үшін тәуелсіздіктің мәні де, маңызы да айрықша. Өйткені біз тәуелсіздіктің арқасында тарихымызды түгендеп, салт-дәстүрімізді жандандырдық. Сонымен қатар еліміз халықаралық дәрежедегі жиындар мен олимпиадаларды өткізуге мүмкіндік алды.

Сәнім Ысқаққызы

17-аудио

Қадірлі ел жастары! Білім жолындағы жас қырандар! Ықылым замандардан қалған «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген аталы сөз бар. Бұл заман білекке сенетін емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен, азаматтарының білімімен өлшенеді. Сол білімді өжетке, тұрмыс игілігіне жарата білуімен бағаланады... Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны.

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов: «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін – білім», – деген. Біз өрлеуді өмірінің өзегі еткен халықпыз. Мына заманда «Өнердің кілтін тапқан ғана өрге шабады». Сендер тәуелсіз Қазақстанның келешегі үшін тарихи жауапкершілік арқалайтын азаматсыңдар. Осы жауапкершілікті

сезіне біліңдер. Мемлекеттің ең ұлы мұраты – әрбір азаматының тауқымет көрмей, бақуатты тіршілік кешуі. Біздің қоғамда адал еңбекті терең біліммен ұштастырған ғана табысқа жете алатынын қаперден шығармаған абзал. Бұл – заман талабы. Сендер Қазақстанның өз ғылымы мен технологиясын, өзіндік ұстанымын жасайтын ғылым иесі болуларың керек. Кез келген кәсіп иесі өз шаруасын тың тәсілмен, жаңа әдіспен істеуге ұмтылса ғана ешкім жетпеген табысқа жете алады. Өзгелер салған сұрлеуге түсіп, бөтен іздің шаңын жұту Қазақстан жастарының таңдауы емес. Сендер, Тәуелсіз Қазақ елінің білімді жастары, өз соқпақтарыңды салып, оны елді дамуға бастайтын даңғылға айналдыруға тиіссіңдер! ...Адамзатты терең ойға кемел білім жетелейді. Оқыңдар! Білім алыңдар! Талаптана біліңдер! Тынымсыз еңбектеніңдер!..

Н.Назарбаев

18-аудио

«– Бісіміллә деп бастайын сөзімді!»

Мұны айтқан Жәмила анам еді. Алыста қалған жастығын, келіншек күнін көз алдына қайыра елестеткендей болып, тосылыққырап отырып қалды...

«Сонымен атам қазақтың өткен ғасырда басынан өткізген тауқыметін, қызыл төңкеріс дейсіз бе, ұжымға ұйысу дейсіз бе, одан берідегі аққалпақ көтерілісін, адам басы арзандаған қан-жоса қырғынды, Голощекин қол қойған мүйіз салығы мен тұяқ салығын, қаратабан жұтты, ашаршылықты, одан берідегі үндеместер үкідей үрпитіп бір түнде ұстап алып кететін зұлмат жылдарды тәспінің тасындай жіпке тізіп жазып жүрсіңдер ғой...»

Сендерше Ұлы Отан соғысы, бізше герман соғысы басталар алдында, біраз жыл бұрын Сарыұлы Досжанның шаңырағына түскен келіншекпін. Отағасын жасының орта жастан асқанын сылтау етіп соғысқа алмаған. «Екі тау арасында жатқан «Бінтымақ» колхозының жаны мен малына иелік етіңіз, тозып кетпесін, заманында облыс бейгесінің алдын бермеген сөйгүлік ақалтеке тектілердің тұқымын сақтаңыз» депті...

Тылда да соғыстағыдан еш кемдігі болған жоқ. Елдегі некен-саяқ еркектер көктем шыға өгізге жер-ағаш, соқа тіркеп, жоннан жер жыртады, егіс салады, қыстың қамын жеп, шалғысын қайрап, өзен, бұлақ қабағынан шөп шабады. Әлгілердің бейнетінің ауырлығы сонша: сорғалаған тері жүзін жуып, ..белінен бел қалмайтын...

Біз болсақ, күніге желіге тізіп, жүзге жуық құлын байлаймыз, бұл дегенің күніге кемі – асауы бар, көнбісі бар жүз биені екі мезгіл сауып шығу деген сөз. Сауыншы аз. Жас әйелдер асау бие теуіп өлтіреді деп жылқышы ауылдан айналып қашады. Өкең болса аттан түспей түздің шаруасымен жүреді: қарашаның күз күніндей қабағын ашпай ел жата оралады...»

Дүкенбай Досжан. «Төрт патшаны көрген кейуана»

19-аудио

Апта өте, ырғалып-жырғалып Мәскеуге апаратын пойызға отырдым. Үстімде ашпақ қардай көйлек, енемнің көзі деп сандыққа тығып жүрген қынама қамзолды кидім. Өлгінің қос өңіріне алтын жіпшен өңіржиек тіккен, түнемесі шамша жарқырайды. Басымда ақ жібек шашақты орамал, аяғыма ыңғайлы мәсі сұққан едім, «мәсі – ескіліктің киімі», – деп аупартком хатшысы қонышына зер салып тіккен шоққайма кигізді. Қолымда өрмектен жаңа шыққан тоқыма қоржын. Аупартком хатшысы: «Қоржындағы мейіз, құрт, қауынқак, өзге де төтті-құттыны төгіңіз, жолазықты шабаданға салыңыз, қазақы қоржынның бір басына Ленин, Сталиннің кітабын, келесі басына аудан көрсеткіштері жазылған қағазды салыңыз», – деп кеңес берді. Кейін ойлаймын ғой: сонша алысқа көсемнің кітаптарын арқалап неге сорладым, аудан көрсеткіштерінің қаншалық қажеті бар еді... зіл қағазды екі иығым тесіліп көтеріп... барғанша – қағаз арқаладым, қайтқанша – қағаз арқаладым...

Дүкенбай Досжан. «Төрт патшаны көрген кейуана»

20-аудио

...Жақсы адамдардың арқасында маусымның басында Президент қабылдайтын үлкендердің тізіміне ілініп, етегіме сүрініп, дөң басындағы алтын сарайға жеткенім, сіре, есімнен кетпес. «Етегіме сүрініп» деген сөзді бекер айтпадым, өйткені сол қабылдауға жазылған жиырма шақты ақсақал, кейуана кісілердің ішіндегі жасы үлкені өзім екем. Иә, Алла, көрсеткеніңе шүкір деп, сырты аспақ қардай, іші сары алтындай, мұнтаздай кең сарайға келіп кірдік. Еңсемді көтеріп, басымды шалқайтып, сарайдың төбесіне қарай алмадым, тайып кетем бе деп аяғымның астынан көз алмаймын...

Біраз сөзін ұмытып қалыппын, біраз көрген қызықты естен шығарыппын, қартайған кісіден не сұрап жарытасың!..

Төсегіме бас қойып жатып ернімді жыбырлатып: «Тоқпын, тоқпын, құлындарым!» – депшім. Мойнымызға бұршақ салып жүріп тілеп алған Президентіміз Нұрсұлтандай баламның дидарын көріп, дегенін естіп, тойып қайттым!.. Шылауына ғайып ерен, қырық пілтен періштелер ілессін!.. Халқының назарында жүрсін!.. Тіккен туы құламасын!..

Аумие-е-е-ен! Жаратқан ие, қасиет қонған өулие-өнбиелер жар бола гөр!»

Дүкенбай Досжан. «Төрт патшаны көрген кейуана»

21-аудио

- Театр – сымбатты өнердің ішіндегі ең зор өнердің бірі (*Мұхтар Әуезов*).
- Өмірдің өзі театр – біз оның актерлеріміз (*Уильям Шекспир*).
- Адам бүгін театрға ертең адам болып қалу үшін барады (*Робер Ленаж*).
- Театр – адамның өзін-өзі сахнадан көріп, өзін-өзі түсінетін орын (*Григорий Ревзин*).
- Театр киімділгіштен басталады (*К.Станиславский*).
- Театр мен киноның айырмашылығы – сіз театрда көресіз, ал кинода сізге көрсетеді (*Александр Адабашьян*).
- Егер екі адам сөйлесіп, оны үшіншісі тыңдап тұрса, мұның өзі – театр (*Густав Холоубек*).

22-аудио

Драмалық қойылымдар Қазақстанда алғаш рет тек XX ғасырдың басында пайда болды. Өуесқойлардың қазақ тіліндегі тұңғыш спектаклі 1910 жылы Шымкентте көрсетілді. Қазақтың бірінші драмасы – «Жетесіздік құрбаны» (1915 ж.).

Тұңғыш кәсіби Қазақ музыкалық театры 1933 жылы Алматы қаласында музыкалық студия ретінде құрылған. Қазіргі – Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік опера және балет театры.

Бірінші кәсіби қазақ театры 1926 жылы Қызылорда қаласында іске аса бастады. Бірінші қойылым М.Өуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасынан үзінді және Қ.Кемеңгерұлының «Алтын сақинасы» болды. 1928 жылы театр Алматыға көшіріліп, 1937 жылы Академиялық драма театр атағы берілді.

Алматыда 1935 жылы бірінші рет Қуыршақ театры құрылды.

Ең көңілді театр – сатира және өзіл-оспақ мемлекеттік театры тұңғыш рет Қазақстанда 2008 жылы Шымкент қаласында ашылды.

«Ақсарай» театр-мюзиклы – Қазақстандағы және Орталық Азиядағы осы тектес жалғыз театр.

«Қазақстан рекордтары» кітабынан

23-аудио

Нұрмұхан Жантөрин – небір жауапты рөлдерді ұршықша айналдырып, жеріне жеткізіп ойнап, көрерменнің көңілінен шыққан үлкен өнер тұлғасы, Қазақстанның халық артисі.

Ең бірінші рет киноға түскенде («Қозы Көрпеш-Баян сұлуда») – Қодардың рөлін ойнады. Ал театрдағы басты рөлдері бір төбе. Нұрмұхан Жантөрин көп оқыған, көп білетін. Өз қатарларынан оқ бойы озық болатын. Тіпті режиссердің өзінен де озық тұратын. Нұрмұхан Жантөриннің жасаған кез келген образы сол марапаттарға, шын мәнінде, лайық болатын. Бір жылдары біздің театрда Шоқан туралы спектакль қойылды. Сонда Нұрмұхан Жантөрин басты кейіпкер – Шоқанды ойнады. «Оның уақыты келеді» деген фильмде Шоқанның бейнесін жасады. Спектакльде жасаған бейнесі мен кинодағысы бір-біріне ұқсамайды. Бірақ деңгейі жоғары бейнелер жасады. Осы бұрын-соңды болмаған «Шоқан» спектаклінен кейін Сәбит Мұқанов бүкіл театр ұжымын Алатаудың бөктеріне апарған еді...

Сәбит Оразбаев. «Өмірдің өзі – театр» кітабынан

24-аудио

Сахнаға Қодар шыққан кезде жұртшылық та шулап кетеді. Халықтың ұғымында ол өте жауыз адам ғой. Өсіресе Қозы мен Қодардың қылыштасатын жері бар. Енді кездеспеуге серттесіп, екеуі екі жаққа кетеді. Сөйтсе, залда отырған бір көрермен шал: «Әй, Қодар, ақыры осының түбіне жетесің-ау», – деп қайта-қайта айқайлап отыратын көрінеді. Бір кезде шыдамы таусылған Жантөрин сұсты көзін шалға қадап: «Әй, ақсақал, не сен ойна, не мен ойнайын. Неменеге менімен жағаласа бересің?» – дейді. Шал: «Ойнай бер, ойнай бер, бірақ бөрібір түбіне жетесің ғой», – деп қоймайтын көрінеді. Ақырында Қозыға пышақ салып жатқанда, Қозының «Баян, Баян. Арманда кеттім-ау, Баян» деп шалқасынан құлайтын жері бар ғой, соған келгенде, өлгі шал орнынан атып тұрып: «Әй, Қодар, ақыры өлтіріп тындың ба?» – дейді бар даусымен. Жұрт қой десе қоймайды. Содан Нұрмұхан тура өлгі шалға қатулы қабағымен қараған ғой. Өлгі шал: «Айттым ғой. Бұл енді мені өлтіреді», – деп сыртқа қарай тұра қашыпты...

Сәбит Оразбаев. «Өмірдің өзі – театр» кітабынан

25-аудио

Бүгінде Қазақстан туризмнің барлық түрі бойынша, атап айтсақ, танымдық, сауықтыру, этникалық, экологиялық, шипажай-сауықтыру, жасөспірімдер мен балалар, аңшылық және т.б. түрлері бойынша қызмет етеді. Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Қазақстан – көне замандардан бүкіл түркі әлеміне танылған тарихи мекен. Сол себепті бірегей табиғаты ғажайып қорықтар, түрлі емдік су көздері, археологиялық және тарихи ескерткіштер, қалалар өу бастан саяхат пен туризм көздері саналған. Соңғы кездері әлем бойынша елімізге шетелден келетін туристер саны қарқынды өсіп келеді. Олар өсіресе еліміздің табиғи қорықтарына, экологиялық таза аумақтарына көптеп келуде.

Шұрайлы жеріміздің төсінде аспанмен түйіскен таулар, тұнық та мөлдір су-қоймалары мен өзен-көлдер – барлығы отандық және шетелдік туристердің ерекше ықыласын туғызып отыр.

Статистикаға көз жүгіртсек, Эйфель мұнарасын көру үшін ғана жұрт Парижге ағылса, жылына отыз миллион халық Түркияда демалады екен. Көкшенің табиғатына сүйсініп, Алатау аршасына таңғалатындар енді көбейетін болады.

Қазақстандағы туристік нысандарға: Солтүстік Қазақстан аймағында Көкшетау, Бурабай, Баянауыл, Ерейментау; Шығыс Қазақстан аумағындағы Зайсан, Марқакөл, қазақстандық Алтай, Оңтүстік Қазақстан жеріндегі Батыс, Солтүстік Тянь-Шань, Алтынемел таулары; Жетісу алабы; Батыс Қазақстандағы Үстірт, Мұғалжар, Каспий ойысы, Жайық өңірі; Орталық Қазақстандағы Қарқаралы, Қызыларай, Бектауата, Ұлытау және т.б. жатады.

26-аудио

Сол кезде шыға кепті ақбас бура,
 Жап-жалбыр төсін басқан аппақ шуда.
 Қасым хан тұра қалып ақ бураны
 Шіреніп атып сапты нақтап тура.
 Өкіріп ақбас бура көбік шашып,
 Шиқылдап тісін қайрап, аузын ашып.
 Қасымды бір айналып бура-қотан,
 Қан ағып кеткен тулап таудан асып.
 Бақсыдай сарнап бура тауды кезген,
 Күңіреніп мекенінен енді бөзген.
 Ел естіп хан ұлының бұл жұмысын
 Зор іске ұшырарын бәрі сезген.
 Жоқ болып ақбас бура көп күн өткен,
 (Қасымның қан қолынан қаза жеткен.)
 Бір күні таудай болып шөгіп жатқан
 Бураны жұрт көреді өткен, кеткен...
 Ақ бура қабақтарын қарс жауып,
 Қозғалмай мәңгі жатып тас боп қатқан.
 Ақ бура таудың тағы түйесі деп,
 О дағы қасиетті бір иесі деп.
 Тұқымы сотқар ханның оңбағаны
 Жұрт айтад «сол түйенің киесі» деп.
 «Бұл іске Бурабайдың көлі куә,
 Қасымның қалған жұрты, көңі куә,
 Бураша шөгіп жатқан мұнар тау мен
 Ызындап таудың соққан желі куә...»

Сәкен Сейфуллин. «Көкшетау» поэмасынан

27-аудио

...Абылай тұтқын қызға салды көзін,
 Сөйледі, өмір билік айтқан сөзін.
 «Жарқыным, өңкей батыр мына тұрған,
 Қара да біріне ти, таңдап өзің»...
 Қалың қол тым-тырыс боп тұрды қарап.
 Күледі көл мен ғана орман шулап.
 Қыз айтты: «Құлдық, тақсыр, төреңізге,
 Тағдырдың салған ісін көреміз де,
 Адамды жете байқап сынамасақ,
 Бір көріп тура баға береміз бе?
 Иә, тақсыр, менен таңдау сұратсаңыз,
 Бұл істі осылайша ұнатсаңыз,
 Таңдайын төреңізге құлдық айтып,
 Өнерін батырлардың сынатсаңыз.
 Тиейін садағы ұшқыр мергеніне,
 Көзіммен асқындаған көргеніме.
 Байланған мына шыңның қақ басына,
 Жаулығымды атып жығып бергеніне...
 «Абылай берді қыздың тілегіне,
 Серт болды батырлардың білегіне
 Етектен шың басына көз жіберіп.

Зор күдік кірді өркімнің жүрегіне.
 Қыз шешті орамалын беліндегі,
 Бір адам серт қып берген еліндегі...
 Тастады хан алдына орамалын.
 Батырлар қозғалысып шапырласты,
 Ентелеп хан мен қызды орап алып.
 Бөсеке бір қыз үшін тайталасқан.
 Бір тасқа топ жанында қыз да шықты.
 Тартыстың себепкері жан таласқан.
 Кей батыр ойқастайды оғын сайлап,
 Кей батыр безейді оғын өткір қайрап...
 Абылай: «Атыңдар!» – деп шықты айғайлап.
 Батырлар шіренісіп тізбектеліп,
 Тартысты садақтарын «Абылайлап»...
 Атқан оқ тасқа тиіп жарқылдайды,
 Шыңда ойнап бала бүркіт шаңқылдайды.
 Оқтарын орамалға жеткізе алмай.
 Батырлар біраздан соң «қарқындайды»...
 Дағдарды оғын ешкім жеткізе алмай,
 Ысқыртып садақтарын кезек-кезек.
 Ешқайсы сыннан сөйтіп өтпеген соң,
 Қыз қайтсін «өзің таңдау ет» деген соң.
 «Оқжетпес» деген атақ алыпты шың,
 Атқан оқ нақ басына жетпеген соң.

Сәкен Сейфуллин. «Көкшетау» поэмасынан

28-аудио

Ыстықкөл жер айнасы мөлтілдейді,
 Балқашты қамыс қамап желкілдейді.
 Аттанған алты өзені Жетісудың
 Балқашқа бауырымдап еңкілдейді.
 Балқаштан өзенді өрлей жүзген балық,
 Тұмсығын қас қаққанша еркіндейді.
 Бұлқыпса, анда-санда алабура,
 Жетісу желпең қағып селкілдейді.
 Шу өне, тауды тарпып шыққан шулап,
 Ойнақтап, ырғи, жосып таудан тулап,
 Асқардың ақтарылған ағы емес пе,
 Қарқ болған қырғыз-қазақ суын сулап?
 Шуылдап жүйткіп жатқан Шудың үні:
 «Қолың бер, құт, береке» дейді «тумақ!».
 Ертеден ірге теуіп өскен Шуда,
 Шымырлап Іле қайнап құмды кезген.
 Арқырап асау Шелек орыпты тас,
 Бурадай бұлқынады көк ала бас,
 Ол баста Күншығысқа шыға шауып,
 Жалт беріп етекке еңсей сапты құлаш.
 Айдынды айдаһардай күміс көл бар,
 Алысқан таумен, таспен алып болмас.
 Көпірген Көксу көл бар басы бастау
 Дегенге көшпелі өйнек суы ұйқастау,

Тау жуып, тасты қуған содыр суы,
 Аңқылдайд арнасында меруерт астау.
 Жар жарып, жерді жиған Көксу көл бар,
 Бейне бір Жалайырға шабатын жау.
 Арқырап айқай салған Көксу алып,
 Жазыққа шыға келсе үркіп ағып.
 Мөлтендеп мойнақты орай Қаратал да,
 Көксуға қойындасад жарды жанып.
 Қосылып екі ерке су, екі сұлу,
 Балқаштап қалың құмға кетед лағып.

Ілияс Жансүгіров. «Жетісу суреттері»

29-аудио

Баяғы баяғының заманынан,
 Асқарда шың мекендеп, жайлаған аң,
 Тағылар тарғыл тасқа бауырын төсеп,
 Бар тышқан қоныс алған балағынан.
 Жасанған театрдағы ойыншыдай,
 Құздардың көрінеді аң алаңынан.
 Қиынның жынысында бар деседі,
 Сілеусін, ілбіс, аю, бұғы, бұлан.
 Көдімгі қасқыр серек, қарақұлақ,
 Шуылдайд шибөрі үй артынан.
 Көдімгі қарсақ, сусар, бұлғын, жанат,
 Сол таудың іздейді аңды ту сыртынан.
 Таутеке, арқар, құлжа, қарақұйрық,
 Тазқара, балтажұтар, ақбас құмай,
 Лашын, түйғын, түнжыр, тыңар, мықи,
 Ителгі, бөрпі, қырғи, құр, тұрымтай.
 Тығанақ, үкі, ақсары, құладыңдар
 Сықылды толып жатыр мәжеп-томпай.
 Қара, боз, суық, бұқбас, сипті, шымшық,
 Шапшақай, майлық, маубас бұқа, шөже.
 Тоқылдақ, сұр құрқылтай, бұлбұл, шымшық
 Шымшықтың сан-сапалақ атаулысы –
 Айтарға сай-салада жүр лықсып,
 Тас жырып, балақ біткен шыңға шықсаң,
 Күй тартар той қылғандай торғай сыңсып.
 Көркемі көбелектің сол сайларда,
 Гүл шолып, жүрер ойнап ұшып сып-сып.
 Үстіңнен аю тасты сылдырлатса,
 Самайдан ішкен қымыз шығар шып-шып.

Ілияс Жансүгіров. «Жетісу суреттері»

30-аудио

«90-жылдары жағдайым өте ауыр болды: күйеуім жұмыссыз қалды, қолымда үш балам бар, отбасымды асырау керек болды... Менің хоббиім болған еді. Түрлі нәрселер тігетінмін. Бала кезімнен киімдерді өзім тігіп киетінмін, сондықтан ателье ашу арманым болатын», – дейді Әлия Бектілеуова.

«Тіршілік жасау үшін Алматыға келдік, жеке тон өндірісін ұйымдастырдық. Шикізатты өзіміз сатып алдық, тонды өзіміз тігіп, Ресейге саттық. Бірақ ол кезде

бөсекелестік қатаң болатын, өткізу жағынан қиындықтар туа бастады. Апайым екеуміз ері қарай қалай өмір сүретінімізді ойластырдық. Ол маған тігінмен айналысуға кеңес берді. Бұл ойға күмәнмен қарадым: «Базар тұрғанда кім менен сатып алады?»

Бірақ достарым мен туыстарым менің қолымнан тігу келетінін біліп, қолдау көрсетті. Сөйтіп, тіге бастадым. Алғашқы клиенттер пайда болды, сосын біртіндеп олардың қарасы көбейе берді.

Қазір Әлия Демеуханқызының шағын екі цехы бар. Кез келген дүниені – ерлер, әйелдер, балалар киімін, жейделер, костюмдер, кеудешелер, көйлектер тігеді.

«Концерттік костюмдер тігеміз, тулар да тапсырып жатады. Өзім пішемін, жас қызметкерлерге үйретемін».

Былыттырдан бері Кәсіпкерлер палатасынан қызмет алып жүрміз. Бала кезімнен сөн үйін ашу арманым еді. 2006 жылы жер алып, құрылысты бастаған болатынымын. Бірақ оған қаражатым жетпеді. «ДАМУ» бағдарламасымен несие алдым және де қаражаттың жартысын игеріп қойдым. Сөн үйін салу үшін бизнес-жоспар дайындауым қажет болды. Қайтадан Кәсіпкерлер палатасына жүгіндім. Ол жерде жоспарды жылдам ері тегін жасап берді. Мен үшін бұл үлкен көмек, дұрыс экономикалық есептеулер жүргізу қиын болды», – деді Әлия Бектілеуова.

«Алаш айнасы» газетінен

31-аудио

...– Бар, ана шешелерің жаққа бар, амандас, балам! – деді. Бала көп ішінен, ең алдымен, өзінің шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып:

– Әй, шырағым, балам, әуелі ар жағыңда өкең тұр... Сәлем бер! – деді.

Абай жалт қарап барып жаңа көрді. Анадай жерде, қонақүйдің сыртында, қасында екі-үш үлкен кісі бар – өкесі Құнанбай тұр екен. Ыңғайсыздықпен қысылып қалған бала, шешесінің сондайлық салқын сабырының мәнін ұқты да, өкесіне қарай тез бұрылды. Байтас пен жорға Жұмабай да анадайдан аттарынан түсіп жаяулап жетектеп, Құнанбайға қарай келеді екен. Бірақ өңі сүп-сүр, зор денелі, бұрыл сақалды Құнанбайдың жалғыз көзі бұларда емес. Батыс жақтан төрт-бес атты жолаушы келеді екен. Арты Қыдырдан шыққан жолаушылар төрізді. Өздері өңшең толық денелі, үлкендер сияқты. Құнанбайдың бүгін әдейі тосып отырған адамдары болу керек. Ол соларға қарап тұр.

Байтас пен Жұмабай тақай бергенде, Абай да қасына кеп қалып еді. Үшеуі бірдей жамырай сәлем берді. Құнанбай тез бұрылып сәлемдерін алды да, қысқа ғана амандық сұрады. Тұрған орнынан қозғалған жоқ. Баласын қасына да шақырмады. Азғантай уақыт Абайға қарап алып:

– Балам, бойың өсіп, ержетіп қалыпсың-ау! Молда болдың ба? Бойыңдай боп білімің де өсті ме? – деді. Кекету ме? Жоқ күдік пе?

Бала ес білгеннен бері қарай өкесінің қабағын танып өскен. Өкесі де бұл баласының сондай сезгіштігін өзге балаларынан артық санаушы еді. Ұялғанды, жауап айтпағанды кешірмейтін өке мінезі Абайға мәлім. Ол сабырлы, момын пішінмен:

– Шүкірлік, өке, – деп біраз тұрды да, – ат барған соң, дөріс тамам болмаса да, қазіреттің рұқсатын, фатихасын алып қайттым, – деді.

Тіпті ересек адамша сөйлеп қапты. Баланың бұл ерте өзірлеген жауабы еді...

Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясынан

32-аудио

...Абай өзінің қанша ұйықтағанын білмейді. Бірақ селт етіп оянып, басын жастықтан жұлып алғанда, анық аңғарғаны ұйқысырап оянса керек. Ең соңғы сөзі өлі көкейінде:

– Кел! Келші бір, сөулем! – дегенді анық айтқан төрізді.

Дауыстап айтты ма? Үй іші естіді ме? Оны біле алмады. Бұл оянғанда Ербол да басын көтеріп алып еді. Абайдың екі көзі қып-қызыл екен... Бірақ өңгіме онда емес. Абай көтеріліп, отыра бере сыртқа құлағын салып, тыңдап қапты. Ербол енді аңғарды. Көрші үйден жалғыз әйел айтқан аса бір өдемі нәзік өн келіп тұр. Соны тыңдай отыра Абай бар денесімен қозғалақтап, дірлдей түсіп, сабыры кеткендей болды. Ербол байқаса, жолдасы ұйқысыраған адамдай, атқып тұрып, жүріп кететін төрізді. Өңіне қарап еді, құп-қу боп, реңі қашыпты... Ерболды асыға қозғап, қатты түртіп:

– Тұр, тұр! Тұршы, Ербол! – дей берді.

Ербол:

– О не, немене, Абай? – деп сескене қарады. Үркіп қалды. Ойында: «Өңі қалай жат еді. Ауырып тұрды ма?!» деген неше алуан қорқыныш күдік бар. Абай бұның ойын ұғынып аңғарар емес. Тымағын киіп, шапанын жамылды да, Ерболға:

– Тысқа шығайық жүр! – деді.

Үй іші бұлардың оқыс жайларын байқаған жоқ екен... Олардың сезбегені жақсы болды. Қатты өзгерген Абай әлі оңалған жоқ. Құлағы мен ынта-бейлі тыста. Жалғыз бір үнде. Өнде ме, әлде? Алғаш шапшаң түрегелген жерде буын-буыны қалтырап, жығылып қала жаздады. Ербол ғана сүйеп қалып, зорға дегенде буынын бекітті. Бірақ сонда да өзін-өзі аңғарып жүрген жоқ... Оқшау, сұлу өн үзілген жоқ. Содан құлағын алмайды. Көңіл дені соған ауып, ұйып қапты. Есікті қалай тауып, үйден қалай шыққанын да білмейді. Тысқа шыға сала, Абай тымағын жұлып алып, өн шыққан жаққа бар сұлдерімен ұмсына түсіп, қатып тыңдап қалды. Өн – «Топайкөк». Енді ғана нәзік ырғақ соншалық бір сұлу сәнмен еркеленіп, толқып кеп, баяулай басылды. Өн бітті...

М.Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясынан

33-аудио

Дегенмен қазіргі кезде жасөспірімдер арасында түйткіл мәселелер өте көп кездеседі. Оларға психикалық мәселелер, зиянды әдеттер, жасөспірімдер арасындағы қылмыс және т.б. жатқызылады.

Жасөспірімдер кез келген жаңа нәрсені тез қабылдауға дайын тұрады. Жора-жолдастарынан қалмауға тырысып, сол қатарда абыройлы, беделді болуы үшін бәрін істейді. Жеткіншектерге құрбы-құрдастарының айтқан ойы, әсері үлкен. Осыған байланысты оларда еліктеушілік пайда болады. Әсіресе жастардың батыс мәдениетіне, әртүрлі сән үлгілеріне, әуендеріне, субмәдениетке еліктеушілігі белең алуға. Субмәдениет дегеніміз – қоғамнан оқшауланған, өзіндік өмір сүру дағдысы бар, өмір сүріп жатқан қоғамдағы мәдениеттен өзгелеу, тіпті кейде оған наразы жастардың белгілі бір тобы жасаған мәдениет. Мұндай топтар өздерінің сөйлеу әдебімен, киім киісімен және басқа да белгілерімен ерекшеленеді.

Сонымен қатар жасөспірімдер әділетсіздікке шыдай бермейді. Әртүрлі жағдайлар, отбасылар арасындағы әлеуметтік теңсіздік олардың тағдырына, тіпті ойлау жүйесіне де әсер етеді. Осындай себептермен олар зиянды әдеттерге: темекіге, ішімдікке, нашақорлыққа әуестенеді.

«Астана ақшамы» газетінен

34-аудио

...Осы соңғы күндерде Ақылбай бір алуан жарыс үлгісін айтқан еді. Ол төрттік жырды төрт ақын болып, іліп-қағып айтатын бір дәстүр.

Кейінгі топтың жол ұзақтығын елемей, көңілді күлкімен келе жатуына қазірде де себеп болған сол әлеңдер. Енді бір кезекте Мағаш ат үстінде отырып, Көкітай мен Ақылбайға қарап, тағы бір төрттіктің алғашқы бір жолын бастады:

Күз жетті ме, батыр-ау неге тондым? –

дегенде, бағанадан кезек қағысып, шапшаңдыққа өздерін қайрағандай боп келе жатқан ақын жігіттер тегіс елең ете қалысты. Бірақ алдымен іліп өкеткен Ақылбай болды:

Тонғаның рас, бозарып түсің де оңды.

Ендігі кезекте Дәрмен айтуға бейімделді. Ол бұлардың ішіндегі ең шапшаңы және тапқыр, айтқышы. Дәрмен бағанадан бергі дағдысымен төрттіктің соңғы екі жолын тағы өзі бітіруге ыңғайланғанда, Мағаш қатарында келе жатқан Дәрменнің тізгінінен ұстап күліп тұрып, өзіл айтты.

– Дәрмен, сен шабытыңды ірке тұр. Бағанадан бері есеміз мына Көкітайда кетіп барады. Бұл неге қосылмайды? Осы айтсын. Айт, көне шапшаң! – деп, Мағаш көзін сығырайта күліп, өзінің үнемі қатты қалжыңдасатын құрдасы Көкітайға қарады. Ол да осындай бір шабуылды тосқандай екен. Жолдастарын таңғалдырғандай өжеттік көрсетті. Өзінің шарылдаған қатты үнімен дауыстап тұрып, іле жөнелді:

Бірің тоңып, бірің оң, жұмысым жоқ,
Ойына түк кірмейді Көкітай шоңның!

деп қатты күліп жіберді...

Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясынан

35-аудио

...Қыстың басы тақау болғанмен, өлі қар түсе қойған жоқ. Бірақ қара суық мезі қылғандықтан, Ақшоқыдағы ауыл бұл күнде тегіс жылы тамға кірген. Өр үйде күн аралатып пеш жағылатын. Өзінің бөлек тамына, Баймағамбетпен бір қорадағы оңаша тамға Дәрмен мен Мәкен де кірген.

Абай қарсы үйде оңаша отырып, соңғы он шақты күннен бері кітапқа, қағазға күндіз де, кеш те үңіліп еңбек етеді. Түкпір үйде Мағаш пен Көкітай да өз алдарына кітап оқып ізденуде.

Оның екеуі де бұл күндерде орысша кітаптарды, әсіресе жеңіл тілмен жазылған қызық романдарды көп оқитын. Өз мәжілістерінде сол оқығандарын ауызша өңгіме, ертегі қып айтысып отырады...

Абай үшін бұл күз айрықша шабытты еңбек күзіне айналып келеді. Кей түнде немесе таңертең ерте шақта Абайдың оңаша отырып, жазып тастаған қағаздары, ең алдымен, Әйгерімнің қолына жинала беретін.

Әсемпаз болма өр неге
Өнерпаз болсаң арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар, қалан! –

деген өлеңді әуелі демін үзбей, түгел бір оқып шыққан Мәкенге Әйгерім қайтадан, басынан түсіріп тағы да оқытты.

– Ағаңның алғашқы сөздері бізге де айтылған сөз десек болатын-ау! Өзі ауызша да айтады ғой. «Кімде-кім есі бар, қайраты бар, бойында жігер, талабы бар болса, еңбексіз өмір кешуге жол жоқ» деп! Маған десе, патшаның қызы мен әйелі бол, арамтамақ болсаң, қор боласың дейді. Мынада айтып отырғаны да сол ғой! – деп аз бөгелді де: – Бірақ «кірпіш» дегені қалай? Сол арасын сен екеумізге өлшемесем, көкейіме қона қоймады! – деп және күлді...

Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясынан

36-аудио

Осыдан бір жарым ай өткен соң, күз тақап жайлаудың елі Шыңғысты қайта асып, бауырға қарай үздік-создық көштер созылды. Абайдың туған жері, анасының қонысы, қыс қыстауы Жидебайда пішендік шалғын ұзарып өсіп болған. Маңындағы дала шөбі сарғайған. Жидебайға тақау жалғыз қара биік Өртеңнің төсіндегі көде, бетеге сапсары жадау жүзді. Өткен өмір реңін, тозған тірлік елесін танытады.

...Дәрмен осылардың ортасында, Әйгерімнің жаңағы даусы айтылып жатқан шақта өз ішінен Абай қабіріне қарап, үздіксіз бір ант, серт айтып отырғандай болды.

– Сақтармын, қойнымдағы алтынымдай сақтармын сіз қалдырған дөңдерді... – деген ой келгенде, Дәрменнің есіне Абайдың ең соңғы терең бір арман, шері келді.

– Абай аға, қадірлім! Ол дөңдерің өлген жоқ, жойылған жоқ. Рас, бұл күнде бір араға біткен тоғай болмасын. Үлкен бақ боп тұрмасын... Бірақ ең дала, мол сахараның бар бойында ол дөңдерің өсіп келеді. Көп өсіп, көктей өсіп келеді. Өсе бермек күн санап... Сол үшін де өз өмірімде, өле-өлгенше асыл сөзіңді сақтармын, ата төрбиенді ақтармын, ағажан! – дей берді.

Адал жар жоқтауымен Абай жаңаша жолға өтті. Ол өлмеске қадам басты! Өйгерімнің өні мен соған оралып айтылған Дөрмен жыры Абай туралы кейін туатын бар өнердің басы еді. Жаңа туған өннен бастап Абай жаңа туысқа ауысқан.

Осы күйдің күесі боп қазір де Абай қабірінің басына қалың елдің өзгеше көп-көп жаны жылып қалыпты... Бұлар өтіп жатқан көштерден келген көрілер, жастар, ерлер, әйелдер... Өйгерім мен Дөрмен де, жас оқығандар да байқамапты... Бұлар өз зары, мұңы, ойымен отырғанда сырттарында Өйгерімнің барлық саналы шерін тыңдап, іштей құптап қалың елдің тобы отырған... Абайдың жаңа бір туысын қабыл алып отырған халық-ата, халық-ана осы еді.

Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясынан

37-аудио

«Шегараға дейін енді небәрі қозыкөш жер қалды», – деді ол қарсы алдында жатқан аласа адырларға көз жіберіп. – Көз барда мына Күргейтастан өтіп, сызықтың бойына жақындап алайын. Ол орнынан тұрып, тағы да ілгері жылжыды. Денесі суығандікі ме, өне бойы ағаштай сіресіп қалыпты. Сегізкөзі, жұлын тұтасып, қара саны қозғалтпай, қан қақсап ауырып кетті. Екі табаны удай ашып, жер бастырмай тұр. Ұйқы да қысып барады.

Күн батып, қас қарайып барады. Сай-сала үңірейіп, жұтып қоятындай төніп тұр. Артына қарап еді, соңынан ерген көкжал жақындап қалған екен. Қарт сасқалақтап, оң жағындағы жалама тасқа қарай өрмеледі. Үстіңгі жағы асқақтап біткен құз жартас. Өрмелеп барып соның бір қуысына паналады. Шал маңайда жатқан бірнеше үлкен тасты қасына өкеп алды. Қарсысындағы шоқпар тастың үстіне келіп, көкжал да шөкесінен жатып алды. Осылайша қанша отырғаны белгісіз, бір заматта қалғып кетті. Бір кезде дәл аяқ жағынан шыққан тысырдан шошып оянды. Жалма-жан көзін ашып алып, төменге қарап еді, өккі көкжал дыбысын білдірмей, жербауырлап, жылжып келе жатыр екен. Ол орнынан атып тұрды да, қасында жатқан келідей тасты төмен қарай домалатып жіберді. Сол-ақ екен, «қаңқ» еткен бір дыбыс шықты да, салдыр-гүлдір домалаған таспен бірге құзға құлдырап жоқ болды. Қарт қуаныштан жылап жіберді...

Қабдеш Жұмаділов. «Қаздар қайтып барады»

38-аудио

Сол немересінен қарт қапыда айырылды. Көлденең кеселге килікпесе, Төлеутайын апаттан аман алып та қалатын еді. Бірақ, амал қанша, құдай оған жеткізбеді.

Бір күні атып алған қояны мен кекілігін арқалап үйіне келгені сол еді, мұны екі полицей тосып отыр екен. Ай-шайға қаратпай, шалдың қол-аяғын байлады да, арбаға отырғызып, қалаға алып кетті. Мектепке кеткен немересіне де мойын бұрғызған жоқ. Тергеусіз, сұраусыз апарып түрмеге қамап тастады.

Бұған екі түрлі қылмыс таңылды. Біріншісі, аң аулағанды сылтау қылып, үнемі тау арасында жүреді екенсің. Бірнеше рет шегара бойына да жақын барып қайтыпсың. Сондағы мақсатың не? Екіншісі, сенде тығулы жатқан мылтық бар. Соны үкіметке тапсыруың керек.

Қадалған осы екі сұраққа жауап таба алмай, қарт түрмеде бір жыл жатты. Тек қыс өтіп, келесі көктемде ғана мұны түрмеден босатты. Мылтығын тартып алып, аң аулауға тыйым салды да, бақылау астында ауыр жұмыс істеуге жіберді.

Алдында қандай қасірет күтіп тұрғанын ауылға келгенде бір-ақ білді. Өткен қыста

жүт болып, малдан тігерге тұяқ қалмаған. Адам шығыны да аз емес. Өзі жоқта жалғыз жұбанышы – Төлеутайы аштыққа төзбей қыршынынан қиылыпты. Енді мынау жарық дүниенің бұл үшін қызығы, мән-мағынасы қалмаған еді...

Қабдеш Жұмаділов. «Қаздар қайтып барады»

39-аудио

Өртүрлі ішкі-сыртқы кедергілерге қарамастан, ұлы көш басталып кетті. ТМД елдеріндегі бауырларымыз Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бері атажұртқа біртіндеп көшіп жатыр. Қазір Ресейден, Өзбекстан мен Қарақалпақстаннан келушілердің қарқыны жаман емес.

ТМД сыртында, шалғайда жүрген қандастарымызды қоныстануына, ерекшелігіне қарай топқа бөлуге тура келеді. Мәселен, Шыңжаңдағы, Моңғолиядағы, Ирандағы, Түркиядағы және Батыс елдеріндегі... Бұлардың басып өткен жолы, қоныстану тарихы, қазіргі әлеуметтік, экономикалық жағдайы, керек десеңіз, мінез-құлқы да бір-біріне ұқсамайды.

Шеттегі қандастарымыздың ішінде дәстүр-салтын, өдет-ғұрпын, тілі мен дінін жоғалтпай, біршама таза сақтағаны – Моңғолия қазақтары. Олардың бойында әлі күнге дейін ұрпақтан-ұрпаққа бұзылмай жалғасқан көшпенді аталарымыздың ыстық қаны соғып тұр. Сол қызу қан мен атажұртқа деген шексіз махаббат оларды елге бастап келген.

Моңғолия қазақтары ұстанған өмір салты, бастан кешкен тарихи кезеңдері жағынан Қазақстанға біртабан жақын. Жазу-сызуымыз да ортақ. Қонысымыз шалғай болса да, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің асыл қазынасынан олар да қол үзбей келді. Бұл бауырларымыздың атажұртқа оралуы Қазақстанның су ала жаздаған сортаң теңізіне тұщы бұлақ қосылғандай игі әсерін тигізері сөзсіз.

Қабдеш Жұмаділов

40-аудио

Толеранттылыққа тәрбиелеу ең бірінші отбасынан басталуы тиіс. Отбасы – жас ұрпақты жекетұлға ретінде қалыптастырудың қайнар бастауы. Бала үшін отбасы, бір жағынан, тіршілік қоршауы болса, екінші жағынан, тәрбиелік орта. Отбасындағы қарым-қатынастың дұрыс болып қалыптаспауы мұғалімдерді де, ата-аналарды да ойландыратын ортақ мәселелер.

Отбасы балаға адамдармен өзара әрекеттесуге қатысты маңызды тәжірибе береді. Мұнда ол қарым-қатынас жасауға, басқаларды тыңдауға және олардың көзқарастарын сыйлауға, туған-туысқандарына шыдамдылықпен қарауға үйренеді. Ата-ана толеранттылықтың үлгісі бола білу керек. Толерантты мінез-құлықтың тәжірибесін меңгеру кезінде ата-ана мен туыстардың берген үлгілері үлкен мәнге ие. Ең негізгісі, бала бойында толеранттылықтың қалыптасуына отбасындағы, ата-аналар мен туысқандар арасындағы қарым-қатынастың әсері мол.

«Ұлт тағалымы» журналынан

41-аудио

1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні. Қазақ халқы «Бірлік болмай, тірлік болмас» деген. 130-дан астам ұлт пен ұлысты ұйыстырып отырған, «Береке бастауы – бірлік, ел іші – тату тірлік» қағидасын ұстанған мемлекет үшін мерекенің орны ерекше. Көптеген ұлттың ортақ шаңырағына айналған байтақ Қазақстан – бейбітшілік пен келісім арқылы өлемге үлгі. Қазақ халқы алмағайып замандарда түс-түстан бассауғалаған, тағдыр тауқыметімен босып келген жұртты бөле-жармай бауырына басты. Бүгінде бейбітсүйгіш елдің бірлігін айғақтайтын ұлы мейрам өр өңірде тойланады. Мақсаты – республикадағы түрлі ұлт пен дін өкілдерінің бір-біріне деген сый-құрметін арттырып, татулықты, бірлікті, ортақ құндылықты насихаттау.

Әлібек Қаңтарбай

42-аудио

...Самолет көлкіген қалың ақ бұлттың үстінде ұшып барады. Жолаушылар тамақтанып отыр... Тарамыс арық Евдокияға бұртиюын қойып, оған іштей бір кешіріммен қарап отырған. Өлден уақытта:

– Балаңыздан қалай айырылып қап жүрсіз, осы уақытқа дейін көрмейтіндей? – деп сұрады.

Евдокия еш бәлденген жоқ. Бар әңгімесін бастан-аяқ тілінің жеткенінше бүкпелемей айтып шықты.

Соғыстың лаңы да... Немістер өрт қаптатып таяп қалған кез болатын. Колхоз бастығына «Бірде-бір мал жау қолында қалушы болмасын, өйтпесе басыңмен жауап бересің!» деген бұйрық келіпті. Біз малдарды тегіс қуып отырып стансыға апарғанбыз. Ол жерде қабылдамады, кідіртпестен келесі стансыға айдап өкеттік. Қішкентай Сержамды сіңлімнің қолына тастап кеткем. Осы кезде немістер жетсе керек, ал сіңлім өзі партия мүшесі өрі озаттардың бірі болатын, өзінің қызы мен Сержамды алып эвакуацияға кетіп отыршыты. Содан суға батқандай із-түзсіз жоғалды. Жолда олар отырған эшелонды бомбалапты деп естідім...

– Бұрын іздемеп пе едіңіз балаңызды?

– Іздедім ғой. Таба алмадым. Енді үйсіз-күйсіздер азайды-ау, милицияның да арқа-басы кеңі-ау деген кезде, басқалардың іздегендері табылып жатыр ғой деп тағы да жазғам... Тауып берді. Бір-бірімізге суреттерімізді салдық. Мінекей, – деп Евдокия төсқалтасынан ұқыптап оралған суретті шығарды. Суретте жасы он екілер шамасындағы мойны қылқиған арық бала тұр. – Тек маған бала кезінде түскен суретін жіберіпті. Егер шын менің анам болса, әуелі осы суретімнен таныр дегені болу керек. Ал қазір ол еңгезердей азамат қой. Қалай танымын, тіпті білмеймін. – Евдокия кенет іркілген жасты білдіргісі келмегендей көзін жыпылықтата бастады. – Өзіне арнап жейде сатып алып ем. Ал егер мына сен сияқты дәу болса ғой, – деп жуанға қараған. – Онда мүлде сыймай қалатын болды...

Сайын Мұратбеков. «Телі өскен ұл» повесінен

43-аудио

Әрбір қазақ үшін сөзсіз бас иіп, мойындайтын бір қағидасы болуы керек. Ол қағида – қазақ елінің тәуелсіздігі мен тұтастығы.

Біріншіден, ұлттың, халықтың басын біріктіретін ортақ идеяны қалыптастыру және оны әрбір азаматтың бойына сіңіре білу. Әрбір азаматтың жүрегінде осы идеяны ұялату үшін еліміз ең әуелі ақпараттық тәуелсіздікке қол жеткізуі керек. Күні-түні дамыл таппай, санамызды қалай болса солай билеп жатқан шет тілді арналардан біртіндеп құтылған жөн.

Екіншіден, қазақ тілінің мәртебесін көтеру. Ол үшін қазақтың ар-намыс кодексін өзірлеп, оның басты қағидасы ретінде әрбір қазақтың бір-бірімен қазақ тілінде сөйлесуі тиістігін баса көрсетсек, нәтиже шығады деп үміттенемін. Қазақтар бір-бірімен тек қазақ тілінде сөйлесе бастаса, онда тілімізге басқа ұлт өкілдері де құрметпен қарайтын еді.

Үшіншіден, халқымыздың санын көбейту. Мемлекеттіліктің негізгі тұтқаларының бірі – халықтың саны, дәлірек айтсақ, халық санының көптігі. Саны көбейген сайын қазақтың да мерейі өсе түседі. Демографиялық саясатты тек мемлекеттің қолдауымен ғана тиімді жүргізуге болады. Сондықтан да билік басындағылар тәуелсіздігіміздің баяндылығына мүдделі болса, қазақтың өсуіне барынша жағдай жасауы тиіс. Қорыта айтсақ, демография мәселесі үнемі мемлекет назарында болуы тиіс.

Бимаханбет Асанов

44-аудио

Біз қазақ деген мал баққан елміз,
Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.
Елімізден құт-береке қашпасын деп,
Жеріміздің шетін жау баспасын деп
Найзаға үкі таққан елміз.
Дұшпан басынбаған елміз,
Басымыздан сөзді асырмаған елміз,
Досымызды сақтай білген елміз,
Дәм-тұзын ақтай білген елміз.

Қазыбек би

45-аудио

Жаныма жақындасаң, мұңдасыңмын,
Келмейді енді ешкімнен сыр жасырғым.
Не пайда дүниенің кеңдігінен,
Болмаса бостандығы бір басыңның.

Шүкірлік жарылқаған Аллаға мың,
Маңдайы жарқырады кең даланың.
Тәуелсіз атқан таң мен шыққан Күннің
Керемет күдіретіне таңғаламын.

Айығып ой тұманнан, сана бұлттан,
Жазылған ескі жара жан ауыртқан.
Азаттық аясында қандай бақыт,
Тәуелсіз тыныс алып, ауа жұтқан.

...Туған ел, жаралғалы не көрмедің?
Көрейін көсегеңнің көгергенін.
Қиырда қыршындарың қалды қанша?!
Бұйырмай бір жапырақ сенен кебін.

Көзіндей бабалардың, бағзы мекен,
Бас иіп, тау-тасыңа тағзым етем.
Шиыры озбырлықтың шым-шытырық,
Соқпағы өділдіктің жалғыз екен...

46-аудио

Керуені көп заманның көлбең қағып,
Көшеді көз алдынан тау-даласы.
Күркіреп жауар күндей қанша қаған,
Өздерін Төңірімен тең санаған.

Халқының қотыр тайын жегізбеген,
Қасқырдай кеп дұшпанға анталаған.
Естеми, Бұмын, Білге, Күлтегінге,
Жетеді адамзатта кім тегінде!?

Тасқа ойып жазып кеткен өсиеті,
Қасқайып қара жердің түр төрінде!
Арт жақта ұрпақ бар деп жоқтап алар,

Айтарын түгел айтып кеткен олар,
Елім деп еңірепті ер Едіге,
Жұртының жел жағына жанын тосып,
Солардай бола алмаса керегі не?!
Ерліктің өшкен еді салты қашан,
Өмірі қаһарманның халқына төн.
Артында асқар таудай халқы барда!..

Несіпбек Айтұлы. «Бәйтерек» поэмасынан

47-аудио

- Уақытты босқа өткізу – ең ауыр шығын. (*Ж.Бюффон*)
- Адам баласының табиғаты қызық қой, – байлығынан, бақ-дәулетінен айырылғанда қатты налиды, ал асыл уақытының мән-мағынасыз өтіп жатқанын елең қылмайды. (*Абул-Фарадж*)
- Ұйықтар алдында өткен күніңді, өзіңнің не істеп, не тындырғаныңды ой елегінен бір өткізбей тұрып, көзіңді жұмушы болма. (*Пифагор*)
- Уақыт – біздің ойымыздан да жүйрік. (*Анжелика Миропольцева*)
- Уақыт күтпейді. (*Вальтер Скотт*)
- Өркім өз уақытын еңбегінің көлемімен өлшегені ең дұрыс жол. (*В.Г.Белинский*)
- Уақытты босқа жіберіп алудан артық өкініш жоқ. (*Гете*)

48-аудио

Бүгінгі таңда «тайм-менеджмент» термині кең қолданылуда. Бұл – уақытты басқару тәсілдері мен әдістерін зерттейтін менеджмент саласы. Уақытты тиімді басқарудың бірнеше қағидасын қарастырайық.

1-қағида. Әдеттеріңіз бен шұғылданатын істеріңізді анықтап алыңыз. Ол үшін 1-2 апта бойы күнделікті атқаратын ісіңізді белгілеп отыратын күнделік арнаңыз немесе ұялы телефоныңызға жазып жүріңіз. Тек іс-шаралар мен кездесулерді ғана жазып қоймай, ойларыңызды да түртіп отырыңыз. Бұл сіздің уақытыңыздың қайда кетіп жатқанын және күні бойы қанша іс атқаратыныңызды анықтауға көмектеседі.

2-қағида. Кешкісін ертеңгі күніңізді жоспарлаңыз. Жоспарланған істеріңіздің кемінде жартысы нақты нәтиже алуға бағытталған болсын. Маңызды істерге нақты уақыт қойыңыз. Қашан басталып және қашан аяқталатын уақыттарын анықтаңыз.

3-қағида. Жетістік жайлы ойлаңыз. Кез келген жұмысты бастамас бұрын, оның қалай аяқталғанын қалар едіңіз? Тапсырманың орындалуынан нені күтесіз? Тіпті, бұл жұмысқа не үшін кірістіңіз? Мысалы, сіз біреуге телефон соқпақшысыз. Қоңырау қандай нәтиже бермек? Не себепті телефон соғып отырғаныңызды ішіңізден талдаңыз.

4-қағида. Компьютердегі, ұялы телефондағы артық ұяшықтарды (ойын, әлеуметтік желілер, ойын-сауық порталдары, ақпарат сайттары және тағы басқа қажеті жоқ беттер) жабыңыз. Жалпы, сізді аз уақытқа болса да алаңдататын нәрселерден аулақ болыңыз.

5-қағида. Бәрін бірден үлгеруге ұмтылмаңыз. Барлық істі тындыру мүмкін емес: бір жұмысты орындаған абзал, содан соң кезекке жаңасы келеді. Естеріңізде болсын, жетістіктің сыры санда емес, сапада: «Асықпаған арбамен қоян алады» дейді атам қазақ.

ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ МИНИМУМ БОЙЫНША ҚАЗАҚША-ОРЫСША СӨЗДІК

1. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік

ауқатты – состоятельный	күйзеліс – упадок
аянышты – жалкий	күйлі – состоятельный
әлсіз – слабый	қарыз – долг
баршылық – достаток	қиын-қыстау – в трудные минуты
билеп-төстеу – управлять	құнсыздану – обесцениваться
жанталас – переполох, суматоха	панасыз – бездомный
жарылқау – благодетельствовать	сүйеніш – опора
жетім-кедей – сирота и бедные	тап – класс
жоқтық – нищета	шиеттей – малолетний
жіктелу – распределять	шоғырландыру – аккумуляировать
көріп-қасер – беспомощный	шүлен тарату – благотворительность

2. Экология. Мұнай және атомдық индустрия

бастама – инициатива	қирату – разрушить
биоәртүрлілік – биоразнообразие	қозғалыс – движение
ерітінді – раствор	қошқыл – бурый
жанармай – горючее	қою – прекращать
жаңашыл – новатор	құлдырау – упадок
жарылыс – взрыв	мұнайлы – нефтяной
залал-зардап – последствие	мұншалықты – насколько
кемтар – инвалид	нәрсе – предмет
қайғылы – печальный	тоқтату – прекратить
қару – оружие	ұңғыма – скважина
қасірет – горе	шаң-тозаң – пыль

3. Тіл. Әдебиет. Өнер

арқау – суть	мінез-болмыс – нрав, характер
арқалану – опираться на поддержку	мұқтаждық – потребность, нужда
әуезді – мелодичный	өнегелі – образцовый
бедерлеу – орнаментировать	өрнектеу – украшать
ғажап – прекрасно	өткір – острый
жазу – писать	сондай-ақ – а также
жүрексіну – робеть	тірілту – воскрешать, оживлять
зерлеу – украшать вышивкой	шешендік – красноречие
күріддету – сильный гул, гудеть	шанақ – корпус
қағида – правила	шытырман – приключение

4. Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі

алаңдау – беспокоиться, тревожиться	кепілдік – гарантия
асырау – содержать	кеңсе – офис
асыраушы – кормилец	қоғам – общество
босау – освободиться	қызметкер – сотрудник
даярлау – подготовить	қысқарту – сокращать
жалдану – наниматься	мәселен – к примеру
жұмыскер – работник	өтіл – стаж
жұмыссыздық – безработица	тіркеу – регистрация
жұмысшы – рабочий	түйіндеме – резюме

5. Тәуелсіз еліміздің өткені мен келешегі

айғақ – доказательство	наразылық – протест
баяндама – доклад	некен-саяқ – слишком мало
бекем – сильный	өрескел – грубый
буын – поколение	өскелең – подрастающий
бірегей – уникальный	серпіліс – прорыв
еңселі – величавый	төңкеріс – переворот
желбіреу – развеяться	тұғырлы – прочный
қарбалас – суета	ізбасар – последователь
мәртебе – статус	

6. Ұлттық театр – өнер ордасы

өзіл-оспақ – юмор	саңлақ – избранный, лучший
өңшілік – певческий	тарлан – лютый, матерый
есептік – количественный	ұстаным – позиция
жаңғыру – обновить	үзінді – отрывок
көрнекі – наглядный	ықылас – внимание
қойылым – постановка	ынтызар – жаждущий
қошемет – почет, почесть	ілтисат – благосклонность
маусымдық – сезонный	шапалақ – рукоплескания
сабақтастық – преемственность;	шымалдық – занавес
взаимосвязь	

7. Туризм: экотуризм

алыс-жақын – дальние и близкие	сәт – момент
бүліну – разрушаться	солай – так
заң – закон	тамсану – восхищаться
керісінше – наоборот	таңсық – не диво
күдіктену, күмәндану – сомневаться	тап-тұйнақтай – убранный
қажетсіну – нуждаться	төңірек – окрестность
қыруар – много	түрлі-түрлі – различный
ойластыру – обдумать	ішінара – частично
сағым – мираж	ізденімпаз – хлопочущий

8. Әлемдегі ерлер мен әйелдердің құқықтары мен теңдігі

белсенділік – активность	зайырлы – светский
өлеумет – социум, общественность	итермелеу – подталкивать
дау-дамай – ссора и драка	өзін-өзі – сам себя
дәстүршілдік – традиционизм	сыйластық – уважение
ғана – лишь, только	татуласу – мириться
ерік-жігер – воля	тұрпайы – грубый, неуклюжий
жабырқау – грустить	ұйытқы – основа
жанжал – конфликт, скандал	

9. Жастар мәселесінің түйткілдері

бастамашыл – инициативный	жылжу – продвигаться
бозбала – юноша	жіті – зоркий; зорко
бұзақы – хулиган	келбет – облик
еліктеу – подражать	қамсыздандыру – обеспечивать
ескіру – устаревать	мәңгүрт – безумный
жалғыз – одинокий	нашақорлық – наркомания
жора-жолдас – друзья, ровесники	сауалнама – анкета

субмәдениет – субкультура
төкаппар – надменный

тоғысу – сближение; сходиться
түйткіл – беспокойство, сомнение

10. Жаһандық көші-қон мәселелері

атажұрт – отчизна
біржолата – насовсем
жалынды – пламенный
жапшай – всеобщий
жырақ – далеко
келімсек – неместный человек
көші-қон – миграция
қатынас – отношение
қоныс – становище; родной очаг

мәжбүрлі – вынужденный
сылтау – причина
талан-тараж – грабеж
төлкек – ирония
төрк ету – отречься
теңқұқылы – равноправный
тежеу – сдерживать
ушығу – осложняться
шенеунік – чиновник

11. Толеранттылық – ел бірлігі

алаауыздық – вражда
ауызбіршілік – согласие
демеулік – поддерживать
көнбіс – выносливый
қандас – сородич
қарама-қайшы – противоречивый
қызуқанды – вспыльчивый
құт-қазына – благо-богатство
ниет – намерение
отандас – соотечественник

сенімділік – уверенность
сән-салтанат – роскошь
сіңір – сухожилие
тауқымет – тяготы
төзу – переносить
төзімсіз – невыносливый
тұс-тұстан – со всех сторон
ұлттық-этностық – национально-этнический
шегаралас – граничащий

12. Ұлт мұраты – ұлттық қауіпсіздік

абзал – благородный
аңсау – мечтать
аяу – жалеть
бақуатты – состоятельный
берекесіздік – безрассудность
кедендік – таможенный
қайталанбас – неповторимый
қауіптілік – опасность
құрдым – бездна

лаңкес – террорист
мәңгілік – вечный
мағлұмат – сведения
өміршең – жизнеспособный
текті – знатный
төлтума – оригинальный
түйсіну – ощущать
түпқазық – основа
ұлықтау – оказывать почести

13. Бос уақыт – қоғам дамуының көрсеткіші

бағыт-бағдар – направление
бесін – время после полудня
ғұмыр – жизнь
елең-алаң – сумерки
енжар – равнодушный
зер – позумент
зерігу – томиться
кәсіби – профессиональный
көңілсіз – безрадостный
күйтабақ – пластинка
кірбің – недовольство
қанағаттандыру – удовлетворить

қаяу – печаль
құлшыну – вдохновляться
құштарлық – страстное желание
мезет – момент
мөлшер – мера
рақат – блаженство
сәске – полдень
сергу – развлекать
теңдессіз – бесподобный
ымырт – вечернее время
іңір – ночное время

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Өбікенұлы Е.* Пәтер іздеп жүр едік. Алматы, 2007.
2. *Досжан Д.* Жазмыштың формуласы: хикаяттар. Астана: Фолиант, 2008.
3. *Оразбаев С.* Өмірдің өзі театр: эсселер, естеліктер, ой-толғамдар: 2-томдық. – Алматы: «ARNA-B», 2014.
4. *Жансүгіров І.* Өлеңдер жинағы. III том. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019.
5. *Сейфуллин С.* «Көкшетау» поэмасы. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019.
6. *Өуезов М.* Абай жолы. 4 томдық. Алматы: Дәуір, 2013.
7. *Жұмаділов Қ.* Қаздар қайтып барады. Өңгімелер жинағы. Алматы: Жазушы, 1968.
8. *Мұратбеков С.* Повестер мен өңгімелер. Алматы: Жазушы, 1991.
9. Қазақ тілінің сөздігі. Алматы: Дәуір, 2013.
10. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.
11. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Аруна Ltd. ЖШС, 2005.
12. *Бұралқыұлы М.* Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Мектеп, 2007.
13. Экономикалық орысша-қазақша сөздік. Алматы: Дайк-Пресс, 2008.
14. Экология және тіршілік қауіпсіздігі. Түсіндірме сөздік. Алматы: Мектеп, 2012.
15. Орысша-қазақша түсіндірмелі жалпы сөздік / Е.Арын. Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2006.
16. *Кеңесбаев І.* Фразеологиялық сөздік. Алматы: Арыс, 2007.
17. *Момынова Б.Қ., Саткенова Ж.Б.* Қазақ тілінің морфологиясы. Алматы: Қазақ университеті, 2014.

МАЗМУНЫ

Алғы сөз.....	4
---------------	---

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТЕҢСІЗДІК

1-сабақ. Әлеуметтік теңсіздік	5
2-сабақ. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік құрылым	6
3-сабақ. Тарихта орын алған әділетсіздік	7
4-сабақ. Адамзатқа қарсы жасалған қылмыс	8
5-сабақ. Екі достық өңгімесі	10
6-сабақ. Ауыл тыныс-тіршілігі	11
7-сабақ. Бүгінгі ауылдың жай-күйі	12
8-сабақ. Қаланың жаңа келбеті	13
9-сабақ. Баспана мәселесі	14
10-сабақ. Е.Әбікенұлы. «Пәтер іздеп жүр едік»	16
11-сабақ. Жалға берген пәтердің жайы	17
12-сабақ. Баспана туралы бастама	18
13-сабақ. Нәтиже сабақ	19

ЭКОЛОГИЯ. МҰНАЙ ЖӘНЕ АТОМДЫҚ ИНДУСТРИЯ

1-сабақ. Қара алтыны халқымыз	20
2-сабақ. Маңғыстау ғажайыптары	21
3-сабақ. Ұлы даланың басты байлығы	22
4-сабақ. Мұнайлы өлке	23
5-сабақ. Еңбек – бәрін жеңбек	24
6-сабақ. Каспий тағдыры – халық тағдыры	26
7-сабақ. Мұнай өндірісінің зардабы	27
8-сабақ. Бүгінгі ахуалымыз қалай?	28
9-сабақ. Қазақстан – ядролық қарудан бас тартқан ел	29
10-сабақ. Атом индустриясының болашағы	30
11-сабақ. Атом электрстансымы керек пе?	31
12-сабақ. Қоршаған ортаны қорғау – заман талабы	32
13-сабақ. Нәтиже сабақ	33

ТІЛ. ӘДЕБИЕТ. ӨНЕР

1-сабақ. Тіл және адам болмысы	34
2-сабақ. Тілдің маңызы	35
3-сабақ. Тілді дұрыс қолдана білу – жауапкершілік	36
4-сабақ. Сөйлеу мәдениеті	37
5-сабақ. Сөз өнері	38
6-сабақ. Шешеннің сөзі – өнеге	40
7-сабақ. Күй аспаптары	41
8-сабақ. Күй және күйші	42
9-сабақ. «Боз іңген» күйі	43
10-сабақ. Күй өсері	45
11-сабақ. Жас қобызшы Ақерке	46
12-сабақ. Қазақ киносының анасы	48
13-сабақ. Нәтиже сабақ	49

ҚОҒАМДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ МӘСЕЛЕСІ

1-сабақ. Еңбек – игіліктің көзі	50
2-сабақ. Әлемдегі жұмыссыздық мәселесі	–
3-сабақ. Жұмыссыздықтың себептері	52
4-сабақ. Ғылыми-техникалық революцияның маңызы	53
5-сабақ. Роботтардың мүмкіндіктері	55

6-сабақ. Қазақстандағы жұмыссыздық мәселесі	56
7-сабақ. Жұмыскердің екіншісі	57
8-сабақ. Жұмысты қалай іздеу керек?	58
9-сабақ. Жұмыспен қамту мәселелері	59
10-сабақ. Шағын және орта бизнес – қоғамның тұрақты дамуының негізі	60
11-сабақ. Жас келсе, іске	62
12-сабақ. Ы.Алтынсарин. «Атымтай жомарт»	63
13-сабақ. Нәтиже сабақ	64

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗДІҢ ӨТКЕНІ МЕН КЕЛЕШЕГІ

1-сабақ. Тәуелсіздік – ел мұраты	65
2-сабақ. Тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктер	66
3-сабақ. Астана – тәуелсіздік нышаны	67
4-сабақ. Білімді ұрпақ – іргелі елдің кепілі	69
5-сабақ. Өмірі өнегеден тұратын ақ өже	–
6-сабақ. Д.Досжан. «Төрт патшаны көрген кейуана»	71
7-сабақ. Оқыс хабар	72
8-сабақ. Озат сауыншы	73
9-сабақ. Асыл тұлға	–
10-сабақ. Сапар	74
11-сабақ. Өнегелі тағылым	76
12-сабақ. Естен кетпес кездесу	77
13-сабақ. Нәтиже сабақ	78

ҰЛТТЫҚ ТЕАТР – ӨНЕР ОРДАСЫ

1-сабақ. Театр – өнер айнасы	79
2-сабақ. Ұлттық театр	80
3-сабақ. Алғашқы қойылымдар	81
4-сабақ. Театр – ұжымдық өнер	82
5-сабақ. Парижді таңғалдырған өнер ордасы	83
6-сабақ. Сәбит Оразбаев – театр шебері	84
7-сабақ. Актерлік өнердің қыр-сыры	86
8-сабақ. Балуан Шолақ	87
9-сабақ. Актерлік шеберлік	89
10-сабақ. Театр тарландары	–
11-сабақ. Ұстаздың ұлы келбеті	91
12-сабақ. Өз көсібінің хас шебері	92
13-сабақ. Жолда	93
14-сабақ. Театрдағы өсер	94
15-сабақ. Халықаралық театр фестивалі	95
16-сабақ. Нәтиже сабақ	96

ТУРИЗМ: ЭКОТУРИЗМ

1-сабақ. Қазақстандағы туризм мәселесі	98
2-сабақ. Қазақстандағы туристік нысандар	99
3-сабақ. Қазіргі экологиялық ахуал	100
4-сабақ. Бурабай – ғажайып мекен	102
5-сабақ. Түйенің киесі	103
6-сабақ. Оқжетпес шыңы	104
7-сабақ. Тұтқын қыз	105
8-сабақ. С.Сейфуллин. «Көкшетау» поэмасы	106
9-сабақ. Жетісу – жер жаннаты	107
10-сабақ. Жетісу өзендері	108
11-сабақ. Жер түгі	109

12-сабақ. Жетісудағы жан-жануарлар.....	110
13-сабақ. Нәтиже сабақ.....	111

ӘЛЕМДЕГІ ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ТЕҢДІГІ

1-сабақ. Ерлер мен әйелдер теңдігі.....	112
2-сабақ. Көсібін дөңгелеткен ана.....	113
3-сабақ. Отбасы тәрбиесінің бала дамуында алатын орны.....	114
4-сабақ. М.Әуезов. «Абай жолы» романы (үзінді).....	115
5-сабақ. Өке мінезі.....	117
6-сабақ. Ана құшағы.....	118
7-сабақ. Өке өнегесі.....	119
8-сабақ. Күйеу жігіт.....	121
9-сабақ. Өн құдіреті.....	122
10-сабақ. Ғашықтың дерті.....	123
11-сабақ. Артық білім – кітапта.....	124
12-сабақ. Ақын өсиеті.....	125
13-сабақ. Нәтиже сабақ.....	127

ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІНІҢ ТҮЙТКІЛДЕРІ

1-сабақ. Болашақ – жастар қолында.....	128
2-сабақ. Мен жастарға сенемін.....	129
3-сабақ. Жас дарын.....	130
4-сабақ. Жастар мәселесі.....	131
5-сабақ. Абай аға.....	133
6-сабақ. Ақын шәкірттері.....	134
7-сабақ. Өке мен бала.....	–
8-сабақ. Күтпеген қонақтар.....	136
9-сабақ. Өсемпаз болма өр неге.....	137
10-сабақ. Өмір жыры.....	138
11-сабақ. Абай жолы.....	139
12-сабақ. Нәтиже сабақ.....	140

ЖАҒАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР: КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫ

1-сабақ. Қазақстандағы көші-қон үдерісі.....	141
2-сабақ. Көші-қон үдерісі – көпқырлы құбылыс.....	142
3-сабақ. Қ.Жұмаділов. «Қаздар қайтып барады».....	143
4-сабақ. Қиын да ұзақ сапар.....	145
5-сабақ. Қарттың ерлігі.....	146
6-сабақ. Атасы мен немересі.....	147
7-сабақ. Немере қайғысы.....	148
8-сабақ. Қарттың қуанышы.....	149
9-сабақ. Ұлы көш.....	150
10-сабақ. Атажұртқа оралғандар мәселесі.....	151
11-сабақ. Көші-қонның әлеуметтік-демографиялық жағдайы.....	153
12-сабақ. Көші-қон мәселесін қайта жаңадандыру.....	154
13-сабақ. Нәтиже сабақ.....	155

ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ – ЕЛ БІРЛІГІ

1-сабақ. Толеранттылық деген не?.....	156
2-сабақ. Толеранттылық – тұрақтылық негізі.....	157
3-сабақ. Толеранттылық мәдениетін қалыптастыру.....	158
4-сабақ. Қазақстан халқы Ассамблеясы – татулық пен бірліктің кепілі.....	159
5-сабақ. Қазақстан халқының бірлігі мерекесі.....	161
6-сабақ. Отаны бірдің – тілегі бір.....	–
7-сабақ. Жұмбақ сапар.....	163

8-сабақ. Үміт оты	164
9-сабақ. Ана жүрегінің дүрсілі	165
10-сабақ. Қонақты қарсы алу	167
11-сабақ. Қос ананың мұңы	168
12-сабақ. Телі өскен бауырлар	169
13-сабақ. Нәтиже сабақ	171

ҰЛТ МҰРАТЫ – ҰЛТТЫҚ ҚАҮІПСІЗДІК

1-сабақ. Қазақстан – тұрақтылық мекені	172
2-сабақ. Ұлттық қауіпсіздіктің мәні	173
3-сабақ. Ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатер	174
4-сабақ. Ұлт мұраты – бірлік	176
5-сабақ. Соғыссыз өлем	-
6-сабақ. Қазақстан – бейбітсүйгіш ел	177
7-сабақ. Елдік жыры	178
8-сабақ. Н.Айтұлы. «Бөйтерек»	180
9-сабақ. Тәуелсіздік Падишасы	181
10-сабақ. Тәуелсіздікпен атқан таң	182
11-сабақ. Бабалар аманаты	-
12-сабақ. Тасқа ойып жазып кеткен өсиет	184
13-сабақ. Нәтиже сабақ	-

БОС УАҚЫТ – ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ

1-сабақ. Уақыттың маңызы	186
2-сабақ. Қазақтың уақыт өлшемдері	-
3-сабақ. Уақыт және адам	188
4-сабақ. Тайм-менеджмент – уақытты басқару	189
5-сабақ. Әлеуметтік желі – уақыттың жауы	-
6-сабақ. Уақытыңды босқа өткізбе	191
7-сабақ. Уақыт алтыннан да қымбат	192
8-сабақ. М.Мақатаев. «Сағатым қайда, сағатым?»	193
9-сабақ. Таусылмас менің тағатым	194
10-сабақ. Ұлылардың уақытты қадірлеуі	195
11-сабақ. Нәтиже сабақ	196
Тыңдауға арналған мәтіндер	198
Лексика-грамматикалық минимум бойынша қазақша-орысша сөздік	218
Пайдаланылған әдебиеттер	221

